



«MADENI MIRA»  
MEMLEKETTIK BAĞDARLAMASYNYN  
KİTAP SERIYALARY  
KAZAKSTAN RESPUBLIKASYNYN TYNFYSH PREZIDENTI  
NURSUŁTAN NAZARBAEVTYN  
BASTAMASY BOIYNŞA ŞYFARYLDY

ASTANA  
2006

«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

---

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*  
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*  
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*  
Әбділдин Ж.М.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Зиманов С.З.  
Кәлетаев Д.А.  
Кекілбаев Ә.  
Кенжеғозин М.Б.  
Қасқабасов С.А.  
Қойгелдиев М.Қ.  
Қосыбаев Е.М.  
Құл-Мұхаммед М.А.  
Мағауин М.М.  
Мәмбеев С.А.  
Нүрпейісов Ә.К.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Рахмадиев Е.Р.  
Сұлтанов Қ.С.  
Сүлейменов О.О.  
Хұсайынов К.Ш.

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Батырлар жыры*



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,  
Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

**Томның редакция алқасы:**

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Алпысбаева Қ.,  
Қорабай С.

**Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындағандар:**

*Филология ғылымдарының кандидаттары:* Алпысбаева Қ.  
(*жауапты шығарушы*), Қосан С., Тастанов Қ.

**Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2006.**  
Т. 35: Батырлар жыры. — 2006. — 392 бет.

ISBN 9965-35-217-8

«Бабалар сөзі» сериясының 35-томына «Қобыланды батыр» жырының Марабай (Ә. Диваев нұсқасы), Көшелек, Құлзақ, Сүйіншәлі сынды ақын-жыршылардың репертуарына енген көлемді бес нұсқасы ұсынылды.

Б  $\frac{4702250205}{00(05)-07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-217-8 (т. 35)

© Әдебиет және өнер институты, 2006

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2006

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып жатқан «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын өзірлеп, жарыққа шығаруды одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған отыз төрт томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының екі томы сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы өзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.


Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның 35-томы батырлар жырына арналды. Бұл томға «Қобыланды батыр» мен оның ұрпақтарының батырлық, ерлікке толы ғұмырын баяндайтын бес жыр нұсқасы енді.

«Қобыланды» жырының отызға жуық нұсқалары бар. Оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеп, төрт томға жинақтау жоспарланды. Алғашқы томға енген Марабай нұсқасынан өзге жыр мәтіндері, яғни Көшелек Еламанұлы, Құлзақ Амангелдіұлы, Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы варианттары бұрын-соңды жарияланбаған. Мәселен, бұл томға орынборлық жыршы Сүйіншәліден жазып алынған (1957ж) Қобыланды батыр және оның ұрпақтары туралы екі жыр мәтіні еніп отыр.


Сондай-ақ «Қобыланды» жырының Кеңес кезеңінде баспа бетін көрген варианттарына сол кездің саяси-қоғамдық талаптарына орай мәтіндік өңдеу, редакция жүргізілгені жасырын емес. Бұған қоса ілкі жинақтарда түсіп қалған, яки қолжазбадан қате оқылған жыр жолдары мен жекелеген сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп, мәтіндер бастапқы қалыпқа келтірілді.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, отыз бесінші том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 24.5 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ







# Қобыланды батыр

(Ә. Диваев нұсқасы)

Қият рулық Қараманның жауға аттанып бара жатып,  
құрдасы қара қыпшақ Қобыланды батырға айтқаны:

- Қараман айтты: — Құрдасжан,  
Мен — Сейілдің ұлы Қараман  
Қазанға кетіп барамын,  
Жүрмейсің бе, құрдасжан,  
Көп қолқалық қыламын  
Замандасым, мұңдасым,  
Заманы бірге сырласым.  
Жасы бірге құрдасым,  
Қазан деген шөріге
- 10 Сапар тартып, жол шектім,  
Жүрмейсің бе, жолбарысым?  
Жасыңнан артық талайың,  
Қобыланды сынды батыр ең  
Жұлдызы туған жоғары,  
Жүрмейсің бе, құрдасым?  
Дұға тиген ер едің,  
Кезіне келген дұшпанның  
Білемін, Қобылан, оңбасын.  
Қазандағы кәпірге
- 20 Сапар қылып жол шектім,  
Жүрмейсің бе, жолбарысым?!  
Қобыланды сонда сөйледі:  
— Бағымды бастан алмасын,  
Алды-артымнан шалмасын,  
Ақыреттік жолдасым —  
Ителгі құстай іледі,

- Сүйкімді назбен күледі.  
Менің барар-бармасым  
Хабар салып алайын,  
30 Үйдегі Құртқам біледі.  
Мұны естіп Естеміс,  
Сұрағалы Құртқадан  
Сол арада жөнелді.  
Құртқадан хабар алмаққа  
Қобыландының жанынан  
Естемес шықты ел жата.  
Базарда бар ақ мата,  
Бұл сөзімде жоқ қата.  
Ойнақтайды жас бота,  
40 Тоқтарбайдың қасында  
Құртқа тіккен отауға,  
Қыз Құртқаның жанынан  
Естеміс тыстан сөз қата,  
Күн шыққан соң, таң ата.  
Естемес келіп сөйлейді:  
— Үйдемісің, қыз Құртқа,  
[Түздемісің, қыз Құртқа]  
Әйел болдың амал жоқ,  
Егерде еркек болғанда,  
Болар ең тұтқа бір жұртқа.  
50 Мінген аты қызыл-ды,  
Іс тағдырға сызылды.  
Жолда жатқан дұшпанға  
Арыстанның көңілі бұзылды.  
Мінбекке керек қазанат,  
Белге керек шар болат.  
Денеге керек жалаң қат,  
Жан — Жаббарға аманат.  
Жалғыз емес Қобылекем,  
Қияттан шықты қолқанат.  
60 Батырың мініп шабуға,  
Асыл туған қыз Құртқа,  
Жазымен баққан бұрыл ат  
Жарамай ма, жарай ма?  
Құртқаның сонда шыққаны:

- Қылаң етіп, қылт етіп,  
Сылаң етіп, сылт етіп,  
Саулы інгендей ыңқылдап,  
Күшігендей сыңқылдап,  
Сөйлеген сөзі сымпылдап.
- 70 Алтын иек ақ Құртқа  
Көтеріп жаулық сөйлейді,  
Естеміс құлға былқылдап:  
— Дүниеде көп адамзат,  
Бенде тоймас іңкөрға  
Екі тоқты, бір саулық  
Берер едім қырқарға.  
Жұмсады ма сізді  
Үйдегі бурыл тұлпарға?  
Дұғай сәлем дегейсің
- 80 Тұлпарыңа жұмсаған  
Жұрт иесі сұңқарға.  
Жана да сәлем дегейсің  
Құрбы менен құрдасқа —  
Заманы бірге сырласқа,  
Жылы бірге жолдасқа,  
Жасы бірге мұңдасқа.  
Мінем көшке көк қасқа,  
Саламын қамшы жамбасқа.  
Бірі қастық қылмайды
- 90 Жанына ерген жолдасқа.  
Мереке менен той басқа,  
Ешкі менен қой басқа.  
Шайтан менен жын басқа,  
Бәйбіше менен күң басқа.  
Туған ұл мен құл басқа,  
Жұмсады ма сіздерді  
Біздей нашар жолдасқа?!  
Жолдасына жұмсаған  
Көп құлдық бас дегейсің,
- 100 Қараспан тауын жайлаған  
Жұрт иесі жолбарысқа.  
Әуелі Құдай алмасын,  
Алды-артымнан шалмасын.

- Тілімді алса, сұлтаным,  
Бұл сапарға бармасын,  
Бұл олжадан алмасын.  
Көп жылайды дегейсің  
Үйдегі нашар жолдасың.  
Асқар тауда белдік бар,  
110 Жасағанда кеңдік бар,  
Азда қанша теңдік бар,  
Құрдаста қанша елдік бар,  
Тілімді алып, бармасын.  
Сұлтаныма сәлем де,  
Біз байлаған Бурылда  
Қырық үш күндік кемдік бар.  
Мұны естіп Естеміс,  
Қобыландыға келеді.  
«Құртқа солай айтад» деп,  
120 Естеміс барды Қобыланға.  
Қобыланды келді құрдасқа,  
Жүремін деген жолдасқа.  
Сонда Қобылан сөйледі:  
— Көлден ұшқан қалбаймын,  
Жаманның тілін алмаймын.  
Хақ бұйырған сапардан,  
Арыстаным, қалмаймын.  
Асыл достым, сөкпесең,  
Бұл сапарға бармаймын,  
130 Бұл олжадан алмаймын.  
Асқар таулы бел деген,  
Ақ бармақпен жемдеген,  
Ауырса жеммен емдеген,  
Өзінен басқа көрмеген,  
Өзінен басқа білмеген.  
Бағып тұрған баласы,  
Күтіп тұрған анасы —  
Өзі әйелдің данасы  
Тұлпар туған Бурылдың  
140 Қырық үш күні кем деген.  
Қараман сонда сөйледі:  
— Бұл барғаннан барсақ біз,

- Ер Қазанды өлтіріп,  
Қаласын бұзып алсақ біз.  
Еркек болып не етеміз,  
Әр сапарға шығарда  
Қатынға ақыл салсақ біз.  
Есіктің алды ебене,  
Ерлер киер кебене.  
150 Наздар киер кебе ме,  
Кеткен кісі келе ме,  
Алған Тәңірім бере ме?!  
Әр тарапқа шығарда  
Қатынға ақыл салған соң,  
Асыл туған Қобыланды,  
Қатынның тілін алған соң,  
Неше батыр болса да,  
Басында билік жоқ адам,  
Асыл туған Қобыланды,  
160 Ол қатын емей немене?

Әлқисса, сонда құрдасы Қараманның аузынан мынадай сөз шыққаннан кейін, Қобыланды батыр қатыны Құртқаға ашуланып, басын кесіп келуге атына мініп, жөнелген жері.

- Сонда Қобыланды батырдың  
Тері тамып иектен,  
Үш ай тоқсан болғанда,  
Құтылар қошқар күйектен.  
Ордалы құлан орғыттым  
Миялы қия үйектен.  
Неше батыр болса да,  
Қараман айтқан бұл сөзі  
Өтіп кетті сүйектен.  
170 Тобыршақ атқа зор салды,  
Қамшы басты сауырға.  
Екпіні ұқсап дауылға,  
Тобығы меңді тор атпен  
Қобыланды шапты ауылға.  
Қатуланып, қаттанып,  
Буырқанып, бұрсанып,

- Мұздай темір құрсанып,  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігінен мұз тамып,  
180 Ар жақ пенен бер жаққа  
Найзасын ұстап бармаққа.  
Аттанбаққа қалмаққа,  
Құдай жолын алмаққа.  
Еш кінәсі жоқ еді,  
Сөзге сынық қылды деп,  
Егер шықса алдынан,  
Батыр кейіп келеді  
Бұлаңдаған Құртқаның  
Басын кесіп алмаққа.
- 190 Дарбазалы есікті,  
Пайғамбардай несіпті  
Үйде отырған қыз Құртқа  
Дүбірін аттың есітті.  
«Ағыны қатты кім болсын,  
Сұлтаным дағы» десіпті.  
Түрегеліп бұлаңдап,  
Қарады да қамықты.  
Құстың жүні мамық-ты,  
Арпа-бидай қабық-ты.
- 200 Көтере алмас кедейлер  
Жылында бір қой салықты.  
Тастай беріп қыз Құртқа  
Және ашады жабықты.  
Жабықтан көзін салыпты,  
Қараса ерді таныпты.  
Түсі суық көрінді,  
Ерге болған секілді  
Бір сөзбенен жазықты.  
Құртқадайын сұлуың
- 210 Өксіп жылап қамықты.  
Енді Құртқа сасады,  
Бетінен қаны қашады,  
Оң етегін басады.  
Сасқаны емей немене,  
Аш күзендей бүгілді.

- Шыдай алмай қорыққаннан,  
Есік пенен төріне  
Неше қайта жүгірді.  
Сасып жүріп, жөн тауып,  
220 Ақылменен ой тауып,  
Түтікпенен су ішкен,  
Түндікпенен күн көрген,  
Төрде тұрған Бурылдың  
Басын шешіп алады.  
Тайбурыл атты жетектеп,  
Қобыландыдай бөрінің  
Бұлаңдаған қыз Құртқа  
Алдынан кетіп барады.  
Бурыл емес, көк дөнен  
230 Туғаннан жеміс, жеді өлең.  
Туғалы торды көрмеген  
Түнектен шыққан Тайбурыл  
Ай далаға шыққан соң,  
Түлкідей көзі жайнады,  
Қазандай болып қайнады,  
Көлденең жатқан көк тасты  
Сұлығы деп шайнады.  
Он екі құлаш арқанмен  
Атылып Бурыл ойнады.  
240 Қыз Құртқаны көтеріп,  
Бурыл көкке екі ұшты.  
Салмағыменен қыз Құртқа  
Алып жерге бұл түсті.  
Анасы әйел демесең,  
Сол Құртқадан кім күшті?!  
Қамығып Құртқа сөйлейді:  
— Асқар таудың белдігі,  
Аздың бар ма теңдігі.  
Құрдастың жоқ-ты елдігі,  
250 Жалғыздарға жар болған  
Алланың көп-дүр кеңдігі.  
Үш ұшар ең аспанға,  
Бір ұшуың кем болды.  
Мен қайтейін, Тайбурыл,

- Қырық үш күннің кемдігі.  
Кентті жерді жайласа,  
Үзілмейді базары.  
Қайда қалмас жігіттер,  
Өлген сордың мазары.
- 260 Қобыландыдай бөрінің  
Тайбурылды көрген соң,  
Құртқадан қайтып қаһары,  
Бурылға түсті назары.  
Қобыланды сонда сөйледі:  
— Көлден ұшқан қаздаймын,  
Қаз жайлайтын саздаймын.  
Наурыздан соңғы жаздаймын,  
Ақылы жоқ мен байғұс
- 270 Бүйтіп жүрген Құртқаны  
Шауып тастай жаздаймын.  
Сарайда, сарай, сарай бар,  
Сарайға қолын жеткізген  
Қос өркешті қызыл нар.  
Әр бөндеге ылайық  
Өзіне Төңірім қосқан жар.  
Малы кемнің зары бар,  
Әр адамның өзінің  
Ылайықты жары бар.
- 280 Атымды бағып баптауға,  
Текшедегі найзамды  
Қарағайға саптауға,  
Құртқадайын майысар  
Жар тапқанымша талай бар.  
Сонда Құртқа жабықты,  
Құс төсекті мамық-ты,  
Арпа-бидай қабық-ты.  
Батыр Қобылан келгенде,  
Наз етсе де, қорықса да,  
Құртқадайын сұлуың
- 290 Өксіп жылап қамықты.  
Сонда Қобылан сөйледі:  
— Қызыл тілім шешен-ді,  
Қатардан басым көсем-ді.



- Артықша туған қыз Құртқа,  
Атасы әйел демесе,  
Басқа әйел болғанда,  
Қауіпсіз болып тұрғанда,  
Кеудеден басың кетеді.  
Ердің құнын өз басың  
300 Жүктесең де, Құртқажан,  
Неге мұнша қамықтың?  
Алдыңдағы мендей бір  
Арыстаның есенде?!  
Құстың жүні мамық-ты,  
Арпа-бидай қабық-ты.  
Асыл туған қыз Құртқа,  
Мені көріп қамықпа.  
Қараңғы түнек ішінен  
Шығарамын жарыққа.  
310 Осы кеткен сапардан  
Есен барып, сау келсем,  
Әйел де болсаң басыңды  
Хан қылармын халыққа.  
Сонда Құртқа сөйлейді:  
— Айдын көлден қу аттым,  
Дертке дәрі өтіне.  
Жазғы балық ойнайды  
Айдын көлдің шетіне.  
Кисең киім жарасар  
320 Ақ қағаздай етіңе.  
Талап етіп, ойға алсаң,  
Жеткізсін Тәңірі ниетіңе.  
Сіздер сұңқар, біз қарға,  
Сіз алыстан келгенде,  
Ажырайып қарауға  
Қарамаймын бетіңе.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Жылқы ішінде аламын  
Қылшаң жүнді қарамын.  
330 Алды-артымда ешкім жоқ,  
Жеке туған дарамын.  
Тоқтарбай мен Аналық

- Дүние кезіп малынан,  
Тірі безіп жанынан,  
Тілеп алған баламын.  
Өкпелеме, Құртқажан,  
Ұзақ жолға жүрмеуші ем,  
Жатпады деп бір күнше.  
Кемпір-шалдың қойнына  
340 Жатайын деп барамын.  
Қамшы салды Қобыланды  
Тобығы меңді жорғаға.  
Дөңгеленіп жөнелді  
Тоқтарбай тіккен ордаға.  
«Көше біткен шекер деп,  
Бүршігі жоқ тікен» деп,  
Үйде отырған кемпір-шал  
«Қобыланды қозым екен» деп,  
Жүгіре шықты далаға,  
350 Көзі түсті балаға.  
Бірден жылап екеуі,  
Баладан болды садаға.  
Бірден келіп екеуі  
Шылауына шырмалды.  
Шылбырына оралды,  
Оң тізгінін қолға алды.  
Қобыландыны жетелеп,  
Әкеліп үйге түсірді.  
Өлгенде көрген жалғызға  
360 Шәрбаттың суын ішірді.  
Жалғызға жаны айланып,  
Екеуі де толғанып,  
Кезек-кезек қолға алып,  
Қобыландыны күн батпай,  
Алып жатты кемпір-шал.  
Жатқызды көрпе-төсекке,  
Кезек-кезек сөз қатты.  
Үндемей Қобылан тек жатты —  
Тілеп алған жалғыз ұл  
370 Кемпір-шалға тым төтті.  
— Өзіме қара, қозым, — деп,

- От жақтан кемпір бұл тартты.  
 — Маған келші, қалқам, — деп,  
 Ірге жақтан шал тартты.  
 Ол уақытта бөнде жоқ  
 Қобыландай сымбатты.  
 Екеуінің ортасында  
 Алма кезек домалап,  
 Шал-кемпірдің қойнында
- 380 Артық туған Қобыланды  
 Кірпік қақпай таң атты.  
 Таң сарғайып атқанда,  
 Таң шолпаны батқанда  
 Шал-кемпірдің қойнында  
 Арда Қобылан жатқанда,  
 Тайбурыл атқа ер салып,  
 Аз ғана азық, жем салып,  
 Бөйгеден келген көк дөнен
- 390 Түнімен ұйқы көрмеген,  
 Ұйқы көрмей ақ үйдің  
 Алдынан сонда өткізді  
 Құртқа сұлу көлденең.

Құртқа сұлу Қобыланды батырдың атын есік алдында көлденең ұстап тұрып: — Жолдасыңыз жолға шықсын деп жатыр, — деді. Қобыландыны тоқсандағы атасы Тоқтарбай, алпыстағы анасы Аналық, қарындасы Қарлығаш және жар қосағы қыз Құртқа аттандырып, көздері қимай, еріп кетудің де, қалудың да жөнін таба алмай артынан шулап ілесе берді.

- Қобыланды сынды батырың  
 Тайбурыл атты мінеді,  
 Ақ сауытын киеді.  
 Қараспан тауды бөктерлеп,  
 Көп қосынның соңынан  
 Батыр Қобылан жөнеді.  
 Тоқсандағы Тоқтарбай,  
 400 Алпыстағы Аналық,  
 Қарындасы Қарлығаш,  
 Жар қосағы қыз Құртқа —

- Төртеуі қалмай соңынан,  
«Кесіп кет» деп қолыңнан,  
Қобыландының ізінен  
Бұлар да еріп келеді.  
Түстік жерге келгенде,  
Сол уақытта сөйлейді  
Қарындасы Қарлығаш:
- 410 — Халық ұйғарса, бармасын,  
Көңілің сүйсе, қалмасын  
Жұрт ойлаған талапқа.  
Сыбанып білек бір алдық  
Балдағы алтын болатқа.  
Ақсұңқар сеніп ұшады  
Құйрығы менен қанатқа.  
Жалғыз ағам, жан көкем  
Сапарланды талапқа.
- 420 Сайға біткен қоқтымын,  
Бөрік ішінде шоқтымын.  
Осы кеткен сапардан  
Жан көкем есен келгенше,  
Елі-жұртын көргенше,  
Айтып кеткен Құдайға  
Қоңыр шұнақ тоқтымын.  
Мен ұқсаймын айалға,  
Нешік айла болады  
Көзінің жасын қоярға?!
- 430 Көкежан, өзің келгенше,  
Елі-жұртың көргенше,  
Артыңда қалған мен нашар  
Етіңіз енді ниязға.  
Көк есекке тас артып,  
Аумасын деп баса арттық.  
Жан көкем есен келгенше,  
Елі-жұртын көргенше  
Артыңда қалған мен нашар  
Болайын сізге тасадтық.
- 440 Басымда бар-ды алтын шоқ,  
Жан көкем барда көңілім тоқ.  
Көкежан, сені көрмесем,

- Басымнан кетер дүние боқ.  
Сізге деген Құдайдың  
Маған тисін ажал оқ.  
Ақ маңдайда тұлымым,  
Бірге туған құлыным.  
Керекке біткен тірегім,  
Бірге туған бауырым.  
Қос қанатым құйрығым,  
450 Сізге деген Құдайдың  
Қабыл еттім бұйрығын.  
Қозыдай Қобылан егіздім,  
Қобыланды менің бастасым,  
Бірге туып, бірге өскен,  
Кіндігімді бір кескен  
Қарғаның жүні — қаттасым,  
Үйректің жүні — оттасым,  
Бірге туған теңдесім,  
Қысылған жерде түптесім,  
460 Желі толған түйең нар,  
Оны кімге тапсырдың?!  
Тоғай толы жылқың бар,  
Мұны кімге тапсырдың?!  
Тоқсанда атаң Тоқтарбай,  
Жан көке, кімге тапсырдың?!  
Алпыста анаң Аналық  
Ал, көке, кімге тапсырдың?!  
Өзіңмен бірге туысқан,  
Бірге туып, бірге өскен,  
470 Кіндігімді бір кескен,  
«Көкежан» деп жылаған  
Мен сорды кімге тапсырдың?!  
Бұл дүниеде мұңдасың,  
Төсекте жатқан сырласың.  
Ақыреттік жолдасың  
Жұбайың қыз Құртқаны —  
Құдай қосқан жолдасың  
Мұны кімге тапсырдың?!  
Қобыланды сонда торықты,  
480 Ақ найзаға сүйеніп,

- Өксіп жылап қамықты.  
Сонда Қобылан сөйлейді:  
— Қаз айналып қонады  
Ұя салған жеріне.  
Әркім ойнап күледі  
Өз қатары теңіне.  
Көзден аққан қанды жас —  
Қаны, жасы аралас.  
Қарлығашқа көрсетпей,  
490 Қобыланды сұртті жеңіне.  
Жана Қобылан сөйледі:  
— Тауда болар тарғыл тас,  
Тарықса шығар көзден жас.  
Тар қолтықтан оқ тисе,  
Шығады сүйеп қарындас.  
Қарындасың болмаса,  
Жауда қалар жалғыз бас.  
Арқанды жапқан қолаң шаш,  
Шырағым, сөзге құлақ ас,  
500 Мен кешігіп келмесең,  
Сіздер де бол тілеулес.  
Қараспан тауын жайлаған  
Қалың қыпшақ — қарындас.  
Қарлыжан, мен айналсам,  
Ағызба, қалқам, көзден жас.  
Жас шығарма көзіңнен,  
Сай сүйегім сырқырар,  
Жан көке деген сөзіңнен.  
Атадан тақ баламын,  
510 Жауға кетіп барамын.  
Жасым үлкен ағамын,  
Әлдеқандай боламын.  
Армансыз болып кетейін,  
Әйел де болсаң, бір тудың  
Нашар деп сені не етейін.  
Қарлығаш, бұршы мойныңды,  
Бетіңнен сүйіп кетейін.  
Қарындасым Қарлыжан,  
Желі толған түйеңді

- 520 Сары суға тапсырдым.  
Тоғай толған жылқыңды  
Жасанған жауға тапсырдым.  
Қора толған қойыңды  
Аш бөріге тапсырдым.  
Азу тісі балғадай  
Жас бөріге тапсырдым.  
Тоқсанда атаң Тоқтарбай  
Қүдіретіне тапсырдым.  
Алпыста анаң Аналық
- 530 Бибі Бәтимаға тапсырдым.  
Қарындасым Қарлығаш  
Қарашаш ханымға тапсырдым.  
Жар қосағым қыз Құртқа  
Палуан қызға тапсырдым!  
Сендер төртеу, мен жалғыз,  
Орман ағаш ортаңда.  
Қүдіреттей жас бота —  
Мен сорды кімге тапсырдың?  
Қарлығаш сонда сөйлейді:
- 540 — Мал сатамын базардың  
Бояғы мен бөзіне.  
Салса жылқы тоқтайды  
Арқаның бөрі көзіне.  
Құлақ сал, көке, сөзіме,  
Осы кеткен сапардан  
Жан көкем есен келгенше,  
Елі-жұртын көргенше,  
Он сегіз мың ғаламның,  
Патшасы, тапсырдым
- 550 Мен көкемді өзіңе!  
Көп көпірдің қияуы  
Жапанда қонды қыбайға.  
Жан көкем есен келгенше,  
Елі-жұртын көргенше,  
Қобыланымды тапсырдым  
Бір жаратқан Құдайға!  
Қарлығаш және сөйледі:  
— Басымнан дүние өткендей

- Көрінбестен көзіме.  
560 Құлақ сал, көке, сөзіме,  
Көкем есен келгенше,  
Ата-анашым көргенше,  
Қалқамбысың дегенше,  
Мен көкемді тапсырдым  
Он сегіз мың ғаламның,  
Падишасы, өзіңе!  
Қараспан тауын жайлаған  
Біздің қият, көп қыпшақ  
Көкемнің оңдар сапарын,  
570 Жасаған Құдай беріп бақ.  
Алды-артыңда сүйеу жоқ,  
Атадан, көке, тудың тақ.  
Сіз бар болсаң, көңілім шат,  
Сапарыңнан қайтқанша,  
Аман-есен келгенше,  
Мен көкемді тапсырдым  
Он сегіз мың ғаламның  
Падишасы — Жаппар хақ!  
Көп қайырың тиеді  
580 Жаныңда қоңсы сыбайға.  
Көз салмадың, жан көке,  
Бірге туған жұбайға.  
Адалдан жиған малыңды  
Залымдарға тапсырып,  
Осының, көке, ұнай ма?  
Көкем есен келгенше,  
Ата-анаңды көргенше  
Шыбыныңды тапсырдым  
Бір Жаратқан Құдайға!

*Әлқисса, бұдан кейін қыз Құртқаның Қобыланды батырға айтқаны:*

- 590 Ел жайлаған Түп еді,  
Зарлы-мұңды көп еді.  
Жалғыз ұлдан айрылып,  
Кемпір мен шал жүдеді.



- Бұлаңдап келіп жанасып,  
Енді Қобылан сұлтанға,  
Сұлу Құртқа сөйледі:  
— Жүрдіңіз бе сым кесіп,  
Болсаң еді екеу сен.  
Ерусіз менің күмісім,  
600 Ойыным менен күлісім.  
Сұлтаным, сізге бас қосып,  
Кеңейіп еді өрісім.  
Алтыннан соққан кебісім,  
Сегіз ұрмақ қуысым,  
Қауыз-кәусар суындай  
Бейіштен шыққан жемісім.  
Арыстаным, аман бол,  
Осы кеткен сапардан  
Қиын болар келісің.  
610 Жылқы ішінде аласың,  
Қылшық жүнді қарасың.  
Алды-артыңда ешкім жоқ,  
Жеке туған дарасың.  
Атам менен енемнің  
Дүние кезіп малынан,  
Тірілей безіп жанынан,  
Тілеп алған баласың.  
Сөйткен бала тастай ма,  
Атасы менен анасын?  
620 Тоқтамасқа меңзеймін  
Жалғызымның шамасын.  
Кетер болсаң, сұлтаным,  
Енекемнің еміп кет  
Төсіндегі екі мамасын.  
Сабындаса ағармас,  
Іштен туған қарасын.  
Өз қиялық болмаса,  
Жөнге түспес баласың.  
Тіл білмеген дұшпанға  
630 Сұлтаным, жалғыз барасың!  
Қош, сұлтаным, аман бол,  
Әлде қандай боласың?!

- Асқар төбе билерсің,  
Тайбурылмен желерсің,  
Жақсы-жаман Құртқаңның  
Қадірін сонда білерсің  
Тоқсанда атаң Тоқтарбай  
Бұтында жоқ ыштаны,  
Тізесіне тон жетпей,  
640 Ақ табан болып көпірге,  
Қой баққанда келерсің!  
Алпыстағы анаң Аналық  
Арқан есіп, жүн түтіп,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Құрт қайнатып жүргенде,  
Сұлтаным, сонда келерсің!  
Қарындасың Қарлығаш  
Әбдәстесі қолында,  
Дастарқаны белінде,  
650 Пиаласы қарында,  
Бөтен жаудың елінде,  
Қызылбастың шетінде  
Шай қайнатып жүргенде  
Сұлтаным, сонда келерсің!  
Көп көпірдің мықтысы,  
Күзгі жердің шықтысы,  
Сенен қалған мен сорды  
Бір дұшпанның мықтысы  
Аламын деп тұрғанда,  
660 Қараңғы үйге салғанда,  
Көңілге қайғы толғанда,  
Сұлтаным, сонда келерсің!  
Мінуші едің ақтабан,  
Айтулы едің мақтаған.  
Құдайдың ісі көп шығар  
Өлмегенге сақтаған.  
Алла қосып, сұлтаным,  
Сапарланып жол шектің,  
Хош, Алла жар, аман бол!  
670 Мерген байлап оқ атар  
Ұшқан көлдің қуына.

Иманды құл жолығар  
Қауыз-кәусар суына.  
Бұ дүниеде көрмесең,  
Құртқамбысың демесең,  
Қазаң жетіп бұл жолдан,  
Хаққа түзеп бетінді,  
Арыстаным, жөнелсең,  
Жұбайым бар деп еске алсаң,  
680 Сұлтаным, сонда мені ізде.  
Табысайық махшарда —  
Пайғамбардың туында.

Құртқа мұны айтып болғаннан кейін Қобыланды батырға қарап: — Мен сізге бір сөз айтайын, егер сол айтқаным тура келсе, айтқаным болады. Келмесе, айтқаным болмайды, — деп, мына сөзді айтты:

— Кешегі кеткен көп қосын Сыңсыма деген байдың Сергелдең деген тауында жатқанда сен барарсың. Сен бармастан бұрын Қараман құрдасың Қазанға он сегіз жансыз жіберген болар. Кеткен жансыздың айтып келер сөзі мынау болар: «Қазанның Сырлы қаласының олжасы мол екен, атысар адамы жоқ екен. Қазанның өзі жатқан Қара қаланың бір жағы аққан су екен, бір жағы жеті қабат ор екен, қайрат қылып алса, онда да олжа мол екен, Қазан одан қырық күншілік жол екен», — дер. Егер сол айтқандарым болса, менің әдепкі айтқанымның бәрі де келер, біз арып-талып, кемшілік көргенде келерсің.

Жана да айтатыным: «Қараман құрдасыңыз он сегіз адамы келгеннен кейін батасын оқып, малтасын жеп, ат құйрығын сүзіп кімде-кім озып, барып қала бұзып олжа салса, сол адам қосынға басшы болсын деп, жар қылар, бірақ сіз олармен бірге шаппаңыз, ол күні жатыңыз, келесі күні жатыңыз, оның келесі күні түсте шабыңыз, сонда да олардан бұрын барарсыз. Ол қосында Тайбурылдан озатұғын ат жоқ. Қараман құрдасыңның бір қара жалсыз құла аты бар екен, атбазы жоқ екен. Қара қарын екен, әрі-бері шапқан соң, көзіне тері тығылып шаба алмас, енді хош-сау болыңыз, біз кемшілікті көп көргенде келерсіз, — деп қала берді.

Баласын жауға аттандырып салып, анасы Аналықтың жылап айтқаны:

- Бейшара болған Аналық  
Баласына жете алмай,  
Үйіне қайтып кете алмай,  
Жапанда тұрып зарлады:  
— Он сегіз мың ғаламның  
Падишасы, Хақ Жаппар,  
Есіттің бе сөзімді,  
690 Жылатпа менің көзімді.  
Он үш жасар Қобыланды  
Ерінбей сүйер кезіңді.  
Мұхамбет атты, әй, тақсыр,  
Жалғызымның артынан  
Тар жерде ал өзімді.  
Омар, Оспан екі жар,  
Қауас, Қияс екі жар,  
Сіздерден басқа кімім бар?  
Бас-басыңа бір жандық,  
700 Дем бермесең, біз қалдық.  
Асқардан асып бұл кетті,  
Белден асып ел кетті.  
Біз пақырға көзің сал,  
Әруақтар, сізді тербеттім!  
Бір жылқыдан кем шаппас  
Келінжан баққан Бурыл ат.  
Денеңе мылтық тигізбес  
Дәуіт соққан жалаңқат.  
Қынаптары сары алтын,  
710 Ұстаған жері сап алтын,  
Балдағы алтын шар болат.  
Шырағымның шыбын жан  
Жасаған, саған аманат!  
Қалғып кетсе қағып жүр,  
Адасып кетсе, бағып жүр,  
Көл иесі Қамбар-ай,  
Жол иесі Қамбар-ай!  
Қамбар өзің қолдасаң,  
Қолдамайтын кім бар-ай!  
720 Қазанға қайдан қол жиды  
Қараман деген заңғар-ай!

- Қараман жиды санатты,  
(Қырғыздар ішер арақты)  
Жалғызым қылды талапты.  
Мұхамбет атты, әй, тақсыр,  
Өз қолыңа тапсырдым  
Атадан тақ шырақты!  
Қала қалмас Тайбурыл  
Қатар шапқан жарыстан.
- 730 Жау іздеді жалғызым  
Жақын емес, алыстан.  
Қыс болғанда жылқы ықпас  
Ойға біткен қамыстан.  
Осы кеткен қозымды  
Өз қолыңа тапсырдым,  
Шер Ғали атты арыстан!  
Осы кеткен жалғызым  
Есен барып, сау келсе,  
Егіз туған көк бөрі
- 740 О да сенің жолыңа!  
Егіз туған көк бұқа  
О да сенің жолыңа!  
Егіз туған көк айғыр  
Бұл да сенің жолыңа!  
Өлгенде көрген жалғыз ұл  
Тумады ма сорыма?!  
Осы кеткен қозымды,  
Алланың досты Мұхамбет,  
Тек тапсырдым қолыңа!
- 750 Аязды күні айналған,  
Бұлтты күні бұрылған,  
Айқара бесік таянған,  
Дыбысы шықса оянған,  
Алтыннан бесік игізіп,  
Ақ торғынға бөлеген,  
Өлгенде көрген көбеген,  
Жұрт тілегін тілеген.  
Қабырғам жездей қайысқан,  
Көтергенде бесікті
- 760 Он бармағым майысқан,

- Тас емшегім иіткен,  
 Тар құрсағым кеңіткен,  
 Балапан қаздай еріткен,  
 Алсам қолым талдырған,  
 Сүйсем мейірім қандырған,  
 Денемнен шыққан балдырған.  
 Шаһизинда хазірет,  
 Жарылқаушы Құдірет,  
 Үмбетім деп еске алсаң,  
 770 Алланың досты Мұхамбет,  
 Жалғызыма жәрдем ет!  
 Қараман кетті жиып қол,  
 (Сөйлейді сөзді оңды-сол)  
 Осылайша зарланып,  
 Құдайға [қатты] зар қылып,  
 Жылаумен қалды кемпір сор.  
 Қобыланды мінген Тайбурыл  
 Елбең-елбең жортады  
 Атаңдай төсі салынып.  
 780 Қала берді кемпір-шал  
 Өруақтарға жалынып.  
 Бұл жерден Бурыл гуледі,  
 — Өйт, жануар, шу, — деді.  
 Бірде шауып желеді,  
 Кешегі кеткен қосынға  
 Тұлпар туған Бурылмен  
 [Тоқтамай шауып келеді.]  
 Құртқаның айтқан жерінде  
 Жатыр екен көп қосын.  
 Артық туған Қобыланды  
 790 Гүлетіп келді бесінде.

Қобыланды батыр келсе, Қараман батыр Қазанның қаласын, дұшпандардың жай-күйлерін білмек үшін жіберген он сегіз жансызы қайтып келіп отыр екен. Қобыландыны көргеннен кейін амандасып отырып, мынау сөздерді айтады: — Сырлы қаланың олжасы мол екен, атысар адамы жоқ екен. Қазанның өзінің жатқан Қара қаланың бір жағы аққан су, биік жар екен, бір жағы жеті қабат қазған ор екен. Қайрат етіп алған кісіге онда

да олжа мол екен. Қазан қаласы бұл жерден қырық күншілік шөл екен.

Жансыздардың бұл сөздерін есіткеннен кейін Қараман батыр: — Кімде-кім батасын оқып, малтасын жеп, ат құйрығын сүзіп, Қазан қаласына ат қойып, қамалды бұзып, осы жақтан адамдарға олжа салса, сол адам осы қосынға бас болады, — деп атына мініп жөнөп кетеді.

Қобыланды батыр сол арада сол күні жатты. Екінші күні жатты, келесі күні (үшінші күн) дұшпанға аттануға көңілі қобалжып, тау басына шығып, Тайбурылдың құйрығын сүзіп, кекілін талдап, көңілін алдап, теңселе басып ырғалып, көп қосынды жөнелтіп жіберіп, Тайбурылмен оңаша қалып атына айтқан сөзі:

- Төрткілдеп соққан төбедей,  
 Шаншармын найза жебедей,  
 Ескіден қалған көнедей,  
 Тойтармаған шегедей  
 Жаңылдың ба, Тайбурыл,  
 Мінейін деп тұрғанда,  
 Анаңыз Құртқа не деді?  
 Қыдыра жалды жылқыдан  
 Бурыл қалмас деп еді.
- 800 Әуелі Алла анайым,  
 Хақ жаратқан Құдайым,  
 Ұжмақта хорлар сымбатты  
 Үйдегі Құртқа жұбайым.  
 Жұбайым Құртқа болды деп,  
 Жемеймін, Бурыл, уайым.  
 Анаңыз «тұлпар» деуші еді,  
 Анаңның сөзін сынайын.  
 Біздің ауыл қалыста,  
 Есебі жоқ алыста.
- 810 Қаса тұлпар ат болсаң,  
 Тұлпарым, бүгін қарышта!  
 Қырық күншілік Қазанға  
 Бір мезгілде жетуге  
 Сіздей малға алыс па?  
 Қатын Қобылан қалды деп,

- Кешегі кеткен жолдасқа  
Қоямысың намысқа?!  
Дұшпанның келдім кезіне,  
Тұлпарым, саған айтайын
- 820 Сал құлағың сөзіме.  
Қырық күншілік Қазанды  
Намаздігер өткенше,  
Намазшамға жеткенше,  
Түсірмесең жүзіме,  
Көрсетпесең көзіме,  
Онда шешен, мұнда мен  
Қалады көңлім өзіңе!  
Осылай толғап болды да,  
Артық туған Қобыланды
- 830 Тобылғы сапты қамшыны  
Толғап ұрды санына.  
Астындағы тұлпардың  
Жаман батты жанына.  
Жанына батпай не қылсын,  
Сауысқан, қарға тойынды  
Санынан аққан қанына.  
Қобыландының қамшысы  
Тайбурылға шын батты,  
Шыбын жаны тым тәтті.
- 840 Құрбысында адам жоқ  
Қобыландыдай сымбатты.  
Жанына қамшы батқан соң,  
Жоғарғы ерні жыбырлап,  
Төмені ерні қыбырлап,  
Иегімен сыбырлап,  
Тайбурылға тіл бітті  
Тәңірі оны сөйлетті.  
Тайбурыл сонда сөйледі:  
— Назбедеуге бітер жал,
- 850 Кімге келмес керімсал,  
Алуа менен шекер-бал.  
Салып едің қамшыңды  
Шығара жаздың кеудемнен  
Бір шыбындай жанымды.



- Артық туған Қобыланды нар,  
Қызылбастың жұртына  
Осынша болдың ынтызар.  
Басымды түзеп, сал жолға,  
Төрт аяғым тең жорға.
- 860 Үстімде сен есенде  
Қажу бар ма мен сорда!  
Айтқаның жерде қалар ма,  
Құртқа сынды жұбайға  
Жаратқан соң Құдай ат қылып,  
Сіз секілді сыбайға.  
Қырық күншілік Қазанға  
Бір мезгілде жет дейсің,  
Ұшқан құсқа оңай ма?  
Қиын да болса, Қобыланды,
- 870 Қиналамын, қайтейін,  
Уәдеңіз солай ма?  
Қазанның Сырлы қаласын  
Намаздігер өткенше,  
Намазшамға жеткенше  
Түсірмесем жүзіңе,  
Көрсетпесем көзіңе,  
Сөйтіп мінген Бурылды  
Сол жерде шал Құдайға.  
Қобыланды сынды батырдың
- 880 Көңілі бітіп Бурылға:  
— Әйт, жануар, шу, — деді,  
Аршындап Бурыл гүледі.  
Тау мен тасты көрмеді,  
Табаны жерге тимеді.  
Көлденең жатқан көк тасты  
Тіктеп тиген тұяғы  
Саз балшықтай иледі.  
Қараша емес қауыс-ты  
Қоңырлатып дауысты,
- 890 Берсін кімге намысты.  
Күн төбеден аумай-ақ,  
Түзеді Бурыл шабысты.  
Қос құлағы тігілді

- Қайырға біткен қамыстай.  
Түс ауған соң бүктелді  
Илеуі жеткен қайыстай.  
Байлаулы малдай шешілді,  
Төрт аяғы көсілді.  
Кешегі кеткен қосынға
- 900 Бұлаңдаған Бурылмен  
Артық туған Қобыланды  
Аңғытып жетті бесінде.  
Қол соңында барады  
Қара Боқан жаурыншы.  
Боқанға келді: — Арма! — деп,  
Алдыңда кісі бар ма? — деп.  
Сонда Боқан сөйлейді:  
— Жылқы ішінде ала-ды,  
Қылшық жүнді қара-ды
- 910 Осынау дөңнің астында  
Аққозы кетіп барады.  
Тайбурыл атты құтыртып,  
Оған да келді сыпыртып:  
— Үлкен едің, арма, — деп,  
Алдыңда кісің бар ма? — деп.  
Аққозы айтты аланы,  
Қылшық жүнді қараны.  
— Осы таудың астында  
Қосдәулет кетіп барады.
- 920 Тайбурылды құтыртып,  
Оған да жетті сыпыртып:  
— Үлкен едің, арма, — деп,  
Алдыңда кісі бар ма? — деп.  
Қосдәулет сонда сөйледі:  
— Алыстан айқын көрінген  
Қылшаң жүнді қара-ды.  
Адасты деп ойлап ек  
Қобыланды сынды баланы.
- 930 Оңдаса Құдай сапарды,  
Бәнденің болмас шарасы,  
Қызыл тілді сөйлеткен  
Қаусырма жақтың арасы.

- Жеткен-ді деп ойлаймын  
Өз көңіліме шамасы.  
Кешегі қонған мезгілден  
Шапқаннан бері, шырағым,  
Көрінген жоқ көзіме  
Құрдасыңның қарасы.
- 940 — Әйт, жануар, шу, — деді,  
Бурыл тұлпар гуледі.  
Емен найза қолынан,  
Жұлдызы туды оңынан.  
Бір сағаттай болмай-ақ,  
Екпінді тұлпар Бурылмен  
Қобыланды сынды батырың  
Қараманға жетті соңынан.  
Қобыланды жетіп сөйлейді:  
— Болғаның ба, досым-ай,
- 950 Мақтаған атың осыма-ай?!  
Он екі күнде келерсің,  
Менің жауға тіккен қосыма-ай!  
Тауға біткен татыр-ай,  
Жарасар құрған шатыр-ай.  
Анау күні «қатын» деп,  
Қарамай кеткен батыр-ай!  
Қатын да болса білдің бе,  
Құртқамның асыл затын-ай!  
Қатынның баққан атын-ай,
- 960 Қалсаң өлім жақын-ай!  
Жүрмейсің бе, Қараман,  
Үш күн кейін соң қалып,  
Мен де озып барамын.  
Жүре берді бұларға  
Жалғыз сағат қарамай.  
Қала берді көп қият  
Бірі еруге жарамай.  
Бұл жерде Бурыл гуледі.  
— Әйт, жануар, шу — деді.
- 970 Көлденең жатқан көк тасты  
Тегістеп тілген тұяғы  
Саз балшықтай иледі.

- Қарсы келген қабақтан  
Бурыл қарғып жөнеді.  
Аманбайдың «Ақ тікен»  
Асып Бурыл жөнеді.  
Байалышты құмайттан,  
Бүлдіргенді шүңейттен,  
Асу-асу шөлдерден,  
980 Қасқалдақты көлдерден,  
Асқар-асқар белдерден,  
Ылай-батпақ көлдерден,  
Қан сасыған жерлерден.  
Үмітін үзіп жол шекті  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ елдерден.  
Хан жайлаған Қаратау,  
Би жайлаған Алатау  
Одан да өтіп жол шекті.  
990 Сол төбе мен бұл төбе,  
Бауыры шұбар кең төбе,  
Күдердің қара дөңінен  
Бесінде өтті шенінен.  
Астындағы Тайбурыл  
Арандай аузын ашады,  
Аяғын топ-топ басады.  
Бір төбенің тозаңын  
Бір төбеге қосады.  
Жаңбырдай тері сіркіреп,  
1000 Жауған күндей күркіреп,  
Қар суындай тасады.  
Құлан менен құлжаның  
Ұзатпай алдын тосады.  
Көл жағалай отырған  
Көкқұтан менен қарабай  
Көтеріліп ұшқанда,  
Белінен кесе басады.  
Өлген құстар көп қалды,  
Ақсары менен лашын  
1010 Өлген құсты жеп қалды.  
Қоғалының Құлы көл,

- Жекендінің Желді көл,  
Қызғыштының Қызыл көл,  
Сеңгір-сеңгір таулардан  
Секіріп Бурыл жөнеді.  
Астындағы Тайбурыл  
Құбылып, ойнап жер басты.  
Алдыңғыдан артқысын  
Сынық сүйем кем басты.
- 1020 Шалқайып ұшқан қоңыр қаз  
Тозаңынан адасты.  
Бірде шауып желеді  
Құбылып ойнап жер басып,  
Дөңгеленіп келеді.  
Намаздігер өткенде,  
Намаз-ақшам жеткенде  
Қазанның Сырлы қаласын  
Қобыланды батыр көреді.  
Қазандының көп жылқы
- 1030 Жатыр екен далада,  
Қаланың сыртқы баурында.  
Бұлаңдаған Бурылмен  
Қобыланды жетіп келеді.  
Артық туған Қобыланды  
Қуалап жылқы алады,  
Айдап жөнге салады.  
Бір уақытта көңіл қылады,  
Бұзайын деп ойлайды  
Қазанның Сырлы қаласын.
- 1040 Қобыланды жалғыз ат қойып,  
Қаланың аузын қандатты,  
Көшенің аузын шаңдатты.  
Қақпадан атын қарғытты,  
Қандектен оғын ырғытты.  
Туырлығын тоқым қып,  
Керегесін отын қып,  
Үрерге итін қоймады,  
Сығарға битін қоймады.  
Баспақты сиыр танаға.
- 1050 Жан шығармай далаға,

- Мал шығармай салаға,  
 Өтірік емес, жан аға,  
 Он екі күн сәскеде  
 Жалғыз адам құтқармай,  
 Сырлы қала бөндесін  
 Артық туған Қобыланды  
 Айдап шықты далаға.  
 Жалғыз бұзып Қобыланды,  
 Бұл қаланы алады,  
 1060 Артық бақыт татады.  
 Қарауыл қарап қайтпаққа  
 Бұлаңдаған Бурылмен  
 Асқар тауға барады.  
 Таудың шығып басына,  
 Ақ найзаға сүйеніп,  
 Жан-жаққа көзін салады.  
 Қараса көзі көріпті  
 Қалың қият көк қосын.  
 Олар да келіп қамайды  
 1070 Қазанның Қара қаласын.

Көп қияттың басы Қараман батыр қырық мың қолменен Қара қаланы қамаса да, ордан өте алмай, күші жете алмай жатыр екен. Өздерінен неш нәрсенің өнбейтінін біліп, Қараман батыр жолдастарына айтты: — Мен Қобыланды батырға барайын, сол келіп алып бермесе, біздің қаланы алатын түріміз көрінбейді.

*Қараман Қобыландыға келіп тұрып айтқан сөзі:*

- Қобыланды сынды-ай батырға  
 Қараман келіп сөйледі,  
 Сөйлегенде не дейді:  
 — Артық туған Қобыланды,  
 Балтам тастан өтпейді,  
 Жамандар сөзді кектейді.  
 Жүрмейісің, батырым,  
 Қызылбастың кентіне,  
 Сізсіз күшім жетпейді.  
 1080 Қобыланды сонда сөйлейді:

- Атан ба екен, нар ма екен,  
 Жая ма екен, жал ма екен,  
 Шекер ме екен, бал ма екен,  
 Ер бұзбаған шәһарді  
 Қатын бұзған бар ма екен?!  
 Мал саттым базар бөзіне,  
 Салсаң жылқы тоқтайды  
 Арқаның бөрі көзіне.  
 Аспаймын құлақ сөзіңе,  
 1090 Жолама менің өзіме.  
 Қатын деп айтқан сөзіңді  
 Сен бір айтсаң, екі айттым.  
 Келмеді ме кезіңе,  
 Көрінбе менің көзіме!  
 Неше батыр болсаң да,  
 Үйде қалған Құртқаның  
 Сатса алмаймын өзіне.  
 Өзі түгіл, алмаймын  
 Сағынғанда бір ауыз  
 1100 «Қалқамжан» деген сөзіне.

Қараман бұл сөзді есіткеннен кейін шыдап тұра алмай, ашуланып, өкпелеп жөніне жүре берді. Қобыланды батыр артына біраз қарап тұрды да: «Қанша айтқанменен жылы бірге жолдас, жасы бірге құрдас еді, жаңсақтан айтқан бір ауыз сөзіне бола көңілін қалдырмай-ақ қояйын», — деп, шақырып алып өкпекінәларын айтысып, екеуі де қосынға келді.

*Қобыланды қырғыздың қазған орынан Тайбурылды секіртпекші болып, атына арнап айтқан сөзі*

Қобыланды тұрып сөйледі:  
 — Мал саттым базар бөзіне  
 Салсаң жылқы тоқтайды  
 Арқаның бөрі көзіне.  
 Тұлпарым, саған айтайын,  
 Құлағың сал сөзіме.  
 Шекер менен бал қандай,  
 Жая менен жал қандай?  
 Атаңыз тұлпар деуші еді,

- 1110 Қырғыздың қазған орынан  
Қарғимысың, хал қандай?  
Тайбурыл сонда сөйлейді:  
— Артыңда қалды еліңіз,  
Болды ма менде кегіңіз.  
Анамыз Құртқа деген соң,  
Сатылмайды теріміз.  
Қысылған жерде дем берсін  
Жылқышы Қамбар піріміз!  
Ойыңа алсаң, қоймайсың,
- 1120 Артық туған шеріміз.  
Салған қолқаң сол болса,  
Қарғысам қарғып көрейін,  
Тәуекел етіп көріңіз.  
Қобыланды сынды еріңіз  
— Әйт, жануар, шу, — деді,  
Бурыл балқып гуледі.  
Ортасына шәһардің  
Бурыл келіп топ етті,  
Жердің шаңы бұрқ етті.
- 1130 Төрт аяғы тиген жер  
Тесіле жаздап солқ етті.  
Іркілмей Қобылан жүрген соң,  
Қайтпасын батыр білген соң,  
Қара қасқа ат мінген,  
Ат құйрығын шарт түйген.  
Артына сауыт бөктерген,  
Алдына дабыл өңгерген,  
Алмағанға дем берген,  
Азды-көпті тең көрген,
- 1140 Құдайдан дұшпан сұраған,  
Жау көрмесе жылаған.  
Қолына жұмсақ болсын деп,  
Найза ұстаған жеріне  
Топтап барқыт ораған.  
Шын қаһары келгенде,  
Жаңбырлы қардай бораған.  
Суда болар сары сазан,  
Молдалар айтар бес азан.



- Жеке ме, бала, жеке, — деп,  
1150 Алдына шықты ер Қазан.  
Қазан келіп сөйлейді:  
— Атыңды сұрасам, кім деймін,  
Жөніңді сұрасам, кім деймін?  
Анаңды сұрасам кім деймін,  
Шешеңді сұрасам кім деймін?  
Қалжың сөзге көнбеймін.  
Ашуыма көп тисең,  
Үстіңдегі ақ сауыт,  
Астыңдағы бурыл ат
- 1160 Қан тигізбей бер деймін.  
Атыңның жалы жатыпты,  
Алыс жолдан келгендей.  
Қабағың сенің қатыпты,  
Түн ұйқыңды бөлгендей.  
Атыңның жалы жатыпты,  
Көп шабуыл көргендей.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Мал саттым алтын-күміске,  
Ат беруге қимаймын
- 1170 Сендей дінсіз, жөнсізге  
Ат алудан қашпаймын,  
Алғанымша, асықпа.  
Келмей жатып, ат сұрап,  
Қызылбас неден есірді.  
Қырғыздың қызы сұлу деп,  
Сүйемін деп келіп ем  
Бұл сапарда жесірді.  
Шыдамасаң бері кел,  
Көрсетейін кесірді.
- 1180 Атасы жаман, анасыз,  
Атамды сұрап не етесіз?  
Атаңыз бар-ды жетесіз,  
Анаңыз бар-ды некесіз.  
Жоқ сөзді айтып не етесіз?!  
Көзіңді сал ойныма,  
Қылыш тиер мойныға,  
Қан сорғалар қойныға.

- Атаңа нәлет ит қалмақ,  
Басылмаған есерсің,  
1190 Патшадан киген қаттауың  
Қан қылмай-ақ шешерсің.  
Қара қасқа тұлпардың  
Сауырынан түсерсің.  
Мойныңнан аққан қызыл қан  
Шамаң келсе ішерсің.  
Жауға шабар ер жігіт  
Жаманнан ақыл сұрамас.  
Бетімнен қаһар шығады  
Жаңбырлы қардай аралас.
- 1200 Мұсылманның баласы  
Өзім өлмей, жыламас.  
Іздегенім Қызылбас,  
Аты-тонын һәр жерде  
Беруші еді сендей нас.  
Қылышпенен өлтірсем,  
Қиқаладың дерсің сен.  
Найзаменен өлтірсем,  
Миқаладың дерсің сен.  
Садақпенен өлтірсем,
- 1210 Қапыл қалдым дерсің сен.  
Мылтықпенен өлтірсем,  
Жазым қалдым дерсің сен.  
Мінген атың құла ғой,  
Сендер көп те, мен жалғыз.  
Қолыңа келді бір бала,  
Білгеніңді қыла ғой.  
Ел жайлауы Арыс-ты,  
Батырлар қылды намысты.  
Әуелі тәуір сөйлесіп,
- 1220 Артынан шайтан жабысты.  
Шайтан емей немене,  
Ырғай сапты сүңгіні  
Ырғай-ырғай салысты.  
Итерісіп тұрысты,  
Найза қанға майысты.  
Ат тізесін бүгісті,

- Бүге-бүге тұрысты,  
Қанжар қалды қайысып,  
Семсер қалды майысып.
- 1230 Қақырғаны қан татып,  
Түкірігі жын татып,  
Ерлер жаннан түңілді,  
Аш күзендей бүгілді.  
Бір уақыттар болғанда  
Артық туған Қобыланды  
Найзасын ырғап ендірді,  
Ат көтіне міндірді,  
Қазанды жерге төндірді.  
Ту жығылар айшықты,
- 1240 Ақ денеден қан шықты,  
Суырып алды, жан шықты.  
Тысқы қорған ішінде,  
Ішкі қорған тысында,  
Қазан ердің аузына  
Қобыланды құйды балшықты.  
Қазан аттан құлады,  
Көріп көпір шулады.  
Шөрі байтақ жұртына  
Тегіс хабар салады,
- 1250 Халқын жиып алады.  
Жалғыздығын білген соң,  
Қобыланды сынды баланы  
Самсап тұрған көп көпір  
Тұрған жерде қамады.  
Артық туған Қобыланды  
Жалғыздығын білген соң,  
Толып жатқан көпірдің  
Қамағанын көрген соң,  
Жалғыздықты айтып жабығып,
- 1260 Бір Төңірге зары қып,  
Қобыланды тұрып сөйледі:  
— Өзі болат, өзі өткір  
Бұрынғы ердің найзасы.  
Бақ қараған жігіттің  
Басында болар айласы.

- Алды-артымда таяу жоқ,  
Қараспандағы халқымның  
Қайда бір маған пайдасы?  
Мініп шықтым елімнен
- 1270 Астымда Бурыл дөненді,  
Көкке тойған көбеңді.  
Қызылбас қашып, мен қалсам,  
Ерлігімді айтар деп,  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ көп елге.  
Мал саттым базар бөзіне,  
Салсаң жылқы тоқтайды  
Арқаның бөрі көзіне.  
Сал құлақты сөзіме,
- 1280 Құдай жалғыз, мен жалғыз,  
Бір шыбындай жан үшін,  
Жан жаратқан бір Құдай,  
Жалынамын өзіңе.  
Бұл дұшпанның қолында  
Қаза жетіп, мен өлсем,  
Үстімдегі ақ сауыт,  
Астымдағы Тайбурыл  
Жалғызымның есі деп,  
Кім көрсетер апарып,
- 1290 Кемпір-шалдың көзіне.  
Сүйдеп айтып болған соң,  
Қиналарын білген соң,  
Бауыры жазық Тайбурыл  
Шығыршық атып ойнайды.  
Артық туған Қобыланды  
Ерегескен дұшпанын  
Басын жоймай қоймайды.  
Қылқобызға жағады  
Қарағайдың шайырын.
- 1300 Пішеншілер алады  
Тырмасы менен айырын.  
Шабамын деп батыр тұр,  
Қырылуға көпір тұр —  
Алла берсін қайырын!

- Шабайын деп Қобыланды  
Тайбурыл атты аршындап,  
Бурыл тұлпар ұмтылды,  
Аузынан аққан ақ көбік  
Омырауын жапты балшылдап.
- 1310 Кейін қалып, көп шаншып,  
Ақ сүңгісі шабалы.  
Қарап тұрса Қобыланды,  
Әскер басы көп төре  
Алдынан шулап өтеді.  
Шабайын деп Қобыланды  
Алтын-ды қалпақ, жез телпек  
Баса киді көзіне.  
Тыңдасаңыз құлақ сал,  
Кенелтейін айтқан сөзіме.
- 1320 Артық туған Қобыланды  
Қырық шөрлі қызылбас  
Қырық кісідей батырдың  
Көрінбейді көзіне.  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тоңып,  
Қатуланып, қаттанды,  
Буырқанды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды.  
Самсап тұрған көпірге
- 1330 Қобыланды жалғыз тиеді.  
Бөлек-бөлек қылады,  
Бөлінген қойдай қырады.  
Қасқыр шапқан қойдай қып,  
Қамап кетіп барады.  
Жолбарыс шапқан құландай  
Шошып кетіп барады.  
Ұрттап ішіп, қан төгіп,  
Тойып кетіп барады.  
Үш мың атты бір сайға,
- 1340 Төрт мың атты бір сайға  
Қойып кетіп барады,  
Қайтарында алмаққа  
Тізгіндерін қосақтап,

- Қойып кетіп барады.  
Тұла бойы сал болып,  
Ақ білегі қан болып,  
Көргендерге таң болып,  
Үсті-басы шаң болып,  
Жау үстіне жол салды,  
1350 Үкімін батыр мол салды.  
Он жеті күн болғанда,  
Мың сан қолды тауысып,  
Тайбурыл атпен бұлаңдап,  
Қобыланды жалғыз бұ қалды.  
Сол қаланың әйелі  
Ерлерінен айрылып,  
Бәрі де жесір, тұл қалды.  
Әбзел салды алаға,  
Тәңірі берді көп бақыт  
1360 Қобыланды сынды балаға.  
Ат қоймаққа ойлады  
Қазанның Қара қалаға.  
Нақ бесінде жад етті  
Жеті кәміл бабаға.  
Мал шығармай салаға,  
Жан шығармай далаға,  
Жалғыз адам құтқармай,  
Сырлы қала бендесін  
Артық туған Қобыланды  
1370 Айдап шықты далаға.  
Қазанның екі қаласын,  
Қазына алтын-күмісін,  
Малын, жанын ызғытып,  
Осыншама көп малды  
Айдап жөнге салады.  
Жалғыз туған Қобыланды  
Артық бақыт табады.  
Толып жатқан көп жаман  
Көп олжаға кенелді.  
1380 Қаладан сыртқа шыққан соң,  
Көп қосын көшпей бөгелді.  
Атадан жаман туғандар,

- Екі-үш күн етке тойғандар  
 Қоста отырып кеңесті,  
 Кеңескенде не десті:  
 — Жалғыз жүріп Қобыланды  
 Қаланы бұзып алдым дер.  
 Толып жатқан жаманға  
 Олжаны өзім салдым дер.
- 1390 Жиып шықты Қараман  
 Қияттан мың сан нөкер деп.  
 Қобыланды елге сау барса,  
 Сәніміз біздің кетер деп,  
 Ақылдасты көп қият:  
 — Жалғыз атты қыпшақты  
 Өлтіріп кетсек нетер? — деп.  
 Айтса дағы қылмады,  
 Мұрады қабыл болмады.  
 Артық туған Қобыланды
- 1400 Толып жатқан қиятты  
 Есепсіз малға тойғызды.  
 Жамандардың бұл сөзін  
 Қараман біліп қойғызды.

Қобыланды батырдың Қараман құрдасы тұрып Қобыландыға: — Қазанның екі қаласын алдық, тек бұл олжаменен ғана қайту ұят-ты. Осынау жақта Көбікті деген хан бар, оның елсіз далада жатқан көп жылқысы бар, соны да ала қайтайық, — деп ақыл салды. Қобыланды да мұның бұл сөзін мақұлдап, екеуі жүріп кетті.

- Ақылдасып батырлар,  
 Көшпей, тоқтап бөгелді.  
 Аттанып шыққан қырық мың қол  
 Көп олжаға кенелді.  
 Қараман, Қобылан бас қосып,  
 Көбікті ханның шәріне
- 1410 Екі көкжал жөнелді.  
 Қалған қолға тапсырды  
 Қазаннан алған көп елді.  
 Базарда болар ақ мата,

- Ойнақтайды жас бота.  
Көп қосынның ішінен  
Қараман менен Қобыланды  
Көбікті ханға бет алып,  
Сапарланды ел жата.  
Көбіктінің көп жылқы
- 1420 Жатыр екен алдында.  
Екі бөрі бас қосып,  
Жетіп келді таң ата.  
Гүрлетіп жылқы алады,  
Айдап жөнге салады.  
Таң сарғайып атқанда,  
Таң шолпаны батқанда.  
Белес-белес қыр екен,  
Оқпанды сай жер екен.  
Көбіктінің тарлан ат
- 1430 Жылқы ішінде тұр екен.  
Жамандатқыр Тарлан ат  
Құйрығын құстай тарады.  
Желкесінен қарады,  
Бауырынан жарады.  
Әуеге қарап есінеп,  
«Ием бе?» деп кісінеп,  
Жау екенін білген соң,  
Сыртына құйрық салады.  
Қайта айналып шәріне
- 1440 Тарлан ат қашып барады.  
Жалғаса қуған екеуі  
Қарасын көрмей қалады.  
Қашып барып Тарлан ат  
Шәріге барып еніпті.  
Есітті дүбірін Көбікті,  
Ат барған соң демікті.  
— Үйдемісің, Қарлыға,  
Ат ертте, — деп жекіпті.  
Базардан келген қасық-ты,
- 1450 Тарлан атқа Көбікті  
Ер салуға асықты.  
Ат басындай тас шоқпар



Тақымына басыпты.  
Тарлан атты Көбікті  
Еріндіктеп алады,  
Беліне терлік салады.  
Айдауға кеткен жылқының  
Артынан қуып барады.

Қобыланды батыр мен Қараман екеуі олжа жылқыларын алдарына салып, ызғытып Сарыөзенге келіп жеткен еді. Қобыланды жолдасы Қараманға:— Мен көптен бері ұйқы көрмей, тыным алмай ат соқты болып қалдым, бір азырақ ұйықтап алайын,— деп, бір таудың бауырына жатып қалды. Қараман батыр жылқыны күзет қылып тұра берді.

Сол уақытта Көбіктінің келуі.

- Күн сәскеге жеткенде,  
1460 Сарыөзеннен өткенде,  
Тау суындай сарқырап,  
Ақ сауыты жарқырап,  
Тарлан атпен Көбікті  
Артынан жетті барқырап.  
Көбікті сонда сөйлейді:  
— Ел иесіз дедің бе,  
Көл иесіз дедіңбе?  
Мал иесіз дедің бе,  
Жан иесіз дедің бе?  
1470 Өрісте жатқан жылқымның  
Өрісін бұзған кім еді?!  
Жусап жатқан жылқымның  
Жусауын бұзған кім еді?!  
Батыр жігіт қайдасың,  
Батырлар табар айласын.  
Сол уақытта Қараман  
Көбіктіні шанышпаққа  
Қарамандай еріңіз  
Оңтайланды найзасын.  
1480 Қараман ерлік бастады,  
Ерлігін Алла қоспады.  
Денесіне тигізбей

- Көбікті дінсіз, ит қалмақ,  
Қараманның найзасын  
Шоқпармен қағып тастады.  
Ұмтылуменен Көбікті  
Қараманды ұстады.  
Көбіктінің ерлігі  
Мұсылманнан асады.
- 1490 Жас күшіктей шыңғыртып,  
Қараманды Көбікті  
Тақымына басады.  
Құлық пенен сұмдықты  
Көбікті тағы ойлады.  
«Оянып кетсе, болмас» деп,  
Қобыландыны Көбікті  
Ұйықтап жатқан жерінде  
Тоғыз қабат тор салып,  
Бекітіп әбден байлады.
- 1500 Ол уақытта Қараман  
Ұйықтап жатқан Қобыланды  
Оятуға болмады.  
«Енді үзіп кетпес» деп,  
Қобыландыны Көбікті  
Оятпаққа сайланды.  
Түртіп еді Көбікті,  
Қобыланды батыр тұрмады,  
Ұйқысын Қобылан бұзбады.  
Дұшпан деген ойда жоқ,
- 1510 Жиып алды Көбікті,  
Қару-жарақ бойда жоқ.  
Хабарсыз жатып дұшпаннан  
Басынан өтті дүние боқ.  
Аңдаусыз жерде Қобыланды  
Бәнде болып дұшпанға,  
Табанына тиді шоқ.  
Бір уақытта оянып,  
Қобыланды батыр көсілді.  
Дұшпан деген батырдың
- 1520 Әлі де жоқ есінде.  
Көбіктінің байлаған

- Тоғыз қабат торының  
Бес қабаты шешілді.  
Көбікті тұр таң қалып,  
Қобыланды қалды сандалып.  
Қобыланды батыр сасады,  
Басынан бақыт қашады.  
Ыза болып Қобыланды,  
Жын қаққанға ұқсады.
- 1530 Кісен салып Көбікті,  
Қараман менен Қобыланның  
Аяқтарын тұсады.  
Жеті кәміл бабасын  
Жад етуге жаңылды.  
Не қылса да бұларды  
Енді қара басады.  
Бұл екеуін Көбікті  
Тақымына қысады.
- 1540 Қос батырдың қос тұлпар  
Жылқысына қосады.  
Белес-белес бел еді,  
Тарлан атпен желеді.  
Асып туған қатардан  
Көбікті дағы ер еді.  
Дұшпанын батыр мұқатып,  
Аулына батыр кетеді.  
Қалыңнан соққан қарсақтай  
Салақтатып Көбікті,  
Тақымында қос батыр
- 1550 Ұлы сәске кезінде  
Шәріне кеп енеді.  
Көбікті келе сөйлейді:  
— Үйдемісің, Қарлыға,  
Түздемісің, Қарлыға?  
Жер астына бір түсер  
Бұл адамның барлығы —  
Алланың көп дүр жарлығы!  
Қайысқан болат сынғандай,  
Желіккен көңіл тынғандай.
- 1560 Өтірік қандай, шын қандай?

- Сені берсем күйеуге,  
 Екі бөнде әкелдім  
 Бас жетімге қылғандай.  
 Көгершін қонып қабаққа,  
 Сухары беріп тамаққа.  
 Жауып таста апарып  
 Алтын кілтті лабаққа!  
 Қарлыға мінген кер еді,  
 Маң-маң басып келеді.
- 1570 Анасы әйел демесең,  
 Бұл шәһардің бегі еді.  
 Байлауда жатқан батырды  
 Екеуін екі қолтыққа  
 Боғжамаша қысып ап,  
 Ақырын алып жөнеді.  
 Көгершін қонып қабаққа,  
 Сухары беріп тамаққа,  
 Апарып жауып тастады  
 Алтын кілтті лабаққа.

Қарлыға екі батырды жауып отырып ойлады: «Мен бұрыннан да мұсылман болуға құмарланып жүрген адам едім, егер бұл екі жігіттің ішінен ер болғандайы табыларлық болса, сонысымен қашып кетейін, болмаса екеуі де лабақта жатып шірісін», — деді де, қос батырға мынау сөзді айтады.

- 1580 — Тауда бітер айтатыр,  
 Ол татырда мал жатыр.  
 Байлауда жатқан қос батыр,  
 Мейіз берсем жеймісің?  
 Далада жатқан жылқымды  
 Айдап қашқан ермісің?  
 Қолыңды шешіп, қашырсам,  
 Қарлыға қыз қашырмай,  
 Өзім қаштым дермісің?  
 Қараман сонда сөйледі:
- 1590 — Менім өзім нашармын,  
 Түтікпенен аузым ашармын.  
 Бұл бейнеттен құтқарсаң,

- Болайын сізден тасадтық.  
Қарлыға, босат қолымды,  
Бұл шаһардан қашамын.  
Қобыланды сонда сөйледі:  
— Хош-аман бол, Қараман,  
Сен қашсаң да, мен қашпан,  
Ат жолынан адасқан,  
1600 Ердің жолын Тәңірі ашқан.  
Алты жаста ат мініп,  
Он үш жасқа келгенде,  
Аман қалған жоқ еді  
Қызылбасқа бір жастан.  
Қаш, Қарлыға, қасымнан,  
Езе берме бұл жақта  
Дәулет құсы ұшты деп,  
Бір сағат болмай басымнан.  
Өшті болған атаңнан  
1610 Өшімді алмай, мен қашпан!  
Кекті болған атаңнан  
Кегімді алмай, мен қашпан!  
Кәпірге деп жаратқан  
Дұшпан қылып Құдайым  
Қобыландыны ол бастан.  
Қалам салдым қалтама,  
Алты жаста ат мініп,  
Он үш жасқа келгенде  
Таулар күйіп, тас жанды  
1620 Қобыланды деген зарпыма!  
Қорған болып туғанмын  
Туғаннан-ақ халқыма.  
Асықпай тұр Қарлыға,  
Бір мінерсің Бурылдың  
Жайдақ сауыр артына.  
Әуелі Құдай ағындым,  
Ата-анамды сағындым.  
Жауға бөнде болғаным  
Қара басып өзімді,  
1630 Ұйқы басып көзімді,  
Кәміл пірді жаңылдым.

- Омар менен Оспандай,  
Ішім толды пұшманға-ай!  
Кәміл пірді жад етпей,  
Бөнде болдым дұшпанға-ай!  
Егер пірді жад етсем,  
Дұшпан батар болар ма,  
Мендей арыстан қошқарға-ай!  
Қараман, барсаң сәлем де
- 1640 Азулы деген көлдерге,  
Асқар-асқар белдерге.  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ елдерге.  
Жана сәлем дегейсің  
Ат жүгіртіп, құс салған,  
Найза ұстаған ерлерге.  
Жана сәлем дегейсің  
Тұлпар мініп, ту алған  
Бұрынғы жолдас, бектерге.
- 1650 «Кәпірге бөнде болды» деп,  
Үлкен аға, кіші іні,  
Көз салмасын біздерге,  
Ей, дариға, дүние-ай!  
Асқар-асқар белдерім,  
Азулы деген көлдерім,  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ елдерім!  
Ол елімде көп еді  
Тұлпар мініп, ту алған,
- 1660 Қатар өскен жасымнан  
Найза ұстаған бектерім.  
Жазым болып, көз жұмсам,  
Аға, інім жоқ еді  
Кім іздейді көлдерім?  
Еске түсіп жылаймын  
Неше алуан жерлерім.  
Қараман жана сәлем айт,  
Мені іздемей жатпасын  
Қатар туып, тең өскен
- 1670 Құрбы туған бозбала.

Бөнде болып жатырмын,  
 Қазам жетіп, көз жұмсам,  
 Кәпірлердің айтқаны  
 Келмеді ме басыма.  
 Осы емес пе деген сөз —  
 «Опасыз дүние» ақырда!

Қобыланды сөзін айтып болғаннан кейін, Қарлыға Қобыландыға: — Мен сіз екеуіңіздің аяқ-қолдарыңызды шешіп босатайын. Өзім де мұсылман болып сізбен бірге болайын, — деді де, екеуінің де аяқ-қолын босатып, Қобыландыға «тұр» деп еді, Қобыланды батыр тұрмады. Қарлыға қыз көтеріп тұрғызуға қолайланып көтеріп қарап еді, бір аяғын да қозғалта алмады. Қарлыға қыз кеше бір қолыменен көтерген Қобыландының бүгін бір аяғын қозғалта алмағандығына ашуланды.

Ақырында жанындағы Қараманға: — Жылқыға барып Тайбурылды алып кел, «ердің жаны атыменен тең» деп кәпірлер айтушы еді, атына қыл бұрау салып шыңғыртсақ, батырдың өзі де шыдап жата алмас, — деді Қарлыға.

Қараман Тайбурылды алып келгеннен кейін, Қарлыға айтқанындай қылып еді, Тайбурыл шыңғырды. Атының даусын есіткеннен кейін Қобыланды батыр шыдап жата алмай: — Не қылсаң да, кәпір, өзіме қыл! — деп ақыра түрегеліп еді, есікті мойнына іле шықты. Қарлыға қыз: — Кел, батыр, үйде жатып жаудан кек ала алмайсыз, атқа мініп майданға шығыңыз! — деді де, өзі жаяу Қобыландылардан қалмай жылқысын айдасып жүре берді. Бұл соныменен доғарыла тұрсын. Енді Қобыланды батырдың әруағына мініп, Тайбурылдың үстінде жарқылдап, олжа жылқыны айдап бара жатқандағы түрін сымбаттап жазылған өлеңді қалдырмайық. Ол өлең мынау:

Артық туған Қобыланды  
 Тайбурылға мінеді.  
 Бадана көзді ақ сауыт  
 1680 Денесіне киеді.  
 Беліне байлап болатты,  
 Қарына найза іледі.  
 Қараман мен екеуі  
 Арманда қалған қос батыр

- Көбікті ханның жылқысын  
Және де айдап жөнеді.  
Артық туған Қарлыға  
Боз жорға аттай ырғалып,  
Асқар-асқар бел қалып,  
1690 Ата-ана, қарындас,  
Қалың шөһар ел қалып,  
Туып-өскен жер қалып,  
Қобыланды еске түскенде  
Қыздың шері қозғалып.  
«Бір жасаған Құдайым,  
Бәр іс салса көнем, — деп,  
Арманым жоқ дүниеден  
Қобыландымен бас қосып,  
Бірге жүріп өлсем», — деп,  
1700 Өзі жаяу Қарлыға  
Қос батырға қосылып,  
Әкесінің жылқысын  
Бірге айдасып жөнеді.  
Құба дөңнен өткенде,  
Сарыөзенге жеткенде,  
Көбіктінің Тарлан ат  
Әуеге қарап есінеп,  
Ием бе деп кісінеп,  
Жау екенін білген соң,  
1710 Жылқы ішінде ала-ды,  
Қайта айналып шаһарға  
Тарлан ат қашып барады.  
Жалғасып қуған екеуі  
Қарасын көрмей қалады.  
Өзі жаяу Қарлыға  
Тарлан аттың артынан  
Бұ да салды қалаға.  
Ат та енеді қалаға,  
Қыз да кірді қалаға.  
1720 (Өтірік емес, жан аға,  
Қыздың көңілі көп ғашық  
Қобыланды сынды балаға.  
Тарлан аты қашып келіпті,



- Есітті дүбірін Көбікті.  
Ат барған соң Көбікті,  
— Ат ертте, — деп желікті.  
Сол дыбыспен Қарлыға  
Әкесіне келіпті.  
Қарлыға келіп сөйлейді:  
1730 — Көзге түсер биік там,  
Таң болар мені көрген жан.  
Ұйқымды бұзба, атажан,  
Сорлы атам, неге желіктің?  
Өзім жаңа байладым —  
Өзіңе серік тұлпарың  
Жем жейін деп келіпті.  
Осы сөзбен Қарлыға  
Көбіктіні жатқызды,  
Әбілетке батқызды.  
1740 Тарлан атқа Қарлыға  
Алтын тұрман ер салды,  
Аз ғана азық жем салды.  
Қобыланды еске түскенде  
Қыздың шері қозғалды.  
Ақмоншақ атқа мінеді,  
Ноғай бөркін киеді,  
Төбе шашын түйеді.  
Ақ сүңгісін қолға алып,  
Оқ жылаңдай толғанып,  
1750 Қобыландыға қосылып,  
Әкесінің жылқысын  
Бірге айдасып жөнеді.  
Сарыөзеннен өткенде,  
Күн сәскеге жеткенде  
Құнан да аттың тынысы  
Оттамайды, жусайды,  
Бүгжеңдеп жүрмей келеді  
Жамандатқыр көк бесті.  
Қашаған көктің інісі  
1760 Жылқы ішінде ала-ды,  
Қылшаң жүнді қара-ды.  
Өуеге қарап есінеп,

- Ием бе деп кісінеп,  
 Жау екенін білген соң,  
 Құйрығын құстай тарады,  
 Желкесінен қарады,  
 Бауырынан жарады.  
 Қайта айналып көк бесті  
 Шәһаріне қашып барады.
- 1770 Жалғаса қуған үшеуі  
 Қарасын көрмей қалады.  
 Қашып барып көк бесті  
 Шәріне барып еніпті.  
 Есітіп дүбір Көбікті,  
 Ат барған соң желікті.  
 Кеткенін біліп қызының  
 Қаһарланып Көбікті,  
 Көк бесті атқа ер салды.  
 Азғана азық жем салды  
 Ат басындай тас шоқпар  
 Көбікті батыр қолға алды
- 1780 Көбікті мініп атына,  
 Бұрынғы тартып салтына  
 Жылқысын алған ерлердің  
 Көбікті түсті артына.

Көк бесті ат қашып кеткеннен соң, Қарлыға Қобыландыға: — Сен әкемді хайламенен өлтірмесең, күшпен өлтіре алмайсың, әкемнің үстіндегі ақ сауытты өзім соғып едім, кіндік тұсынан үш көзін кем соғып едім, сол жерінен болмаса, өзге жерінен оқ өтпейді, — деді. Қобыланды Қараманға жылқыны топтатып айдатып жіберіп, өзі Аллаға тәуекел қылып, келер жаудың жолын тосып, қасқайып тұра берді.

- Көбікті ханың келеді,  
 Белес-белес бел еді,  
 Өзінің кәпір халқына  
 Белгілі болған ер еді.  
 Бірде шауып желеді,  
 Ұлы сәске кезінде
- 1790 Тау суындай сарқырап,

- Ақ сауыты жарқырап,  
Қобыланды сынды батырдың  
Үстіне келді барқырап.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Басымнан дүние өттің бе,  
Шын бұйрығым жеттің бе?  
Өлшеулі күнім біттің бе?!  
Қысылған жерде жар болмай,  
Ықылас ата шашты Өзиз,  
1800 Жеті кәміл пірім-ай,  
Сарт болып-ақ кеттің бе?!  
Сыңғыр қолым сынды ма,  
Шыққыр көзім шықты ма?!  
Жалғыздық қайғы басымда,  
Жолдасым жоқ қасымда.  
Мұндай қайғы көрмедім,  
Өзімнің өмір жасымда.  
Жалғыз шығып елімнен,  
Артықша жедім уайым.  
1810 Шыбыным сізге аманат,  
Жарылқаушы Құдайым!  
Пірлеріне сиынып,  
Артық туған Қобыланды  
Қорамсаққа қол салды,  
Бір салғанда мол салды.  
Көп оғының ішінен  
«Сұр жебе» деген оқ алды.  
Суырып алған сұр жебе  
Көп оғына жол салды.  
1820 Кезегендей кезеді,  
Созаған-ай созады.  
«Қалмақы ердің қасы, — деп,  
Ақмоншақ аттың басы, — деп,  
Қақ жүректің тұсы, — деп,  
Өлер жерің осы», — деп,  
Толықсып келген кәшірді  
Артық туған Қобыланды  
Толғап атып салады.  
Кірістен шығып кетеді,

- 1830 Кәпірге таман жетеді.  
Қобыландының оғымен  
Көбіктінің кеудесі  
Ұшып бірге кетеді.  
Анда қалды бөксесі,  
Оқпен кетті кеудесі.  
Артық туған Қобыланның  
Қабыл болды тәубесі.  
Кәпірлерге Қобыланды
- 1840 Жасынан-ақ жау еді.  
Қылыш шауып, оқ атып,  
Дұшпанын алды мұқатып.  
Қобыландыны бұл сапар  
Жасаған Құдай қалады.  
Көп сиынып, жад етіп,  
Жеті көміл бабаны.  
Көбікті көпір дінсіздің  
Оқпен түскен кеудесі  
Анадай жатқан шылбырға
- 1850 Еңбектеп кетіп барады.  
Шылбырын қолға алады,  
Оқпен түскен кеудесі  
Қару қылар қуат жоқ,  
Қобыландыға қарады.  
Қобыланды мініп атына,  
Суырып алып қылышын,  
Көбіктіні шабады.  
Ерегескен дұшпанын  
Мұқатып әбден алады.
- 1860 Қақ маңдайға Қобыланды  
Қылышыменен салады.  
Қозғалуға дәрмен жоқ,  
«Қызың жетсе он беске  
Атып өлтір бетбақты».  
«Өлтірме» деп Көбікті  
Сақалын жұлып жылады.  
Қобыланды басқа шапқан соң,  
Көбіктідей батырдың  
Екі қолдан әл кетіп,

- 1870 Жаһанамға жан кетіп,  
Шоқпары түсіп қолынан  
Топырақ қаба құлады.  
Көбіктіні өлтіріп,  
Сәтіне ісін келтіріп,  
Ақмоншақ атты жетелеп,  
Жүруге жолын төтелеп,  
Қарлығаға қосылып,  
Жібектей болып есіліп,  
Қарлыға менен Қобыланды
- 1880 Аударыспақ ойнайды.  
Артық туған Қобыланды  
Ерегескен дұшпанын  
Басын жоймай қоймайды.  
Белес-белес бел еді,  
Белгілі болған ер еді.  
«Қобыландыдан артық па  
Өліп кетсе жаным», — деп,  
Алдында бір тоғайда  
Қараман тосып тұр еді.
- 1890 Қобыланды менен Қарлыға  
Үстіне жетіп келеді.  
Қараман шықты алдынан:  
— Жылқы жайдым жапанда  
Асқар үлкен тауға, — деп.  
Артық туған Қобыланды,  
Қайрат қылдым жауға, — деп.  
Жетіп келді Қараман:  
«Құрдасжан бізге сауға», — деп.  
Қобыланды сонда сөйлейді:
- 1900 — Жая менен жал құрдас,  
Шекер менен бал құрдас.  
Көбіктінің көп жылқы  
Олжаға қоспай ал, құрдас.  
Қараман сонда сөйлейді:  
— Мал саттым базар бөзіне,  
Салсаң жылқы тоқтайды  
Арқаның бөрі көзіне.  
Жаман-жақсы айтсам да,

- Наз етемін өзіңе.
- 1910 Олжаның келдім кезіне,  
Құлағың сал сөзіме.  
Көзің қиып берсеңіз,  
Құрдасжан, сауға өзіме.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Құртқа баққан Тайбурыл  
Астымда дөнен мінгенім.  
Тайбурылды мінген соң,  
Дұшпанға теңдік бермедім.  
Он үш жасқа келгенше
- 1920 Басыма келген кемшілік  
Көбіктіден көргенім.  
Ата-ана, көп елім  
Хабарсыз жатыр жерінде,  
Көп қайғының ішінде.  
Менің бүйтіп жүргенім  
Мынау тұрған Қарлыға,  
Ата-ана, көп жұртын  
Қиып еді мен үшін  
Артықша тиіп пайдасы.
- 1930 Көбіктінің өлгені  
Қарлыға қыздың айласы.  
Көбіктінің көрдің өлгенін,  
Тәңірім бақыт бергенін.  
Қызметі көп еді,  
Артықша мақтап айтпаймын.  
Көбіктінің Қарлыға  
Өзі сүйсе берейін.  
Қарлыға жауап айтқанша,  
Қараман келіп сөйлейді:
- 1940 — Мұңлық пен Зарлық, — деп,  
Түйенің көркі — нарлық, деп,  
Жүктің көркі — сандық, деп.  
Сауға тілеп, өтініп,  
Құрдасымнан қыз алдым  
Татулыққа таңдық деп.  
Қарлығаны Қараман  
Жетектеп ала жөнелді,

- «Құрдасжан берді, алдық», — деп.  
Мінген аты дөнен-ді,  
1950 Үшеуі тоқтап бөгелді.  
Азырақ тұрып сөйлесіп,  
Болғаннан соң үш көкжал,  
Көбіктінің жылқысын  
Гулетіп айдап жөнелді.  
Ақ сұңгісі шимайлы,  
Кейін қалды көп елі.  
Түнімен айдап жылқыны,  
Ертең дәл түс болғанда,  
Қазаннан алған көп малмен  
1960 Жат деп кеткен жерінде  
Жатыр екен көп қосын.  
Көбіктінің жылқысын  
Гулетіп айдап келеді.  
Ақ бөкендей жосылды,  
Қияттан шыққан көп қолға  
Үш көкжал келіп қосылды.  
Атқа мініп желгендей,  
Ер қадірін білгендей  
Қобыландымен ісі жоқ.  
1970 Құрметтейді көп қият  
Қараманды сол жерде,  
Қызды өзі алып келгендей.  
Нәсілі жаман көп қият  
Қараманды көтеріп,  
Ат үстінен алады,  
Астына мамық салады.  
Қобыланды сынды батырдың  
Атын ұстар кісі жоқ.  
Нәсілі жаман көп қият  
1980 Бұл батырмен ісі жоқ.  
Мінген аты қызыл-ды,  
Іс тағдырға сызылды.  
Олжаға көңілі біткен соң,  
Толып жатқан көп қият  
Көшпекке көңілі бұзылды.  
Байдың қызы жамылар

- Масаты шекпен қамқадан.  
Қобыландыменен ісі жоқ,  
Үдере көшті көп қосын.
- 1990 Керуен барып қонған соң,  
Артық туған Қобыланды  
Жалғыздық айтып жабығад  
Бір Төңірге зар қылып.  
Жалғыздық жаннан өткен соң,  
Сүйекке намыс жеткен соң,  
Қарамандай құрдасы  
Көп қиятқа бас қосып,  
Есіне алмай Қобыланды,  
Көптік етіп мастанып,
- 2000 Жалғыз тастап кеткен соң,  
Қобыланды жылап сөйлейді:  
— Опасыз дүние осы ма?  
Жалғыздық түсті басыма.  
Толып жатқан қияттан  
Жан келмейді қасыма,  
Жаман да болса, дүние-ай.  
Көптің ісі бітеді,  
Жалғыздың ісі жетеді.
- 2010 Еңбекпен тапқан олжамды  
Қияттар алып кетеді.  
Ақылсыз туған мен ақымақ  
Бүйтіп жалғыз жүргенше,  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ көп елден  
Ондап, бестеп қасыма  
Жігіт алсам не етеді?!  
Мен ақымақтың басымнан  
Қаңғырып жалғыз жүргенде,  
Арманменен дарига-ай,
- 2020 Дүние бір күн өтеді.  
Шынымен шамдансам,  
Өзі түгіл бұл қолдың  
Жұртына әлім жетеді.  
Жалғыз туған мен сордың  
Алдымда сүйеу ағам жоқ,



- Алладан басқа панам жоқ,  
 Төңірі жалғыз жаратты,  
 Көппін деуге шарам жоқ,  
 Артымда таяу інім жоқ,  
 2030 Жалғыздықтан мінім жоқ,  
 Көптік етер күнім жоқ,  
 Білмей қалдым басымнан  
 Өткенің бе дүние боқ?!  
 Мінежат етіп жылаймын  
 Өзімнің нашар әлімді.  
 Жазым болып, көз жұмсам,  
 Халық талайды малымды.  
 «Атадан алтау екен» деп,  
 Өзімнен төмен жаманға  
 2040 Болайын неғып жалынды.  
 Енді қашан көремін  
 Кемпір менен шалымды?  
 Бөндем десең, Құдайым,  
 Ойла менің қамымды.  
 Ойламасаң қамымды?!  
 Осы түннен шығармай,  
 Тағдырымды бітіріп,  
 Тауыс менің нанымды!  
 2050 Таудың толды кенері  
 Батырдың алған жылқыға  
 Жер толмаған құлпыға.  
 Қобыланды сынды батырдың  
 Жүре алмай астында  
 Тайбурыл аты ақсақ боп,  
 Ат басындай жүрекке  
 Қайғы менен шер толып.  
 Бұл қайғыны көрген соң,  
 Артық туған Қобыланды  
 2060 Есі кетті сандалып.  
 Бір Құдайға Қобыланды  
 Жылады түнде зар қылып.  
 Жанында жалғыз адам жоқ,  
 Көп қосынның шетіне  
 Қобыланды келді қаңғырып.

- Жол шетінде Қобыланды  
Тайбурылдан түседі.  
Қатарынан Қобыланды  
Асып туған кісі еді.
- 2070 Құрбысында адам жоқ  
Қобыландыдай мүшелі.  
Жамандар қылды өсекті,  
Жылап жүріп Қобыланды  
Тоқымнан қылды төсекті.  
Қараман қылды мастықты,  
Жылап жүріп Қобыланды  
Ерден қылды жастықты.  
Тоқымын төсеп, ер жастап,  
Артық туған Қобыланды
- 2080 Етбетінен құлады,  
Ұзынынан сұлады.  
Алтын ерге сүйеніп,  
Өксіп-өксіп жылады.  
Жылап жатып батырдың  
Көзі кетті ұйқыға.  
Таң сарғайып атқанда,  
Бір уақытта Қобыланды  
Таң шолпаны батқанда,  
Көк есегі астында,
- 2090 Ақ сәлдесі басында,  
Он сегіз мың ғаламның  
Он бесі бар қасында,  
Қобыландының өзінің  
Жеті кәміл бабасы,  
Жетіп келді қасына.  
Отырды келіп басына  
Жеті кәміл бабасы  
Қобыландыға сөйлейді:  
— Мінген атым бозды ғой,
- 2100 Саған келген бәлені  
Қорғаймын деп, Қобыланды,  
Алтын тонның етегі  
Тамтық қалмай тозды ғой,  
Арқам жаман қозды ғой.

- Құлағың сал, Қобыланды,  
Құланнан аттым қодықты,  
Көлден тарттым борықты.  
Кешегі күн ішінде  
2110 Сенің атаң, шырағым,  
Тоқтарбайға жолықтым.  
Оқпанды сай жыра екен,  
Асқар-асқар қыр екен.  
Ыштаны жоқ бұтында,  
Ақ табан болып жат елде  
Қойшы болып тұр екен.  
Алпыста шешен Аналық  
Арқан есіп, жүн түтіп,  
Қайғы менен қан жұтып,  
Қасіретті көп тартып,  
2120 Тезек теріп анаңыз,  
Құрт қайнатып жүр екен.  
Қарындасың Қарлығаш  
Дастарқаны белінде,  
Пияласы қарында,  
Әбдәстесі қолында,  
Бөтен жаудың елінде,  
Қызылбастың шетінде  
Қызмет етіп жүр екен.  
Өзіңнің Құртқа жарыңды  
2130 Қалмақтың ханы Алшағыр  
Аламын деп тұр екен.  
Дұшпан алды еліңді,  
Қызылбасқа жеріңді.  
Сындырып кетті беліңді,  
Кесіп кетті желіңді.  
Жалған айтар демеңіз  
Жеті көміл піріңді.  
Өзіңнің осы сауыңда  
Олжаға салып қоймаңыз,  
2140 Қалың қыпшақ еліңді,  
Онда саған өлім-ді.  
Өлгеніңше жәрдеммен  
Алаулаған қалмақтан

- Бір алып қал кегіңді.  
Кей жаманның сөзі бар  
Шағатұғын жыландай,  
Айыр құйрық шайандай.  
Жақсылардың сөзі бар  
Асылдан ұшқан қаяудай.
- 2150 Араласаң тоғайды,  
Көрерсің қашқан қоянды.  
Бабасының даусымен  
Қобыланды шошып оянды.  
Көзін ашып жіберсе,  
Таң сарғайып атыпты,  
Таң шолпаны батыпты.  
Мақпал жастық мамық-ты,  
Ойланып түсін қамықты,  
Айнала көзін салыпты.
- 2160 Соны біліп Тайбурыл,  
Қайғыланып жүр екен.  
Пірінен хабар жеткен соң,  
Көзін салып қараса,  
Түлеп тұрған Тайбурыл  
Құландай ойнап тұр екен.  
Биік-биік қыр екен,  
Оқпанды сай жыра екен.  
Жанында жоқ һеш адам.  
Қобыланды жалғыз қалған соң,
- 2170 Қарамандай жаманды  
Толып жатқан көп қият  
Артықша құрмет қылған соң,  
Қыз да болса Қарлыға  
Серікке жарар ер екен.  
Тайбурыл атты жетелеп,  
Сауғаға кеткен бейшара  
Қарлыға бағып тұр екен.  
Түрегелді Қобыланды  
Көзінің жасы мөлтілдеп.
- 2180 Мойны кетті батырдың  
Қуатсыз болып былқылдап.  
Қос бүйрегі солқылдап,

Көзінің жасын ағызып,  
Артық туған Қобыланды  
Қарлығаның қасына  
Азар келді былқылдап.

- Қобыланды келіп сөйлейді:  
— Жылқыда құмай аламын,  
Қылшаң жүнді қарамын.
- 2190 Көмек берер демеймін  
Сейілұлы Қараман.  
Әйел де болсаң дана едің,  
Мұңымды саған саламын.  
Жау шауыпты елімді,  
Жау кесіпті желімді.  
Сындырып кетті белімді,  
Қуартып кетті көлімді.  
Жалған айтар демеймін  
Жеті көміл пірімді.
- 2200 Рұқсат берсең, Қарлыға,  
Бүлінген елге барамын.  
Төңірі оңғарса жолымды,  
Алаулаған қалмақтан  
Бір алайын кегімді.  
Қарлыға сонда сөйлейді:  
— Ер де сасар болар ма,  
Етегін басар болар ма?!  
Пайғамбарға үмбет бөндеден  
Дінсізде асар болар ма?!
- 2210 Мұндай іске қуанбай,  
Батыр қашар болар ма?  
Әуелі Құдай анайым,  
Хақ жаратқан Құдайым.  
Ата-анам, өз халқым  
Бір садаға басыңнан.  
Құрбандық қылып шығып ем,  
Шыққандағы ниетім:  
«Сіз болар ма екен деп,  
Төңірі қосқан жұбайым».
- 2220 Өзім сізден қалған соң,

- Артықша жедім уайым.  
Артық туған Қобыланды,  
Талабыңнан қайтпаңыз,  
Жалғыз жүре беріңіз.  
Азырақ тоқтап артыңа,  
Ерерге жолдас бар ма екен,  
Қараман басы көп қият  
Жамандарды сынайын.  
Қайғыланып, қан жұтпай,  
2230 Запыран ішіп, май құспай,  
Бөнде болған халқыңа  
Тезірек жүріп жете гөр.  
Мәдет берсе Құдайым,  
Талапкер туған ер болса,  
Жиып алып қолыма,  
Жаңылмасам артыңнан  
Мен де үш күнде барайын.
- Артық туған Қобыланды  
Тайбурылға мінеді,  
2240 Қарына найза іледі,  
Беліне байлап болатты,  
Жасыққа асыл жалатты.  
Тайбурылдың маңдайын  
Қараспан тауға қаратты.  
Астындағы тұлпардың  
Жел тимеген бауырын,  
Күн тимеген сауырын  
Қамшы ұрып қанатты.  
Ертеңнен шапқан Қобыланды  
2250 Кешке шейін шабады.  
Жете алмай жеріне,  
Бара алмай еліне,  
Түн ортасы болғанда,  
Есіктің алды ағын-ды,  
Бола жазды шығын-ды.  
Шығын емей немене,  
Епкіндеп шапқан Тайбурыл  
Етбетінен жығылды.

- Аттан түсе қалады,  
2260 Қолын салып Қобыланды  
Жерді байқап қарады.  
Батар күні батыпты,  
Жазығы мал демесең,  
Тайбурылдың ақылы  
Адамзаттан артық-ты.  
Артық туған қыз Құртқа  
Екі мезгіл жем берген,  
Жаныменен тең көрген,  
Алтыннан соққан азбарға  
2270 Бурыл құлап жатыпты.  
Мінген аты құла-ды,  
Құланға шауып бұлады.  
Жұртын танып Қобыланды,  
Тоқымын төсеп, ер жастап,  
Етбетінен құлады,  
Ұзынынан сұлады.  
Алтын ерге сүйеніп,  
Өксіп-өксіп жылады.  
Осы жерде Қобыланды  
2280 Таң атқанша жатады,  
Таң сарғайып атады,  
Таң шолпаны батады.  
Зарланып шығып түнімен,  
Таң атқанда қараса,  
Жұрты жатыр, елі жоқ,  
Батпағы жатыр, көлі жоқ,  
Қобыланды көріп жылады —  
Қаңғырып жүріп дүниеден  
Ешбір опа көре алмай,  
2290 Өткеніне дүние боқ.  
Таң атқанда Қобыланды  
Тағы мінді жарасқан  
Тайбурылдың үстіне,  
Алтын тұрман еріне.  
Іздеген жауға Қобыланды  
Іркілмей кірді көріне.  
Ертеңгі сәске кезінде

- Бұлаңдаған Бурылмен  
Жүгіріп келді Құртқаның  
2300 Ордасын тіккен жеріне.  
Жұртын көріп сол жерде,  
Қобыланды және бұрсанды,  
Көзіне батыр жас алды.  
Атынан түсіп Қобыланды,  
Қайғыланып, бойынан  
Қуат кетіп сандалып,  
Аяғын жөндеп баса алмай,  
Омақасып Қобыланды  
Оң етегін басады.
- 2310 Бекітіп алып буынын,  
Артық туған Құртқаның  
Орнына таман барады,  
Жұртына көзін салады.  
Қараса күлдің ортасы  
Көтеріңкі көрінді.  
«Күл ішінде не бар?» — деп,  
Қобыланды күлді қарады.  
Ашып күлді қараса,  
Жая менен жал екен,
- 2320 Түрлі тағам бар екен.  
Өзін қалмақ алғанда,  
Көк арбаға салғанда,  
«Кез болса бұған батыр деп,  
Тауып азық қылсын» деп,  
Ақылды туған Құртқаның  
Бөтен нәрсе тастарға  
Шамасы келмей сұлудың,  
Көміп кеткен наны екен.  
Күлдің алып ішінен
- 2330 Нанды қолға ұстады:  
«Бұйырғаны Құдайдың  
Осы шығар бізге, — деп,  
«Бисмилла» деп Қобыланды,  
Шетінен нанның тістеді.  
Тамағынан ас жүрмей,  
Іші күйіп барады.



- Өзгесін жемей батырың,  
 Ат қоржынға салады.  
 Енді мініп атына,  
 2340 Жүрерге жолын таба алмай,  
 Қайсы жаққа кеткенін  
 Жаудың жөнін біле алмай,  
 Жапанда тұрып Қобыланды,  
 Зарығып тағы жылады:  
 — Жан жаратқан Құдайым,  
 Жалғыздық басқа түсіп тұр  
 Дүниедегі уайым.  
 Қайсы жаққа жүрейін,  
 Қай тураға барайын?!
- 2350 Атқа мініп жасымнан  
 Серілікпен жүрсем де,  
 Ашылмаған екен талайым.  
 Ата-ана, көп халқым  
 Қайда барып табайын?  
 Бір басыма тар қылдың  
 Дүниенің кең сарайын!

Қобыланды батыр жаудың қай жаққа кеткенін білмей дағдарып тұрғанда, Тайбурыл жерді иіскеп-иіскеп алды да, кісінеп-кісінеп, күннің шығысына жөнелді. Қобыланды бұған таңданып, Тайбурылдың иіскеген жерін қараса, Құртқа сұлу өзін қалмақ алып кеткенде қай жаққа кеткенімізді Қобыланды батыр біліп қалсын деп, Тайбурылдың сүйсініп жейтін жемін шұбатып төгіп кеткендігі мәлім болды. Қобыланды батыр бұған түсінгеннен кейін, жемнің ізіменен тауып берер деп, Тайбурылдың басын қоя берді.

*Тайбурылдың жүрісінің сияғы:*

- Тайбурыл атты Қобыланды  
 — Әйт, жануар, шу, — деді.  
 2360 Бурыл тұлпар гүледі,  
 Табаны жерге тимеді.  
 Көлденең жатқан көк тасты  
 Тіктеп тиген тұяғы  
 Саз балшықтай иледі.

- Арандай аузын ашады,  
Аяғын топтап басады.  
Ертеңнен шапқан Қобыланды  
Кешке дейін шабады.  
Жете алмай қалаға,  
2370 Бекер шапты далаға.  
Сілтеуді анық табады,  
Түнге дейін шабады.  
Түн ортасы болғанда,  
Есіктің алды ағын-ды,  
Бола жазды шығын-ды.  
Шығын болмай не қылсын,  
Екпіндеп шапқан Тайбурыл  
Етпетінен жығылды.  
Қобыланды түсе қалады,  
2380 Жерді байқап қарады.  
Аллаға тілім жазықты,  
Ат ауырса, қарны апса,  
Қылсын деген азықты.  
Қыз Құртқа қағып кетіпті  
Кез бойы алтын қазықты.  
Қолын жерге салыпты,  
Тайбурылдың астынан  
Қобыланды тауып алыпты.  
Ол қазықты бес бүктеп,  
2390 Ат қоржынға салыпты.  
Атына Қобылан мініпті,  
Тайбурылды тайдырмай  
Табан жолға салады.  
Артық туған Қобыланды  
Таң атқанша шабады.  
Елін шапқан дұшпанын  
Адаспай Қобылан табады.  
Таң сарғайып атқанда,  
Таң шолпаны батқанда  
2400 Алшағырдың шөһарын  
Батырдың көзі шалады,  
Шөһарға жетіп барады.  
Қақпасын тауып алмаққа,

- Тайбурыл атпен шабады.  
 «Асылдан соққан найза деп,  
 Жақсы кісі жаманға  
 Көп тигізер пайда», — деп,  
 Таң атқанша Қобыланды  
 Үш айналды шәһарды,  
 2410 Кіруге тесік қайда, деп,  
 Енерге есік қайда? деп.  
 Мінген аты ала-ды,  
 Қылшаң жүнді қара-ды.  
 Күнде қойға барғанда,  
 Жоқтаушы еді Тоқтарбай  
 «Жалғызым» деп баланы.  
 «Уай, қозым» деп зарлаған,  
 Жас қозыдай маңыраған,  
 Саулы інгендей аңыраған,  
 2420 Сыртта жүрген Қобыланның  
 Құлағын жарып барады.  
 Қалайша жоқтар екен — деп,  
 Құлағын батыр салады.  
 — Келелі түйем ішінде  
 Қайырлы бура ұқсаған,  
 Жалғызым, сенен айрылдым.  
 Мың жылқының ішінде  
 Көзге түсер тұлпардай,  
 Қияғы бүтін сұңқардай,  
 2430 Ботам, сенен айрылдым.  
 Ішім толған көп қайғы,  
 Аһ ұрсам да кетпейді.  
 Кәпірден киген тері тон  
 Тіземе тартсам, жетпейді.  
 Күнде «ал» деймін Құдайға,  
 Өлшеулі күнім бітпейді.  
 Жалғызым барда көңілім тоқ,  
 Жалғызым, сенен айрылып,  
 Табаныма жетті шоқ.  
 2440 Басымнан өтті дүние боқ,  
 Мен қубасқа тимеді  
 Тағдырмен келген ажалды оқ!

- Айы біткен ай да өтер,  
 Күні біткен күн де өтер.  
 Жалғызымнан айрылып,  
 Көрген күнім беп-бекер.  
 Опасыз дүние сырғанақ,  
 Он үш жасар Қобыланды,  
 Шынымен сенен айрылсам,  
 2450 Өтірік емес Құдайдың  
 Шынымен мені ұрғаны-ақ!  
 Кәпірге бәнде болғанша,  
 Бұл бейнетті көргенше,  
 Жалғызымның артынан  
 Неге өлмедім мен шұнақ?!  
 Кемшілік берді бұл кәпір  
 Кәміл тоқсан жасымда.  
 Бәделікпен кәпірдің  
 Қойын бақтым мен пақыр.  
 2460 Жалғызым менің келер ме  
 Сорым қайнап мен сордың  
 Иә болмаса, сол жақта  
 Қазасы жетіп өлер ме?  
 Тірі болса жалғызым,  
 Пірлері беріп хабарды,  
 Менің бүйтіп кәпірге  
 Бәнде болған жайымды,  
 Басыма түскен уайымды  
 Қобыланды қозым білер ме?

Қобыланды қозысы жақын жерден тыңдап тұра берді.  
 Қобыландының атасы зарын айтып болғаннан кейін, іле-шала  
 анасы Аналықтың айтқан жоқтауы:

- 2470 — Тоғайдан қудым көжекті,  
 Етектеп тердім тезекті.  
 Жалғызымды жоқтайын,  
 Шаршағанда тоқтайын.  
 Жан қосағым Тоқтарбай,  
 Беріңіз маған кезекті.  
 Омар менен Оспан-ды.

- Жан қосағым Тоқтарбай,  
Жұмылған көзіңді ашқандай.  
Ай мүйізді қошқардай,  
2480 Ішіміз толды пұшманға-ай!  
Жалғызымнан айрылып,  
Бөнде болдым дұшпанға-ай!  
Пайғамбар — Тәңірі жолдасы,  
Кәпірдің өтті бұл ісі,  
Жан қосағым Тоқтарбай.  
Түн ортасы болғанда,  
Құбыла жақтан жел соқты.  
Жаңылмасам деп едім,  
Жалғызымның астында  
2490 Тайбурыл аттың тынысы.  
Шырағым асты белеңнен,  
Кетіп еді жау іздеп  
Астында Бурыл дөненмен,  
Көкке тойған көбеңмен.  
Жұмысы болмай жөнелді,  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ көп елмен.  
Өткізермін деуші едім,  
Жасықты жанып болатқа.  
2500 Жалғыз туған жас қозым  
Сапарланды талапқа.  
Көзіңді сал, Тоқтарбай,  
Алласы берген шыраққа,  
Бұлты келді төбеңнен.  
Бұлтың келді, өзің жоқ,  
Жалғызым барда көңілім тоқ.  
Жалғызым, сенен айрылдым,  
Күйіп-жанып болдым шоқ.  
Жалғызымның барында  
2510 Көшке жорға мінгенім,  
Еруде қамқа кигенім.  
Жалғызым сенен айрылып,  
Осынша бейнет көргенім.  
Құлағың сал, Тоқтарбай,  
Иінім бүгін тартады,

- Қараспанға ел қонып,  
Еруде қамқа кигендей.  
Тақымым жана тартады  
Қараспан тауын қабаттап
- 2520 Қалың қыпшақ ел көшіп,  
Көшке жорға мінгендей.  
Төсіме біткен қос тері,  
Асылы жоқ, бос тері  
Бұлақ болып есілді  
Жалғызым келіп емгендей.  
Мен бейшара зарлаймын  
Ботасы өлген інгендей.  
Ерінім және тартады
- 2530 Он үш жасар шырақтың  
Ақ бетінен сүйгендей.  
Қуанамын мен сорлы  
Кеткен қозым келгендей.  
Оң қабағым тартады  
Сапар шеккен қозымнан  
Анық хабар келгендей.  
Жұмылған көзім ашылып,  
Жалғызымды көргендей.  
Есіктің алды төбелік,  
Бейшара болған біздерге
- 2540 Кәпір қылды көп зорлық!  
Алпыстағы шешең Аналық  
Тезек теріп етектеп,  
Құрт қайнатып, жүн түтіп,  
Арқан ескен не қорлық?!  
Өзге қорлық қорлық па,  
Өзіңнің Құртқа жарыңды  
Қалмақтың ханы Алшағыр  
Аламын дейді, сол қорлық!  
Шырағым келіп ат қояр
- 2550 Алшағыр жиған нөкерге.  
Кәпірден көрген бұл қорлық  
Өлгенше естен кетер ме?!  
Біз мұнда көрдік көп қорлық,  
Жас қызым жүрді бекерге.

Зарланған менің дауысым  
Шырағыма жетер ме?!

*Бұдан кейін Қобыланды батырдың қарындасы Қарлығаш бір тұс көрдім деп айтқаны:*

- Қарлығаш сонда сөйлейді:  
— Жан шешеке, тұра тұр,  
Жан көкеме түс көрдім.
- 2560 Адыра қалған ақ балтам  
Тасқа тиіп кетілді.  
Тәңірі аямас болар ма  
Мен бейшара жетімді?  
Жан көкем болса елімде,  
Қалмақтың ханы Алшағыр  
Бүлдірер ме еді кентімді?!  
Бүгін менің түсімде,  
Өзімнің бабам ішінде  
Қазанның Сырлы қаласын
- 2570 Артық туған жан көкем  
Жалғыз сайрап жүр еді.  
Қазанды шауып, жау қашып,  
Бірге туған жан көкем  
Қаһарын тігіп, ақырып,  
Қарт бурадай бақырып,  
Қараманды шақырып,  
Қатын деген бір сөзін  
Бетіне айтып тұр еді.  
Бөлінбеген ұйқысын,
- 2580 Жыртылмаған құлпысын  
Қараман менен жан көкем  
Таң ата алып жүр еді  
Көбікті ханның жылқысын.  
Жамандатқыр Тарлан ат  
Қашып барып еліне,  
Ер салуға Көбікті  
Тарлан атқа асығып,  
Терлік салып беліне,  
Қуып жетіп Көбікті,

- 2590 Ағекемнің сынып наласы,  
Ағекемді бөнде қып,  
Ақымақ қырғыз желікті.  
Бұл секілді бейнетке  
Жан көкем неғып көніпті.  
Жан көкемді қолдамай  
Сиынып жүрген бабасы,  
Ағекемнің бұл сапар  
Болмады қабыл тобасы,  
Көбіктінің асып айласы.
- 2600 Өз аттасым Қарлыға  
Көкеме тиіп пайдасы,  
Қараман менен көкемді  
Қолын шешіп, босатып,  
Түн ішінде қашырып,  
Қызметін асырып.  
Өз аттасым Қарлыға  
Артық туған көкемнің  
Аяғына бас қойып,  
Мұсылман болып жүр еді.
- 2610 Биік-биік қыр еді,  
Қарлыға менен үшеуі  
Көбіктінің жылқысын  
Және де айдап жүр еді.  
Көбіктінің тарлан ат  
Және де қашып шөһарға,  
Көбікті мініп атына,  
Бұрынғы тартып салтына,  
Қуып жетіп артынан.  
Пірлері қолдап жан көкем
- 2620 Көбіктіні өлтіріп,  
Сәтіне ісін келтіріп,  
Қарлыға мінген сұр еді.  
Қарамандай жаманға  
Қарлығадай сұлуды  
Сауғаға беріп жүр еді.  
Ақ бөкендей жосылып,  
Көп қосынға үшеуі  
Жылқы айдап келіп қосылып.



- Тайбурыл аты ақсақ боп,  
 2630 Ат басындай жүрекке  
 Қайғы менен шер толып.  
 Нәсілі жоқ көп қият  
 Ағакеме қарамай,  
 Үдере көшіп жүр еді.  
 Хабарланып пірінен,  
 Неше шауып жан көкем  
 Қараспанның тауында  
 Жұртына келіп жүр еді.  
 Жеңешем көмген ақ нанның  
 2640 «Бұйырғаны осы» деп,  
 Шетінен тістеп тұр еді.  
 Алла Тағалам жазыпты,  
 Ат ауырса, қарны ашып,  
 Қылсын деген азықты.  
 Бурыл тауып жүр еді  
 Кез бойы алтын қазықты.  
 Мінген атым сұр еді,  
 Оқпанды сай жыра еді.  
 Сырт болмаса пірлерім,  
 2650 Осы күні ағакем  
 Түсімді тыңдап тұр еді.

*Құртқа:—Сұлу бикеш, тұра тұр,—деп, Қарлығашты тоқтатып қойып бір сөз айтқаны*

- Құртқа сұлу сөйлейді:  
 — Бұғалық салдым саяққа,  
 Пұл өтпейді бұ жаққа.  
 Перзентім болған Тайбурыл,  
 Менен кеттің қай жаққа?  
 Анаңыздан туғаннан,  
 Анаңның жүзін көрсетпей,  
 Бауырыма салып бала етіп,  
 2660 Алғалсыз болсын бедеу, — деп,  
 Қулықтың сүтін еміздім.  
 Әлім сол деп қалма, — деп,  
 Маңқа, құлқа болма, — деп,

- Жана байлап жеңіме  
Қызыл дәрі жегіздім.  
Құртқа баққан Тайбурыл  
Қара жалды, қыл құйрық  
Жылқыдан қалмас дегіздім.  
Сенің анаң мен едім,  
2670 Менің балам сен едің.  
Бір көрсетпей қараңды,  
Ғайыптың құсы сен болып,  
Қай тарапқа жөнөдің?!  
Артықша еңбек қылып ем  
Осындай қиын жерлерде.  
Үстіңдегі сұлтанды,  
Тарықтырмай, біздерді,  
Көрсетер ме екен? — деп едім.  
Көңілімдегі арманым —  
2680 Болмашының сөзімен  
Қырық үш күнің кем еді.  
Қартаудың жылғасы,  
Бауырыңда ойнар құлжасы.  
Тәңірі неден жараттың  
Төмен етек ұрғашы?!  
Аламын деп қинайды  
Діні бұзық болмашы.  
Шырағым сүйген ақ дене  
Болар ма жаудың олжасы?!  
2690 Қозысы өлген саулыққа  
Қой теліген барлық-ты.  
Ботасы өлген інгенге,  
Нар теліген зорлық-ты,  
Кәпірден көрдім қорлықты.  
Сұлтаным келіп саламат,  
Кәпірге салып әлемет,  
Осы жалған дүниеден  
Өлер едім армансыз,  
Алаулаған қалмаққа  
2700 Өзінікін келтіріп,  
Бір көрсетсе қорлықты.  
Қақпалы үлкен есікті,

- Пайғамбардай несіпті  
Шәһардың тұрып ішінде  
Қыз Құртқаның зарланып,  
Шығарған қатты дауысын  
Періштеден жалғасып,  
Сыртта тұрған тұлпардың  
Құлағы анық есітті.
- 2710 Қыстың басы қауыс-ты,  
Артық туған Қобыланды  
Он үш жасқа келгенше,  
Ерегескен дұшпанның  
Басын жойып тауысты.  
Анасын тұлпар білген соң,  
Қайта-қайта кісінеп,  
Шығарды қатты дауысты.  
Кісінеген дауысы  
Қыз Құртқаға келеді.
- 2720 Тайбурылдың дауысын  
Құртқа анық біледі.  
Даусын танып тұлпардың,  
Келгенін біліп сұңқардың,  
Артық туған қыз Құртқа  
Ақсұңқар құстай түледі.  
Сол бойымен сұлудың  
Көңілі тасып, шат болып,  
Алшағыр ханға келеді.  
Келе сұлу сөйледі:
- 2730 — Әй, Алшағыр, құлақ сал,  
Мінген атым кер ме едім,  
Сұлтанымның барында  
Сырттан келген дұшпанға  
Намысымды бермедім.  
Сұлтанымның жоғында  
Сен едің менің ергенім.  
Ап келдің де, қинадың,  
Жарық сәуле көрмедім.  
Құртқа шығып далаға,
- 2740 Бойын жазсын демедің.  
Рұқсат берсең, Алшағыр,

- Далаға шығып азырақ  
Бой жазайын деп едім.  
Елімді алған, Алшағыр,  
Сөзіме құлақ сал, Шағыр.  
Сақтағаны Құдайдың  
Саған дағы бар шығар.  
«Қашады» деп сенбесең,  
Екі құл мен екі күң
- 2750 Бақташыңды сал, Шағыр.  
Ала қапты алайын,  
Беліме арқан салайын.  
Тезек теріп, бой жазып,  
Шәһардан тысқа барайын.  
Алшағыр хан да ер еді,  
Сұраған соң сұлуға,  
«Аламын» деп қашаннан  
Үмітпен жүрген Алшағыр  
Рұқсатты әбден береді.
- 2760 Беліне арқан салады,  
Қашпасын деп сұлуға  
Екі құл мен екі күң  
Бақташыға салады.  
Шәһардың шығып сыртына,  
Төрт бақташы қасында,  
Қыз Құртқа кетіп барады.  
Қалама көйлек қаттысын,  
Ғазиз жанның тәттісін.  
Келіп Құртқа сұрады
- 2770 Алшағыр ханның сатысын.  
Сұраған соң қыз Құртқа,  
Хан сатысын береді.  
«Мені қабыл көрді» деп,  
Жауабына ереді.  
Артық туған қыз Құртқа  
Сатыны қолға алады.  
Баспалдақты көтеріп,  
Тамға сүйеп салады.  
Баспалдақпен өрмелеп,
- 2780 Тамның шығып басына

- Қыз Құртқа кетіп барады.  
 Шыққаннан соң биікке,  
 Жан-жаққа көзін салады.  
 Тұлпарды байлап терекке,  
 Бір дуадақ атып ап,  
 Отқа салып Қобыланды,  
 Шала піскен кезінде  
 Қанды көбік тарамай,  
 Ортасынан бір кесіп,  
 2790 Дәм көрмеген көп күннен  
 Артық туған батырың  
 Аузына алып салады.  
 Бір тоғайдың ішінде  
 Отырғанын батырдың  
 Сұлудың көзі шалады.  
 Көріп сұлу сөйлейді:  
 — Әуелі Алла — «Әл-хамым» \*  
 Атып мылтық өткізбес  
 Басыңда тіллә қалқаның.  
 2800 Кеткен жері қуарған,  
 Келген жері қуанған,  
 Тұлпар мініп, ту алған,  
 Туын қанға суарған,  
 Дұшпан іздеп жол шеккен  
 Келген екен салқамым.  
 Шәһардан тысқа барады,  
 Бойын жазып кәпірден  
 Қыз Құртқа өбден алады.  
 Төрт бақташы қасында,  
 2810 Келді сайдың қасына.  
 Қыз Құртқа бір сөз бастады,  
 Құл мен күндер қостады.  
 Бір құл менен бір күнді  
 «Ойнай тұр», — деп тастады.  
 Құлдар күнді ұстады,  
 — Құртқа кетті, біз қалдық,  
 «Бола ғой» деп қыстады.

\* «Әл-хам» — Фатиха сүресінің қысқаша аталуы

- Жана бір сайдың басына  
Бір құл менен бір күнді  
2820 «Сен де ойна», — деп тастады.  
Бұлардан халас болған соң,  
Бойын жазып алған соң,  
Қолындағы ақ балта  
Тасқа тиіп майрылды,  
Дұшпанынан айрылды.  
«Тоғайым көрген осы, — деп,  
Не болмаса тұсы», — деп,  
Бір тоғайға қайрылды.  
Тоғайға келіп енеді,  
2830 Терекке басын байлаған,  
Шығыршық атып ойнаған  
Бурылды сұлу көреді.  
Бұлаңдаған Құртқаны  
Тайбурыл анық біледі.  
Анасын танып Тайбурыл,  
Теректегі шылбырын  
Жұлып алып жөнелді.  
Ат шапқан соң «тәк-тәк» деп,  
Артынан Қобылан жүгірді.  
2840 Ұмтылғанда Тайбурыл,  
Артық туған қыз Құртқа  
Омырауындағы ақ түйме  
Ағытып бәрін жіберді.  
Есіктің алды ағын-ды,  
Бола жазды шығын-ды.  
Шығын болмай не қылсын,  
Омырауына Құртқаның  
Тұмсығын тыға жығылды.  
Ат тоқтаған мезгілде,  
2850 Бұлаңдаған Құртқаны  
Қобыланды батыр көреді.  
Артық туған қыз Құртқа  
Қол қусырып түрегеп,  
Иіліп сәлем береді.  
Құртқа сұлу сөйлейді:  
— Дүниедегі іңкәрім,

- Екі саулық, бір тоқты  
Баһар айда қырқарым,  
Бұрын жетті өзіңнен  
2860 Астыңа мінген тұлпарың.  
Тұлпар мініп, ту алған  
Аман-есен келдің бе,  
Жұрт иесі сұңқарым?!  
Қалмақтың жектім тұлпарын,  
Сақтадым жаудың қаласын,  
Дұшпанның көрдім аласын.  
Құдай қосқан сұлтаным,  
Әлде қандай қыласың?  
Жаманның көрдім жаласын,  
2870 Үкімменен қияды  
Көп дұшпанның баласын.  
Сөзге қайым келеді  
Қаусырма иек тіл мен жақ.  
Қауыстырды саламат  
Бұларды сақтап Жаппар Хақ.  
Ала қапты бес бүктеп,  
Ішіне тықты қыз Құртқа,  
Арыстанды сынамақ.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
2880 — Артық туған қыз Құртқа,  
Қандай заман баяғым?  
Кім ұстамас жылқының  
Жекелеп қашқан саяғын.  
Бірді таппа, мыңды тап,  
Көріп келдім бұл сапар  
Жалғыздықтың азабын.  
Адам болып, ер жетсе,  
Өзімнің соғар таяғым.  
Батырың ерлік бастады,  
2890 Ерлігін Алла қостады.  
«Тұл болсын» деп ақ қапты  
Артық туған қыз Құртқа  
Қобыланды сынды батырдың  
Көзінше алып тастады.  
Қобыланды сонда сөйлейді:

- Көптен бері жол жүріп,  
Сағынған жарың мен едім.  
Кәпірден көріп кемшілік,  
Сарғайған жұптым сен едің.
- 2900 Арманым жоқ дүниеден,  
Есен-аман қауыстым,  
Құдай қосқан қосағым!  
Ата-анам, көп халқым  
Көре алмаспын деп едім,  
Ақылды туған Құртқажан.  
Қыпшақтың мекен жайлауы —  
Қараспан еді өркені.  
Көп болып еді Құртқажан,  
Көріселік, кел бері.
- 2910 Құртқа келіп көрісті,  
Осы келген сапардан  
Қайғы менен машақат  
Қобыланды көрген көп істі.  
Екеуі де келісті,  
Көріскелі келісті.  
Көрісіп болып екеуі:  
— Арманымыз жоқ Құдайға,  
Аман-есен көрдік, — деп,  
Көңілдегі қашаннан
- 2920 Қайғы-зарын шығарып,  
Екі сұңқар кеңесті.

Әлқисса, екеуі біраз сөйлескеннен кейін Қобыланды батыр тоғайға қарап жүре бастап, қыз Құртқаға: — Жүр, — деп еді, қыз Құртқа: — Жаманның сөзі ашшы, деген. Ертең Құдай қалап еліңді қолыңа қаратқан күні ата-анасын, ел-жұртын қолына алмастан бұрын қатынын алды деген атаққа қаларсың, сақтаған Құдай өзі сақтар, мен әзірге қала тұрайын, дұшпаныңмен ұрысып, теңдесіп алғаннан соң ата-ана, ел-жұртыңмен бірге қолыңа келермін, әзірге сабыр етіңіз, — деді. Онда Қобыланды тұрып: — Сұлтаным сағынып келгенде қолына ала қоймады деген сөзге қалам ба деп, сені Қараспанға апарып тастап қайтып келіп, ұрыс қылмақшы едім, — деп мынау сөзді айтады:



- Болғай-ды, болғай, болғай ма,  
Болғайдың түбі тыңғай ма?  
Өтірік айтқан оңғай ма,  
Түлкі киген тоңғай ма?  
Бұл ақылың, Құртқажан,  
Падишаға бітсе болмай ма?  
Сөзің дұрыс, Құртқажан,  
Тапсырдым сені Құдайға.
- 2930 Құртқа сонда сөйлейді:  
— Жарылқасын Құдайым,  
Сұлтаным, сенің бетіңнен!  
Ойын балық кетпейді  
Жазғы судың шетінен.  
Шырағым, жаның сау болса,  
Шыға алмас дұшпан бетіңнен.  
Сұлтаным, бұршы мойныңды,  
Бір сүйейін бетіңнен.  
Мойнын бұрса Қобылан нар,
- 2940 Аузынан сүйді Құртқа жар.  
Көбірек тұрды құшақтап,  
Қобыланды ерге ынтызар.  
Жаз мінгенің жалды еді,  
Қыс мінгенің қоңды еді.  
Жасаған Құдай оңдаса,  
Сүйгенімнің алды еді.  
Артқаным қайың қос еді,  
Асқаным алтын мосы еді,  
Оңдамаса Құдайым,
- 2950 Сүйгенім соңы осы еді.  
Ашық боп сүйген қыз Құртқа  
Аузын сүйді аймалап,  
Бетінен сүйді қармалап.  
Дұшпанға тиер Қобыланды  
Жеті пірді даралап.  
Мауқын Құртқа басқан соң,  
Қобыланды тұрып сөйлейді:  
— Өбзел салдым алаға,  
Жау іздедім алыстан.
- 2960 Ағайын-туған қарындас,

- Қарамай қатын, балаға.  
Мұнша Құртқа бой жазып,  
Неге шықтың далаға?  
Жеңіп алған ит қалмақ  
«Келінің қашып кетті» деп,  
Барғанша қорлық көрсетер  
Атаң менен енеңе.  
Құртқажан, енді, кешікпей  
Қайт тезірек қалаға.
- 2970 Құртқажан, сәлем айтқайсыз  
Ата менен анаға.  
Әсіресе қалың қыпшақтың  
Жасы үлкен ағаға,  
Жасы кіші балаға.  
Сұлтаным келді дегейсің  
Қаланың сырты далаға?  
Жанын қиды дегейсің  
Ағайын, жұрттан садаға.  
Хош-аман бол, Құртқажан,
- 2980 Ертеңге шейін тапсырдым  
Бір жаратқан Аллаға!  
Ертеңге күн таң атса,  
Тұлпар туған Бұрылды  
Талауым деп мінейін.  
Дәуіт соққан беренді  
Көбінім деп киейін.  
Сіздерді алған дұшпанға  
Жалғыз да болсам тиейін.  
Мінері болса байласын,
- 2990 Біздің қыпшақ баласы  
Қойсын бүгін ұйқысын.  
Түніменен сайланып,  
Бітіре берсін жұмысын.  
Ер басына тоғайдан  
Кесіп алсын бір келтек.  
Арғымақ аттай жарасын,  
Аш қарында шыққанда.  
Еске алған қарындас  
Зор қақпадан табылсын.

- 3000 Құртқа сонда сөйлейді:  
— Қайт десең, сұлтан, қайтайын  
Алшағыр соққан қалаға.  
Көргеннен соң шығып ем,  
Шыдай алмай далаға.  
Сұлтаным, сенен айрылып,  
Ішім толды сөнаға.  
Шыбыныңды тапсырдым  
Бір жаратқан Құдайға!  
Хандай қара басыңнан
- 3010 Мендей сорлың садаға.  
Амандасып қыз Құртқа,  
Шөрге қайтып жөнелді  
Қобыланды сынды балаға.  
Мінген аты қара-ды,  
Ішкен асы сұлудың  
Бойына енді тарады.  
Көңілі тасып, шат болып,  
Ұлы бесін кезінде  
Шұбалаңдап қыз Құртқа
- 3020 Шөрге кетіп барады.  
Айрылған соң Құртқадан,  
Жұмысы бітіп құл мен күң,  
Жатыр екен ұйықтап.  
Келе жатқан жолынан  
Оятып Құртқа алады.  
Төрт бақташы қасында,  
Бұлаңдаған қыз Құртқа  
Алшағырдың қалаға  
Тезірек жүріп барады.
- 3030 Қобыландының келгенін  
Тоқтар басы көп қыпшақ  
Есіткен соң Құртқадан,  
Көңілі тасып қуанып,  
Шаттанысып қалады.  
Қыз Құртқаның соңынан,  
Күннің батыс астынан  
Шұбалған қалың шаң шықты.  
Шаң астына қараса,

- 3040 Ақмоншақ аты астында,  
Кәмшат бөркі басында,  
Екі бөрі қасында,  
Ақмоншақ атпен бұлаңдап,  
Қарлыға сұлу бұл шықты.  
Қарлығаның соңынан  
Қаражал құла атпенен  
Қобыландыға қосылды  
Сейілұлы Қараман.  
Қараманның соңынан  
Айдынды Орақ, айлы Орақ,  
3050 Айбалтасы қанды Орақ.  
Балалы тауда бар дұзақ.  
Есіктің алды балдырған,  
Нан піседі тандырдан.  
Кәпірлердің көңілін қалдырған,  
Қазақтың атын жаңдырған,  
Жіңішке жирен аты бар,  
Аллаға жеткен даты бар,  
Бірге келді ер Орақ.  
Қобыландының көп халқын  
3060 Кәпір алды деген соң,  
Шақырушы — Қарлыға  
Жеткен екен сол шырақ.  
Артық туған Қобыланды  
Еркінше шауып көсілді.  
Келеді деген бұларды  
Жоқ еді ердің есінде.  
Артынан келіп үш көкжал  
Қобыландымен бас қосып,  
Есендік-саулық айтысып,  
3070 Амандасты бесінде.

Әлқисса, Қобыланды, Орақ, Қарлыға жана Қараман төртеуі бастарын қосып, көңілдері өсіп: «Бүгін тынығалық, ертең Алшағырдың қаласын шабалық» деп, мауықтарын басып жата берісті. Бұлар сөйтіп өздеріменен өздері мәз-майрам болып жатқанда, Алшағыр ханның қарт шешесі бал ашып отырып, баласы Алшағыр ханға айтқаны.

- Кемпір келіп сөйлейді:  
— Жалғыз ботам, Алшағыр,  
Сөзіме құлақ сал, Шағыр,  
Басыңды көтер жан балам!  
Қастары төмен салынған,  
Іздеген дұшпан жиылған,  
Жалынбаса жойылған —  
Бейне Қобыланға ұсайды,  
Келді, балам, тұр-сәна!
- 3080 Қоңқақ мұрынды, қой көзді,  
Орта бойлы, нұр жүзді  
Қараман келгенге ұсайды,  
Келді, балам, тұр-сәна!  
Жіңішке жирен аты бар  
Аллаға жеткен даты бар  
Орта жүздің бегі еді,  
Орақ келгенге ұқсайды,  
Келді, балам, тұр-сәна!
- 3090 Алшағыр сонда сөйлейді:  
— Қызыл тілді сөйлеткен  
Қаусырма жақ пен иегім,  
Сырық тартқан білегім,  
Бұл сөзіңе, әй, шеше,  
Қозғалмайды жүрегім.  
Жоқ сөзді айтып қинама,  
Қайдан келсін бұл жерге  
Көбікті батыр жоқ қылған  
Қобыланды батыр сүйегін.
- 3100 Кемпір сонда сөйлейді:  
— Жіңішке жирен аты бар,  
Аллаға жеткен даты бар  
Орақ келгенге ұсайды.  
Ақмоншақ ат астында,  
Кәмшат бөркі басында  
Қарлыға келгенге ұсайды.  
Қыр мұрынды, қой көзді,  
Орта бойлы, нұр жүзді.  
Келді, балам, Бурылмен  
Қобыландыға ұсайды.

- 3110 Су түбінде торқамын,  
Ақ бөкендей жортамын.  
Келді, балам, Бурылды  
Қобыланды деп қорқамын.  
Бөлінсе, балам, біздің халық,  
Басыңнан көшер әруақ.  
Астыңдағы алтын тақ  
Сол мінер деп қорқамын.  
Таңбасыз жатқан тайыңды  
Таңбалар деп қорқамын.
- 3120 Енсіз жатқан қойыңа  
Ен салар деп қорқамын.  
Шәрі байтақ жұртыңды  
Сол билер деп қорқамын.  
Үстіңдегі ақ сауыт  
Бұйырып соққан ер Дәуіт  
Сол киер деп қорқамын.  
Ылдидан шапса, түсте озған,  
Ертеңнен шапса, кешке озған  
Томаға көзді қасқа азбан
- 3130 Сол мінер деп қорқамын.  
Тамыры жерге тараған,  
Жапырағы әммесі  
Сом алтыннан жараған  
Киік пе екен деуші едім,  
Тау текедей маңыраған,  
Сол кесер деп қорқамын.  
Атаңның жиған байтақ жұрт  
Бүлдірер деп қорқамын.  
Қанікейдей көрікті қыз,
- 3140 Тінікейдей текті қыз  
Күлдірер деп қорқамын.  
Шағалаға шәулі сап,  
Ілдірер деп қорқамын.  
Менің өзім нашармын,  
Шәрдің аузын ашармын.  
Сен жатсаң да, мен жатпан,  
Қанікейдей көрікті қыз,  
Тінікейдей текті қыз

- Жау қолында жылатпай,  
3150 Күймеге салып екеуін,  
Бұл шәһардан қашармын.  
Ат жеккізіп қу кемпір,  
Қызын салып күймеге,  
Қолына тисе сұлу қыз  
Әркім әуес сүймеге.  
Қарамады қу кемпір  
Алтын-күміс дүниеге.  
Мінген аты ала-ды,  
Ұлы бесін кезінде
- 3160 Қызын салып күймеге,  
Қақпадан шығып далаға,  
Кемпір қашып барады.  
Қызын салып күймеге  
Қашқанын біліп кемпірдің,  
Көбіктінің Қарлыға  
Қиядан көзі шалады.  
Артынан барып Қарлыға,  
Қу кемпірге білдірмей,  
Қанікей менен Тінікей
- 3170 Екі қызды бір жола  
Ұрлап алып қалады.  
Қарлығаның алғанын  
Сейілұлы Қараман  
Қиядан көзі шалады.  
Қызды алғанын білген соң,  
— Қарлығажан, сауға, — деп,  
Қарлығаның алдынан  
Қараман кетіп барады.  
Қарлыға сонда сөйлейді:
- 3180 — Көлге біткен желкенсің,  
Бүршігі жоқ тікенсің.  
Артық асқан бағың жоқ,  
Құдайдан сұрар ойың жоқ.  
Өзіңе біткен мал-жанды  
Сауғадан жиған екенсің!  
Ақмоншақ атпен желейін,  
Байытқалы келіп пе ем

- Қияттың жарлы-кедейін.  
Қараман, саған не дейін,  
3190 Өзімнің басым сауғадан  
Құтыла алмай жүргенде  
Мен кімге сауға берейін?!  
Қараман сонда сөйлейді:  
— Мұсылманға мұраттық,  
Кәпірге қылса ғазаттық,  
Шырағым, сауға сұрадым  
Қанікей менен Тінікей—  
Екі қызды бер маған.  
Қарлығажан, сені алмайын,  
3200 Басыңа бердім азаттық.  
Қылшаң жүнді қара-ды,  
Шығара алмай барады  
Ішіне толған сәнаны.  
Қарлыға сынды сұлудың  
Көңілі қатты сүйеді  
Қобыландыдай баланы.  
Қанікей менен Тінікей  
Қос сұлуды бір беріп,  
Артық туған Қарлыға  
3210 Қарамандай жаманнан  
Басын сатып алады.  
Басын қосып төрт көкжал  
Кеш болған соң жағалап,  
Бір төбеге жетеді.  
Күліп-ойнап төртеуі,  
Қоржынға салған азықтан  
Бұйырған дәмді татады.  
Кірпік ілмей төрт көкжал,  
Таң сарғайып атады,  
3220 Таң шолпаны батады.  
Асылға жасық сақтады.  
Масыл, масыл, масыл ма,  
Аққа құлпы жасыл ма?  
Ғашық боп жүрген Қарлыға  
Қараманнан шыға алмай,  
Қашаннан бері қан құсып,



- Басын қосқан сықылды  
Қобыланды қыран асылға.  
Таң атқан соң төрт көкжал
- 3230 Қаруларын киініп,  
Бір Құдайға сиынып,  
Аттарына мінеді.  
Үстіне сауыт киеді,  
Беліне байлап болатты,  
Қарына найза іледі.  
Алшағыр соққан шәһардың  
Туын алып батырлар,  
Қақпасына жүреді.  
Қақпаға жақын келгенде,
- 3240 Артық туған Қобыланды,  
Ақсұңқар құстай түледі.  
Жаны төзбей Қобыланды,  
Жалғыз өзі шәһарға  
Ат қоюға ойланды.  
Ата-ана, қарындас  
Қалың қыпшақ көп елі  
Жатқаннан соң көпірге.  
Қақпаның келіп аузына,  
Қобыланды батыр ақырды,
- 3250 Қарт бурадай бақырды,  
«Алшағыр» деп шақырды.  
Қобыланды келіп сөйлейді:  
— Ей, Алшағыр, Алшағыр,  
Сөзіме құлақ сал, Шағыр,  
Менің атым — Қобыланды.  
Қара қасқа атың міне шық,  
Ақ сауытыңды кие шық,  
Қарыңа найза іле шық,  
Әуелі бастан ойлай шық,
- 3260 Алды-артыңды қармай шық,  
Арманда ғапыл болмай шық.  
Белес-белес бел еді,  
Хан болғалы Алшағыр  
Халқына тиіп пайдасы,  
Қатарынан Алшағыр

- Асып жүрген айласы.  
Мұсылманнан қанша ердің  
Басын жойған ер еді.  
Алшағыр деп шақырған
- 3270 Қобыландының дауысы  
Құлағына келеді.  
Шыдай алмай Алшағыр,  
Үстіне сауыт киеді.  
Беліне байлап қылышты,  
Қарына найза іледі.  
Ертеңнен шапса, кешке озған  
Томаға көзді қасқа азбан  
Алтын тұрман ер салып,  
Атына батыр мінеді.
- 3280 Қара қасқа тұлпардың  
Құйрығын шарт түйеді.  
Шақырып тұрған батырдың  
(Қорықты дер бармасам)  
Алдынан жүре береді.  
Қара қасқа бедеумен  
Алшағыр шықты қаладан.  
Түлкідей көзін жайнатып,  
Тасқа шанышқан сүңгісін  
Қарыс сүйем бойлатып.
- 3290 Көргенше жүрген шыдамай,  
Алшағырды көрген соң,  
Тайбурыл атты көсілтіп,  
Қобыланды шапты даладан.  
Екі батыр екпінмен  
Жақындасып қалысты.  
Өшігіп жүрген батырлар  
Бөтен жауап айтыспай,  
Шегінісіп екеуі,  
Емен найза салысты.
- 3300 Ат тізесін бүгісті,  
Бүге-бүге тұрысты.  
Бір-біріне ұмтылып,  
Тақымдары құрысты.  
Бірін-бірі ала алмай,

- Бірі дүние сала алмай,  
Қақырғаны қан татып,  
Түкіргені жын татып,  
Жаннан күдер үзісті.  
Аш күзендей бүгілді.
- 3310 Қанжарменен қармасты,  
Семсерменен серместі,  
Семіз тайдай ойнады.  
Артық туған Қобыланды  
Ерегескен дұшпанын  
Басын жоймай қоймады.  
Семсер қалды майысып,  
Қанжар қалды қайысып,  
Бір уақыттар болғанда,  
Қобыланды сынды-ай еріңіз
- 3320 Найзасын ырғап ендірді.  
Алшағырдай кәпірді  
Ат сауырына міндірді.  
Қаһарланып Қобыланның  
От шығады ұртынан.  
Үмітін үзбей Алшағыр  
Шәрлі байтақ жұртынан,  
Ұлы сәске болғанда,  
Жұмарланып барып жоқ болды  
Қарақасқа аттың сыртынан.
- 3330 Шәрдің қалың ішінен  
Алшағыр шықты түбектен.  
Қатуланып Қобыланның  
Түгі шықты білектен.  
Етке тоқтар қайрат па,  
Шаншығанда шықты сүйектен.  
Тартып бақты, шықпады  
Қобыланды ердің найзасы  
Қанмен қатып жібектен.  
Алшағыр ханды өлтіріп,
- 3340 Кәпірдің күнін қуырып,  
Артықша тартып күш етіп,  
Найзасын алды суырып,  
Бір уақыттар болғанда.

- Есіктің алды балдырған,  
Нан піседі тандырдан.  
Қарауыл отын жандырған,  
Мұсылман көңілін қалдырған.  
Қызылбастың жұртында  
Тағыболат, Тасболат
- 3350 Құртқаны алар сапарда  
Бір өзінің әкесі,  
Жеті үлкен ағасын  
Бірден қырып салдырған.  
Ағанас бенен Тоғанас  
Алшағырдың соңынан  
Қаладан шықты екі жас.  
Әке, ағасын өлтірткен  
Ежелден кекті бұлар қас.  
Ағасы еді Ағанас,
- 3360 Інісі еді Тоғанас.  
Таптырмай ақыл-айланы,  
Қобыланды ерге Ағанас  
Келе салды найзаны.  
Қараспанның тауында  
Бір қызылбас, бір қазақ  
«Бермейміз, — деп, — намысты»,  
Екі батыр шегініп,  
Найзаларын салысты.  
Найза қанға майысты,
- 3370 Итерісіп тұрысты,  
Ат тізесін бүгісті.  
Мінген аты ала-ды,  
Атына оқшасын жіберді.  
Іздегені қызылбас,  
Дұшпанын Қобылан табады,  
Пірлері кәміл қолдады  
Қобыланды сынды баланы.  
Көңіліме болмаса,  
Ағанастың найзасы
- 3380 Қобыландының бөксесін  
Қисайтып кетіп барады.  
Қобыландыдан қуаты

- Басымырақ болғанын  
Көбіктінің Қарлыға  
Қиядан көзі шалады.  
Қобыланды аттан ауғанша,  
Ағанасты Қарлыға  
Іліп тастап барады.  
Артынан келді Тоғанас,  
3390 Түзеліп алып Бурылға  
Қобыланды іліп тастады.  
Тоғанастың артынан  
Көк қасқа атты Ақтайлақ  
Ұрысқа кірді жағдайлап.  
Орақ бенен ұрысып,  
Ақтайлақты сол жерде  
Орақ іліп тастады.  
Ақтайлақтың соңынан  
Баласы еді Нарқызыл  
3400 Келіп еді ұрысқа,  
Қараман іліп тастады.  
Қазан басты Қара дәу  
Шығып еді қаладан,  
Қарлыға іліп тастады.  
Қалмақтың Қара батыры  
Шығып еді қаладан,  
Қобыланды іліп тастады.  
Мұсылман көрсе оқ атқан,  
Қызылбас көрсе жан тартқан,  
3410 Қырық құлаш Қызыл дәу  
Шығып еді қаладан,  
Қараман іліп тастады.  
Осынша ердің артынан  
Күмбезді найза қолында  
Ағын судың сағасы,  
Аққайырдың жағасы  
Көп қызылбастың ағасы,  
Көбікті ханның баласы,  
Кәмшат бөркі басында,  
3420 Нөкері бар қасында,  
Өзі он бес жасында,

- Күйеу болып жатқан осында.  
 Үстіне дұшпан келген соң,  
 Ұрыспасқа айла табалмай,  
 Соғыспасқа дұшпанмен  
 Жана шықты шәрден  
 Көкала атты Біршымбай.  
 Келуіменен Біршымбай  
 Бөтен сөзге қарамай,  
 3430 Қобыланды бір шанышты,  
 Қарлығаны бір шанышты,  
 Қараманды келіп бір шанышты,  
 Сол бойымен Біршымбай  
 Сыпыртып өтіп жөнеді.  
 Қайта айналып шапқанда,  
 Орақты келіп бір шанышты,  
 Қарлығаны бір шанышты,  
 Қараманды бір шанышты,  
 Қобыланды бір шанышты,  
 3440 Сыпыртып өтіп жөнеді.  
 Етіне киген жейде еді,  
 Маңдайы шып-шып терледі.  
 Біршымбайдың қайраты  
 Барған сайын өрледі.  
 Қайраты артық Біршымбай  
 Самсап тұрған ерлерді  
 Бір адамдай көрмеді.  
 Үш-үштен найза тиген соң,  
 Төрт көкжал да меңдеді.

Әлқисса, Қарлыға Біршымбайдың күшін көргеннен кейін, қарсылық қылып жеңудің бекерлігін, айламенен құртудың жөн екендігін айтқаны:

- 3450 Қарлыға тұрып сөйлейді:  
 — Сіздер кейін тұрыңыз,  
 Барайын жалғыз мен, — деді.  
 Әуелі Алла анайым,  
 Хақ жаратқан Құдайым.  
 Мал шыдамас жауырға,

- Ер шыдамас бауырға.  
Сіздер кейін тұрыңыз,  
Бірге туған ит еді,  
Жалғыз өзім барайын.
- 3460 Мінген аты ала-ды,  
Атасы әйел демесең,  
Қарлыға қыз да ер еді.  
Қараман, Қобылан, Ораққа  
Жолдастыққа жарады.  
«Есебін тауып айламен  
Өлтірмесек болмас», — деп,  
Беркін жұлып алады.  
Шашын жайып Қарлыға,  
Ақмоншақ атты қамшылап,
- 3470 Ерлердің шығып қасынан,  
Біршымбайдың алдына  
Қарлыға шауып барады.  
Қарлыға барып сөйлейді:  
— Бірге туған Біршымбай,  
Сен кеткен соң, шырағым,  
Шәрді басып көп дұшпан.  
Дұшпанды қырып, шырағым,  
Шәрді алдым босатып,  
Бір жанымды аямай.
- 3480 Жалғыздық түсті басыма,  
Қайратқа атаң жарамай.  
Көп дұшпанның ішінен  
Қашып еді үш батыр,  
Жалғыз құдым шыдамай.  
Өлсем де жоқ арманым,  
Есен-аман, саламат  
Көрсетті сені бір Құдай.  
Мені танып, жалғызым,  
Атыңның басын бұрмадың.
- 3490 Қайратыңнан айналсам,  
Жалғыз бауырым, Біршымбай,  
Болайын сенің құрбаның.  
Менен қашқан үш дұшпан  
Мынау келіп тұрғаны.

- Сөзімді тыңда, әй, ботам,  
 Жалғыздық түсіп басыма,  
 Көңілімде көп қапам.  
 Осы келген батырлар  
 Менен қашқан үш адам.
- 3500 Бұл дұшпаннан ала алмай,  
 Басымды саған қоса алмай,  
 Ақыл-айла таба алмай,  
 Жаралы болды сорлы апаң.  
 Бір туғызған, шырағым,  
 Екеуімізді Құдай-ды.  
 Жақыны көрсе кемшілік,  
 Кімнің жаны шыдайды,  
 Жара қатты, жан төтті.  
 Басынан бөркін жұлып ап,
- 3510 Бірге туған Қарлыға  
 Алдына келіп жылайды.

Әлқисса, Қарлыға Біршымбайға келіп: — Сен кеткен соң мұсылмандар келіп біздің шәрді түн ішінде басып, ойран ботқасын шығарайық деп жатқанда, әкең атқа қайрат қылып міне алмай тұрғанда, өзім мініп, жаудың бетін қайырып, мынау үшеуін қуып мұнда келіп тұрғанда, мені бұларменен бірге шанышқандай мен не қылып едім, — деп, бөркін жұлып алып, шашын жайып, «ой, бауырымды» салып, аттан құлап кетті. Тумасы Қарлығаның бұл қылығын көргеннен кейін, Қарлығаны тауға алып барып тастап, келіп қойға тиген бөрідей жауға тимекші болып, Қарлыға қыздың алдына түсіп, қызды соңынан ертіп алып жүре берді.

Жол-жөнекей бара жатқанда Қарлыға қыздың Біршымбай тумасын өлтіргені.

Тозады көрпе мақтадан,  
 Назары арман ауғанда.  
 Біршымбайды Қарлыға  
 Найзамен салды желкеден.  
 Біршымбайдың мінгені  
 Айқын төбел құла ат-ты.  
 Біршымбай сынды батырды



- «Жан апа!» деп жылатты.  
3520 Өз апасы Қарлыға  
Інісін аттан құлатты.  
Біршымбайды Қарлыға  
Айламенен өлтірді,  
Сәтіне ісін келтірді.  
Белес-белес бел еді,  
Атасы әйел демесең,  
Қарлыға қыз да ер еді.  
Біршымбайды өлтіріп,  
Көкала атты жетектеп,  
3530 Қараман, Орақ, Қобыланды —  
Үш батырға келеді.  
Келгеннен соң Қарлыға  
Өз інісін өлтіріп,  
Көңілі түсіп, шат болып,  
Батырлар қызға сенеді.  
Көрген адам таң қалар  
Қарлыға қыздың пормына.  
Көп дұшпанын мұқатып,  
Құдай қалап ерлердің  
3540 Істері келді орнына.  
Қарлыға мінген кер ме еді,  
Қапыда өлді Біршымбай.  
Қарлыға айла қылмаса,  
Күшті туған Біршымбай  
Дұшпанға болар ер ме еді?  
Қарлыға менен Қобыланды  
Қараман, Орақ төртеуі  
Бастарын қосып батырлар  
Намыстарын бермеді.  
3550 Қобыланды ердің бақыты  
Барған сайын өрледі.  
Біршымбайдың соңынан  
Баспақты сиыр, танадан,  
Алтын-күміс шарадан,  
Қалмай қатын, баладан  
Қара қала ерлері  
Түгесіліп болған соң,

- Тоқтататын адам жоқ,  
Тоқтар басы көп қыпшақ  
3560 Шулап шықты қаладан.  
Ел жайлауы Есіл-ді,  
Ақ бөкендей жосылды.  
Ұлы қақпа аузында  
Қаладан шығып көп қыпшақ,  
Қойдай маңырап шуылдап,  
Қобыланды ерге қосылды  
Шуылдап-жылап бесінде.  
Қабыл болды бұл сапар  
Қобыланды ердің мұраты,  
3570 Ата-ана, көп халқы  
Дұшпаннан шығып саламат.  
Қобыланды ерге көрісіп,  
Есендік-саулық сұрады.  
Көп дұшпанын мұқатып,  
Ерлердің көңілі тынады.  
Алшағыр ханның қаласын  
Он жеті күн шабады.  
Қобыландының көп халқын  
Жалғыз шапқан Алшағыр  
3580 Бүтін жұртын жалмады.  
Алтын-күміс, бар малын  
Ырғап-жырғап алады,  
Артық бақыт табады.  
Байдың қызы жамылар  
Масаты шекпен, беренді.  
Қият, қыпшақ қосылып,  
Көп олжаға кенелді.  
Қазаннан алған көп малды  
Қараспан тауын бет алып,  
3590 Ерлер алып жөнелді.  
Артық туға Қобыланның  
Келмеді дұшпан шеніне.  
Ойлаған оның мұратын  
Келтірді Құдай жөнiне.  
Үш ай, он күн дегенде,  
Қараспан тауын жағалап,

- Азулы деген көлдерге  
Тоқтар басы көп қыпшақ  
Келіп қонды баяғы —
- 3600 Алшағыр шауып, зарланып,  
Бүлініп көшкен жеріне.  
Көлден тарттым борықты,  
Ел қонысқа қоныпты.  
Кемшілік көріп кәпірден,  
Бөнде болып байланған,  
Жылаған қыпшақ баласы  
Бұрынғыдан екі есе  
Бақ-дәулетке жолықты.  
Келіп қонды көп қыпшақ
- 3610 Азулы деген көліне.  
Бұрынғыдай толықсып,  
Дәулет бітті еліне.  
Артық туған Қобыланның  
Ісі келді жөніне.  
Келмеді дұшпан шеніне.  
Кәпірден алған көп олжа  
Өділдікпен Қобыланды  
Жиып алып көп халқын,  
Бөліп берді қолынан  
Пақыр, кедей кеміне.  
Азулыға қондырды  
Қобыланды жиып көп елді.  
Қият, қыпшақ баласы  
Көп олжаға кенелді.  
Халықпен қатар олжаны  
Үлестен көп алған соң,
- 3627 Жарлысы байға теңелді.

# Қобыланды

## (Көшелек нұсқасы)

- Кешегі өткен заманда,  
Он екі баулы ноғайда  
Қыдырбай деген бай болған,  
Ақшахан деген хан болған.  
Байлығы асқан жан екен,  
Малы жерге сыймаған.  
Дұшманның тілін тыймаған,  
Сол секілді жан екен.  
Қыдырбайдың алғаны
- 10 Меңдісұлу жар екен.  
Сексенге жасы келгенше,  
Ұл менен қызға зар екен.  
«Осыған қайғы салсам деп,  
Осының малын алсам» деп,  
Ақшахан деген ханының  
Еліндегі билердің  
Ойлаған ойы бар екен.  
Бір күні билер ойлады,  
Ұлы жиын-той қылып,
- 20 Ат шаптырды қалаға,  
Ұзын жатқан салаға.  
Онда бұйрық қылғаны:  
«Ұлсыздарға орын жоқ,  
Қызсыздарға қызық жоқ».  
Жұрттың бөрі жиылды,  
Осылай етіп бұйырды.  
Ондай айтқан сөздерін  
Қыдырбай тіпті алмады,  
Сөзіне құлақ салмады.

- 30 Сексен нарға саба артып,  
Қасында — Меңді алғаны,  
Тойға кетіп барады.  
«Осыған қайғы салам» деп,  
Қылып жатқан тойы еді,  
Ойлаған ойы сол еді.  
Мұнараның басында  
Отыр еді Ақшахан,  
Келе жатқан Қыдырбай  
Ақшахан сонда көреді.
- 40 Көрді дағы ақырды,  
Тақылдақ дейтін елінде  
Бір уәзірі бар еді,  
Сол уәзірін шақырды.  
Келе жатыр Қыдырбай,  
Соған қайғы салам деп,  
Істеген бұл бір той еді.  
— Төбеңнен тіллә құяйын,  
Сол Қыдырбайға бар, — деді,  
Соған қайғы сал, — деді.
- 50 Тақылдақ сонда кетеді,  
Қыдырбайға барады.  
Тақылдақ бара сөйледі:  
— Хан бұйырды, амал жоқ,  
Бармайтұғын заман жоқ.  
Осы тойды істеген  
Ақшахан деген иесі бар.  
Қыдырбай тақсыр, қайтыңыз,  
Баласы жоқ кісінің  
Осы тойда несі бар?
- 60 Ұлсыздарға орын жоқ,  
Қызсыздарға қызық жоқ.  
Барғанменен бұл тойға,  
Қыдырбай, саған қайғы көп.  
Сонда Қыдырбай сөйлейді,  
Сөйлегенде не деді:  
— Аспандағы Сары мекен,  
Жалғыз адам зар ма екен?  
Осынша қайғы салғандай,

- Менде өшті-кегі бар ма екен?
- 70 Мен бұл тойға барайын,  
Қалаларын қан қылып,  
Қақпаларын сындырып,  
Көңілдерін тындырып,  
Тойын қызық қылайын.  
Осынша қорлық берген соң,  
Бармай неғып шыдайын?!  
Осылай етіп ақырды,  
Қабағынан қар жауып.  
Сабадағы қымызды
- 80 Алмаспенен кеседі.  
Қыдырбайдай қартыңа  
Сонша қайғы түседі.  
Сонда Меңді сөйледі:  
— Қыдырбайдай байымыз,  
Жасы жеткен қарымыз,  
Осының тілін алыңыз.  
Көп жинаған малыңды  
Садақа қылып шашалық,  
Бұл жерде тұрмай, қашалық.
- 90 Дүние деген дөңгелек,  
Жинағанмен құр малдан  
Баласыз жерде не керек?!  
Құдайдан тілек тілелік,  
Әулие қоймай түнелік.  
Шыныменен тілесек,  
Бермес пе екен тілегім?  
Қашаннан да, Қыдырбай,  
Асыл еді сүйегің.  
Кел, Қыдырбай, қайталық,
- 100 Садақаны Құдайға  
Мал сойып тұрып аталық.  
Осыдан үйге барғансын,  
Қолыма таяқ алармын.  
Естігенсін қайғыны,  
Далаға кетіп қалармын.  
Бірнеше күн жүрермін,  
Әулие қоймай түнермін.

- Бар жасаған Құдайдан  
Шыныменен тілермін.  
110 Тілегімді бермесе,  
Көзімнің жасын көрмесе,  
Қаңғып жүріп өлермін.  
Сонда тұрып Қыдырбай  
Меңдінің тілін алады.  
Далада тұрған Қыдырбай  
Үйіне қайтып барады.  
Бірталай малды сояды,  
Ұл менен қыздың жоғынан.  
Ғаріп бенен ғасірді,  
120 Соқыр, міскін, нашарды  
Толып жатқан жияды,  
Жиылған бәрі тояды.  
Бір баланың жоғынан  
Он күнге дейін той қылып,  
Бірталай малды сояды.  
Он күннен соң жиылған  
Жұрттың бәрі кетеді.  
Меңдісұлу аяңдап,  
Қыдырбайға жетеді:  
130 — Қыдырбайдай еріміз,  
Бізге ұлықсат беріңіз,  
Қолыма таяқ алайын,  
Әулие қоймай түнейін,  
Құдайдан бала тілейін.  
Қыдырбай сонда сөйледі:  
— Меңдідей сұлу әйелім,  
Көп еді сенің ақылың,  
Ұлықсат берсін кәріңіз.  
Барамын десең, барыңыз,  
140 Бір Құдайға аманат  
Кеудеде шыбын жаныңыз.  
Меңдідей сұлуың  
Ұлықсатын алады,  
Далаға кетіп барады.  
Шыға Меңді жүгірді,  
Маңдайдан тері шұбырды,

- Шыбындай жаны қыдырды.  
Жеті күндей жүргенсін,  
Сонда бір келді молаға,  
150 Зар болып жүрген ақ Меңді  
Бір көретін балаға.  
Кез болған екен сол уақытта  
Көкшыбық дейтін әулие —  
Бұрынғы өткен бабаға.  
Моласының басында  
Қойған тасы бар екен.  
Сол секілді әулиені  
Бір көруге зар екен.  
Сол моланың басына  
160 Меңді келіп жатады.  
Шаршап келген ол байғұс  
Көп ұйқыға батады.  
Ақ шалмасы басында,  
Ұйықтап жатқан күнінде,  
Асатаяқ қолында,  
Өзі Хақтың жолында,  
Көкшыбықтай бабасы  
Жетіп келіп қасына,  
Бабасы сонда сөйледі,  
170 Сөйлегенде бүй деді:  
— Мұнша неге зарықтың?  
Құдай айдап кез болып,  
Біз секілді бабаңа  
Бүгін келіп жолықтың.  
Қолыңды жай, шырағым,  
Саған бір бала берейін,  
Көзіңнің жасын көрейін.  
Саған берген балама  
Шапса қылыш өтпесін,  
180 Атса мылтық өтпесін,  
Алладан бұйрық болмаса,  
Жалғаншының жүзінде  
Адамның әлі жетпесін.  
Меңдідейін сұлуға  
Бір тұтамдай бір шыбық



- Қолына сонда береді.  
Меңдідейін сұлудың  
Көзінің жасын көреді.  
Ұйқыдан тұрып ақ Меңді,  
190 Батасын қылып молаға,  
Қайта жүгіріп келеді  
Өзінің шаһар қалаға.  
Үйге келіп ақ Меңді:  
— Қыдырбайдай байымыз,  
Мен далаға бармасам,  
Кетіп еді жайымыз.  
Қыдырбайдай ер, — деді,  
Болды, білем, тілегің,  
Сүйіншімді бер, — деді.  
200 Сонда Қыдырбай тұрып сөйледі:  
— Сүйіншіге берейін  
Толып жатқан малымды.  
Аямайын, берейін  
Кеудедегі шыбын жанымды.  
Үстіңе қатын алмайын,  
Асылда қамшы салмайын.  
Құдай қосқан жұбайым,  
Тілекті берген Құдайым,  
Тіпті қарсы бармайын.  
210 Бәйбішесі келгенсін,  
Тілегін Алла бергенсін,  
Ертең халқын жияды.  
Ұлы жиын-той қылып,  
Садақасын береді.  
Тоғыз ай да, тоғыз күн біткен соң,  
Тілеп жүрген баласы  
Екеу болып дүниеге келеді.  
Біреуі — ұл да, біреуі — қыз,  
Ертең тұра той қылды.  
220 Алтын қабақ аттырып,  
Жүйрік атын шаптырып,  
Жеті күндей той қылып.  
Таратқансын сол тойын,  
Әмір қылды халқына:

- Баламның атын қой, — деді.  
Халқы сонда ойланды,  
Баланың атын қоя алмай,  
Ойласа, ойға тоя алмай,  
Халқы тарқап кетеді.
- 230 Халқы тарқап кеткен соң,  
Ұлын алып Қыдырбай,  
Қызын алып ақ Меңді,  
Шыққан екен далаға.  
Тарыққасын шынымен,  
Сонда келіп кез болды  
Баяғы тілегін берген бабаға.  
Қыдырбай сонда сөйледі:  
— Жел жағымда панамсың,  
Көкіректегі санамсың,
- 240 Тарыққанда кез болған  
Тым сүйікті бабамсың.  
Сонда бабасы сөйлейді:  
— Сенің бабаң мен едім,  
Менің балам сен едің.  
Баланың атын қоялмай,  
Сен тарығып жатқансын,  
Балаңның атын қоюға  
Сенің үшін келемін.  
Қолыңдағы балаңды
- 250 Көрсетші маған, көрейін.  
Балаңның жүзін көргенсін,  
Атын қойып берейін.  
(Көрсетті, білем, сол күнде,  
Қолыңдағы баласын.)  
Балаңның атын айтайын,  
Қобыланды деген ер болсын.  
Атқа мініп жүргенде,  
Біз секілді бабасы  
Тарыққанда кез болсын.
- 260 Қызыңды көрсет, көрейін,  
Оның да атын қойып берейін.  
Сонда қызын жана көреді,  
Атын айтып береді.

- Қызыңның аты — Қансұлу,  
Артық болсын ажары.  
Оны көрген адамның  
Көргенде түссін назары.  
Қатар жүрген құрбыдан  
Артық болсын базары.
- 270 Баланың атын қойғансын,  
Әлгі тұрған бабасы  
Ғайып болып кетеді.  
Қыдырбайдай қартыңыз  
Үйге таман жетеді.  
Он екі жасқа келгенше,  
Сол баланы жақсылап  
Қыдырбай қартың бағады,  
Баланың көңілін табады.  
Он екі жасқа келгенсін,
- 280 Қыдырбайдай қартыңа  
Қобыланды батыр келеді,  
Келе сөйлей береді:  
— Қыдырбайдай атамыз,  
Қолыңнан берші батаңыз.  
Он екі жасқа келгенше,  
Босқа қарап жатамыз.  
Тоқпақ жалды торы айғыр  
Сол айғырды беріңіз,  
Бізді өзіңдей көріңіз.
- 290 Сол торы айғырға мінейін,  
Дүбір де дүбір желейін.  
Толып жатқан малыңды  
Менде бір көріп келейін.  
Өзіңнің жастан қолданған  
Қаруыңды бер, — деді,  
Беліме орай шалайын.  
Мен сол көп малыма барайын,  
Дұшман бар ма, дос бар ма,  
Бізге ойлаған қас бар ма,
- 300 Соны байқап келейін.  
Қыдырбай сонда сөйледі:  
— Садағың алтын, көк берен,

- Шарайнасы бес қабат.  
Салып қойған сауыт бар,  
Соны үстіңе ки, — деді.  
Арша ағаштан жондырып,  
Көзін терең ойдырған  
Белгілі оғым бар еді,  
Беліңе орап іл, — деді.
- 310 Тоқпақ жалды торы айғыр  
Мінемін десең, мін, — деді.  
Дұшманыңды-досыңды  
Аралап барып көр, — деді.  
Жылқы менен қойыңды  
Аралап барып көр, — деді,  
Қобыландыдай ер, — деді.  
Қасыңа сенің берейін  
Көрсетіп бәрін жүруге  
Сайрауықтай құлыңды.
- 320 Түгендеп бәрін келерсің  
Жылқыда тай мен құлыңды.  
Тәуір көрдім, шырағым,  
Атқа мінген ырымды.  
Қобыландыдай балаға  
Атасы бата береді.  
Қобыландыдай жас батыр  
Тоқпақ жалды торы айғыр  
Оған батыр мінеді.  
Манағы айтқан сауытын
- 330 Оны үстіңе киеді.  
Әкесінен сұраған қаруын  
Беліңе орап іледі.  
Сайрауықты ертіп қасына,  
Түгендеуге көп малын  
Қобыланды батыр келеді.  
Қыдырбай қарттың жылқысы  
Саны байтақ көп еді.  
Қамысты деген бір көлде  
Су ішіп жылқы жатқанда,
- 340 Оған таман келеді.  
Жылқыларын түгендеп,

- Қасындағы Сайрауық  
Қобыландыға береді.  
Түгендеп тұрған мезгілде,  
Будақтаған бір шаңды  
Қобыланды сонда көреді.  
— Сайрауықтай ағамыз,  
Мен мына жақтан шаң көрдім,  
Шаңды көріп таң болдым.
- 350 Берменірек кел, — деді.  
Менің көрген сол шаңым,  
Білгеніңді айтып бер, — деді.  
— Қобыландыдай жас бала,  
Бұрын маған ермедің.  
Не деп айтып берейін,  
Жоқ еді оны көргенім.  
Қобыланды сонда ойлады,  
Ой түбіне тоймады.  
Астындағы айғырды
- 360 Қамшыменен айдады.  
Айдаса аты желеді,  
Үйіне салып келеді.  
— Айналайын, жан ата,  
Батаңды маған бер, — деді.  
Мен мына жақтан шаң көрдім,  
Көргенсін шаңды таң көрдім.  
Шаңға барып келейін,  
Дұшпан болса аңдыған,  
Себебін өзім білейін.
- 370 Қыдырбай сонда сөйледі,  
Сөйлегенде не деді:  
— Толып жатқан малым бар,  
Аңдып жүрген залым бар,  
Ғаріп болып кетерсің,  
Киік пенен құланның  
Шаңына барып нетерсің?  
Отырсаң да үйіңде,  
Мұратыңа жетерсің.  
Атаң менен аңды
- 380 Қайғыда қылып кетерсің.

- Сонда бала сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Ата, бекер қайғырма,  
Ақылыңнан айрылма.  
Менің үшін жылама,  
Жылай беру бола ма?  
Қайранда тұрған жалғыз тал  
Уақытсыз сына ма?  
Далада жүрсем білемін,  
390 Отырсам үйде күлемін.  
Үйде-түзде болсам да,  
Уақытым біткенде,  
Қалайда болса өлемін.  
Осыған көзің жетті ме,  
Отырсам үйде өлмесім?  
Бұған көзің жетті ме,  
Соған барсам келмесім?  
Не көрмес дейсің әуелден  
Құдайдың өзі жаратқан  
400 Басы жұмыр пендесі.  
Қыдырбай сонда сөйледі,  
Сөйлегенде не деді:  
— Қолыңды жай, шырағым,  
Тамағыңнан бір сүйсем,  
Тарқар сонсын құмарым.  
Жаңа талап жас бала,  
Саған бата берейін,  
Сені өзімдей көрейін.  
Жауға барсаң, қарағым,  
410 Жаудың шетін шапқайсың.  
Шапқаныңда жағалап,  
Ішіне кірме аралап.  
Жаныңа тарлық келгенде,  
Көкшыбықтай бабаң бар,  
Шақырарсың бабалап.  
Атасы ұлықсат береді,  
Анасы сонда келеді.  
Анасы келе сөйлейді:  
— Әулие қоймай түнеген,

- 420 Күні-түні жүріп тілеген,  
Сені тілеп жүргенде,  
Құрылып еді заманым,  
Тілініп еді табаным,  
Кетемісің сен тастап,  
Қобыландыдай қарағым?!  
Он ай сені көтердім,  
Омыртқам менің бүгілді,  
Қабырғам қалмай сөгілді.  
Сен кетемін дегенсін,
- 430 Көзімнің жасы төгілді.  
Қайда тастап кетесің,  
Ауыр дәулет, малыңды?!  
Қайда тастап кетесің,  
Кемпір менен шалыңды?!  
Садақа саған қылайын  
Кеудеде шыбын жанымды.  
Шыныңмен кетсең, ала кет,  
Мені артыңа сала кет.  
Әкетпесең айтайын
- 440 Жолыңа айтқан ниязбын,  
Алмасыңмен шала кет.  
Қобыланды сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Меңді сынды анамыз,  
Қор болар деп ойлама,  
Қобыландыдай балаңыз.  
Ұлықсат бер де, қоя бер,  
Қамысты көлдің басында  
Көрген шаңға барамыз.
- 450 Атасы мен анасы  
Ұлықсатын береді.  
Қобыланды сондай ер еді,  
Жаудан қорқар ол емес.  
Бағанағы көрген шаңына  
Барайын деп келеді.  
Оған келсе жақындап,  
Алдыңда түр бір бала.  
Шаң мәнісін сұрады,

- Сол баланы тақымдап.  
460 Сонда бала сөйледі:  
— Бұл көп қалмақтың елі еді,  
Көп қалмақтың елінде  
Алшағыр деген хан еді.  
Алшағырдың елінде  
Бір Көктен деген  
Мықты кемпір бар еді.  
Сол кемпірдің сол күнде  
Құртқа дейтін бір қызы  
Әйелде ару жан еді.
- 470 Сұлулығын сұрасаң,  
Қызыл ерін, ақ маңдай,  
Өңбейтұғын мақпалдай,  
Оны көрген адамдар  
Жиғанын оған сатқандай,  
Сұлулығы жарасты.  
Сол секілді балаға  
Алшағыр менен Ақшахан  
Екі елдің ері таласты.  
Таласқанын сол Көктен
- 480 Үйде отырып көріпті,  
Төресін өзі беріпті.  
Төрелік берген мезгілде,  
Ат шаптырып далаға,  
Ноғайлы мен қалмақтың  
Өздері салған қалаға.  
«Той қылдым, — деп, — сол күнде»,  
Шақырған екен көп елді,  
Құртқадайын балаға.  
«Той қызығын көрем» деп,
- 490 Бір бәйтерегі бар екен,  
Сол теректі аттырып,  
«Жыққан кісіге берем» деп,  
Қалмағы менен ноғайдың  
Жиналып жатқан елі бар,  
Толып жатқан ері бар.  
Алшағыр мен Ақшахан  
Келіп жатыр осында.



- «Кім жықса да теректі,  
Сарқыт сұрап алам», — деп.
- 500 Көктен отыр үйінде,  
«Лайық емес бұларға  
Менің Құртқа балам», — деп.  
Қобыландыдай батырың  
Әбден сұрап алады.  
Әлігі жатқан хандарға  
Қобыланды кетіп барады.  
Хандарға бара сөйледі:  
— Сәлем бердім, хан, — деді,  
Сөзіме құлақ сал, — деді.
- 510 Он екі баулы ноғайда  
Қыдырбайдың ұғлы едім.  
Сендердің қуған олжаңды  
Мен де қуып жүр едім.  
Туғалы атқа мінбедім,  
Мұндай жолға жүрмедім.  
Мен де өзіңдей ер едім,  
Оғым тисе терекке,  
Осы олжаңды бер енді,  
«Тырнақалдым» деп едім.
- 520 Сонда хандар сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Он екі жасар жүгірмек,  
Оғың тисе ала бер,  
Олжаң бізге не керек.  
Ұлықсатын алады,  
Жиылып жатқан кісіге  
Қобыланды кетіп барады.  
Астына мінген тұлпарға  
Қамшыменен басады.
- 530 Жиылып тұрған көп адам  
Қобыландыны көргенсін,  
Арасын бөрі ашады.  
Сол уақытта Қобыланды  
Бөйтерегін көреді,  
Бөріне сәлем береді.  
Сәлем беріп болғансын,

- Оғына батыр қол салды,  
Бір салғанда мол салды.  
Алдындағы теректі  
540 Атайын деп оңдалды.  
Үзенгіге шіреніп,  
Тартып келіп қалады.  
Ердің оғы тұрсын ба,  
Құлатып кетіп барады.  
Атқан оғы сол ердің  
Ол теректен өтеді.  
Аржағында бір төбені  
Төңкеріп тастап кетеді.  
Көктен менен ол Құртқа  
550 Отыр екен сол күнде  
Мұнараның басында.  
Сонда Құртқа сөйледі:  
— Айналайын, анамыз,  
Кел, мұнарадан түселік.  
Лайық екен балаңа,  
Мына келген еріңіз.  
Көз тиіп кетер осыған,  
Жасырып жауып баланы,  
Отауға алып баралық.  
560 Көктен менен ол Құртқа  
Қобыландыдай батырды  
Ортасына алады.  
Жібекпен жауып батырды,  
Отауға алып барады.  
Сол отауда жатады,  
Көп қызыққа батады.  
Көктен сонсын той қылды,  
Ол тойына сойғанын  
Ту бие мен қой қылды.  
570 Жылқыда шабдар қалмады,  
Үйдегі шалдар қалмады.  
«Осы тойға барам деп,  
Бір тойыны қылам» деп,  
Жиналды қалмақ елдері.  
Қобыландыдай балаға

- Мінеки, Құдай бергені.  
Жеті күндей той қылды,  
Тарқатқансын сол тойын,  
Құртқадайын сұлудың
- 580 Некесін сонсын қидырды.  
Сонсын Көктен сөйледі:  
— Қобыландыдай жас бала,  
Маған көзін сал, — деді.  
Қалағаныңды ал, — деді.  
Сонда Қобыланды сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Мен бір жалғыз ер, — деді,  
Дүние маған не керек,  
Батаңды маған бер, — деді.
- 590 Батасын Көктен береді —  
Қатар-қатар нар берді,  
Нарына қосып зер берді.  
Жеті құл мен жеті күң  
Жана берді қасына.  
Қызын алып баратыр  
Көктендейін кемпірдің  
Өзі мініп басына.  
Қыдырбайдай қартыңа  
Беру деген осы ма.
- 600 Сол екі күн жүргенсін,  
Манағы жүрген келіншек  
Бір көп жылқыға келеді.  
Сонда келіншек жылқыны көріп сөйледі:  
— Қобыландыдай ер, — деді,  
Бермен таман кел, — деді.  
Мына жатқан көп жылқы  
Кімдікі болар, білмеймісің, сен, — деді.  
Қобыланды сонда сөйледі:
- 610 — Қыдырбай атам бай еді,  
Жасы жеткен шал еді  
Әуелі Құдайдікі,  
Екінші, Қыдырбайдың малы еді.  
Сонда Құртқа сөйледі:  
— Жылқының өзі көп екен,

- Жылқының бергі шетінде  
Бір құла бие бар екен,  
Құлындай алмай тұр екен.  
Ішіндегі құлынын
- 620 Берер ме екен сол маған  
Атекем менен енекем?  
— Құртқадайын алғаным,  
Әуре болып сұрама,  
Ашуланып, шамданар  
Қыдырбайдай шалдарың.  
Соны айтып болғансын,  
Қобыланды шауып жөнелді.  
Үйіне шауып барады,  
Қыдырбайдай қартына
- 630 «Келінің келе жатыр», — деп,  
Барып хабар салады.  
Қобыландыдай батырдың  
Қансұлудай егізі  
«Жеңгең келе жатыр» деген соң,  
Кермаралдай керіліп,  
Бұралып белі үзіліп,  
Ішкен асы шіркіннің  
Тамағынан көрініп,  
Бір басуға ерініп,
- 640 Пар ат жегіп арбаға,  
Жеңгесінің алдынан  
Қансұлу шықты желігіп.  
Жеңгесін келіп көреді,  
Қансұлуды көргенсін,  
Құртқа сөйлей береді:  
— Айналайын, бикешжан,  
Неге келдің жүгіріп,  
Не берейін суырып?  
Бикешжан, енді қайтыңыз,
- 650 Әкең менен шешеңе  
Барып сәлем айтыңыз.  
Көп жылқының шетінде,  
Бер жағының бетінде  
Бір құла бие жүр екен,

- Құлындай алмай тұр екен.  
Ішіндегі құлынын  
Берер ме екен, айтыңыз,  
Атекем менен енекем?  
Қансұлу сонсын қайтады,  
660 Құртқаның айтқан сәлемін  
Атасына айтады:  
— Барып едік жеңгеме,  
Сөз айтпады өңгеге.  
Бар, қайт, — деді, — қайт, — деді,  
Сізге сәлем айт, — деді.  
Көп жылқының шетінде,  
Құла айғырдың үйірінде  
Құла қулық бар екен,  
Құлындарға тұр екен,  
670 Құлындай алмай жүр екен.  
«Бере ме?» деп жіберді  
Атекем менен енекем.  
Қыдырбай сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Келінің құрсын, көрмеймін,  
Келе сала мал сұрап,  
Оған малды бермеймін.  
Сонда Меңді сөйледі:  
— Әй, Қыдырбай, Қыдырбай,  
680 Досқа сөйлеп неткенің,  
Уағдаңа жетпедің!  
Сексен нарға саба артып,  
Хан тойына барғанда,  
Тақылдақ сонда не деді.  
«Ұлсыздарға орын жоқ,  
Қызсыздарға қызық жоқ,  
Үйіңе қайт» деп еді,  
Ұмыттың ба осыны?!  
Бір құлынды сен қимай,  
690 Осынша неге шошыдың?  
Маған бір құлын тимей ме,  
Сен бермесең, мен бердім,  
Бар, Қансұлу, қайт, — деді,

- Жеңешеңе айт, — деді.  
Қансұлу сонсын қуанып,  
Кейін барып қайтады.  
«Менің үшін берді» — деп,  
Жеңгесіне айтады.  
Қыдырбай сонда сөйледі,  
700 Сөйлегенде бүй деді:  
— Жылқы жиып жүргенде,  
Қамысты көлдің басында  
Судан шығып бір айғыр,  
Көріп едім тұрғанын.  
Сол биенің қасында  
Айғыры еді ол перінің.  
Сол пері елінің [тұлпары]  
Одан туған құлынға  
Мінсе балаң кетеді.
- 710 Қобыландыдай балама  
Көрсетпейін, — деп едім,  
Айтқаным менің болмады.  
Қобыландыдай батырды  
Шынымен Құдай оңдады.  
Қайырлы болсын, қайтейін,  
Мініп жүрген жолдары.  
Келгенсін келін той қылды,  
Күміс пен алтын шашады.  
Істеген той, көп қызық
- 720 Өз елінен асады.  
Кәпір менен ноғайға  
Қыдырбайдай қартыңның  
Істеген тойы жарай ма.  
Той қылып жатқан мезгілде,  
Құртқадайын келіншек  
Төсегінің астынан  
Терең шұңқыр қаздырды.  
Сайрауықты жіберіп,  
Баяғы құла биені алдырды.
- 730 Туғызып биені алады,  
Сол шұңқырға салады.  
Қоя беріп енесін,

- Сегіз ай да, сегіз күн  
Серт айтып тұрып бағады.  
Сегіз айы біткенде,  
Төсегінің үстінде  
Жатыр еді Қобыланды.  
Дүбірлеген бір дүбір  
Құлағын жарып барады.
- 740 Қобыланды сонда сөйледі:  
— Құртқа сұлу, сен, — деді,  
Қобыланды деген мен, — деді.  
Дүбірлеген немене,  
Осыны айтып бер? — деді.  
Қобыландыдай батырым,  
Кеудеңде бар ма ақылың?  
Сөзімді тыңда, жарқыным,  
Менен басқа болар ма  
Ақыл айтар жақының.
- 750 Құла бие ішінде  
Құлынын өзім алғанмын.  
Сегіз ай да, сегіз күн  
Уағда қылып салғанмын.  
Сегіз күні біткен жоқ,  
Сертті күні жеткен жоқ.  
Батыр, кішкене сабыр ет,  
Сегіз күні біткенсін,  
Сол құлынды алып берейін.  
Сол құлынға мінерсін,
- 760 Дүбір де дүбір желерсің,  
Көрмеген жерді көрерсің.  
Қобыланды сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бұй деді:  
— Шығаршы бермен атымды,  
Қандай екен көрейін,  
Көріп жауап берейін.  
Сонда Құртқа сөйледі:  
— Сегіз күні біткен жоқ,  
Мінетін күні болған жоқ.
- 770 Қобыланды оған болмады,  
Ашуланып шамданды,

- Қарап тұрып долданды.  
Ұрайын деп Құртқаны,  
Қамшысын сонда қолға алды.  
Ашуын көріп батырдың,  
Шығарды сонсын торы атты.  
Торы атты қарап Қобыланды,  
Сонда тұрып сөйледі:  
— Бәрекелді! Торы атым —
- 780 Ердің мінер аты екен,  
Асылдан қалған зат екен.  
Баяғы сынап жүр екен,  
Қыдырбайдай атекем.  
Омырауы он баудай,  
Ойынды етін қарасам,  
Жиынға тіккен жыйдаудай\*.  
Қиған қамыс құлақты,  
От орнындай тұяқты.  
Қасқарған қоян шекелі,
- 790 Омырауы екі елі,  
Қысыр жылан құрсақты.  
Танауына қарасам,  
Түбі түскен шелектей.  
Құйрығына қарасам,  
Келептеген жібектей.  
Сол уақытта Қобыланды  
Иіlmелі жүген жүгендеп,  
Бердеменен берліктеп,  
Қырмызымен терліктеп,
- 800 Басын көкке қаратып,  
Бауырынан жаратып,  
Қобыланды мініп алады.  
«Малға барып келем», — деп,  
Батыр кетіп барады  
Сайрауық ердің қасында.  
Алты күнге баратын  
Жылқысы еді алыста.  
Екі сағат болғанда,

\* Қолжазбада қате жазылған болуы мүмкін. Қандай мәні бары белгісіз.



- Жылқының келді басына.  
810 Жылқыны жүрді аралап,  
Көкөзен судың басында.  
Алшағыр деген қалмақтың  
Қаласы еді басында.  
Алшағыр деген хан еді,  
Көкаман қасқа, Көкқасқа  
Деген батырлары бар еді.  
Айқасқа менен Жанқасқа  
Ақылы көп жан еді.  
Сол төртеуі бірігіп,  
820 Айдалада аң аулап,  
Ойынменен жүр еді.  
Қобыландыдай баланың  
Қарасын сонда көреді.  
Айқасқа мен Жанқасқа  
Сынап сөйлей береді:  
— Ана бір жүрген адамның  
Айбаты таудай көрінді.  
Төбесін байқап қарасам,  
Қазандай бұлт ойнайды.  
830 Желкесіне қарасам,  
Жеті бүркіт ойнайды.  
Астындағы торы аттың  
Қанатын қағып парлайды.  
Қасындағы жолдасы  
Ол недей жан екен,  
Анадан ол да қалмайды.  
Ө, дегенше болмады,  
Қасына жетіп келеді.  
Қобыландыдай жас бала  
840 Келе сөйлей береді:  
— Атаңа лағнет, қалмағым,  
Батар ма маған бармағың?  
Өзім үйде жатқанда,  
Жерімді неге барладың?  
Жылдам білдір жөніңді,  
Қай сапарға барасың,  
Қай сапардан келесің?

- Барлап жүрсең жерімді,  
Қағылсаң да өлесің.
- 850 Сонда қалмақ сөйледі:  
— Мұнша неге шамдандың,  
Келген жерден долдандың?  
Біз «қалмақ» деген ер едік,  
Әуелі елден шыққанда,  
Аң аулап қайтсақ деп едік.  
Өзің білдір жөніңді,  
Қайдан жүрген баласың?  
Оттай қаулап жанасың,  
Қай сапарға барасың?
- 860 Сонда Қобыланды сөйледі:  
— Он екі баулы ноғайда  
Қыдырбайдың ұлы едім,  
Мал түгендей жүр едім.  
Сендерді көріп келемін,  
Жау көрмей жүрген ер едім.  
Айқасқа сонда сөйледі:  
— Бәрекелді! Хош болады,  
Сен бір жалғыз ер едің,  
Сені көрсем, — деп едім.
- 870 Издегенім сен еді,  
Дос болайын, — деп едім.  
Қолыңды бер, ер, — деді,  
Жақынырақ кел, — деді.  
Қобыланды қолын береді,  
Дос болдық деп алтауы  
Бірігіп сонсын жөнелді.  
Айқасқа сонда ойлайды,  
Жан-жағына қарайды.  
Өтірік алдап барлауға,
- 880 Ой түбіне тоймайды.  
Айқасқа алдап жарысты,  
Қобыланды мінген торыша ат  
Ауыздығымен қарысты.  
Қалмақтың бөрі қалады,  
Жалғыз озып барады.  
Айқасқа және ойланды,

- Аударыспақ ойнады.  
Қобыландыдай жас бала  
Жан-жағына қарады.
- 890 Төртеуін де қалмақтың  
Аударып тастап барады.  
Жаннан олқы демеді,  
Қобыландыдай баланы.  
Сол уақытта кеш болды,  
Еңбегі қалмақтың еш болды.  
Аман-сауын айтады,  
Елі-еліне қайтады.  
Төрт қалмақ елге келеді.  
Алшағыр деген ханына,
- 900 «Бір батыр көріп келдім,» — деп,  
Айқасқа хабар береді.  
Сонда Айқасқа сөйледі:  
— Әй, Алшағыр, Алшағыр,  
Сол секілді батырмен  
Болып келдім мен тамыр.  
Айқасқа соны сынады,  
Сүйегі асыл ер екен,  
Сонша бізге ұнады.  
Ұнаса сізге дос болдым,
- 910 Көп қалмаққа бас болдың.  
Алшағыр сонда сөйледі:  
— Қобыландыдай жас бала,  
Мен баяғы Құртқаға барғаннан  
Содан бері шошыдым.  
Сен соныңменен дос болдың,  
Бәрекелді! Хош болды.  
Айқасқа соны айтады,  
Сонымен қалмақ жатады.
- 920 Қыдырбайдай байыңыз,  
Тепсеңге бие байлайды.  
Құлындары ойнайды,  
Ойнаған жері шаң болды,  
Қобыланды көріп, таң болды.  
Қыдырбайға келеді,

- Қобыланды сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Айналайын, жан ата,  
Торыша атқа мінейін,  
Қонған жерің тозыпты,  
930 Бір жер көріп келейін.  
Бір тәуір қоныс табалық,  
Сол қонысқа баралық.  
Қыдырбай сонда сөйледі:  
— Торыша атқа мін, — деді,  
Дүбір де дүбір жел, — деді,  
Қоныс қарап кел, — деді.  
Қобыланды атқа мінеді,  
Қоныс қарап жүреді.  
Көкөзен деген сулардың  
940 Қобыланды келді беліне.  
Сайрауық соның қасында,  
Шауып шықты басына.  
Қалың ағаш, ну көрді,  
Ағып жатқан су көрді,  
Айдын шалқар көл көрді,  
Көлденең жатқан бел көрді.  
Аралап жерді көреді,  
Тап жеті күн дегенде,  
Айналып үйге келеді.  
950 Атасына келе сөйледі:  
— Көкөзен деген көл көрдім,  
Айдын шалқар көл екен.  
Айналасы көк екен,  
Жайылысы мол екен.  
Қалың біткен қамыс бар,  
Бізге лайық жер екен.  
Қыдырбай сонда сөйледі:  
— Айналайын, жалғызым,  
Алдыңда өскен аға жоқ,  
960 Алладан басқа пана жоқ,  
Артыңда өскен інің жоқ,  
Ерліктен басқа мінің жоқ,  
Сенсіз менің күнім жоқ.

Алшағыр деген қалмақтың  
Қорып жүрген көлі еді.  
Әуре болма сен, — деді,  
Ол қалмақтың көлі еді.

- Қобыланды оған болмады,  
Отауын артып көшеді.
- 970 Малдың бәрін айдады,  
Көлге алып келіп салады,  
Отаумен келіп қонады.  
Сол көлді қорып жүретін  
Торғай деген бар екен.  
Қобыланды ұйықтап жатқанда,  
Малын қуып жапырды,  
Отауға келіп ақырды.  
Торғай сонда сөйледі:  
— Қорыққа неге қонасың,
- 980 Нағылған тентек баласың?  
Бұл жерде тұрма, көш, — деді.  
Қобыланды сонда шығады,  
Торғайға келе сөйледі:  
— Балалықпен мен бұрын  
Мұндай жерге жүрмедім,  
Екенін қорық білмедім.  
Біздікіне түс, — деді,  
Түсіп қымыз іш, — деді.  
Мал сойдырып же, — деді.
- 990 Торғай сонсын түседі,  
Түсіп қымыз ішеді.  
Қымыз ішіп қанған соң,  
Торғай деген қасқаны  
Ұстап алып байлады.  
Құлағын кесіп алады,  
Мұрнын кесіп алады,  
Бет-аузы қан болып,  
Көргендерге таң болып,  
Еліне қайтып барады.
- 1000 Торғай келе сөйледі  
Алшағыр деген ханына:

- Қашаннан алған көліңді,  
Қорып жүрген жеріңді,  
Қыдырбайдың — Қобыланды  
Жылқысын келіп салыпты,  
Көліңе қонып қалыпты.  
Көш деп едім мен барып,  
Құлағымды кесіп құнтыйтты,  
Мұрнымды кесіп шұнтыйтты.
- 1010 Күзеген байтал секілді  
Бет аузымды сымпыйтты.  
Алшағыр соны есітіп,  
Айқасқаны шақыртты.  
— Қалмақтың елін жый, — деді,  
Қобыландыдай досыңды  
Шақырып мұнда кел, — деді.  
Оны қонақ қылайық,  
Ептеп есін алайық.  
Бектасқа жұмсап жіберіп,
- 1020 Оған қайғы салалық.  
Айқасқаны жіберіп,  
Қобыландыны шақырды.  
Жаңа тапты ақылды,  
Айқасқа сонсын барады.  
Қобыландыға сөйледі:  
— Асыл туған батырым,  
Мен еді сенің жақының.  
Кел соңымнан ер, — деді,  
Артымнан ер де, жүр, — деді.
- 1030 Алшағыр сізді шақырды,  
Қызметін көр, — деді.  
Қобыландыдай жас бала  
Торыша атқа мінеді,  
Артынан еріп жүреді.  
Қалмақтың жиылып  
Жатыр екен елдері.  
Отау тігіп далаға,  
Әбден жақсы сыйлады.  
Қобыландыдай баланы
- 1040 Алшағырдай ханыңыз

- Көтеріп аттан алады,  
Отауға алып барады.  
Сол отаудың ішінде  
Алшағыр менен Қобыланды  
Отырып тұрып кеңесті,  
Түрлі сөзді сөйлесті.  
Сонда Алшағыр сөйледі:  
— Қобыландыдай ер, — деді,  
Бектас деген бір жауым бар,  
1050 Соны алып келіп бер, — деді,  
Өзі бір алыс жер, — деді.  
Қобыланды сонда сөйледі:  
— Олай болса көнейін,  
Өзі мықты жау болса,  
Оны алып келіп берейін.  
Қобыланды солай ойлады:  
«Сол жауға өзім барам,» — деп,  
Уағдасын байлады.  
Ертең сәріден тұрады,  
1060 Беліне қару буады,  
Қайтадан елге бармады,  
Қош айтысып қалмақпен,  
Сайрауық құлы қасында  
Аттанды да жөнелді.  
Дүбір де дүбір желеді,  
Күні-түні жүріп келеді.  
Астындағы торыша ат,  
Келе жатып жүрмеді.  
Не болғанын білмеді,  
1070 Қамшымен ұрып айдады.  
Жүрмегенсін сонда да,  
Суырып алып қылышын,  
Өлтірерге ойлады.  
Бір жағынан ай бітті,  
Бір жағынан күн бітті.  
Алладан өмір болғансын,  
Торыша атқа тіл бітті.  
Тіл біткенсін сөйледі:  
— Қобыландыдай ер едің,

- 1080 Мінген атың мен едім.  
Сегіз ай да сегіз күн  
Құртқа серт деп салғаннан  
Сегіз күнім кем еді,  
Соның үшін жүре алмай,  
Сүйегім босап келеді,  
Ер-тоқымымды ал, — деді.  
Бір сегіз күн оттайын,  
Бір аунатып сал, — деді.  
Ер-тоқымын алыпты,
- 1090 Қобыланды ұйықтап қалыпты.  
Сол сегіз күн өткенсін,  
Түрегелсе ер Қобылан,  
Әлгі мінген торыша ат  
Терісіне жүн шығып,  
Бурыл толып қалыпты.  
Тайбурылға мінеді,  
Жана жүріп келеді.  
Жиырма күн жүргенде,  
Жау қарасын көреді.
- 1100 Астындағы Тайбурыл  
Жын қаққандай елірді.  
Қараға келді жақындап,  
Жолдасы кейін қалады,  
Өзі кетіп барады.  
Қалмақтан шыққан ер екен,  
Қырық мың әскер қолменен  
«Қобыланды батыр келед» деп,  
Жолын тосып жүр екен,  
Бектас деген сол екен.
- 1110 Бектас сонда ақырды:  
— Жекпе-жек! — деп шақырды.  
Қобыланды жетіп барады,  
Сонда Бектас сөйледі:  
— Жұмырықтай ит ноғай,  
Мені алғанша бір талай.  
Алайын ба басыңды,  
Қан қылайын ба қасыңды,  
Құртайын ба жасыңды,



- Қайдан жүрген батырсың,  
1120 Қайда бара жатырсың?  
Қобыланды сонда сөйледі:  
— Іздегенім сен, — деді,  
Сені алуға келемін.  
Атаңа лағнет қалмағым,  
Батар ма маған бармағың?!  
Есітуің жоқ па еді,  
Он екі баулы ноғайда  
Қобыланды батыр мен, — деді,  
Ұрысам десең кел, — деді.
- 1130 Сонда қалмақ сөйледі:  
— Қобыландыдай ер, — деді,  
Олай болса шығыңыз,  
Кезегімді бер, — деді.  
Қашатұғын қатын ба,  
Кезегін беріп тұрады.  
Қолындағы шоқпармен  
Қобыландыдай баланы  
Қалмақ сонда ұрады.  
Қалмақтан қорқар ер ме еді,
- 1140 Сол қалмақтың ұрғанын  
Бит шаққандай көрмеді.  
Әлігі тұрған қалмаққа  
Қобыланды қолды салады.  
Он екі қабат арқанмен  
Байлап тұрып алады.  
Ендігі қалған қалмаққа  
Қобыланды кетіп барады,  
Сиынады бабаға.  
Қаратаудай күш бітті
- 1150 Қобыландыдай балаға.  
Ай жағына шығады,  
Айқай сүрен салады.  
Күн жағына шығады,  
Қиқу сүрен салады.  
Он екі күн ұрысып,  
Он екі мың қалмақты  
Әбден қырып болады.

- Бектасты Қобылан жетелей,  
Елге қайтып барады.
- 1160 Дүбір де дүбір желеді,  
Жиырма күн жүргенде  
Ел қарасын көреді.  
Көлге келіп құлады,  
Аңқиып қарап тұрады.  
Жайылып жатқан малы жоқ,  
Қимылдаған жаны жоқ,  
Ақ күмбездей үйі жоқ,  
Қыдырбайдай биі жоқ,  
Бұрынғының бірі жоқ.
- 1170 Қобыланды жан-жағына қарады,  
Шауып кетіп барады.  
Қу таяғы қолында,  
Келеді қатын жолында.  
Байқағаны сол екен,  
Иесіз қалған көл екен.  
Қобыланды байқап қараса,  
Баяғы алған қатыны —  
Құртқа сұлу сол екен.  
Сонда Құртқа сөйледі,
- 1180 Сөйлегенде бүй деді:  
— Қобыландыдай батырым,  
Кеудеңде бар ма ақылың?  
Өзің үйден кеткенсің,  
Атаңа лағнет ит қалмақ  
Малыңа бүлігін салды ғой,  
Мүлкіңді бөліп алды ғой.  
Алып кетті көліңді,  
Қашаннан қонған жеріңді.  
Алды-алдына жіберді
- 1190 Бүкіл ноғай еліңді.  
Туғалы көрген жоқ едім  
Бұл секілді көрімді.  
Қой бақтырды қор қылып,  
Қыдырбайдай шалыңды.  
Сүйегінде бар болса,  
Қолыңнан берме арыңды.

- Тердіріп тезек ол қойды,  
Меңдідейін қарыңды.  
Келеді деген ойы жоқ,  
1200 Бөліп алды малыңды.  
Қарындасың Қансұлу  
Кішілікке алам деп,  
Мен сықылды алғаның  
Күңшілікке салам деп,  
Басқа қайғы салғансын,  
Көп болды менің арманым.  
Сол алам деп жатқанда,  
Өтірік айтып алдадым.  
Қалмақты алдап әкелемін,  
1210 Осы жолы аңдап, қимылда,  
Қобыланды батыр, ер едің.  
Сонда Қобыланды шамданды,  
Соны естіп долданды.  
Жасымнан мінген Тайбурыл,  
Көтеріліп шапсаң байрақтай,  
Мойның сұлу таяқтай,  
Белің сұлу жануар,  
Төрт қырлаған қайрақтай.  
Аяғыңды бас ойнақтай,  
1220 Көтеріліп бас аяқты,  
Қыз жанаған бойдақтай.  
Қайғыменен шерлі едім,  
Құртқаның айтқан сөзіне,  
Алшағырдай залымды  
Көрсете көр көзіме.  
Шабалмай қалсаң саған серт,  
Ала алмай қалсам маған серт.  
Қалмақтың берген қорлығы-ай,  
Ішімде болды қайғы-дерт.  
1230 Үстімдегі көк сауыт,  
Сетіліп кетсең саған серт.  
Қалмақтың ісін есітіп,  
Маған болды жаман дерт.  
Астымдағы Тайбурыл,  
Шығарайын теріңді.

- Атаңа лағнет Алшағыр,  
Көрсетейін көрімді.  
Қобыландыдай батырың  
Сиынады бабаға.
- 1240 Шауып кетіп барады  
Алшағыр салған қалаға.  
Қаланың аузын қан қылды,  
Шарбақтың аузын шаң қылды.  
Әлемдерге даң қылды,  
Көшеден оғын зырғытты,  
Шарбақтан атын қарғытты.  
Астындағы Тайбурыл  
Көзі оттай жанады,  
Сүмбідей болып жарады.
- 1250 Атаңа лағнет қалмаққа  
Бүлігін салып барады.  
Қанын судай төгеді,  
Бүлігін салып келеді.  
Атаңа лағнет қалмақтың  
Сарғайды жүзі қоладай.  
Дәл он бес күн дегенде  
Қырылған екен көп қалмақ,  
Ойылып қалған моладай.  
Астындағы Бурылдың
- 1260 Құшақ жетпес құйрықтан  
Тек ағаш құйрық қалыпты.  
От орнындай тұяқтан  
Тек теңгедейі қалыпты.  
Бурылға салды тепкіні,  
Әлі де болса Бурылдың  
Үй жыққандай екпіні.  
Тарлан болып кетіпті  
Қорғасын тиген сықпыты.  
Қалмақтың соры қайнады,
- 1270 Сол саланың бойынан  
Қалмақты қуып айдады.  
Қобданың бойын жағалап,  
Қалмақты қуды жаралап,  
Көкөзен судың бойынан,

- Жи́рен Қопа келдің ойынан  
Қалмақтан қалмақ қоймады.  
Електің бойын жағалап,  
Айдады бәрін аралап.  
Сонда келді ер Қобылан
- 1280 Қара Обаның қасына,  
Шауып шықты басына.  
Қараса қалмақ асыпты,  
Қырылғаны қырылып,  
Қырылмай қалған көп қалмақ  
Қытайға қарай асыпты.  
Қобыландыдан қорқып,  
Сонда қалмақ босыпты.  
Елін-елге теңгерді,  
Жетімдерге жем берді,
- 1290 Ноғайлыға жер бөлді.  
Қобда, Жи́рен Қопа,  
Көкөзен — үшеуі  
Қобыландыға жер болды.  
Қобыланды деген ер екен,  
Бұл Қобыландының жері екен —  
Жи́рен Қопа дегені  
Қобыланды батырдың  
Жылқы салған көлі екен.  
Қалмақтың бәрін бостырып,  
Қобыландыдай батырдың
- 1301 Тамам болған жері екен.

# Қобыланды батыр (Құлзақ нұсқасы)

Бастаймын Қобыланды деп сөздің басын,  
Демесін Қадір Мәулім сөз тұлғасын.  
Батырдың әруағы көмек берсін,  
Келтірер сонда тілім сөз жылғасын.

Қиссасын Қобыландының айтсам терең,  
Қазақтан ол батыр ғой шыққан ерен.  
Ерлігін бүкіл әлем білсе дағы,  
Жыршы боп хикаясын айтып берем.

10 Ер еді халық үшін еңіреп туған,  
Сондықтан жауға қарсы белін буған.  
Тұлпар мініп, ту ұстап, садақ тартып,  
Халықтың ауыр күнде кегін қуған.

Тоқтарбай Қараспанды мекендеген,  
Үлкен тау қалың қыпшақ өткен деген.  
Малы көп, перзенті жоқ, қайғы жайлап,  
Дүниеден жылауменен өтем деген.

20 Тоқсан құл малға ие, баласы жоқ,  
Күндіз-түні зар жылайды баласыз боп.  
Қалың ел есіркейді ессіз байды,  
Жүреді көтере алмай қамқоршы боп.

Болады көңілі жай, ішкенде шай,  
Толар көңіл болғанда барлығы сай.  
«Мұрагерсіз, тұяқсыз өтем бе» — деп,  
Жылайды күні-түні бұл Тоқтарбай.

Халқына қайырымшыл бұл Тоқтарбай,  
Береді қайыршыға бір-бірден тай.  
Кетеді әр тарапқа даңқы шығып,  
Қатардан асып тұрған рақымшыл бай.

30 Тек арманы дүниеде — жалғыз бала,  
Күші, ақылы сай болған дана.  
Он бермей, он бес бермей, біреу берсе,  
Мың құлға татитұғын жеке қара.

Осы арман көңіліне салған жара,  
Өткізген Тоқтарбайдың күні қара.  
Аналықта жылайды, тынбайды үні.  
Осылай қос кәрінің өтті күні.

«Жастық өтті, кәрілік жетті» деп осылай баладан үмітсізденіп жүргенде, тас емшегін жібітіп, тар құрсағын кеңітіп, алпысқа келген Аналық бір ұл, бір қыз тапты. Тоқтарбай қатты қуанды. Аяқ жетер жерге шабармандарын жіберді, Қараспанды қаптап жатқан қалың қыпшақтың тайлы-таяғын қалдырмай жинады. Ат жарыс, балуан күрес, үлкен той болды. Қырық қазан асылды, жылқыдан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойылды. Табақты атпен тартты. Әр жерден даяшылар қойылды. Той қырық күнге созылды.

40 Той қылып қырық күндей етті жиын,  
Ықыласпен келгендерге беріп сыйын.  
Аналық өз көзінен таса қылмай,  
Балаларға жеке қара тікті үйін.  
Бесігі алтынменен жабдықталған,  
Арналған неше түрлі қымбат бұйым.

«Қобыланды, Қобыланды» деп бала аты,  
Ата-ананың сүйгенде мейірі қанды.  
Қарлығаш деп қойды қыздың атын,  
Қайтып шыдар, қуанбай дәті.  
Берерде тілегіңді бір Құдайым  
Түседі осылай боп істің сәті.

Ер жетіп келді алтыға екі бала,  
 50 Мергендікпен жүреді кезіп дала.  
 Төсегі жер, жастығы тас боп өскен,  
 Қобыландының мекені тау мен дала.

Ит жүгіртіп, құс салып кәсіп еткен,  
 Аңшылықтың қызығын нәсіп еткен.  
 Жүргенде салып сайран ел ішінде  
 Осылай күн артынан күндер өткен.  
 Кемеліне келісіп толықсыған,  
 Қобыланды кәмелеттік жасқа жеткен.

Түзетті қару-жарақ саймандарын,  
 60 Ер салды тобыршаққа сайлап бәрін.  
 Естеместі өзінен қалдырмайды,  
 Орындауға шықса егер ойға алғанын.

Бір мезгілде аңға жалғыз шыққан Қобыланды аңның қызығына түсіп, елден ұзап кетеді. Сол күні қалың тоғайлы бір биік таудың ішіне түнейді. Тау арасында ұйқылы-оюу жатқан Қобыланды алыстан сыңсып жылаған бір зарлы үнді естиді. Бұл үнді есітіп, Қобыланды шыдап тұра алмайды. Сол үн шыққан жаққа жүріп кетеді. Сол үнге келсе, үстіне қара жамылған, шашын жайған бір әйел екен дейді. Ол қасына келген Қобыландыны сезбеген кісідей өксіп-өксіп жылайды.

— Ей, әйел зат, неге жылап тұрсың, жөніңді айт? — деп сұрады Қобыланды. Қыз шошынғандай селк етіп, басын көтерді. Қобыландының көзі түсіп кетіп еді, ай мен күндей, әмбеге бірдей сұлу қыз екен дейді. «Бұл сияқты сұлу қыз неге болды, жалғыз неге жылап отыр», — деп ойлады. — Ей, жас сұлу, неге жылап отырсың, жөніңді айт? — деді Қобыланды.

— Сіз қалай қорықпай бұл жерге келдіңіз, — деп сұрады. Қыз дірілдеген [буынын] бекітіп, орнынан тұрып, көзінің жасын сүртіп, Қобыландыға қараған қыз:

— Сіз бұл арадан тез кетіңіз, өлесіз, — деді өксігін баса алмай тұрған қыз. — Жоқ, сіз не себепті жылап тұрғаныңызды, кімді күтіп тұрғаныңызды айтпайынша кетпеймін, — деді Қобыланды. — Бұл менің жарық дүниемен қоштасып тұрған өмірімнің ең соңғы шағы. Айналамда не атам, не анам, не болма-



са құрбы-құрдастарымнан ешкім жоқ. Дәл қазіргі жақыным — жапандағы жалғыздығымда, әр сәт сайын күтіп отырған ажалым. Осы сәтте кездескен сіз өмірде адамзаттың барлығын қайтадан көз алдыма елестеттіңіз. Сондықтан сізге түсіндіріп айтайын, — деді қыз.

— Осы биік таудың теріскей бетіндегі халық — Көктім Аймақ деген ханның елі. Осы ел көптен бері зар илеп, жапан шегіп жылауда. Осы таудың ішінде аждаһа бар. Ол ай сайын жер үстіне шығады. Әр шыққанда бір тай, бір сұлу қыздан жұтады. Ол, міне, бесінші рет дағдылы салтқа айналды. Халқымыз қалың қайғыға батты. Жастар болса көрген күні, міне осы. Бүгінгі кезек маған келіп, мен де сол айдаһардың аузында шабақтай ойнап, көмейінен өткелі отырмын, — деді.

— Мен осы таудың арғы бетінде Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ елінен боламын. Атым — Қобыланды. Бұл іске кез келтірген Құдайым шығар, Алла ақырын оңғарар, жолыңды маған бер, менің атыма мін де, еліңе бар. Халқыңа және ханыңа сәлем айт, аждаһаның амалын тауып өлтірермін. Бірақ мен талықсып қалсам, далаға тастап кетпесін, дереу сүтке салып шомылдырса, есім кірер, осыны айт, — деді. Қыз қатты қуанды. Ерлігіне таңданған қыз артына қарай-қарай аулына қайтты. Қобыландының айтқан сәлемін халқына да, ханға да жеткізді. Халық саба-саба сүт жинай бастады.

Енді, әлқисса, Қобыландыға келейік. Аузы-мұрнын шүберекпен мықтап байлады да, басына алтын телпекті жез қалпағын, үстіне сауыт киді. «Қорқақтыққа салып шаба алмасам маған серт, болат болмай майысып, қола болсаң саған серт», қынынан бүктемей наркескенін алды. Осы кезде жоғары тау басына көзін салған Қобыланды тау басында құз жартастың астынан күнге шағылысып, иіріле өршіп төмен түсіп келе жатқан айдаһарды көрді. Сол бетінде бөгелместен жақындап келген айдаһар аузын кең ашып, өзіне қарай тартады, осы кезде кенеттен жел пайда болады. Қобыландының аяқ-қолын жерге тигізбей, айдаһар лебімен өзіне қарай сүйрей жөнелді. Наркескен ақ алмастың жүзін айдаһарға қарсы ұстаған Қобыланды айдаһардың аузынан бастап құйрығына дейін қақ жарып өтті. Екі бөлінген айдаһар біраз тулап тынышталды. Бақылап тұрған қалың халық айдаһардың өлгенін де аңғарып еді, сонда да су жүрек болған халық тақалуға бата алмады. Соның ішінде ат

қойып бірінші келген бағанағы қыз еді. «Ол мені ажалдан арашалап, мен үшін өз басын қатерге тіккенде, мен оның өлі-тірі екенін білуге жарамағаным не болғаным», — деді ол. Қобыланды үсті-басы қанға боялған, ессіз-түссіз жатыр екен. Оның өлі-тірі екенін білу қиын еді. Қыз соңынан айдаһарды көруге, айдаһарды өлтірген кісіні көруге бүкіл халық келді. Қобыландыны дереу сүтке шомылдырды, еміздікпен сүт берді. Торғынмен денесін сүртіп құрғатты. Әлден уақытта өлі кірді, есін жинайды. Халық кілемге салып хан ордасына әкеледі. Көктім Аймақ елі отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды. Қобыландыны барлық ықыластарыменен сыйлайды. Күйшілері күйге, жыршылары жырға қосады. Сөйтіп, Қобыландыны өз орталарынан жіберуге қимайды. Бірақ Қобыланды қайтпақшы болып, ханға кісі салды. Сонда хан: Қайтуына қарсы емеспін, Қобыландының ерлігіне өзім де, халқым да риза. Бірақ өмірде ойсыз жігіт, армансыз адам болмақ емес. Ой мен арманның тілектен тысқары жері жоқ. Сол тілегін айтсын, — дейді.

Екінші, ер жігіттің үш жұрты болады. Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Сол үш жұртының бірі болғымыз келеді. Қобыландыға қоятын біздің тілегіміз осы. Біздің осы тілегімізді орындасын деген екен.

Сонда Қобыланды: Менің қояр тілегім жоқ. Сіздердің тілектеріңізді орындаймын. Егерде қайын жұртым болам десеңдер, оған қарсы емеспін, — деген екен.

Сонда Көктім Аймақ: — Кімді қалайды екен? — деді. Ө дегенде Қобыланды баяғы өзі айдаһардан айырып алған қызды қалайды. Ол қыздың аты Құртқа екен дейді.

Құртқа сынды сұлуың  
 Сыртқа шықты шатырдан.  
 Төніп келген ажалдан  
 Өзін қалған айырып,  
 Айналды ол батырдан.  
 Елді ойпаған жыланның  
 Қарасын суға батырған,  
 70 Ерлік істеп ел үшін  
 Батырлық ісін асырған,  
 Оралды кеп шапқандай  
 Қобыланды сынды батырдың

- Қайырып тастап есігін,  
 Дүдегесі алтыннан,  
 Жібек баулы шатырдан  
 Түсірді аттан батырды,  
 Өзі келіп қыз Құртқа.  
 Батырды көрді көп халық,  
 80 Тапқандай-ақ бір Құртқа.  
 Ойын-тойын жасауға  
 Бұйрық жайды ел-жұртқа.  
 Ұнаған соң ел-жұртқа,  
 Ерік алды қыз Құртқа.

- Жүк артты сексен нарға тоғанақтап,  
 Қошемет көрсетуде халық жақтап.  
 Шығарып Қараспанға салды жастар,  
 Халықтың ертедегі салтын сақтап.  
 Жайқалып өскен қызыл гүл  
 90 Суық түссе солмай ма?  
 Болса жолы әр жерде,  
 Жолаушы көңілі толмай ма?  
 Сақтаса егер әр жерде  
 «Қайын жұртым еді» деп,  
 Жақындық жолы болмай ма?  
 Шығарып салып келеді  
 Қобыланды батыр, — деп.  
 Ықыласпен ұсынған  
 «Батырға — алтын шатыр», — деп.  
 100 Данышпан туған қыз Құртқа  
 Батырға сіздей татыр, — деп,  
 Көрсетті жұрты қошемет.

Қобыланды мен Құртқаның көшін шығарып салған жігіттер қош айтысып, кейін қайтты. Қобыландылар сол бетінде бөгетсіз ілгерілей береді. Жолшыбай бұлар қалың жылқыға кездеседі. Сонда Құртқа сұлудың көп жылқыға көзі түседі, қалың жылқы ішінде қарыны жер сызған бір көк ала биеге көзі түседі:

— Тобылғы маңдай торы атың  
 Жауға сеніп шабуға

- Жарамайды біл, — дейді.  
Жан серігім, сұлтаным,  
Көк ала бие ішінде  
Көк бүйірлі құлын бар.  
110 Дұшпандардың пейілі тар,  
Сенімді бедеу болмаса,  
Жаныңыз жалғыз қайғырар.  
Құртқаның сөзін сынарсың,  
Жылқысы болса ағаңның,  
Биені шапшаң сұрап ал.  
Құртқаның сөзін ести сап,  
Қондырып күшін сол жерге,  
Атына мініп Қобыланды ер,  
Ойлау жерден орғытып,  
Қырлау жерден сырғытып,  
120 Аяңдамай желеді.  
Сәлімбайда тоқсан құл,  
Қаракөжек бастығы.  
Сәлем беріп келеді,  
Келіп сөйлей береді:  
— Асқар төбе белсің, — деп,  
Қатар көшкен елсің, — деп.  
Ағамызға сәлем айт,  
Келінін алып келемін,  
Көрімдікті берсін деп.  
130 Құртқа сынды сұлуың  
Күймеден басын шығарып,  
Жылқыға көзін салады.  
Ортасында жылқының  
Көк ала бие жусап тұр,  
Сұлудың көзі шалады.  
Шақырып алып, сұлтан, — деп,  
Қобыландыдай баланы,  
Биені көріп сынады.  
— Мынау жатқан көп жылқы  
140 Кімдікі? — деп сұрады, —  
Мынау тұрған биені  
Мені берсең де алғын! — деп,  
Батырға әмір қылады.

- Қобыланды батыр күледі,  
Өзіл айтып іледі.  
— Осы жатқан көп жылқы  
Немере туған ағамыз  
Сәлімбайдың жылқысы.  
Жанындай мені көреді,  
150 Не сұрасам береді.  
Тағы да Құртқа сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Құлағыңды салғын сөзіме,  
Бері таман кел, — дейді.  
Сексен нар толған қазына,  
Барлығын келіп алсын, — деп,  
Бұл сөзіме нансын, — деп,  
Көрімдігін Құртқаның  
Көк ала бие жылқыда  
160 Балам десе берсін, — деп.  
Батырдың сөзін ести сап,  
Елге шапты жылқышы.  
Бұрқыратып тозаңын,  
Желге қарсы есіліп,  
Жылқыға жау тигендей  
Елдің шетін шошытып,  
Байға жетіп келеді,  
Қара ала атпен көсілтіп.  
Келіп сөйлей береді:  
170 — Қобыланды батыр жіберді  
«Ағама барғын сәлем деп.  
Келінін алып келемін.  
Сексен нар толған қазына,  
Барлығын сыйға береді.  
Көрімдігін берсін деп,  
Бұл сөзіме сенсін деп,  
Көрімдігі Құртқаның  
Көк ала бие жылқыда.  
Ішінде тұлпар құлын бар,  
180 Жан серік ат қып мінем деп,  
Ағам қиса берсін», — деп.  
Сәлімбай сонда сөйлейді:

- Пұл жібердім қалаға,  
Бұзау баспақ, танаға.  
Арнап едім балаға.  
Бір тайдың несін сұрайды,  
Әкете бермей далада.  
Бір тай түгіл Қобыландыдан  
Жалғыз жаным садаға.
- 190 «Қалағанымды алдым» деп,  
Мақтанып барсын ауылына,  
Тоқтар сынды ағаға.  
Байдың сөзін есітіп,  
Қара ала атты көсілтіп,  
Қайта шапты балаға.  
«Қалағаныңды берді» деп,  
Шыбын жанын құрбан қып,  
Қаракөжек барады  
Қобыландыдан болып садаға.
- 200 Ұстай берді биені,  
Қарны жерге тиеді.  
Құртқа сұлу күймеден  
Қарғып түсіп, биенің  
Маңдайынан сүйеді.  
Көшіне тіркей жөнелді.  
Көк ала бие шұрқырап,  
Көбігі шығып бұрқырап,  
Емшегі бұлақ иеді.  
Айы-күні жетіп тұр,
- 210 Тууы қиын тұлпардың  
Жүруге халі бітіп тұр.  
Іштегі тұлпар тулайды,  
Биеден тыныш кетіп тұр.  
Қасына адам жолатпай,  
Құртқа жалғыз күтіп тұр.  
Көк ала бие төңбекшіп,  
Домаланып сұлады.  
«Түншығып тұлпар қалар», — деп,  
Құртқаның жаны шығады.
- 220 Шуын жарып биенің,  
Құлынға тыныс қылады.

- Сонда барып құлындап,  
Бурыл тұлпар туады.  
Тұяғын жерге тигізбей,  
Шешіп алып үстінен,  
Құртқа сынды сұлуың  
Алтын тонға орады.  
Күн түсірмей көзіне,  
Жел тигізбей өзіне,  
230 Үстіне шатыр тіккізді.  
Саятшы болған Құртқаны  
Айтса сөзін өткізіп,  
Көп нөкерін жүгіртіп,  
Не керегін жеткізіп,  
Үйір болып сол жерде,  
Қырық күндей Бурылға  
Қулықтың сүтін емізді.  
Және қырық күн болғанда,  
Қысырдың сүтін емізді.  
240 Түтікпенен су берді,  
Дәрілеген жем берді.  
Құртқа сынды сұлуың  
«Отаудан суық тиед» деп,  
Қобыландыға дем берді.  
Отауын жығып көшірді,  
Көк Бурылды құндақтап.  
Дүйсенбі күні бесінде  
Биені тіркеп көшіне,  
Ел түседі есіне.  
250 Асқар төбе бел еді,  
Белден көшкен ел еді.  
Көшке тіркеп келеді,  
Бірнеше күн болғанда  
Тоқтарбайдың жанына  
Отауын әкеп тігеді.  
Қырық күндей тойын қып,  
Отыз күндей ойын қып,  
Әулиеге ат айтып,  
Қараспанға қой айтып,  
260 Құдайысын береді.

Тоқсанға келген Тоқтарбай,  
 Жетпіске келген Аналық  
 Сөйтіп қызық көреді.

Әлқисса, Тоқтарбай ел-жұртына сый-құрметін көрсетумен болды. Жұрты құтты болсын айтып, келіп жатты. Құртқа Бұрылды бағумен болды. Қобыланды аң аулап, серуенде жүре берді. Қалың қол, тігілген ту, қаққан дабыл, қиқулап қуған жылқы, ақырған ащы дауыс. «Жау мұндалап» тал түсте көк жаңғырады, күн бұлыңғыр еді.

Естемес дайындады ат жарағын,  
 Бұл не айқай, басынған кім, мен барайын?!  
 Айтады келе жатып өзіне-өзі  
 «Адамды ажал түртсе бар ма амалың?»  
 Қобыландының малы түгіл, ізін басқан,  
 Қазіргі айбынынан шайтан қашқан.  
 270 Түтігіп, шеру тартып, мұнда келіп,  
 Бейшара қандай жандар қара басқан?  
 Әскер тұр жылқыны алып, майдан тартып,  
 Бойы бар мұнарадай, сөзбен қарпып,  
 Малдағы жылқы баққан жалшыларға  
 Соғып тұр асау сөзін өртше шарпып:  
 — Қырық кез — атым менің, Қызыл ермін,  
 Мұнда іздеп Қобыландыны өзім келдім.  
 Бетімен қыз Құртқаны алып кеткен,  
 Сандалып сорлы қазақ кімге сенген?!

Бұл қызылбастың қырық кез Қызыл ер деген батыры екен. Көктім Аймақ ханымен бақасын, бақ күндес екен. Қазақтың Қобыланды атты жас батырының айдаһарды өлтіріп, Құртқа атты сұлуды алғандығын есітіп, Қызыл ер әдейі Қобыландыны өлтіріп, Құртқа сұлуды алып қайтпаққа келген екен.

Жылқышыларға көпіріп сөйлеп тұрған Қызыл ерге сонда Естеместің айтқаны:

280 — Бетіңмен жылқымды алып, майдан құрып,  
 Малымның жұмсап жатқан бетін бұрып.



Сұлтаным, ел иесі батырым бар,  
Қайратты көрсетсейші жеке шығып.

Шыдам ет! Батыр болсаң, алдырайын,  
Асықпа, тұрған шығар ажал дайын.  
Ұры сынды малыма соқтықпа сен,  
Малымды тегіндікпен айдатпаймын.

- Қызыл ер: — Тостым, — деді, хабарын бер,  
Бірақ саған айтарым қашпасын ел.  
290 Менен қорқып Құртқаны алып кетсе,  
Қаныңды мойныңа ал да, басыңды бер.

Естемес: — Құлдық, — деді, — серт дайын,  
Қашса, егер, мен саған басым дайын.  
Жіберді бір кісіні елге қарай,  
Әскерлері тоқтатты жылқы айдауын.

Бір малшы хабар берді Қобылан нарға,  
Қобыланды әзіл айтты Құртқа жарға:  
— Қызыл ер ағаң кепті күші қайнап,  
Рұқсатсыз кеткен қызды қайта аларға.

- 300 Қобыланды мінді атына,  
Қару-жарақ сайланып.  
Ағынды судай сарқырап,  
Әбжыландай толғанып,  
Тұлпарға қамшы басады,  
Тез жетуге ойланып.  
Болат қылыш белінде,  
Қиятты найза қолға алып.  
Садағын іліп қарына,  
Ақиықтай қомданып,  
310 Қара қыпшақ елінен  
Қалың қол кетті жолды алып.  
Тобыршақ аттың санына  
Тобылғы қамшы жол салып.  
Жетті келіп Қобыланды,  
Асыға шауып зорланып.

- Айбатын көріп Қызыл ер,  
 Ашулы дабыл қағады.  
 Сап түзе деп майданға,  
 Оттай боп көзі жанады.
- 320 Жүрексізі қосынның  
 Қаһарынан Қобыландының  
 Ақылынан танады.

Сонда Қобыландының алдынан Қызыл ердің Қаратай,  
 Қаранас дейтін екі баласы шығады.

- Қызыл ердің баласы  
 Қаратай мен Қаранас  
 Қобыландыға қарсы барады,  
 Күжілдеп айқай салады.  
 Бір-бір түртті Қобыланды,  
 Осы жерде екеуі  
 Кірпідей домалап қалады.
- 330 Қаратай мен Қаранас  
 Соғысуға жарамас.  
 Көксиген түгі тұтам боп,  
 Қаһарлы жас Қобыланды  
 Оларға тіпті қарамас.  
 Сонда Қызыл ер сөйледі,  
 Сөйлегенде бүй деді:  
 — Атыңды айтшы, жас бала,  
 Бар қыпшаққа бас бала.  
 Қобыландының өзі болмасаң,
- 340 Қыламын тілсіз масқара.  
 Сонда Қобыланды сөйлейді:  
 — Атаңа нәлет малғұн нас,  
 Неден болдың маған қас?  
 Жылқымды неге айдайсың,  
 Айт жөніңді, өзің қайдансың?  
 Ел иесіз дедің бе,  
 Жер иесіз дедің бе?  
 Мал иесіз дедің бе,  
 Тегін жатқан дүниеде
- 350 Дүние-мал бар дедің бе?

- Менің атым — Қобыланды,  
Әкем аты — Тоқтарбай.  
Жеті кәміл пірлерім,  
Бере гөр медет, бір Құдай!  
Әруағым менің таситын  
Талас жерде екі ұдай.  
Қобыланды тағы сөйледі:  
— Малшымды қырып нақақтан,  
Жылқымды топтап айдасаң,
- 360 Жөн сұраған адамға  
Жөн бермейтін қандайсың!  
Батыр болсаң тайлықпай,  
Қарсылас енді, кел маған.  
Жігіт болмай кетейін,  
Танытпасам өзімді  
Мықтап қазір мен саған!  
Сонда Қызыл ер сөйлейді:  
— Мен, мен, мен дүрмін,  
Өрісті жайлау кең дүрмін.
- 370 Мені ойламай, жас бала,  
Ақылсыз туған сен бала,  
Ел бағып тұрған Құртқаны  
Қуып келіп мен тұрмын.  
Ел бағып тұрған Құртқаны  
Желдетіп алып кетіпсің.  
Алдыма келмей «аға» деп,  
Басып-жаншып өтіпсің.  
Менсінбеген дұшпанның  
Түбіне талай жеткенмін.
- 380 Қайратым басым көрініп,  
Қарсыласқан дұшпанды  
Қорғасындай ерткенмін.  
Әуелгі кезек менікі,  
Соңғы кезек сенікі,  
Кезегім бер тайлықпай!  
Кезегін беріп Қобыланды,  
Қасқайып қарап тұрады.  
Ұятсыз, арсыз Қызыл ер  
Қобыландыдай баланы

- 390 Ауырлығы мың батпан  
Күрзімен келіп ұрады.  
Қатты ұрылған күрзіге  
Тайсалмай бұ да тұрады.  
Кәміл пірлер жар болып,  
Қалқанмен қағып күрзісін,  
Қобылан да қайрат қылады.  
Ерлер қылды намысты,  
Екі көкжал алысты.  
Найзалар қалды қайысып,
- 400 Қылыштар қалды майысып.  
Кезегі тиіп Қобыланды,  
Садағын алды қолына.  
Тілеуін тілеп көп халық,  
Бозқасқа айтып жолына.  
Қорамсаққа қол салды,  
Бір салғанда мол салды.  
Таңдап алған сұр жебе  
Қызыл ерге жол салды.  
«Ақ кептер аттың басы, — деп,
- 410 Алтынды ердің қасы, — деп,  
Қақ жүректің тұсы деп,  
Өлетін жерің осы», — деп,  
Кезеніп садақ, толғанды,  
Шіреніп тартты Қобыланды.  
Кірістен оғы кетеді,  
Дұшпанға таман жетеді,  
Қақ жүректен өтеді.  
Құлап түсті атынан,  
Өруағы қашып Қызыл ер.
- 420 Төгілген оның қанынан  
Жиіркенді қара жер.  
Асқақтаған Қызыл ер  
Айрылды ерлік салтынан.  
Елі-жұртын көре алмай,  
Аулақта қалды халқынан.  
Ашуға мінген Қызыл ер  
Арыстандай ақырды.  
Жазасын алған дұшпанның

- Қанын судай сапырды.  
430 Пайда іздеген дұшпанның  
Жазасын беріп қолына,  
Оқ ұшында қатырды.  
Менменсінген дұшпанның  
Көрінгенге зәр шашқан  
Қарасын суға батырды.  
Малшыларға береді  
Алтынменен қапталған,  
Күміспенен кептелген,  
Қызыл ер тіккен шатырды.
- 440 Жыршысы келді қызылбас,  
Сауға сұрап батырдан.  
Қызыл ерді жамандап,  
Халықты қанға батырды.  
— Ей, жас батыр, жас батыр,  
Қыпшақтарға бас батыр,  
Мойныңызды бұрып құлақ сал,  
Менің айтқан сөзіме?!  
Мен — қызылбас, сіз — қазақ,  
Сөйлейтін келдім кезіме.
- 450 Қобыланды жаным, жас батыр,  
Жыртқыштыққа қас батыр.  
Қаһарың сенің төгілді  
Қызыл ердің өзіне.  
Қанға тоймас құзғынның  
Топырақ құйдың көзіне.  
Босат бізді, Қобыланды,  
Соғыстан басты тартамыз.  
Күн-түн атып, бөгетсіз  
Елімізге қайтамыз.
- 460 Буыны өсіп, қатпаған  
Жас батырдың ерлігін  
Елімізге барған соң,  
Жырға қосып айтамыз.

Әлқисса, Қобыланды қалың қыпшақтан келген аға, құрбыларымен және жай жанашыр ағасындай Естемеспен ақылдасты: — Елімізді шапқалы келген қырық кез Қызыл ер екі

баласымен өлді. Ендігі қалғандары сауға сұрап отыр. Шетінен қыра берсек, қаны мойнымызда болады. Бұған не дейсіздер? — деді Қобыланды халыққа. Тұрғандардың ішінде кейбіреулері:

— Бұл қызылбастарға ешқандай рақым істеудің керегі жоқ. Халқымызды қан жылатып соқтыққан өздері, отыз кісімізді өлтірді. Келгендері жау болып келді, жау болып қайтады. Ертең ана жақтағы Алшағыр, Қазан, Көбіктілеріне барады, онан да бұлардың бірде-бірін босатпау керек. Келген өздері, ат-тұрмандары болса да олжа. Бірақ Естемес бұлардың бөріне тыйым салды: — Бас қайда бастаса, денең де солай бұрылады, аяқ солай жүреді. Олай болса, бастап келген басшы — Қызыл ер, ал халықты нақақ қыра беруге болмайды. Аулақ бәледен, Қобыланды, — деді. — «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген. Алдыңа келді, кешірім сұрап өтінді, Қызыл ердің терістігін айтып отыр. Мұндай жағдайда тілегін орындамай, қырып салуға болмайды. Сондықтан босат, — деді Естемес тағы да. Қобыланды көнді. Қызылбастың қалғандарына еліне қайтуларына рұқсат берді.

Қызылбастың қалғандары еліне қайтты. Қобыланды сынды батырдың ерлігін жыр қылып айтты. Бірақ та көре алмаушылықпен күндеп айтты. «Оны жеңу тек Қазан батырдың қолынан келеді» деп, Қазан батырға хабар жіберді.

Қазан ер ордасында отыр тосып,  
 Адамы Қызыл ердің барды сасып.  
 Құртқаны алып, батырды өлтіргенін  
 Барлығын түгел айтып, ел жыласып.  
 Қазан ер мінді сонда қайратына,  
 «Қазақты сиғызам», — деп айбатына.  
 470 «Алдымен ноғайлыны шабамын», — деп,  
 «Келсін», — деп ат шаптырды бар халқына.  
 Барлығын мұсылманның түгел қырып,  
 Барамын Қобыландыға тіке жүріп.  
 Аттанып әскерімен ноғайлыға,  
 Өлтірді барлық жанын түгел қырып.  
 Қаласын Қырлы, Сырлы талқандады,  
 Күшпенен қалың әскер басып кіріп.  
 Қияттың бір топ елін тағы шапты,  
 Мол дүние бұдан олар тағы тапты.

- 480 Арманы жалғыз ғана Қазан ердің  
Шұбыртса енді шауып бар қыпшақты.  
Қайыра Қобыландыға аттануға  
Қызылбас дайындалып баптануда.  
«Әлемде теңдесі жоқ Қазан мықты»  
Деген сөз Қызылбаста жатталуда.

Қазан батыр ноғайлы мен қият елін шауып келгеннен кейін, енді қыпшақтарды шабуға дайындалудың керек екендігін айтып, әскерлерін дем алуға таратыпты. Тақауда қыпшақтарға аттанбақшы. Қызылдердің әскерлерінде, елін де өзі басқармақшы болды. Бұл кезде қият елінің батырлары: Қараман, Қарақозы, Аққозы, Қосдәулет атты батырлары Қазан батыр да кеткен кектерін іздеуге қол жинап аттанбақшы болып жатты. Қырық мың үйлі қияттан қырық мың әскер жиып, жер қайысқан қолмен төрт батыр жүріп кетеді. Қалың қол ішінде Қарабұқан деген жауырыншы сәуегөй бар екен, сол жауырыншының жүріп келе жатқан батырларына айтқаны:

- Адырдан адыр өтерміз,  
Терең сулы тар өткел  
Одан да өтіп кетерміз.  
Жекпе-жекке шығысса,  
490 Қазандайын қаһарға  
Қайсымыз беттерміз?!  
Найза ұшында шаншылып,  
Құзғынға жем боп кетерміз.  
Сөзімді тыңда, ерлерім,  
Ерлерге білінер қадірі  
Бетегелі, шалғынды  
Туып-өскен жерлерім.  
Ел қадірін көп көрген,  
500 Сыйласаңдар әр көрінің  
Айтайын деген сөзі бар.  
Қамдарың үшін бөріңнің.  
Жолай жүріп соғыңдар,  
Қара қыпшақ еліне.  
Наздарыңды айтыңдар,  
Қобыландыдай еріне.

- Хабарсыз жатыр Қобыланды,  
Егерде білсе бұл істі,  
Ат маңдайын түзетіп,  
510 Қызылбаста болған-ды.  
Данышпан Құртқа жары бар,  
Біліп отыр бұл жайды.  
Жібере қоймас Қобыланды  
Қызылбасқа Қазанға  
Бұл секілді ұпайды.  
Айтпауына Қобыланға  
Әйелі Құртқа мәні бар.  
Құртқа сұлу дананың  
Желпіп бағып отырған  
520 Тайбурыл дейтін аты бар.  
Мінетін күні толған жоқ,  
Жасы толмай, батырға  
Мінгізбеске шарты бар.  
Айтсақ соғып хабарын,  
Әруағымыз артылар.

Бұған басқа батырлар да қарсы болмады. Барлығы «мақұл екен» деп мақұлдады. — Оған барғанда сөзді өзім айтайын, — деді Қараман. Өйткені жайлауымыз шектес, бірге ойнап-күліп жүрген құрдас еді, — деді Қараман.

- Қараман айтты: — Құрдасжан,  
Мен — Сейілдің ұлы Қараман  
Қызылбасқа кетіп барамын,  
Жүрмейсің бе, сырлас жан,  
530 Қолқалық саған қыламын.  
Естуің бар ма, құрдасжан,  
Қазан дейтін батырды?  
Мал-мүлкін алып, адамның  
Қанын судай сапырды.  
Тағы да келіп қиятқа,  
Бір ру елді шауыпты.  
Ноғайлыны жаулап ап,  
Қыпшаққа көңілі шауыпты.  
Қырық мың әскер соңымда,



- 540 Елімді іздеп барамын.  
Осы жол үлкен қауіпті,  
Жасыңнан артық талайың,  
Қобыланды батырым,  
Аңғармай нағып жатырсың,  
Шулаған елді, жақының?  
Жүрмейсің бе, құрдасым,  
Жорық, майдан кезінде  
Күлкі етіп халықты,  
Өктемдік бізге қылмасын.
- 550 Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Бағымды бастан алмасын,  
Айналамды өрт шалмасын.  
Көлдегі қаз-үйректі  
Лашын құс іледі.  
Менің барар-бармасымды  
Хабар салып алайын  
Ақыреттік жолдасым  
Үйдегі Құртқа біледі.  
Осыны есітіп Естемес,
- 560 Ауылға қарай жөнелді  
Құртқадан хабар алмаққа.  
Желе жортып келеді,  
Көзін салып жан-жаққа.

Тоқтарбайдың ордасының оң бағыттағы ақ отаудың сыртынан жанаса келіп, үйде жатқан қыз Құртқаға айтқаны:

- Үйдемісің, қыз Құртқа,  
[Түздемісің, қыз Құртқа.]  
Әйел болдың амал жоқ.  
Егерде еркек болғанда,  
Болар ең жұртқа бір тұтқа.  
Мінгенде атым қызыл-ды,  
Алысқа жол сызылды.
- 570 Қызылбастың Қазанға  
Арыстанның көңілі бұзылды.  
Мінбекке керек қазанат,  
Белге керек шарболат,

- Денеге керек жалаңқат,  
Жан — Жаппарға аманат!  
Жалғыз емес жолдасты  
Қияттан келді қолғанат.  
Батырың мініп шабуға  
Жарады ма Бурыл ат?
- 580 Құртқа сонда шығады:  
Қылаң етіп, қылт етіп,  
Сылаң етіп, сылт етіп,  
Аққу құстай сыңқылдап.  
Алтын білек ақ Құртқа  
Көтеріп дауысын сөйлейді  
Естеместей ағаға,  
Еркелікпен сылқылдап:  
— Дүниеде көп адамзат  
Тоймас қызық, іңкәрға.
- 590 Жұмсады ма сұлтаным  
Үйдегі Бурыл тұлпарға?  
Дұғай сәлем дегейсіз,  
Тұлпарына жұмсаған  
Жұрт иесі сұлтанға.  
Және де сәлем дегейсіз,  
Құрбы менен құрдасқа,  
Заманы бірге сырласқа,  
Жылы бірге жылдасқа,  
Жауы бірге мұңдасқа.
- 600 Бөрі де қастық қылмайды  
Қасына ерген жолдасқа!  
Қараспан тауын жайлаған  
Жұрт иесі сұңқарға  
Жәрдемші болсын бір Құдай.  
Күні-түні тілейміз,  
Бақыттылық бір сұраймыз.  
Бергенін Құддай алмасын,  
Алды-артын өрт шалмасын.  
Тілімді алса сұлтаным,
- 610 Бұл сапарға бармасын.  
Көп жылайды дегейсіз  
Үйдегі нашар жолдасың.

- Иә, әруақ, бір Құдай  
Жалғызды үнемі қолдасын!  
Асқар тауда белдік бар,  
Жасағанда кеңдік бар,  
Азда қанша теңдік бар.  
Сұлтаныма сәлем айтыңыз,  
Біз байлаған тұлпарда  
620 Қырық үш күндік кемдік бар.  
Осыны есітіп Естемес,  
Қобыландыға келеді.  
Құртқаның айтқан сөздерін  
Түгел айтып береді.  
Құрдасқа келді Қобыланды,  
Құртқадан сөз қозғады.  
— Көлден ұшқан қаздаймын,  
Жаманның тілін алмаймын,  
Хақ бұйырған сапардан  
630 Алла жазса, қалмаймын.  
Асыл досым, сөкпесең,  
Бұл сапарға бармаймын.  
Асқар тауды бел деген,  
Ақ бармақпен жемдеген,  
Өзінен басқа көрмеген,  
Бағып тұрған баласын  
Құртқа сынды жан жарым  
Қырық үш күні кем деген.  
Қараман сонда сөйлейді,  
640 Сөйлегенде бүй дейді:  
— Бұл барғаннан барсақ біз,  
Қазан ерді өлтіріп,  
Қаласын бұзып алсақ біз.  
Еркек болып не етеміз,  
Әр сапарға шығарда,  
Қатынға ақыл салсақ біз?!  
Есіктің алды ебене,  
Ерлер киер кебене.  
Кеткен кісі келе ме,  
650 Алғанын Тәңірім бере ме?  
Әр тарапқа шығарда,

Қатынға ақыл салған соң,  
 Асыл туған Қобыланды,  
 Қатынның тілін алған соң,  
 Неше батыр болса да,  
 Басында билік жоқ адам  
 Арыстан туған құрдасым,  
 Ол қатын емей немене?!

Әлқисса, сонда құрдасы Қараманның аузынан мынадай сөз естігеннен кейін, Қобыланды батыр қатыны Құртқаға ашуланып, басын кеспекші болып, атына мініп тұра жөнелді.

Сонда Қобыланды батырдың  
 660 Тері тамып иектен,  
 Оқ тигендей жүректен.  
 Үш ай тоқсан болғанда,  
 Құтылар қошқар күйектен.  
 Ордалы киік орғиды  
 Жиелі қия үйектен.  
 Неше батыр болса да,  
 Құрдасының бұл сөзі  
 Өтіп кетті сүйектен.  
 Тобыршақ атқа ер салды,  
 670 Қамшы басты сауырға,  
 Екпіні ұқсап дауылға.  
 Тобығы меңді торы атпен  
 Қобыланды шапты ауылға.  
 Қатуланып, қаттанып,  
 Буырқанып, бұрсанып,  
 Мұздай темір құрсанып,  
 Қабағынан қар жауып,  
 Кірпігіне мұз қатып,  
 Аса бір қатты келеді.  
 680 Өз-өзінен долданып,  
 Жалаңдата қылышын,  
 Ар жақ пенен бер жаққа,  
 Етсе жолын бір Құдай,  
 Аттанбаққа қалмаққа.  
 Жоқ болса да кінәсі

- Сөзге сынық қылды деп,  
Егер шықса алдынан,  
Батыр ойлап келеді  
Бұлаңдаған Құртқаның  
690 Басын кесіп алмаққа.  
Дарбазалы есікті,  
Пайғамбардан несіпті.  
Үйде отырып қыз Құртқа  
Дүбірін аттың есітті.  
Ағыны қатты кім болсын,  
Сұлтаным дағы десіпті.  
Түрегелді майысып,  
Қарады ашып есікті,  
Қарады да қамықты.
- 700 Құстың жүні мамық-ты,  
Арпа, бидай қабықты.  
Көтере алмас кедейлер  
Жылына бір қой салықты.  
Тастай беріп қыз Құртқа  
Және ашады жабықты.  
Жабықтан көзін салыпты,  
Қараса ерді таныпты.  
Түсі суық көрінді,  
Ерге болған секілді
- 710 Бір сөзбенен жазықты.  
Өксіп бір енді жылады,  
Енді Құртқа сасады.  
Көзінен жасы сорғалап,  
Бетінен қаны қашады.  
Сасқаны емей немене,  
Аш күзендей бүгілді.  
Шыдай алмай қорыққаннан  
Есік пенен төріне  
Неше қайтара жүгірді.
- 720 Сасып жүріп жөн тауып,  
Ақылменен ой тауып,  
Түтікпенен су ішкен,  
Түндікпенен күн көрген,  
Төрде тұрған Бурылдың

- Басын шешіп алады.  
 Тайбурыл атты жетектеп,  
 Қобыланды батырдың  
 Бұлаңдаған қыз Құртқа  
 Алдынан кетіп барады.
- 730
   
Бұрыл емес, көк дөнен
   
Туғаннан жеміс, жеді өлең.
   
Туғаннан күнді көрмеген,
   
Түнектен шыққан Тайбурыл
   
Түлкідей көзі жайнады,
   
Қазандай болып қайнады,
   
Көлдененең жатқан көк тасты
   
Сулығым деп шайнады.
   
Он екі құлаш арқанмен
   
Ерігіп тұрған Бұрыл ат
- 740
   
Аспанға қарғып ойнады.
   
Қыз Құртқаны көтеріп,
   
Бұрыл көкке екі ұшты.
   
Салмағымен қыз Құртқа
   
Көтерілсе де көкке ол,
   
Аяғымен жерге тік түсті.
   
Ие болған Бұрылға
   
Заты әйел демесең,
   
Сол Құртқа [да тым] күшті.
   
Қамығып Құртқа сөйлейді:
- 750
   
— Асқар таудың белдігі,
   
Асықтырған батырды
   
Құрдастың жоқ-дүр елдігі.
   
Жалғызыма жар болсын
   
Алдыңда Қадір кеңдігі.
   
Үш ұшар ең аспанға,
   
Бір ұшуың кем болды.
   
Мен қайтейін, Тайбурыл,
   
Қырық үш күннің кемдігі.
   
Кентті жерді жайласа,
- 760
   
Үзілмейді базары.
   
Қайда қалмас жігіттер,
   
Өлсе жанның мазары.
   
Қобыландыдай бөрінің

- Тайбурылды көрген соң,  
Құртқаға қайтты қаһары,  
Бурылға түсті назары.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Көлденең ұшқан қаздаймын,  
Наурыздан соңғы жаздаймын.
- 770 Ақылы жоқ мен байғұс  
Бүйтіп жүрген Құртқаны  
Шауып тастай жаздаймын.  
Сарайда, сарай, сарай бар,  
Сарайға қолды жеткізген  
Қос өркешті қара нар.  
Әр пендеге лайық  
Өзіне Төңірім қосқан жар.  
Малы кемнің зары бар,  
Әр адамның өзінің
- 780 Өзіне лайық жары бар.  
Текшедейін жебеме  
Қарағай сап болар ма?  
Данышпан туған Құртқадан  
Айрылған адам оңар ма?  
Құртқа бірақ қамықты,  
Төсегі жұмсақ мамық-ты.  
Қобыланды батыр келгенде,  
Істің қорқып алдынан,  
Құртқа дайын сұлуың
- 790 Өксіп жылап тарықты.  
Сонда Қобыланды сөйлейді:  
— Артықша туған қыз Құртқа,  
Сонша неге тарықтың?  
Ашулы келген жарыңнан  
Мұнша неге қорықтың?  
Мынау белдің астында  
Кегі кеткен Қазанды  
Іздеушілерге жолықтым.  
Салдым ақыл өзіңе,
- 800 Қапа болып айтқан сөзіңе.  
Ашуменен келіп ем,  
Шыдай алмай төзуге.

- Ақылын өзің таппасаң,  
Қалып ең аз-ақ өлуге.  
Сөзіне зілді құрдастың  
Шыдай алмай төзуге  
Жаман әйел болғанда,  
Қалар еді басың кесіліп.  
Даналығың мәлім боп,  
810 Қалған жоқ па шешіліп.  
Жадырашы, Құртқажан,  
Қабағың тұр ғой түйіліп.  
Ашулы болған жолдасың  
Кешірім сұрап міне енді,  
Алдыңда тұр ғой иіліп.  
Асыл туған қыз Құртқа,  
Мен кетті деп қамықпа.  
Қараңғы түнек ішінен  
Шығарамын жарыққа!  
820 Осы кеткен сапардан  
Аманда барып, сау қайтсам,  
Әйел де болсаң басыңды,  
Хан сайлармын халыққа.  
Сонда Құртқа сөйлейді:  
— Айдын көлден қу аттым,  
Қызығып құстың етіне.  
Жазғы балық ойнайды  
Айдын көлдің шетінде.  
Кисең киім жарасар  
830 Ақ қағаздай етіңе.  
Жол жүруге ойлапсың,  
Жеткізсін Тәңірім ниетіңе.  
Сұңқарым менің, сұлтаным,  
Сіз алыстан келгенде,  
Тікелей қарсы қарауға  
Жарамаймын бетіңе.  
Қобыланды тағы сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Жылқы ішінде аламын,  
840 Қылшық жүнді қарамын.  
Тоқтар менен Аналық



- Дүние кезіп аралап,  
Күдер үзіп малынан  
Тірідей безіп жанынан,  
Тілеп алған баламын.  
Алды-артымда ешкім жоқ,  
Жеке туған дарамын.  
Өкпелеме, қыз Құртқа,  
Болмады деп бір күнше.  
Кемпір шалдың қойнына  
850 Жатайын деп барамын.  
Қамшы салды Қобыланды  
Тобылғы меңді торыға.  
Дөңгелене жөнелді  
Тоқтарбай тіккен ордаға.  
«Тәттілігі шекердей,  
Құлыным Қобылан ба екен», — деп,  
Үйде отырған кемпір-шал,  
«Жалғыз қозым ба екен?», — деп,  
Жүгіре шықты далаға.
- 860 Көзі түсті балаға,  
Бірден жылап екеуі,  
Баладан болды садаға.  
Алма кезек екеуі  
Жиі-жиі қарайды  
Қобыландыға қадала.  
Еміреніп иіскеп,  
Қарайды көзіне бадана.  
Елжіреп шын барады  
Көрмегендей жыл бойы,
- 870 Ақ пейілді сорлы ана.  
Жалғыздан жаны айналды,  
Екі кәрі толғанды,  
Кезек-кезек қолға алды.  
Күн батпай-ақ Қобыланды  
Алып жатып кемпір-шал,  
Жая менен беріп жал,  
Кезек-кезек сөз қатты.  
Өңгімемен Қобыланды  
Күлдіріп жатты қос қартты.

- 880 Тілеп алған жалғыз ұл  
Кемпір-шалға тым тәтті.  
«Өзіме қара қозым», — деп,  
Оң жақтан ана бұл тартты.  
«Маған келші, қозым», — деп,  
Ірге жақтан шал тартты.  
Кемпір-шалға адам жоқ  
Қобыландыдай сымбатты.  
Шал-кемпірдің қойнында  
Алма кезек домалап,
- 890 Артық туған Қобыланды  
Кірпік қақпай таң атты.  
Таң сарғайып атқанда,  
Таң шолпаны батқанда  
Шал-кемпірдің қойнында  
Арда Қобылан жатқанда,  
Тайбурылға ер салып,  
Аз ғана азық жем салып,  
Қобыланды жатқан ақ үйдің  
Алдынан әкеп өткізді
- 900 Сұлу Құртқа толғанып.

Құртқа сұлу Тайбурыл атты есіктің алдына көлденең ұстап тұрып: — Жолдастарыңыз жолға шығайын деп жатыр, жүрмейсіз бе? — деді. Қобыланды ата-анасы, қарындасы Қарлығашпен, сүйген жары қыз Құртқамен қоштасып, Тайбурылға мінді. Бірақ тоқсандағы Тоқтарбай, жетпістегі Аналық, қарындасы Қарлығаш, сүйген жары Құртқа сұлу Қобыландыны қимай, соңынан ере берді.

Қобыланды сынды батырың  
Тайбурыл атқа мінеді,  
Ақ сауытын іледі.  
Қараспан тауын бөктерлеп,  
Көп қосынның соңынан  
Бет алып Қобылан жөнелді.  
Әке менен шешесі,  
Жар қосағы қыз Құртқа  
Қарындасы Қарлығаш,

- 910 «Жалғызым менің, жан көкем,  
Аман болып келгенше,  
Ел-жұртыңды көргенше,  
Сайға біткен шоқтымын.  
Бөркіме үкі тақтым мен,  
Айтып кет мені жолыңа,  
Қой ішінде тоқтымын.  
Көп есекке тас арттық  
Аумасын деп баса арттық,  
Жан көкем аман келгенше,
- 920 Елі-жұртын көргенше,  
Артында қалған біз нашар  
Болайық сізге тасадтық.  
Басымда бар алтын шоқ,  
Жан көкем барда көңілім тоқ.  
Көкежан, сені көрмесем,  
Басымнан кетер дүние боқ.  
Сізге деген әрқашан  
Маған тисін ажал оқ!  
Ақ маңдайлы тұлымым,
- 930 Бірге туған құлыным,  
Көкірекке біткен жұлыным,  
Қос қанатым, құйрығым,  
Сізге деген Құдайдың  
Қабыл еттім бұйрығын!  
Қарға жүнді қаттасым,  
Үйрек жүнді оттасым,  
Жан ашырым, түптесім,  
Жан көкем, қайда барарсың?  
Желі толған түйең бар,
- 940 Оны кімге тапсырдың?  
Қораң толған қойың бар,  
Оны кімге тапсырдың?  
Тоқсандағы атаң Тоқтарбай,  
Жан көке, кімге тапсырдың?  
Жетпістегі анаң Аналық  
Ал, көке, кімге тапсырдың?  
Өзіңмен бірге туысқан,  
Бірге туып, бірге өскен,

- «Көкежан» деп жылаған,  
950 Мен сорды кімге тапсырдың?  
Бұл дүниеде мұңдасың,  
Төсекте жатсаң сырласың,  
Құртқаны кімге тапсырдың?»  
Қобыланды сонда торықты,  
Есіркеп көп халықты.  
Қарындасы Қарлығаш  
Зарын естіп, қайғырып,  
Қобыланды да еріксіз  
Найзасына сүйеніп,  
960 Жылады өксіп, қамығып.  
Сонда Қобылан сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Қаз айналып қонады  
Ұя салған жеріне.  
Өркім сеніп наз айтар  
Өзінің сүйген теңіне.  
Көзден аққан қанды жас,  
Қан мен жасы аралас  
Қарлығаш егер тұрмаса,  
970 Қобыландының көз жасы  
Сірө, бүгін тыйылмас.  
Тағы да Қобыланды сөйлейді,  
— Тауда болар тарғыл тас,  
Тарықса шығар көзден жас.  
Тар жерде ерге оқ тисе,  
Шығады сүйеп бауырлас.  
Ер басына күн туса,  
Тар жерде өзге қайрылмас.  
Туысқаның бар болса,  
980 Жауған оқтан айнымас.  
Жан ашырың жоқ болса,  
Жау қолында қалады  
Халқың сүйген ғазиз бас.  
Арқанды жапқан қолаң шаш,  
Шырағым, сөзге құлақ сал,  
Мен айналып келгенше,  
Сабыр қып шыда, Қарлығаш.

- Қараспан тауын жайлаған  
Қалың қыпшақ елің бар.
- 990 Малың ендеп жайылар  
Кең асу, байтақ жерің бар.  
Қайтып өзім келгенше,  
Қор болмассың, Қарлығаш.  
Жалғызым, жаным, бауырым,  
Айналайын көзіңнен.  
Сай сүйегім сырқырар,  
«Жан көке» деген сөзіңнен!  
Атадан тақ баламын,  
Жауға кетіп барамын.
- 1000 Жасым үлкен ағамын,  
Армансыз болып кетейін,  
Бері келші, Қарлығаш,  
Бетіңнен, бауырым, сүйейін,  
Қарындасым Қарлығаш.  
Желі толған түйенді  
Сарысуға тапсырдым.  
Тоғай толған жылқыңды  
Жасанған жауға тапсырдым.  
Қораң толған түйенді
- 1010 Аш бөріге тапсырдым.  
Азу тісі болаттай  
Жас бөріге тапсырдым.  
Тоқсанда атаң Тоқтарбай  
Құдіретіңе тапсырдым.  
Қарындасым Қарлығаш,  
Жар қосағым Құртқаны  
Палуан қызға тапсырдым.  
Сендер төртеу, мен жалғыз,  
Мені кімге тапсырдың?
- 1020 Қарлығаш сонда сөйлейді:  
— Мал сатамын базардың  
Бояғы мен бөзіне,  
Салса жылқы тоқтайды  
Арқаның бөрі көзіне.  
Құлақ сал, көке, сөзіме,  
Жан көкем есен келгенше,

- Елі-жұртын көргенше,  
Он сегіз мың ғаламның  
Падишасына тапсырдым.
- 1030 Басымнан дүние өткендей,  
Көрінбесең менің көзіме.  
Мінәжат етіп айтамын,  
Құлақ сал, көке, сөзіме.  
Көкем аман келгенше,  
Ата-анасын көргенше,  
Маңдайымнан иіскелеп,  
«Қалқамбысың» дегенше,  
Тағы қайта тапсырдым  
Бір жаратқан Құдайға.
- 1040 Қараспан тауын жайлаған  
Руың қалың көп қыпшақ.  
Көкемнің оңғар сапарын,  
Жаратқан Алла, беріп бақ.  
Көп қайырды тілейді,  
Жаныңда жақсы сыбай да.  
Көз салмадың, жан көке,  
Бірге туған жұбайға.  
Адалдап жиған малыңды  
Залымдарға тапсырып,
- 1050 Осының, көке, ұнай ма?  
Не айтамыз сізге біз,  
Болыңыз аман дүзде сіз.  
Жаныңды жалғыз тапсырдым  
Бір жаратқан Құдайға.

*Бұдан кейін Құртқа сұлудың Қобыландыға қоштасып айтқан сөзі:*

- Жүрдіңіз бе, сұлтаным,  
Қой ішінде бағланым,  
Келгеніңше аман сау,
- 1060 Тыным таппай жылайды  
Жар етіп таңдап алғаның.  
Сұлтаным, сізге бас қосып,  
Кеңейіп еді өрісім.

- Болып еді қайғысыз  
Ойын менен күлісім.  
Салып ем ойын-сауықты,  
Жарасып бойыма жүрісім.  
Еліме болдың қорғаныш  
Бауда піскен жемісім.
- 1070 Арыстаным, аман бол,  
Осы кеткен сапардан  
Қиын болар келісің.  
Жылқы ішінде аласың,  
Қылшық жүнді жарасың,  
Алды-артыңда ешкім жоқ,  
Жалғыз туған баласың.  
Атам менен енемнің,  
Күдер үзіп малынан,  
Тірідей безіп жанынан
- 1080 Тілеп алған баласы ең.  
Сүйткен бала тастай ма  
Атасы мен анасын?  
Артық туған сұлтаным,  
Осы барған сапардан  
Қиын болар келісің!  
Тілеп алған анаңның  
Қос емшегін еміп кет,  
Анаңның көңілі семірсін.  
Не айтамыз біз сізге
- 1090 Өз қиялың болмаса,  
Ешкімнің тілін алмайсың.  
Әлемге аты әйгілі  
Дұшпанға қарсы барасың.  
Қош, сұлтаным, аман бол,  
Әлде қандай боласың?!  
Асқар төбе көрерсің,  
Тайбурылмен желерсің.  
Қасиетін Бурылдың  
Сонда анық көрерсің.
- 1100 Тоқсанда әкең Тоқтарбай  
Жүдеу тартып бір кезде,  
Тізесіне тон жетпей,

- Ақ табан болып жүргенде,  
Сұлтаным, сонда келерсің!  
Жетпістегі анамыз  
Арқан есіп, жүн түтіп,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Құрт қайнатып, әл кетіп,  
Бар денеден жан кетіп,  
1110 Қарындасың Қарлығаш  
Алдамшасы белінде,  
Дастарқаны қарында,  
Шынаяғы қолында,  
Бөтен жұрттың елінде  
Шай қайнатып жүргенде,  
Сұлтаным, сонда келерсің!  
Көп жауыңның мықтысы,  
Шөпті жердің шықтысы.  
Сенен қалған мен сорды  
1120 Тұтқындап мені бір дұшпан,  
Аламын деп тұрғанда,  
Қараңғы үйге салғанда,  
Көңілге қайғы толғанда,  
Сұңқарым, сонда келерсің!  
Мінуші едің ақтабан,  
Айтулы едің мақтаған.  
Құдайдың ісі көп шығар  
Өлмегенге сақтаған.  
Мерген байлап оқ атар  
1130 Ұшқан көлдің қуына.  
Иманды құл жолығар  
Қауыз-кәусар суына,  
Бұл дүниеде көрмесең,  
Құртқамбысың демесең,  
Қазаң жетіп бұл жолда,  
Дүние салып өмірден  
Арыстаным, жөнелсең,  
Жұбайым бар деп еске алсаң,  
Табысайық махшарда.  
1140 Сұлтаным, сонда мені ізде.



Тағы да Құртқа Қобыландыға қарап: — Мен сізге бір сөз айттайын, егерде осы айтқаным келсе, менің барлық айтқаным келер деп ойларсыз. Егерде бұл айтқаным келмесе, бәрі де бос сөз болғаны. Қараман құрдасың бастаған кешегі кеткен көп қосынды Сыңсыма деген жердің, Сергелдең деген таудың бауырында қуып жетерсіз. Қараман Қазан батырдың жеріне он сегіз кісі жансыз жіберген болар. Олар ол жақтың олжасының молдығын, халықтың бейқамдығын, Қазанның өзі мекендеген Сырлы қаланың бір жағы аққан су, бір жағы жеті қабат ор екен деп келер. Ол қаланың Сергелдеңнен қырық күншілік жер екенін айтар. Егер осы айтқаным келсе, менің бастапқы айтқандарым тегіс келер. Біз жау қолында тұтқында жүргенде келерсіз, — деді. Тағы да бір айтарым, Қазанға кеткен өнерсіз жансыздары келген соң, Қараман құрдасың батасын жасап, малтасын жеп, «ат құйрығын созып, кімде-кім кім озып барып олжа салса, сол адам қосынға басшы болсын» дер. Бірақ сіз олардан үш күн кейін шықсаңыз да, олардан бұрын барарсыз, ол қосында Тайбурылға қатар ат жоқ, — деді.

*Жалғызын жауға аттандырып, анасы Аналықтың жылап айтқаны*

Бейшара болған Аналық  
 Баласына жете алмай,  
 Үйіне қайтып кете алмай,  
 Жапанда жатып зарлайды:  
 — Он сегіз мың әлемнің  
 Падишасы — бір Алла,  
 Естідің бе сөзімді?!  
 Жалғызымның артынан  
 Садақа қылдым өзімді.

1150 Тағы да, Алла, жылаймын,  
 Бір өзіңе жылаймын.  
 Жалғыздың жанын сақтай көр,  
 Тапсырдым өзіңе аманат.  
 Қалғып кетсе, қағып жүр,  
 Адасып кетсе, бағып жүр,  
 Жол иесі Қамбар-ай  
 Қамбар өзің қолдасаң,  
 Қолдамайтын кім бар-ай!

- 1160 Қазанға мол қол жиды,  
Қараман деген заңғар-ай!  
Тұтқынында Қазанның  
Қияттан көп жан бар-ай  
Барма деуге бола ма,  
Дәтім қалай шыдар-ай!  
Қала қоймас Тайбурыл  
Қатар шапқан жарыстан.  
Қазанды арнап іздеді  
Жақын емес алыстан.  
Қыс болғанда жылқы ықпас
- 1170 Ойға біткен қамыстан.  
Қобыланды, өзіңді  
Өз қолына тапсырдым,  
Ер Ғали атты арыстан!  
Осы кеткен жалғызым  
Есен барып, сау қайтса,  
Егіз туған көк бура  
О да сенің жолыңа.  
Егіз туған көк бұқа  
О да сенің жолыңа.
- 1180 Егіз туған көк айғыр  
О да сенің жолыңа.  
Қызылбастың Қазаны,  
Өлгенде көрген жалғызым  
Туды ма сенің сорыңа.  
Осы кеткен қозымды  
Алланың досы Мұхаммет,  
Тек тапсырдым өзіңе.  
Аязды күні айналған,  
Бұлтты күні толғанған,
- 1190 Айқара бесік қасымда,  
Дыбыс шықса оянған,  
Алтыннан бесік игізіп,  
Ақ торғынға бөлеген,  
Өлгенде көрген көбеген,  
Жұрт тілегін тілеген.  
Қабырғам жездей қайысқан,  
Көтергенде бесікті,

- Он бармағым майысқан,  
Тас емшегімді еріткен,  
1200 Тар құрсағымды жібіткен,  
Балапаным, құлыным,  
Алсам қолым талдырған,  
Сүйсем мейірімді қандырған,  
Денемнен шыққан балдырған.  
Шаһризада хазірет,  
Жарылқашы Құдірет.  
Үмбетім деп еске алсаң,  
Алланың досты Мұхаммет,  
Жалғызыма жәрдем ет!
- 1210 Қараман кетті жиып қол,  
Болдыра көр сәтті жол!  
Осылайша зарланып,  
Жылаумен қалды кемпір сор.  
Қобыланды мінген Бурыл ат  
Еңкеу-еңкеу жортады,  
Атандай төсі салынып.  
Қала берді кемпір-шал  
Аруақтарға жалынып.  
Бөгелместен Қобыланды:
- 1220 — Әйт, жануар, шу, — деді,  
Шалқып Бурыл гүледі.  
Бірде шауып зуылдап,  
Бірде жортып келеді.  
Тұлпар туған Бурылмен  
Құртқаның айтқан жерінде  
Кешегі кеткен қосынға  
Қобыланды жетіп келеді.

Қобыланды батыр келсе, Қараман бастаған көп қосын аттарыны тынықтырып, өздері тамақтанып жатыр екен. Және Қазан батырдың Қырлы қаласы мен Сырлы қаласына Қараманның жіберген он сегіз кісі жансызы қайтып келген екен. Олар Қырлы қала мен Сырлы қаланың байлығын, оның бейқамдығын айтып келіпті. Сырлы қаланың бір жағы су екен де, екінші жағы жеті қабат орман екен. Осы арадан қырық күншілік жер екен деп келеді. «Қараманның қалың қолы-ау», — десіп, батасын қылып, мал-

тасын жесіседі. — Қырық күншілік Қазанға кім бұрын жетіп олжа салса, сол адам осы қосынның басшысы болады, — деп, Қараман аттанып жүріп кетеді. Қобыланды олардан үш күн кейін шығады, аттанайын деп тұрып Тайбурылға айтқаны:

- Есінде ме, Тайбурыл,  
Мінейін деп тұрғанда,  
1230 Анаң Құртқа не деді?  
Қыдыра жалды жылқыдан  
Бурыл қалмас деп еді.  
Ұжмақта хорлар сымбатты,  
Үйдегі Құртқа жұбайым.  
Жұбайым Құртқа аманда,  
Жемеймін, Бурыл, уайым.  
Анаңыз тұлпар деуші еді,  
Анаңның сөзін сынайын.  
Ауыл қалды алыста,  
1240 Жол шеккен соң алысқа.  
Қас тұлпар ат болсаң,  
Тұлпарым, бүгін қарышта.  
«Қатын Қобылан қалды» деп,  
Кешегі кеткен қосынға  
Қалдыра көрме намысқа.  
Кешегі кеткен қосынға  
Бір мезгілде жетуге  
Сіздей малға алыс па?  
Жылқыда тұлпар сен едің,  
1250 Жігітте сұңқар мен едім.  
Сен астымда сау тұрсаң,  
Қыдыра жалды, қыл құйрық,  
Сенен озбас деп едім.  
Адамзаттың баласы  
Менен озбас деп едім.  
Бүгінгі күні, Тайбурыл,  
Қолқа салдым өзіңе,  
Құлағың сал сөзіме.  
Қырық күншілік Қазанды  
1260 Намаздігер өткенше,  
Намазшамы жеткенше

- Көрсет менің көзіме.  
Қобыланды соны айтты да,  
Тартып-тартып жіберді  
Тайбурылдың санына.  
Жан серігі Бурылдың  
Қатты батты жанына.  
Жанына батпай не қылсын,  
Сауысқан, қарға тойынды
- 1270 Тайбурылдың санынан  
Тамшылап аққан қанына.  
Санына қамшы батқан соң,  
Қанын судай шашқан соң,  
Жоғарғы ерні жыбырлап,  
Төменгі ерні қыбырлап,  
Тайбурыл сонда сөйлейді:  
— Жан жолдасым, Қобылан ер,  
Назбедеуге бітер жал,  
Аямай тарттың қамшымен
- 1280 Батыр туған, Қобылан нар!  
Өлмесем де кеудемнен  
Шыға жазды шыбын жан.  
Жапанда жалғыз досыңа  
Өлдеқандай кегің бар?  
Зымырайын мен оқтай,  
Өнерімді көріп қал.  
Басымды түзеп сал жолға,  
Төрт аяғым тең жорға.  
Үстімде сен есенде,
- 1290 Қажу бар ма мен сорда?!  
Айтқаны жерде қалар ма,  
Құртқа сынды жұбайға  
Жаратқан соң ат қылып,  
Сіз сықылды сыбайға.  
Қырық күншілік бұл жерден  
Қазан тұрған қалаға  
Жалғыз күнде жет дейсіз,  
Ұшқан құсқа оңай ма?  
Қиын да болса, Қобыланды
- 1300 Қиналамын, қайтейін.

- Уәдеңіз солай ма?  
Қазанның Сырлы қаласын  
Намаздігер өткенше,  
Намазшамға жеткенше,  
Түсірмесем өзіңе,  
Көрсетпесем көзіңе,  
Жан серігің мен сорды  
Сол жерде шал Құдайға!  
Қобыланды сынды батырың
- 1310 Риза болып, қуанып:  
— Әйт, жануар, шу, — деді,  
Аршындап Бурыл гуледі.  
Тау менен тасты көрмеді,  
Табаны жерге тимеді.  
Құлақтың түбі терледі,  
Терлеген сайын Бурыл ат  
Шабысты түзеп өрледі.  
Көлденең жатқан көк тасты  
Тіктеп тиген тұяғы
- 1320 Саз балшықтай иледі.  
Жақын қылды алысты,  
Берсін кімге намысты.  
Күн төбеден аумай-ақ  
Түзеді Бурыл шабысты.  
Қос құлағы тігілді  
Көлге біткен қамыстай.  
Түс ауған соң бүктелді  
Илеуі жеткен қайыстай.  
Байлаулы малдай шешілді,
- 1330 Төрт аяғы көсілді.  
Кеше кеткен қосынға  
Атылған оқтай Бурылмен  
Артық туған Қобыланды  
Бесінде келіп қосылды.  
Ауызға салып бір малта,  
Алдыңғы жаққа қарады.  
Көз ұшында бір адам  
Шауып кетіп барады.  
Шауып жетсе Бұқан ер,

- 1340 Сабылған аты қара тер.  
Аямай көмді қамшымен,  
Ширатыла шапты қарагер.  
Қатарласа Қобыланды  
Бұқанға келді: — Арма! — деп,  
Алдыңда кісің бар ма? — деп.  
Онда Бұқан сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Жылқы ішінде ала-ды,  
Қылшық жүнді қара-ды.
- 1350 Осынау дөңнің астында  
Қосдәулет кетіп барады.  
Тайбурыл атты құтыртып,  
Оған да келді сыпыртып:  
— Үлкен едің, арма! — деп,  
Алдыңда кісің бар ма? — деп.  
Осы топта адам жоқ,  
Жек көрер сендей баланы.  
— Осынау белдің астында  
Аққозы кетіп барады.
- 1360 Тайбурыл атты құтыртып,  
Оған да келді: — Арма! — деп,  
Алдыңда кісің бар ма? — деп.  
О да айтады: — Қалқашым,  
Жақсы көрер баласың.  
Алдыңда тек Қараман,  
Жетсең соған барасың.  
Оған айтты Қобыланды:  
— Жетемін, — деп ойлаймын, —  
Байқатты Бурыл шамасын.
- 1370 Кешеден бері шапқаны  
Әлі күнге көрмедім  
Құрдасымның қарасын.  
Бұлаңдаған Бурылға  
Тағы соқты қамшыны.  
Тайбурылдан тер ақты  
Сорғалаған қамшыдай.  
Найзасы түспей қолынан,  
Жұлдызы түспей соңынан.

- 1380 Бұқанға жеткен бесінде,  
Қарамандай досының  
Және жетті соңынан.  
Қобыланды жетіп сөйлейді:  
— Болғаның ба, досым-ай,  
Мақтаған атың осыма-ай?  
Он екі күнде жетерсің,  
Менің жауға тіккен қосыма-ай!  
Тауға біткен татыр-ай,  
Жарасар құрған шатыр-ай!  
Анау күні «қатын» деп,
- 1390 Қарамай кеткен батыр-ай!  
Қатын да болса, білдің бе,  
Құртқамның асыл затын-ай,  
Қатынның баққан атын-ай?  
Қалсаң өлім жақын-ай,  
Жүрмейсің бе, Қараман,  
Үш күн кейін соң қалып,  
Мен де озып барамын.  
Жүре берді бұларға  
Жалғыз сағат қарамай.
- 1400 Қала берді көп қият  
Бірі еруге жарамай.  
— Әйт, жануар, шу, — деді,  
Сонда Бурыл гуледі.  
Көлденең жатқан көк тасты  
Тіктеп тиген тұяғы  
Саз балшықтай иледі.  
Қарсы келген қабақтан  
Бурыл қарғып жөнелді.  
Баялышты шыңайттан,
- 1410 Бүлдіргелі құмайттан,  
Асу-асу шөлдерден,  
Қасқалдақты көлдерден,  
Асқар-асқар белдерден,  
Қан сасыған жерлерден —  
Үміт үзіп жол шекті,  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ ерлерден.



- Хан жайлаған Қаратау,  
Би жайлаған Алатау,  
1420 Одан да өтіп жол шекті.  
Ол төбе мен бұл төбе,  
Бауыры шұбар кең төбе,  
Күдердің қара дөңінен  
Бесінде өтті сеніммен.  
Астындағы Тайбурыл  
Арандай аузын ашады,  
Аяғын топ-топ басады.  
Бір төбенің тозаңын  
Бір төбеге қосады.
- 1430 Жаңбырдай тері сіркіреп,  
Жауатын күндей күркіреп,  
Тасыған судай тасады.  
Тағы жүрген құланның  
Ұзатпай алдын тосады.  
Көл жағалай отырған  
Көкқұтан мен қаздарды  
Көтеріліп ұшқанша,  
Белінен кесе басады.  
Өлген құстар көп қалды,
- 1440 Ақсары менен лашын  
Өлген құсты жеп қалды.  
Қоғалының Қулы көл,  
Жекелінің Желді көл,  
Қызғыштың Қызыл көл,  
Сеңгір-сеңгір таулардан  
Секіріп асып жөнелді.  
Астындағы Тайбурыл  
Секіріп ойнап жер басты.  
Алдыңғысынан артқысын
- 1450 Сынық сүйем кем басты.  
Көтеріле ұшқан қоңыр қаз  
Тозаңынан адасты.  
Бірде шауып желеді,  
Құлпырып ойнап, жер басып,  
Дөңгеленіп келеді.  
Намаздыгер өткенде,

- Намазшамға жеткенде,  
Қазанның Сырлы қаласын  
Қобыланды көреді.
- 1460 Қазанның көп жылқысы  
Жатыр екен алдында —  
Қаланың сыртқы бауырында.  
Бұлаңдаған Бурылмен  
Қобыланды жетіп келеді.  
Артық туған Қобыланды  
Қуалап жылқы алады,  
Айдап жөнге салады.  
Бір уақыт көңіл қылады,  
Бұзайын деп ойлайды
- 1470 Қазанның Сырлы қаласын.  
Қобыланды жалғыз ат қойып,  
Қаланың аузын қандатты,  
Көшенің аузын шаңдатты,  
Қақпадан атын қарғытты.  
Туырлығын тоқым қып,  
Керегесін отын қып,  
Үрерге итін қоймады.  
Баспақты сиыр, танаға,  
Жан шығармай далаға,
- 1480 Мал шығармай салаға,  
Өтірік емес, шын аға.  
Он екі күнде сәскеде  
Жалғыз адам қалдырмай,  
Сырлы қала бөндесін  
Артық туған Қобыланды  
Айдап шықты далаға.  
Жалғыз өзі Қобыланды  
Бұл қаланы алады,  
Артық бақыт табады.
- 1490 Қарауыл қарап қайтпаққа  
Бұлаңдатып Бурылмен,  
Асқар тауға барады.  
Таудың шығып басына,  
Ақ найзаға сүйеніп,  
Жан-жаққа көзін салады.

- Қараса, Қобыланды көріпті  
Қалың қият көп қосын  
Олар да келіп қамапты,  
Қазанның Қырлы қаласын.
- 1500 Қобыланды сынды батырға  
Қараман келіп сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді:  
— Артық туған Қобыланды,  
Балтам тастан өтпейді,  
Жамандар сөзді кектейді.  
Жүрмеймісің, батырым,  
Қызылбастың кентіне  
Сенсіз күшім жетпейді.  
Қобыланды сонда сөйлейді:
- 1510 — Атан ба екен, нар ма екен,  
Жая ма екен, жал ма екен,  
Шекер ме екен, бал ма екен,  
Ер бұзбаған қамалды  
Қатын бұзған бар ма екен?!  
Мал саттым базар бөзіне,  
Салсаң жылқы тоқтайды  
Арқаның қалың бозына.  
Жолама менің өзіме,  
«Қатын» деп айтқан сөзіңді
- 1520 Сен бір айтсаң, екі айттым,  
Келмеді ме кезіңе.  
Көрінбе менің көзіме,  
Неше батыр болсаң да,  
Үйде қалған Құртқаның  
Сатса алмаймын өзіне.  
Өзі түгіл алмаймын  
Сағынғанда бір ауыз  
«Жаным» деген сөзіне.

Қараман бұл сөзді есітіп, шыдап тұра алмай, өкпелеп жөніне жүре берді. Қобыланды батыр біраз ойланып тұрды да, «қанша айтқанымен жылы бірге жолдас еді, қатеден айтқан бір ауыз сөзіне бола көңілін қалдырмай-ақ қояйын» деп шақырып, өкпелерін айтысып, екеуі де қосынға келді.

*Қобыландының қырғыздың қазған орынан секіртпекші болып атына айтқан сөзі*

- Қобыланды тұрып сөйлейді:  
1530 — Мал саттым базар бөзіне,  
Салсаң жылқы тоқтайды  
Арқаның қалың бозына.  
Тұлпарым, саған айтайын,  
Құлағың сал сөзіме.  
Шекер менен бал қандай,  
Жая менен жал қандай?  
Анаңыз тұлпар деуші еді,  
Қырғыздың қазған орынан  
Қарғимысың, жай қандай?
- 1540 Тайбурыл сонда сөйлейді:  
— Артыңда қалды еліңіз,  
Болды ма менде кегіңіз?  
Анамыз Құртқа деген соң,  
Сатылмайды теріміз.  
Қысылған жерде дем берсін  
Жылқышы Қамбар піріміз.  
Ойыңа алсаң қоймайсың,  
Артық туған шеріміз.  
Салған қолқаң сол болса,
- 1550 Қарғысам қарғып көрейін,  
Тәуекел етіп көріңіз!  
Қобыланды сынды еріңіз  
— Әйт, жануар, шу, — деді,  
Бурыл бұлқып гуледі.  
Ортасына шәһардың  
Бурыл келіп топ етті,  
Жердің шаңы бұрқ етті.  
Төрт аяғы тиген жер  
Тесіле жаздап солқ етті.
- 1560 Іркілмей Қобыланды жүрген соң,  
Қайтпасын батыр білген соң,  
Қарақасқа ат мінген  
Ат құйрығын шарт түйген,  
Артына сауыт бөктерген,

- Алдына дабыл өңгерген,  
Алмағанға дем берген,  
Азды-көпті тең көрген,  
Құдайдан дұшпан сұраған,  
Жау көрмесе жылаған,  
1570 «Қолына жұмсақ болсын» деп,  
Найза ұстаған жеріне  
Топтап жібек ораған.  
Шын қаһары келгенде  
Жаңбыры қардай бораған.  
Суда болар сары сазан,  
Молдалар айтар бес азан.  
«Жеке бала, жеке», — деп,  
Алдынан шықты ер Қазан.  
Қазан келіп сөйлейді:  
1580 — Атыңды сұрасам кім деймін,  
Жөніңді сұрасам кім деймін?  
Қалжың сөзге көнбеймін?  
Ашуыма көп тисең,  
Үстіңдегі ақ сауыт,  
Астыңдағы Бурыл ат  
Қан тигізбей бер деймін!  
Атыңның жалы жатыпты,  
Алыс жолдан келгендей.  
Қабағың сенің қатыпты,  
1590 Түн ұйқыңды бөлгендей.  
Атыңның бауыры жарапты,  
Көп шабуыл көргендей.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Мал саттым алтын-күміске,  
Ат алудан қашпаймын,  
Алғанымша асықпа.  
Келмей жатып ат сұрап,  
Қызылбас, неден есірдің?!  
«Қырғыздың қызы сұлу» деп,  
1600 Сүйемін деп келіп ем,  
Бұл сапарда жесірді.  
Шыдамасаң, бері кел,  
Көрсетейін кесірді.

- Атасы жаман анасыз,  
Атамды сұрап не етесіз?  
Атаңыз бар-ды жетесіз,  
Анаңыз бар-ды некесіз,  
Жоқ сөзді айтып нетесіз?!  
Көзіңді сал ойыныма,  
1610 Қылышым тиер мойныңа,  
Қан сорғалар қойныңа.  
Атаңа нәлет ит қалмақ,  
Басылмаған есерсің,  
Патсайыдан киген қамқанды  
Қан қылмай-ақ шешерсің.  
Қарақасқа тұлпардың  
Сауырынан түсерсің.  
Мойыныңнан аққан қызыл қан  
Шамаң келсе, ішерсің.  
1620 Жауға шабар ер жігіт  
Жаманнан ақыл сұрамас.  
Бетімнен қаһар шығады  
Жаңбыры қардай аралас.  
Мұсылманның баласы  
Өзім өлмей жыламас.  
Іздегенім қызылбас,  
Аты, тонын әр жерде  
Беруші еді сендей нас.  
Қылышпен өлтірсем,  
1630 Қиқалады дерсің сен.  
Найзаменен өлтірсем,  
Миқалады дерсің сен.  
Садақпенен өлтірсем,  
Қапыл қалдым дерсің сен.  
Мылтықпенен өлтірсем,  
Жазым қалдым дерсің сен.  
Мінген атың құла ғой,  
Сендер көп те, мен жалғыз,  
Қолыңа келді бір бала,  
1640 Білгеніңді қыла ғой.

- Ел жайлауы Арыс-ты,  
Батырлар қылды намысты.  
Өуелі тәуір сөйлесіп,  
Артынан шайтан жабысты.  
Шайтан емей немене,  
Ырғай сапты найзаны  
Ырғай-ырғай салысты,  
Итерісіп тұрысты.  
Найза қанға майысты,  
1650 Ат тізесін бүгісті,  
Бүге-бүге тұрысты.  
Қанжар қалды қайысып,  
Семсер қалды майысып.  
Қақырығы қан татып,  
Түкірігі жын татып,  
Ерлер жаннан түңілді,  
Аш күзендей бүгілді.  
Бір уақыттар болғанда,  
Артық туған Қобыланды  
1660 Найзасын ырғап енгізді.  
Ат сауырына мінгізді,  
Қазанды жерге төндірді.  
Ту жығылар айшықты,  
Ақ денеден қан шықты,  
Суырып алды, жан шықты.  
Сыртқы қорған ішінде,  
Ішкі қорған тысында  
Қазан ердің аузына  
Қобыланды құйды балшықты.  
1670 Қазан аттан құлады,  
Көріп кәпір шулады.  
Ұлан байтақ жұртына  
Тегіс хабар салады,  
Халқын жинап алады.  
Жалғыздығын білген соң,  
Қобыланды сынды баланы  
Самсап тұрған көп кәпір  
Тұрған жерде қамады.  
Артық туған Қобыланды

- 1680 Жалғыздығын білген соң,  
Толып жатқан көп көпір  
Қамағанын көрген соң,  
Жалғыздығын айтып жабығып,  
Бір Төңірге зарланып,  
Қобыланды тұрып сөйлейді:  
— Өзі болат, өзі өткір  
Бұрынғы ердің найзасы.  
Бақ қараған жігіттің  
Басында болар айласы.
- 1690 Алды-артымда сүйеу жоқ,  
Қараспандағы халқымның  
Қайда бір маған пайдасы?  
Мініп шықтым елімнен  
Астымда Бурыл дөненді,  
Көкке тойған көбеңді.  
Қызылбас қашып, мен қалсам,  
Ерлігімді кім айтар еді  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ көп елге?
- 1700 Мал саттым базар бөзіне,  
Салсам жылқы тоқтайды  
Арқаның қалың бозына.  
Сал құлақты сөзіме,  
Құдай жалғыз, мен жалғыз,  
Бір шыбындай жан үшін  
Жаратқан жанды бір Құдай,  
Жалынамын өзіңе.  
Бұл дұшпанның қолында  
Қаза тауып мен өлсем,
- 1710 Үстімдегі ақ сауыт,  
Астымдағы Тайбурыл  
Жалғызыңның исі деп,  
Кім апарып көрсетер,  
Кемпір-шалдың көзіне?  
Осыны айтып болған соң,  
Қиналарын білген соң,  
Бауыры жазық Тайбурыл  
Шиыршық атып ойнайды.



- Батыр туған Қобыланды  
1720 Ерегескен дұшпанның  
Басын жоймай қоймайды.  
Қылқобызға жағады  
Қарағайдың шайырын.  
Пішеншілер алады  
Тырмасы мен айырын.  
Шабамын деп батыр тұр,  
Жосылуға кәпір тұр,  
Алла берсе қайырын.  
Шабайын деп Қобыланды,  
1730 Тайбурылды аршындап,  
Бурыл тұлпар ұмтылды.  
Аузынан аққан ақ көбік  
Омырауын жапты балшылдап.  
Кейін қалып, көп шаншып,  
Ақ сұңгісі кетеді.  
Қарап тұрса Қобыланды  
Әскербасы көп төре  
Алдынан шулап өтеді.  
Шабайын деп Қобыланды  
1740 Алтынды қалпақ, жез телпек  
Баса киді көзіне.  
Тындасаңыз, құлақ сал,  
Кенелтем айтқан сөзіме.  
Артық туған Қобыланды,  
Қырық шөрлі қызылбас  
Қырық кісідей батырдың  
Көрінбеді көзіне.  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігінен мұз жауып,  
1750 Қатуланып, қаттанды,  
Буырқанды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды.  
Самсап тұрған кәпірге  
Қобыланды жалғыз тиеді,  
Бөлек-бөлек қылады,  
Бөлінген қойдай қырады.  
Қасқыр шапқан қойдай қып,

- Қамап кетіп барады.  
Жолбарыс шапқан құландай,  
1760 Шошып кетіп барады.  
Ұрттап ішіп, қан төгіп,  
Тойып кетіп барады.  
Үш мың атты бір сайға,  
Төрт мың атты бір сайға  
Қойып кетіп барады,  
Қайтарында алмаққа.  
Тізгіндерін қосақтап,  
Түйіп кетіп барады.  
Тұла бойы сал болып,  
1770 Ақ білегі қан болып,  
Көргендерге таң болып,  
Үсті-басы шаң болып,  
Жау үстіне жол салды,  
Үкімін батыр мол салды.  
Он жеті күн болғанда,  
Мың сан қолды тауысып,  
Тайбурыл атпен бұлаңдап,  
Қобыланды жалғыз бұл қалды.  
Сол қаланың әйелі  
1780 Ерлерінен айырылып,  
Бәрі де жесір, тұл қалды.  
Әбзел салды алаға,  
Тәңірі берді көп бақыт  
Қобыланды сынды балаға.  
Ат қоймаққа ойлады  
Қазанның Қырлы қалаға.  
Нақ бесінде жад етті  
Жеті кәміл бабаға.  
Мал шығармай салаға,  
1790 Жан шығармай далаға,  
Жалғыз адам құтқармай,  
Қырлы қала пендесін  
Артық туған Қобыланды  
Айдап шықты далаға  
Қазанның екі қаласын.  
Қазына алтын-күмісін,

- Малын, жанын ызғытып,  
Осыншама көп малды  
Айдап жөнге салады.
- 1800 Жалғыз туған Қобыланды  
Артық бақыт табады.  
Толып жатқан көп жаман  
Көп олжаға кенелді.  
Қаладан сыртқа шыққан соң,  
Көп қосын көшпей бөгелді.  
Атадан жаман туғандар,  
Екі-үш күн етке тойғандар  
Қоста отырып кеңесті.  
Кеңескенде не десті:
- 1810 — Жалғыз жүріп Қобыланды  
Қаланы бұзып алдым дер.  
Күліп жатқан жаманға  
Олжаны өзім салдым дер.  
Жиып шықты Қараман  
Қияттан көп нөкерді.  
Қобыланды елге сау барса,  
Сөніміз біздің кетер, — деп,  
Ақылдасты көп қият  
«Жалғыз атты қыпшақты
- 1820 Өлтіріп кетсек нетер?», — деп.  
Айтса дағы қылмады,  
Мұраты қабыл болмады.  
Артық туған Қобыланды  
Толып жатқан қиятты  
Есепсіз малға тойғызды.  
Арамдыққа берілген  
Жамандардың бұл сөзін  
Қараман сезіп қойғызды.

Қобыланды батыр құрдасы Қараманмен ақылдасып, Қазаннан алған көп малды қасындағы нөкерлеріне айдатып жіберіп, өздері аздап дем алуға тоқтап қалды. Неше күн ұйқы, күлкі көрмеген Қобыланды құрдасы Қараманға: — Өлі де жау жеріндеміз ғой, мүмкін қуғыншылар болар, сондықтан сен қарауылда бола тұр, мен ұйықтап дем алайын, — деді.

Қобыланды ұйқыға кетті, Қараман күзетте тұра берсін. Енді аздап Көбікті ханның жағдайына келейік.

- 1830 Босып барды қалың жұрт  
Қырлы, Сырлы қаладан.  
Айрылды деп Қазандай  
Батыр туған данадан.  
Қобыланды деген бір жебір  
Шығыпты қыпшақ қарадан.  
Жасы он үште болғанмен,  
Мыңға өзін балаған.  
Болды таңба сүйекке  
Өлгені батыр Қазанның  
Қаршадай жас баладан.
- 1840 Алтын қақпа боялды  
Қырылған қалмақ қанына.  
Ешкім санап жете алмас  
Өлгендердің санына.  
Жолбарыс та бара алмас  
Қобыландының жанына.  
Шауып алып ел-жұртын,  
Жүре берді-ау жайына.  
Келдік, міне, өзіңе  
Олардан қашып тайына.
- 1850 Бұл хабарды естіген,  
Көбікті хан ойланды:  
«Қият — қыпшақ халқына  
Салармын, — деп, — ойранды.  
Ұрттап қанын ішермін  
Қазандай ерді жойғанды.  
Қырлы, Сырлы қаланың  
Байлығына тойғанды.  
Арындап келіп олжа алып,  
Көңілі тасып тойғанды.
- 1860 Қазаным, менің Қазаным,  
Жауына берген жазаны.  
Ең ауырын аямай,  
Қаптаған қият сазайын.  
Кегінді алып, Қазаным,

- Қобыландысын өлтіріп,  
Көп қиятқа көр қазайын».  
Көбіктіде ер еді,  
Соқтыққан жауын жеңеді.  
Қасына ерген нөкерге
- 1870 Көп олжа тауып береді.  
Астына мінген кер еді,  
Бүкең қағып желеді.  
Күн сәскеге жеткенде,  
Сарыөзеннен өткенде,  
Тау суындай сарқырап,  
Ақ сауыты жарқырап,  
Тарлан атпен Көбікті  
Бұларға келді барқырап.  
Көбікті сонда сөйлейді:
- 1880 — Ел иесіз дедің бе,  
Көл иесіз дедің бе,  
Жан иесіз дедің бе?  
Байтақ жатқан елімді  
Еңіреткен кім еді?!  
Елімнің қалың жылқысын  
Айдап кеткен кім еді?  
Батыр жігіт, қайдасың,  
Батырлар табар айласын?!  
Сол уақыттар болғанда
- 1890 Көбіктіні шаншуға,  
Қарамандай еріңіз  
Ыңғайланды найзасын.  
Көп қиятты басқарып,  
Өр уақытта бұ дағы  
Ойлаушы еді пайдасын.  
«Ұйқысын бұзбай Қобыланның  
Табармын, — деп ойлады —  
Жекпе-жекте айласын».  
Қараман ерлік бастады,
- 1900 Ерлігін Алла қоспады.  
Денесіне тигізбей,  
Көбікті дінсіз ит қалмақ  
Қараманның найзасын

- Шоқпармен қағып тастады.  
 Ұмтылумен Көбікті  
 Қараманды ұстады.  
 Көбіктінің ерлігі  
 Мұсылманнан асады.  
 Жас күшіктей шыңғыртып,  
 1910 Қараманды Көбікті  
 Тақымына басады.  
 Құлық пенен сұмдықты  
 Көбікті тағы ойлады:  
 «Оянып кетсе, болмас», деп,  
 Қобыландыны Көбікті  
 Ұйықтап жатқан жерінде  
 Тоғыз қабат тор тастап,  
 Бекітіп әбден байлады.  
 Ол уақытта Қараман  
 1920 Ұйықтап жатқан Қобыланды  
 Оятуға болмады.  
 «Енді үзіп кетпес» деп,  
 Қобыландыны Көбікті  
 Оятпаққа сайланды.  
 Түртіп еді Көбікті,  
 Қобыланды тұрмады,  
 Ұйқысын Қобылан бұзбады.  
 Дұшпан деген ойда жоқ.  
 Жиып алды Көбікті,  
 1930 Қару-жарақ бойда жоқ.  
 Қаперсіз жатып дұшпаннан  
 Басынан өтті дүние боқ.  
 Аңдаусыз жерде Қобыланды  
 Пенде болып дұшпанға,  
 Табанына тиді шоқ.  
 Бір уақта оянып,  
 Қобыланды көсілді.  
 Дұшпан деген батырдың  
 Өлі де жоқ есінде.  
 1940 Көбіктінің байлаған  
 Тоғыз қабат торының  
 Бес қабаты шешілді.

- Көбікті тұр таңғалып,  
Қобыланды қалды сандалып.  
Қобыланды батыр сасады,  
Басынан бақыт қашады.  
Ыза болып Қобыланды,  
Жын қаққанға ұсады.  
Кісен салып Көбікті,  
1950 Қараман мен Қобыланның  
Аяқтарын тұсады.  
Жеті көміл бабасын  
Жад етуге жаңылды.  
Не қылса да бұларды  
Енді қара басады.  
Бұл екеуін Көбікті  
Тақымына қысады.  
Қос батырдың қос тұлпар —  
Жылқысын да тұсады.  
1960 Белес-белес бел еді,  
Тарлан атпен желеді.  
Асып тұрған қатардан  
Көбікті де ер еді.  
Дұшпанын батыр мұқатып,  
Ауылына келеді.  
Қалыңнан соққан қарсақтай,  
Салақтатып Көбікті,  
Тақымында қос батыр  
Ұлы сәске кезінде  
1970 Шәріне кеп енеді.  
Көбікті келе сөйлейді:  
— Үйдемісің, Қарлыға,  
Жер астына бір түсер  
Бұл адамның барлығы,  
Алланың кеп тұр жарлығы.  
Қайысқан болат сынғандай,  
Желіккен көңіл тынғандай.  
Өтірік қандай, шын қандай,  
Сені берсем күйеуге,  
1980 Екі пенде әкелдім  
Бас жетімге қылғандай.

- Көгершін қонып қабаққа,  
 Сұңқар беріп тамаққа,  
 Жауып таста апарып  
 Қос кілтті лабаққа!  
 Қарлыға мінген кер еді,  
 Маң-маң басып келеді.  
 Аты әйел демесең  
 Бұл шәһардің бегі еді.
- 1990 Байлауда жатқан батырдың  
 Екеуін екі қолтыққа  
 Боқжамаша қысып ап,  
 Ақырын алып жөнеді.  
 Көтеріңкі қабаққа,  
 Апарып жауып тастады,  
 Қос құлыпты лабаққа.

Екі батырды жауып қойып, Қарлыға ойланады. «Мен бұрын да мұсылман болғым келіп жүруші едім, осы екеуімен үйлесем, осыларды босатып кетейін. Егер келіспесе, осында жатып шіріп өлсін», — деп, екі батырға айтқан сөзі:

- Тауға бітер ай татыр,  
 Ол татырда мал жатыр.  
 Байлауда жатқан қос батыр,
- 2000 Мейіз берсем, жеймісің?  
 Қазан сынды батырды  
 Өлтіріп қашқан ермісің?  
 Қолыңды шешіп, қашырсам,  
 Қарлыға қыз қашырмай,  
 Өзім қаштым дермісің?  
 Қараман сонда сөйледі:  
 — Менің өзім нашармын,  
 Түтікпен ауыз ашармын,  
 Бұл бейнеттен құтқарсаң,
- 2010 Болайын сенен тасадтық,  
 Қарлыға, босат қолымды.  
 Қобыланды сонда сөйлейді:  
 — Хош, аман бол, Қараман,  
 Сен қашсаң да, мен қашпан.



- Ат жолынан адасқан  
Ердің жолын Тәңірі ашқан.  
Алты жаста ат мініп,  
Он үш жасқа келгенде,  
Жаратқан жалғыз бір Құдай,  
2020 Қызылбасқа қас қылдың.  
Кет, Қарлыға, қасымнан  
Езе берме бұл шақта  
Дәулет құсы ұшты деп,  
Бір сағат болмай басымнан.  
Өшті болған атаңнан  
Өшімді алмай мен қашпан.  
Кекті болған атаңнан  
Кегімді алмай мен қашпан.  
Кәпірге деп жаратқан  
2030 Дұшпан қылып Құдайым  
Қобыландыны о бастан.  
Қалам салдым қалтама,  
Алты жаста ат мініп,  
Он үш жасқа келгенше,  
Таулар күйіп, тас жанды  
Қобыланды деген атыма.  
Қорған болып туғанмын  
Әуелден-ақ халқыма.  
Асықпаңыз, Қарлыға,  
2040 Бір мінерсің Бурылдың  
Жайдақ сауыр артына.  
Әуелі Құдай жалындым,  
Ата-анамды сағындым.  
Жауға пенде болғаным  
Қара басып өзімді,  
Ұйқы басып көзімді,  
Кәміл пірімді жаңылдым.  
Қараман, барсаң сәлем де  
Азулы деген көлдерге,  
2050 Асқар-асқар белдерге,  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ елдерге.  
Және сәлем дегейсің

- Ит жүгіртіп, құс салған,  
Найза ұстаған ерлерге!  
Және сәлем дегейсің,  
Тұлпар мініп, ту алған  
Бұрынғы жолдас, бектерге!  
«Кәпірге пенде болды» деп,
- 2060 Үлкен аға, кіші іні  
Ойға алмас біздерден.  
Е, дариға, дүние-ай!  
Асқар, асқар белдерім,  
Азулы деген көлдерім.  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ елдерім.  
Ол елімде көп еді  
Тұлпар мініп, ту алған,  
Қатар өскен жасымнан,
- 2070 Найза ұстаған ерлерім.  
Жазым болып, көз жұмсам,  
Ағайыным жоқ еді,  
Кім іздейді, достарым,  
Еске түсіп, жылаймын  
Неше алуан шерлерім.  
Қараман, және сәлем айт,  
Мені іздемей жатпасын  
Қатар туған, тең өскен  
Құрбы туған бозбала.
- 2080 Пенде болып жатырмын,  
Қазам жетіп, көз жұмсам,  
Қариялардың айтқаны  
Келмеді ме басыма,  
«Осы емес пе деген сөз  
Опасыз дүние ақырда».  
Болат қылыш қынына  
Жау үстінде салынбас.  
Қынжылмасын елдегі  
Аға, іні, қарындас.
- 2090 Өлтірсе де кескілеп,  
Көбікті кеп қолынан.  
«Босата көр мені», — деп,

Қобыланды оған жалынбас.  
Шын болса егерде  
Туғаным менің батыр боп,  
Алдауға ешбір шалынбас.

Қобыланды сөзін айтып болған соң, Қарлыға: — Мен екеуіңізді де босатайын, өзім де мұсылман болып, сіздермен бірге болайын, — деп, екеуін де босатады. Бірақ Қобыланды тұрмайды, көтеріп тұрғызғысы келіп еді, Қарлыға Қобыландының бір аяғын да көтере алмады. Кеше бір қолмен көтеріп әкеп, бүгін бір аяғын қозғалта алмағанына Қарлыға таңданды. Ақырында Қараманды жіберіп, жылқыдан алдыртып, санына қылбұрау салып, Тайбурылды шыңғыртады, сонда Қобыланды шыдай алмай, ашуланып, жүгіріп шығады. Сонда Қарлыға: — Кел, батыр, атқа мін, үйде жатып жаудан кек алмас болар, майданға шық, — деп, Қобыландыны атқа мінгізіп, өзі жаяу еріп, әкесінің жылқысын айдасып жүре береді.

- Артық туған Қобыланды  
Тайбурылға мінеді.  
Бадана көзді ақ сауыт  
2100 Денесіне киеді.  
Беліне байлап болатты,  
Қарына найза іледі.  
Қараманмен екеуі,  
Арманда қалған қос батыр  
Көбікті ханның жылқысын  
Айдап ала жөнелді.  
Артық туған Қарлыға  
Бозжорға аттай ырғалып,  
Асқар-асқар бел қалып,  
2110 Ата-ана, қарындас,  
Қалың шөһар ел қалып,  
Туып-өскен жер қалып,  
Қобыланды еске түскенде,  
Қыздың шері қозғалып.  
«Бір жасаған Құдайым  
Қай сын салса, көнем, — деп,  
Арманым жоқ дүниеден

- Қобыландымен бас қосып,  
Бірге жүріп өлсем», — деп,  
2120 Өзі жаяу Қарлыға  
Қос батырмен қосылып,  
Әкесінің жылқысын  
Бірге айдасып келеді.  
Құба дөңнен өткенде,  
Сарыөзенге жеткенде,  
Көбіктінің Тарлан ат  
Әуеге қарап есінеп,  
«Ием бе» деп кісінеп,  
Жау екенін білген соң,  
2130 Жылқы ішінде ала-ды,  
Қайта айналып шөһарға  
Тарлан ат қашып барады.  
Жалғаса қуған екеуі  
Қарасын көрмей қалады.  
Өзі жаяу Қарлыға  
Тарлан аттың артынан  
Бұ да салды қалаға.  
Ат та келді қалаға,  
Қыз да барды қалаға,  
2140 Өтірік емес, жан аға.  
Қыздың ойы ғашықтық  
Қобыландыдай балаға.  
Тарлан ат қашып келіпті,  
Естіпті дүбір Көбікті.  
Ат барған соң Көбікті,  
«Ат ертте», — деп желікті.  
Сол дыбыспен Қарлыға  
Әкесіне келіпті.  
Қарлыға келіп сөйлейді:  
2150 — Көзге түсер биік там,  
Таң болар мені көрген жан,  
Ұйқыңды бұзба, атажан.  
Сорлы атам неге желіктің,  
Өзім жаңа байладым  
Өзіңе серік тұлпарың  
Жем жейін деп келіпті.

- Осы сөзбен Қарлыға  
Көбіктіні жатқызды,  
Өбілетке батқызды.
- 2160 Тарлан атқа Қарлыға  
Алтын тұрман ер салды,  
Аз ғана азық жем салды.  
Қобыланды еске түскенде,  
Қыздың шері қозғалды.  
Ақмоншақ атқа мінеді,  
Ноғай бөркін киеді.  
Төбе шашын түйеді,  
Ақ сүңгісін қолға алып,  
Оқ жыландай толғанып,
- 2170 Қобыландыға қосылып,  
Әкесінің жылқысын  
Бірге айдасып жөнелді.  
Сарыөзенге келгенде,  
Күн сөскеге жеткенде  
Тарлан аттың інісі  
Оттамайды, жусайды,  
Бүкжеңдеп жүрмей келеді  
Жамандатқыр көк бесті —  
Қашаған көктің інісі.
- 2180 Жылқы ішінде ала-ды,  
Қылшық жүнді қара-ды.  
Әуеге қарап есінеп,  
«Ием бе» деп кісінеп,  
Жау екенін білген соң,  
Құс құйрығын тарады.  
Желкесіне қарады,  
Бауырынан жарады.  
Қайта айналып көк бесті,  
Шәһарға қашып барады.
- 2190 Жалғаса қуған үшеуі  
Қарасын көрмей қалады.  
Қашып барып көк бесті,  
Қаласына еніпті.  
Есітіп дүбір Көбікті,  
Ат барған соң желікті.

Кеткенін біліп қызының,  
 Қаһарланып Көбікті,  
 Көк бесті атқа ер салды,  
 Аз ғана азық жем салды.  
 2200 Ат басындай тас шоқпар  
 Көбікті батыр қолға алды.  
 Көбікті мініп аттанды,  
 Бұрынғы тартып салтына.  
 Жылқысын алған жаулардың  
 Көбікті түсті артына.

Көк бесті қашып кеткен соң, Қарлыға Қобыландыға айтады: — Менің әкемді айламен алмасаң болмас, үстіндегі ақ сауытты өзім соқтырып едім. Кіндік түбінен үш көзі кем кеткен еді, сол жеріне болмаса, басқа жерінен оқ өтпейді, — деді. Қараманға жылқыны айдатып жіберіп, Қобыланды батыр жау жолында қасқып тосып тұрып қалды.

Көбікті ханның келісі:  
 Белес-белес бел еді.  
 Өзінің көпір халқына  
 Белгілі болған ер еді.  
 2210 Бірде шауып желеді,  
 Бірде жортып келеді.  
 Ұлы сәске кезінде  
 Тау суындай сарқырап,  
 Ақ сауыты барқырап,  
 Қобыланды сынды батырдың  
 Үстіне келді жарқырап.  
 Қобыланды сонда сөйлейді:  
 — Басымнан дүние өттің бе,  
 Шыны тағдыр жеттің бе,  
 Өлшеулі күнім, біттің бе?  
 2220 Қысылған жерде жар болмай,  
 Өруақты атам Шашты Әзіз,  
 Жеті көміл пірім-ай,  
 Ұмытып-ақ кеттің бе?  
 Сыңғыр қолым сынды ма,  
 Шыққыр көзім шықты ма?

- Жалғыздық қайғы басымда,  
Жолдасым жоқ қасымда.  
Мұндай қайғы көрмедім  
Өзімнің өмір жасымда.
- 2230 Жалғыз шығып елімнен,  
Артықша жедім уайым.  
Шыбыным сізге аманат,  
Жаратушы Құдайым.  
Пірлеріне сиынып,  
Артық туған Қобыланды  
Қорамсаққа қол салды,  
Бір салғанда мол салды,  
Көп оғының ішінен  
«Сұр жебе» деген оқты алды.
- 2240 Суырып алған сұр жебе  
Көп оғына жол салды.  
Кезеуінде кезеді,  
Ойдағыдай созады.  
«Қалмақы ердің қасы, — деп,  
Көк бесті аттың басы, — деп,  
Қақ жүректің тұсы, — деп,  
Өлер жерің осы, — деп,  
Толықсып келген көпірді  
Артық туған Қобыланды
- 2250 Толғап тартып қалады.  
Кірістен оғы кетеді,  
Көпірге таман жетеді.  
Қобыландының оғымен  
Көбіктінің кеудесі  
Ұшып бірге кетеді.  
Атта қалды бөксесі,  
Оқпен кетті кеудесі.  
Артық туған Қобыландының  
Қабыл болды тәубесі,
- 2260 Жәрдем болып бабасы.  
Көпірлерге Қобыланды  
Жас күнінен-ақ өш еді.  
Қылышын шауып, оқ атып,  
Дұшпанын алды мұқатып.

- Қобыландыны бұл сапар  
Жасаған Құдай қалады,  
Жеті кәміл бабаны.  
Көбікті кәпір дінсіздің  
Оқпен түскен кеудесі
- 2270 Анадай жатқан шылбырға  
Еңбектеп кетіп барады.  
Шылбырын қолға алады,  
Оқпен түскен кеудесі  
Қару қылар қуат жоқ,  
Қобыландыға қарады.  
Қобыланды мініп атына,  
Суырып алып қылышын,  
Көбіктіні шабады.
- 2280 Ерегіскен дұшпанын  
Мұқатып әбден алады.  
Қақ маңдайға Қобыланды  
Қылышпенен салады.  
Қозғалуға дәрмен жоқ,  
«Қызың жетсе он беске  
Атып өлтір бетпақты», —  
Деп Көбікті батырың  
Сақалын жұлып жылады.  
Қобыланды басқа шапқан соң,  
Көбіктідей батырың
- 2290 Сақалын жұлып жылады.  
Екі қолдан әл кетіп,  
Жаһаннамға жан кетіп,  
Шоқпары түсіп қолынан,  
Топырақ қаба құлады.  
Көбіктіні өлтіріп,  
Сәтіне ісін келтіріп,  
Көк бесті атты жетелеп,  
Жүрер жолын төтелеп,  
Қарлығаға қосылып,
- 2300 Жібектей болып есіліп,  
Қарлыға мен Қобыланды  
Аударыспақ ойнайды.  
Артық туған Қобыланды



- Ерегiскен дұшпанның  
Басын жоймай қоймайды.  
Белес-белес жер еді,  
Белгілі болған ер еді.  
«Қобыландыдан артық па,  
Өліп кетсем жаным?» деп,  
2310 Алдында бір тоғайда  
Қараман тосып тұр еді.  
Қобыланды мен Қарлыға  
Үстіне жетіп келеді.  
Қараман шықты алдынан:  
— Жылқы жайдым жапанға  
Асқар үлкен тауға, — деп.  
Артық туған Қобыланды,  
Қайрат қылдың жауға, — деп.  
Жетіп келді Қараман:  
2320 — Құрдасжан, бізге сауға, — деп.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
Жая менен жал құрдас,  
Шекер менен бал құрдас.  
Көбіктінің көп жылқы  
Олжаға қоспай ал тұтас.  
Қараман сонда сөйлейді:  
— Мал саттым базар бөзіне,  
Салсаң жылқы тоқтайды,  
Арқаның қалың бозына.  
2330 Жаман-жақсы айтсам да,  
Наз етемін өзіңе.  
Олжаның келдім кезіне,  
Құлағың сал сөзіме.  
Көзің қиып берсеңіз,  
Қолқа қылдым, құрдасжан,  
Қарлығаның өзіне.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Құртқа баққан Тайбурыл  
Астымда дөнен мінгенім.  
2340 Тайбурылды мінген соң,  
Дұшпанға теңдік бермедім.  
Он үш жасқа келгенше,

- Басыма түскен кемшілік  
Көбіктіден көргенім.  
Ата-ана, көп елім  
Хабарсыз жатыр жерінде.  
Көп қайғының ішінде  
Менің бүйтіп жүргенім.  
Мынау тұрған Қарлыға  
2350 Ата-ана, көп жұртын  
Қиып еді мен үшін  
Артықша тиіп пайдасы.  
Көбіктінің өлгені —  
Қарлыға қыздың айласы.  
Көбіктінің көрдің өлгенін,  
Тәңірім бақты бергенін.  
Қызметі көп еді,  
Артықша мақтап айтпаймын.  
Мынау тұрған Қарлыға —  
2360 Өзі сүйсе, бергенім.  
Қарлыға жауап айтқанша,  
Қараман келіп сөйлейді:  
— Мұңлық пенен Зарлық, — деп,  
Түйенің көркі нарлық, — деп,  
Жүктің көркі сандық, — деп.  
Сауға тілеп, өтініп,  
Құрдасымнан қыз алдым,  
Татулыққа нандық, — деп.  
Қарлығаны Қараман  
2370 Жетелеп ала жөнелді,  
Құрдасжан берді, алдық, — деп.  
Мінген аты дөнен-ді,  
Үшеуі тоқтап бөгелді.  
Азырақ тұрып сөйлесіп  
Болғаннан соң үшеуі,  
Көбіктінің жылқысын  
Гулетіп айдап жөнелді.  
Ақ бөкендей жосылды,  
Төрт аяғын көсілді.  
2380 Қияттан шыққан көп құлға  
Үшеуі келіп қосылды.

- Атқа мініп желгендей,  
Ер қадірін білгендей,  
Қобыландыменен ісі жоқ,  
Құрметтейді көп қият  
Қараманды сол жерде  
Олжаны өзі ап келгендей.  
Нәсілі жаман көп қият  
Қараманды көтеріп,  
2390 Ат үстінен алады,  
Астына мамық салады.  
Соншалықты құрметпен  
Күтіп оны алады.  
Қобыланды сынды батырдың  
Атын ұстар кісі жоқ,  
Нәсілі жаман көп қият  
Бұл батырмен ісі жоқ.  
Мінген аты қызыл-ды,  
Сын тағдырға сызылды.  
2400 Олжаға көңіл біткен соң,  
Толып жатқан көп қият  
Көшпекке көңіл бұзылды.  
Байдың қызы жамылар  
Масаты шекпен, қамқасын.  
Қобыландымен ісі жоқ,  
Үдере көшті көп қосын.  
Керуен барып қонған соң,  
Артық туған Қобыланды  
Жалғыздық айтып жабығад,  
2410 Бір Тәңірге жад етіп.  
Жалғыздық жаннан өткен соң,  
Сүйекке намыс жеткен соң,  
Қарамандай құрдасы  
Көп қиятқа бас қосып,  
Есіне алмай құрдасын,  
Көптік етіп, мастанып,  
Қобыландыдай батырды  
Жалғыз тастап кеткен соң,  
Қобыланды наз ғып сөйлейді:  
2420 — Опасыз дүние осы ма,

- Жалғыздық түсті басыма.  
Толып жатқан қияттан  
Жан келмейді қасыма,  
Жаман да болса, дүние-ай,  
Көптің ісі бітеді,  
Жалғыздың ісі жетеді.  
Еңбекпен тапқан олжамды  
Еште бір қандай еңбексіз  
Қияттар алып кетеді.
- 2430 Ақылсыз туған мен байғұс  
Бүйтіп жалғыз жүргенше,  
Қараспанды жайлаған  
Қалың қыпшақ көп елден  
Ондап, бестеп қасыма  
Жігіт алсам не етеді?!  
Мен байғұстың басымнан  
Қаңғырып жалғыз жүргенде,  
Арманменен, дариға-ай,  
Дүние бір күн өтеді.
- 2440 Шыныменен шамдансам,  
Өзі түгіл бұл қолдың  
Жұртына әлім жетеді.  
Жалғыз туған мен сордың  
Алдымда сүйеу ағам жоқ,  
Алладан басқа панам жоқ.  
Тәңірі жалғыз жаратты,  
Көппін деуге шамам жоқ.  
Артымда таяу інім жоқ,  
Жалғыздықтан басқа мінім жоқ.
- 2450 Көптік етер күнім жоқ,  
Білмей қалдым басымнан  
Өткенің бе дүние боқ?!  
Мінәжат етіп жылаймын  
Өзімнің нашар халімді.  
Жазым етіп, көз жұмсам,  
Жұрт талайды малымды.  
«Атадан алтау екен» деп,  
Өзімнен төмен жаманға  
Болайын неғып жалынды.

- 2460 Енді қашан көремін  
Кемпір менен шалымды?  
Пендем десең, Құдайым,  
Ойла менің халімді.  
Ойламасаң халімді,  
Осы түннен шығармай,  
Тағдырымды бітіріп,  
Тауыс менің нанымды!  
Таудың толды саласы,  
Батырдың алған жылқыға,
- 2470 Жер толмаған құлпыға.  
Қобылан сынды батырдың  
Жүре алмады астында  
Тайбурыл аты ақсақ боп.  
Ат басындай жүрекке  
Қайғы менен шер толып,  
Бұл қайғыны көрген соң,  
Артық туған Қобыланды  
Есі кетті сандалып.  
Бір Құдайға Қобыланды
- 2480 Жылады түнде зар қылып.  
Жанында жалғыз адам жоқ,  
Көп қосынның шетінде  
Қобыланды келеді қаңғырып.  
Жол шетінде Қобыланды  
Тайбурылдан түседі.  
Қатарынан Қобыланды  
Асып туған кісі еді.  
Құрбысында адам жоқ  
Қобыландыдай мүшелі.
- 2490 Жамандар қылды өсекті,  
Жылап жүріп Қобыланды  
Тоқымнан қылды төсекті.  
Қараман қылды мастықты,  
Жылап жүріп Қобыланды  
Ерден қылды жастықты.  
Тоқымын төсеп, ер жастап,  
Артық туған Қобыланды  
Етпетінен құлады,

- Ұзынынан сұлады.  
2500 Алтын ерге сүйеніп,  
Өксіп-өксіп жылады.  
Жылап жатып батырдың  
Көзі кетті ұйқыға.  
Таң сарғайып атқанда,  
Бір уақта Қобыланды  
Таң шолпаны батқанда,  
Көк есегі астында,  
Ақ сәлдесі басында,  
Он сегіз мың ғаламның  
2510 Он бес мыңы бар қасында,  
Қобыландының өзінің  
Жеті көміл бабасы  
Жетіп келді қасына.  
Отырды келіп басына  
Жеті көміл бабасы,  
Қобыландыға сөйлейді:  
— Мінген атым бозды ғой,  
Саған келген пәлені  
Қорғаймын деп Қобыланды,  
2520 Алтын тонның етегі  
Тамтық қалмай тозды ғой,  
Арқам жаман қозды ғой.  
Құлағың сал, Қобыланды,  
Құланның аттым қодықты,  
Көлден тарттым борықты.  
Кешегі күн ішінде  
Сенің атаң, шырағым,  
Тоқтарбайға жолықтым.  
Оқпанды сай жыра екен,  
2530 Асқар-асқар қыр екен.  
Киімі жыртық үстінде,  
Ақ табан болып жат елде  
Қойшы болып жүр екен.  
Алпыста анаң Аналық  
Арқан есіп, жүн түтіп,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Қасіретті күн тартып,

- Тезек теріп анаңыз,  
Құрт қайнатып жүр екен.  
2540 Қарындасың Қарлығаш  
Дастарханы иығында,  
Шынаяғы қолында,  
Алдамшасы белінде,  
Бөтен жаудың елінде,  
Қызылбастың шетінде  
Қызмет етіп жүр екен.  
Өзіңнің Құртқа жарыңды  
Қалмақтың ханы Алшағыр  
Аламын деп тұр екен.
- 2550 Дұшпан алды еліңді,  
Аңыратып жеріңді.  
Сындырып кетті беліңді,  
Кесіп кетті желіңді.  
Жалған айтар демеңіз  
Жеті көміл піріңді.  
Өзіңнің осы сауыңда  
Олжаға салып қоймаңыз,  
Қалың қыпшақ еліңіз,  
Ол да саған өлім-ді.
- 2560 Өлгеніңше жәрдеммен  
Алаулаған қалмақтан  
Бір алып қал кегіңді.  
Кей жаманның сөзі бар  
Шағатұғын жыландай,  
Айыр құйрық шаяндай.  
Жақсылардың сөзі бар  
Асылдан ұшқан қаяудай.  
Араласаң тоғайды,  
Көресің қашқан қоянды.
- 2570 Бабасының дауысымен  
Қобыланды шошып оянды.  
Көзін ашып қараса,  
Таң сарғайып атышты,  
Таң шолпаны батышты.  
Мақпал жастық мамық-ты,  
Ойланып түсін қамықты,

- Айнала көзін салыпты.  
Соны сезіп Тайбурыл,  
Қайғыланып жүр екен.
- 2580 Пірінен хабар жеткен соң,  
Көзін салып қараса,  
Тұлпар туған Тайбурыл  
Құландай ойнап тұр екен.  
Биік-биік қыр екен,  
Оқпанды сай жыра екен.  
Жанында жоқ еш адам,  
Қобыланды жалғыз қалған соң,  
Қарамандай жаманды  
Толып жатқан көп қият
- 2590 Артықша құрмет қылған соң,  
Қыз да болса Қарлыға  
Серікке жарар ер екен.  
Тайбурыл атты жетелеп,  
Сауғаға кеткен бейшара  
Қарлыға күтіп тұр екен.  
Түрегелді Қобыланды  
Көзінің жасы мөлтілдеп.  
Мойыны кетті батырдың  
Қуатсыз болып былқылдап.
- 2600 Қос бүйрегі солқылдап,  
Көзінің жасын ағызып,  
Артық туған Қобыланды  
Қарлығаның қасына  
Әзер келді былқылдап.  
Қобыланды келіп сөйлейді:  
— Жылқыда құмай аламын,  
Қылшық жүнді қарамын,  
Көмек берер демеймін  
Сейілұлы Қараман.
- 2610 Әйел де болсаң, дана едің,  
Мұңымды саған шағайын.  
Жау шауыпты елімді,  
Жау кесіпті желімді.  
Сындырып кетті белімді,  
Қуратып кетті көлімді.



- Жалған айтар демеймін  
Жеті көміл пірімді.  
Ұлықсат етсең, Қарлыға,  
Бүлінген елге барамын.
- 2620 Тәңірі оңғарса жолымды,  
Алаулаған қалмақтан  
Бір алайын кегімді.  
Қарлыға сонда сөйлейді:  
— Ер де сасар болар ма,  
Етегін басар болар ма?  
Мұсылман туған пендеден  
Кәпірлер асар болар ма?  
Мұндай іске қуанбай,  
Батырлар сасар болар ма?
- 2630 Әуелі Құдай — панайым,  
Ақ жаратқан Құдайым!  
Ата-анам, өз халқым  
Бір садаға басыңнан.  
Құрбандық қылып шығып ем,  
Шыққандағы ниетім:  
«Сіз болар ма, — деп едім, —  
Тәңірі қосқан жұбайым».  
Өзім сізден қалған соң,  
Артықша жедім уайым.
- 2640 Артық туған Қобыланды,  
Талабыңнан қайтпаңыз.  
Жалғыз жүре беріңіз,  
Азырақ тоқтап артыңа.  
Ерерге жолдас бар ма екен  
Қараман басы күн қият,  
Жамандардан сынайын.  
Қайғыланып, қан жұтпай,  
Запыран ішіп, май құспай,  
Пенде болған халқыңа
- 2650 Тезірек жүріп жете гөр,  
Медет берсін бір Құдай!  
Талапкер туған ер болса,  
Жиып алып қолыма,  
Жаңылмасам артыңнан

- Мен де жедел барайын.  
Артық туған Қобыланды  
Тайбурылға мінеді,  
Қарына найза іледі,  
Беліне байлап болатты,  
2660 Жасыққа асыл жалатты.  
Тайбурылдың маңдайын  
Қараспан тауға қаратты.  
Астындағы тұлпардың  
Жел тимеген бауырын,  
Күн тимеген сауырын  
Қамшымен ұрып қанатты.  
Ертемен шыққан Қобыланды  
Кешке дейін шабады.  
Жете алмай жеріне,  
2670 Бара алмай еліне,  
Түн ортасы болғанда,  
Есіктің алды ағын-ды,  
Бола жазды шығын-ды.  
Шығын емей немене,  
Екпіндеп шапқан Тайбурыл  
Етпетінен жығылды.  
Аттан түсе қалады,  
Қолын салып Қобыланды  
Жерді байқап қарады.  
2680 Батар күні батыпты,  
Жазығы мал демесең,  
Тайбурылдың ақылы  
Адамзаттан артық-ты.  
Артық туған қыз Құртқа  
Екі мезгіл жем берген,  
Жаныменен тең көрген.  
Алтыннан соққан азбарға  
Бурыл құлап жатыпты.  
Мінген аты құла-ды,  
2690 Құландай шауып бұлады.  
Жұртын танып Қобыланды,  
Тоқымын төсеп, ер жастап,  
Етпетінен құлады,

- Ұзынынан сұлады.  
Алтын ерге сүйеніп,  
Өксіп-өксіп жылады.  
Осы жерде Қобыланды  
Таң атқанша жатады.  
Таң сарғайып атады,  
2700 Таң шолпаны батады.  
Зарланып шығып түнімен,  
Таң атқан соң қараса,  
Жұрты жатыр, елі жоқ,  
Батпағы жатыр, күлі жоқ,  
Қобыланды көріп жылады:  
«Қаңғырып жүріп дүниеден  
Ешбір опа көре алмай,  
Өткенің бе дүние боқ?»  
Таң атқанда Қобыланды  
2710 Тағы мінді жарасқан  
Тайбурылдың үстіне,  
Алтын тұрман еріне.  
Іздеген жауға Қобыланды  
Іркілмей кірді көріне.  
Ертеңгі сәске кезінде  
Бұлаңдаған Бурылмен  
Жүгіртіп келді Қобыланды  
Айнакөлде Құртқаның  
Орда тіккен жеріне.  
2720 Жұртын көріп сол жерде  
Қобыланды және бұрсанды,  
Көзіне батыр жас алды.  
Атынан түсіп Қобыланды  
Қайғыланып, бойынан  
Қуат кетіп, сандалып,  
Аяғын жөндеп баса алмай,  
Омақасып Қобыланды  
Оң етегін басады.  
Бекітіп алып буынын,  
2730 Артық туған Құртқаның  
Орнына таман барады.  
Жұртына көзін салады,

- Қараса, күлдің ортасы  
Көтеріңкі көрінді.  
«Күл ішінде не бар?» — деп,  
Қобыланды күлді қарады.  
Ашып күлді қараса,  
Жая менен жал екен,  
Түрлі тағам бар екен.  
2740 Өзін қалмақ алғанда,  
Көк арбаға салғанда,  
«Кез болса бұған батыр, — деп,  
Тауып азық қылсын», — деп,  
Ақылды туған Құртқаның  
Бөтен нәрсе тастауға  
Шамасы келмей сұлудың,  
Көміп кеткен наны екен.  
Күлдің алып ішінен,  
Нанды қолға ұстады:  
2750 «Бұйырғаны Құдайдың  
Осы шығар бізге», — деп,  
Тәубесін айтып Қобыланды,  
Шетінен нанның тістеді.  
Тамағынан ас жүрмей,  
Іші күйіп барады.  
Өзгесін жемей батырың,  
Ат қоржынға салады.  
Енді мініп атына,  
Жүрерге жолын таба алмай,  
2760 Қайсы жаққа кеткенін  
Жаудың жөнін біле алмай,  
Жапанда тұрып Қобыланды  
Зарығып тағы жылады:  
— Жан жаратқан Құдайым,  
Жалғыздық басқа түсіп тұр  
Дүниедегі уайым.  
Қайсы жаққа жүрейін,  
Қай тураға барайын?!  
Атқа мініп жасымнан  
2770 Серілікпен жүрсем де,  
Ашылмаған екен талайым.

Ата-ана, көп халқым  
 Қайда барып табайын?  
 Бір басыма тар қылдың,  
 Дүниенің кең сарайын!

Батырдың дағдарып тұрған шағында Тайбурыл жерді иіскелеп, кісінеп-кісінеп, күннің шығысына қарай шауып жөнелді. Мұны байқай келгенде, Құртқа сұлудың Тайбурылдың сүйсініп жейтін жемін шашып кеткені мәлім болды. Бұған түсінгеннен кейін Қобыланды Тайбурылдың еркімен жүре берді.

- Тайбурылды Қобыланды:  
 — Өйт, жануар, шу! — деді.  
 Бурыл тұлпар гүледі,  
 Табаны жерге тимеді.
- 2780 Көлденең жатқан көк тасты  
 Тіктеп тиген тұяғы  
 Саз балшықтай иледі.  
 Арандай аузын ашады,  
 Аяғын топ-топ басады.  
 Ертемен шапқан Қобыланды  
 Кешке дейін шабады.  
 Жете алмай қалаға,  
 Бекер шапты далаға.  
 Сілтеуден анық табады,
- 2790 Түнге шейін шабады.  
 Түн ортасы болғанда,  
 Есіктің алды ағын-ды,  
 Бола жазды шығын-ды.  
 Шығын болмай не қылсын,  
 Екпіндеп шапқан Тайбурыл  
 Етпетінен жығылды.  
 Қобыланды түсе қалады,  
 Жер-жерді байқап қарады.  
 Аллаға тілім жазықты,
- 2800 Ат ауырса, қарны ашса,  
 Қылсын деген азықты.  
 Қыз Құртқа қағып кетіпті  
 Кез бойы алтын қазықты.

- Қолын жерге салыпты,  
Тайбурылдың астынан  
Қобыланды тауып алыпты.  
Ол қазықты бес бүктеп,  
Ат қоржынға салыпты.  
Атына Қобылан мініпті,  
2810 Тайбурылын тайдырмай  
Табанын жолға салыпты.  
Батыр туған Қобыланды  
Таң атқанша шабады.  
Елін шапқан дұшпанын  
Адаспай Қобыланды табады.  
Таң сарғайып атқанда,  
Таң шолпаны батқанда  
Алшағырдың шөһарын  
Батырдың көзі шалады.  
2820 Шөһарға жетіп барады,  
Қақпасын тауып ала алмай,  
Тайбурыл атпен шабады.  
«Асылдан соққан найза, — деп,  
Жақсы кісі жаманға  
Көп тигізир пайда», — деп,  
Таң атқанша Қобыланды  
Үш айналды шөһарды,  
Кіруге тесік қайда? — деп.  
Мінген аты қара-ды,  
2830 Қылшаң жүнді қара-ды.  
Түнде қойға барғанда,  
Жоқтаушы еді Тоқтарбай  
«Жалғызым» деп баланы.  
«Уай, қозым!» деп зарлаған,  
Жас қозыдай маңыраған,  
Саулы іңгендей боздаған.  
Сыртта жүрген Қобыланның  
Құлағын жарып барады.  
«Қалайша жоқтар екен», — деп,  
2840 Құлағын батыр салады.  
— Келелі түйем ішінде  
Қоспақ бура ұқсаған,

- Жалғызым, сенен айрылдым!  
Мың жылқының ішінде  
Көзге түсер тұлпардай,  
Қанаты бүтін сұңқардай,  
Ботам, сенен айрылдым!  
Ішім толған көп қайғы  
Үнілесем кетпейді.
- 2850 Кәпірден киген сары тон  
Тізем тартсам жетпейді.  
Күнде ал деймін Құдайға,  
Өлшеулі демім бітпейді.  
Жалғызым барда көңілім тоқ,  
Жалғызым, сенен айырылып,  
Табаныма жетті шоқ,  
Басымнан өтті дүние боқ!  
Мен қу басқа тимеді  
Тағдырмен келген ажал оқ!
- 2860 Айы біткен айда өлер,  
Күні біткен күнде өлер.  
Жалғызымнан айырылып,  
Көрген күнім құр бекер.  
Опасыз дүние сырғанақ,  
Он үш жасар Қобыланды,  
Шыныменен сенен айырылсам,  
Өтірік емес Құдайдың  
Шыныменен ұрғаны-ақ!  
Кәпірге пенде болғанша,
- 2870 Бұл бейнетті көргенше,  
Жалғызымның артынан  
Неге өлмедім мен шұнақ?!  
Кемшілік берді бұл кәпір  
Кәміл тоқсан жасымда.  
Пенделіктен кәпірдің  
Қойын бақтым мен пақыр.  
Жалғызым менің келер ме,  
Сорым қайнап мен сордың,  
Иә, болмаса, сол жақта
- 2880 Қазасы жетіп өлер ме?  
Тірі болса жалғызым,

Пірлері беріп хабарды,  
 Менің бүйтіп кәпірге  
 Пенде болған жайымды,  
 Басыма түскен уайымды  
 Қобыланды қозым білер ме?!

Қобыланды тыңдап тұр, атасы зарлап болғаннан кейін, ана-  
 сы Аналықтың айтқан жоқтауы:

- Тоғайдан құдым көжекті,  
 Етектеп тердім тезекті.  
 Жалғызымды жоқтайын,  
 2890 Шаршағанда тоқтайын.  
 Жан қосағым, Тоқтарбай,  
 Беріңіз маған кезекті,  
 Омар менен Оспандай.  
 Жан қосағым, Тоқтарбай,  
 Жұмылған көзді ашқандай,  
 Ай мүйізді қошқардай  
 Ішіміз толды қайғыға-ай  
 Жалғызымнан айрылып,  
 Пенде болдық дұшпанға-ай!  
 2900 Пайғамбар — Тәңірі жолдасы,  
 Кәпірдің өтті бұл ісі  
 Жан қосағым, Тоқтарбай,  
 Түн ортасы болғанда,  
 Қобыланды жақтан жел соқты.  
 «Жаңылмасам деп едім,  
 Жалғызымның астында  
 Тайбурыл аттың тынысы.  
 Шырағым асты белеңнен,  
 Кетіп еді жау іздеп,  
 2910 Астында Бурыл дөненмен,  
 Көкке тойған көбеңмен.  
 Жұмысы болмай жөнелді,  
 Қараспаңды жайлаған  
 Қалың қыпшақ көп елмен.  
 Өткізермін деуші едім  
 Жасықты жанып пышаққа.  
 Жалғыз туған жас қозым



- Талаптанды сапарға.  
Көзіңді сал, Тоқтарбай,  
2920 Алласы берген шыраққа.  
Бұлты келді төбеңнен.  
Бұлтың келді, өзің жоқ,  
Жалғызым барда көңілім тоқ.  
Жалғызым сенен айрылдым,  
Күйіп-жанып болдым шоқ.  
Жалғызымның барында,  
Көшке жорға мінгенім,  
Еруде қамқа кигенім.  
Жалғызым, сенен айрылып,  
2930 Сонша бейнет көргенім!  
Құлағың сал, Тоқтарбай,  
Иінім бүгін тартады,  
Қараспанға ел қонып,  
Еруде қамқа кигендей!  
Қарым және тартады,  
Қараспан тауын қабаттап  
Қалың қыпшақ ел көшіп,  
Кешке жорға мінгендей!  
Төсіме біткен қос тері  
2940 Ішінде жоқ бос тері,  
Бұлақ болып есілді  
Жалғызым келіп емгендей!  
Мен бейшара зарлаймын  
Ботасы өлген түйедей.  
Ернім және тартады  
Он үш жасар баламның  
Ақ бетінен сүйгендей.  
Қуанамын мен сорлы  
Кеткен қозым келгендей.  
2950 Оң қабағым тартады  
Сапар кеткен қозымнан  
Анық хабар келгендей.  
Жұмылған көзім ашылып,  
Жалғызымды көргендей!  
Есіктің алды төбелік,  
Бейшара болған біздерге

- Кәпір қылды көп зорлық!  
 Алпыстағы шешен Аналық  
 Тезек теріп етектеп,  
 2960 Құрт қайнатып, жүн түтіп,  
 Арқан ескен не қорлық?!  
 Өзге қорлық, қорлық па,  
 Өзіңнің жарың Құртқаны  
 Қалмақтың ханы Алшағыр  
 Алам дейді сол зорлық!  
 Шырағым келіп ат қояр,  
 Алшағыр тіккен ордаға.  
 Кәпірден көрген бұл қорлық  
 Өлгенше естен кетер ме?!  
 2970 Біз мұнда көрдік көп қорлық,  
 Жас қызым жүрді бекерге.  
 Зарланған менің дауысым  
 Шырағыма жетер ме?!

*Қобыландының қарындасы Қарлығаштың көрген түсі*

- Қарлығаш сонда сөйлейді:  
 — Жан шешеке, тұра-тұр,  
 Жан көкеме түс көрдім.  
 Адыра қалған ақ балтам  
 Тасқа тиіп кетілді.  
 Тәңірі аямас болар ма,  
 2980 Мен бейшара жетімді?  
 Жан көкем болса елімде,  
 Қалмақтың ханы Алшағыр  
 Бүлдірер ме еді кентімді?!  
 Бүгін менің түсімде  
 Өзімнің бабам ішінде  
 Қазанның Сырлы қаласын  
 Артық туған жан көкем  
 Сайрандап жалғыз жүр еді.  
 Қазанды шауып, жау қашып,  
 2990 Бірге туған жан көкем  
 Қаһарын тігіп, ақырып,

- Қараманды шақырып,  
Қатын деген бір сөзін  
Бетіне айтып тұр еді.  
Бөлінбеген ұйқысын,  
Жыртылмаған құлпысын  
Қараман мен жан көкем  
Таң ата алып жүр еді  
Көбікті ханның жылқысын.
- 3000 Жамандатқыр Тарлан ат  
Қашып барып еліне,  
Ер салуға Көбікті  
Тарлан атқа асықты.  
Терлік салып беліне,  
Қуып жетіп Көбікті,  
Ұйықтап жатқан жерінде  
Жан көкемді пенде етіп,  
Ақымақ қырғыз желікті.  
Бұл секілді бейнетке
- 3010 Жан көкем неғып көніпті?  
Жан көкемді қолдамай,  
Сеніп жүрген бабасы.  
Ағекемнің бұл сапар  
Болмады қабыл тобасы,  
Көбіктінің асып айласы.  
Өз аттасым Қарлыға  
Көкеме тиіп пайдасы.  
Қараман мен көкемді  
Қолын шешіп, босатып,
- 3020 Түн ішінде қашырып,  
Қызметін асырып.  
Өз аттасым Қарлыға  
Артық туған көкемнің  
Аяғына бас қойып,  
Мұсылман болып жүр еді.

Қобыландының бұдан да кейінгі басынан өткізген оқиғасын тегіс айтып, осы айтып отырған түсін тыңдап тұрғандығына дейін айтып тоқтап еді. Содан кейін Құртқаның айтқан сөзі:

- Құртқа сұлу сөйлейді:  
— Бұғалық салдым саяққа,  
Пұл өтпейді бояққа.  
Перзентім болған Тайбурыл,  
3030 Менен кеттің қай жаққа?  
Анаңыздан туғаннан,  
Анаңның түсін көрсетпей,  
Бауырыма салып, бала етіп,  
Алғаусыз болсын тұлпар, — деп,  
Құлықтың сүтін еміздім.  
Әлім сол деп қалма, — деп,  
Маңқа, құлық болма, — деп,  
Және байлап жеңіме,  
Қызыл дәрі жегіздім.
- 3040 Құртқа баққан Тайбурыл  
Қыдыра жалды, қыл құйрық  
Жылқыдан қалмас дегіздім.  
Сенің анаң мен едім,  
Менің балам сен едің.  
Бір көрсетпей қараңды,  
Қайыптың құсы сен болып,  
Қай тарапқа жөнөдің?!  
Артықша еңбек қылып ем,  
Осындай қиын жерлерде
- 3050 Үстіңдегі сұлтанды,  
Тарықтырмай біздерді,  
Көрсетер ме екен деп едім.  
Көңілімдегі арманым:  
Болмашының сөзімен  
Қырық үш күнің кем еді.  
Қаратаудың жылғасы,  
Бауырында ойнар құлжасы.  
Тәңірі не деп жараттың  
Төмен етек ұрғашы.
- 3060 Аламын деп қинайды  
Діні бұзық болмашы.  
Сұлтаным сүйген ақ дене  
Болар ма жаудың олжасы.  
Қозысы үлкен саулыққа

- Қозы телу барлық-ты.  
Ботасы өлген түйеге  
Нар теліген зорлық-ты.  
Кәпірден көрдім қорлықты,  
Сұлтаным келіп саламат,  
3070 Кәпірге салып ол азап,  
Осы жалған дүниеде  
Өлер едім армансыз,  
Алаулаған қалмаққа  
Өзінің ісін келтіріп,  
Бір көрсетсе қорлықты.  
Қақпалы үлкен есікті,  
Пайғамбардай несіпті.  
Қаланың тұрып ішінде  
Қыз Құртқаның зарланып,  
3080 Шығарған қатты дауысын  
Періштеден жалғасып,  
Сырттағы тұрған тұлпардың  
Құлағы анық есітті.  
Қыстың басы қауыс-ты,  
Артық туған Қобыланды  
Он бес жасқа келгенше,  
Ерегіскен дұшпанның  
Басын кесіп тауысты.  
Анасын тұлпар білген соң,  
3090 Қайта-қайта кісінеп,  
Шығарды қатты дауысты.  
Тайбурылдың дауысы  
Қыз Құртқаға келеді.  
Тайбурылдың дауысын  
Құртқа анық біледі.  
Дауысын танып тұлпардың,  
Келгенін біліп сұңқардың,  
Артық туған қыз Құртқа  
Ақ сұңқар құстай түледі.  
3100 Сол бойымен сұлудың  
Көңілі тасып, шат болып,  
Алшағыр ханға келеді.  
Келе сұлу сөйлейді:

- Әй, Алшағыр, құлақ сал,  
Құртқа сұлу мен едім,  
Сұлтанымның барында  
Сырттан келген дұшпанға  
Намысымды бермедім.  
Сұлтанымның жоғында
- 3110 Сен едің менің ергенім.  
Ал көрдің де, қинадың,  
Жарық сәуле көрмедім.  
Құртқа шығып далаға,  
Бойын жазсын демедің.  
Рұқсат берсең, Алшағыр,  
Далаға шығып азырақ  
Бой жазайын деп едім.  
Елімді алған Алшағыр,  
Сөзіме құлақ сал, Шағыр.
- 3120 Сақтағаны Құдайдың  
Саған дағы бар шығар  
«Қашады» деп сенбесең,  
Екі құл мен, екі күң  
Бақташыңды сал, Шағыр.  
Ала қапты алайын,  
Беліме арқан салайын,  
Тезек теріп бой жазып,  
Қаладан тысқа барайын.  
Алшағыр хан да ер еді,
- 3130 Сұраған соң сұлуға  
«Аламын» деп қашаннан  
Үмітпен жүрген Алшағыр  
Рұқсатты береді.  
Күзетшісі қасында,  
Шәһардың шығып тысына,  
Қыз Құртқа кетіп барады.  
Қалама көйлек қаттысын,  
Шыбын жанның төттісін.  
Келіп Құртқа сұрады
- 3140 Алшағыр ханның сатысын.  
Сұраған соң қыз Құртқа,  
Хан сатысын береді.

- «Мені қабыл көрді» деп,  
Жауабына ереді.  
Артық туған қыз Құртқа  
Сатысын қолға алады.  
Баспалдақты көтеріп,  
Тамға сүйеп салады.  
Баспалдақпен өрмелеп,  
3150 Тамның шығып басына  
Қыз Құртқа кетіп барады.  
Шыққаннан соң биікке,  
Жан-жаққа көзін салады.  
Тұлпарды байлап терекке,  
Бір дуадақ атып ап,  
Отқа салып Қобыланды,  
Шала піскен кезінде  
Қанды көбік тарқамай,  
Ортасынан бір кесіп,  
3160 Дәм көрмеген көп күннен  
Артық туған батырың  
Ауызға алып салады.  
Бір тоғайдың ішінде  
Отырғанын батырдың  
Сұлудың көзі шалады.  
Көріп сұлу сөйлейді:  
— Әуелі Алла, «Әл-хамым»,  
Атса мылтық өткізбес,  
Басындағы қалқаның.  
3170 Кеткен жері қуарған,  
Келген жері қуанған,  
Тұлпар мініп, ту алған,  
Туын қанға суарған,  
Дұшпанын іздеп, жол шеккен  
Келген екен сұлтаным.  
Шәһардан тысқа барады,  
Бойын жазып кәпірден  
Қыз Құртқа өбден алады.  
Төрт бақташы қасында,  
3180 Келді сайдың қасына.  
Құртқа бір сөз бастады,

- Құл мен күндер қостады.  
 Бір құл менен бір күнді  
 «Ойнай тұр» деп тастады.  
 Құл да күнді ұстады,  
 Құртқа кетті, біз қалдық,  
 «Бола ғой» деп қыстады.  
 Және бір сайдың басына  
 Бір құл менен бір күнді  
 3190 «Сен де ойна» деп тастады.  
 Бұлардан халас болған соң,  
 Бойын жазып алған соң,  
 Қолындағы ақ балта  
 Тасқа тиіп майрылды,  
 Дұшпанынан айрылды.  
 «Тоғайым көрген осы, — деп,  
 Не болмаса тұсы», — деп,  
 Бір тоғайға қайрылды.  
 Тоғайға келіп енеді,  
 3200 Терекке басын байлаған,  
 Шиыршық атып ойнаған  
 Бурылды сұлу көреді.  
 Бұлаңдаған Құртқаны  
 Тайбурыл анық біледі.  
 Анасын танып Тайбурыл,  
 Теректегі шылбырын  
 Жұлып алып жөнелді.  
 Ат шапқан соң, «тәк-тәк» деп,  
 Артынан Қобыланды жүгірді.  
 3210 Ұмтылғанда Тайбурыл  
 Артық туған қыз Құртқа  
 Омыраудағы ақ түйме  
 Ағытып бәрін жіберді.  
 Есіктің алды ағын-ды,  
 Бола жазды шығын-ды.  
 Шығын болмай не қылсын,  
 Омырауына Құртқаның  
 Тұмсығын тыға жығылды.  
 Ат тоқтаған мезгілде,  
 3220 Бұлаңдаған Құртқаны



- Қобыланды көреді.  
Артық туған қыз Құртқа  
Қол қусырып түрегеп,  
Иіліп сәлем береді.  
Құртқа сұлу сөйлейді:  
— Дүниедегі іңкәрім,  
Екі саулық, бір тоқты  
Баһар айда қырқарым.  
Бұрын жетті өзіңнен
- 3230 Астыңа мінген тұлпарың.  
Тұлпар мініп, ту алған,  
Аман есен келдің бе,  
Жұрт иесі, сұңқарым?  
Сақтадым жаудың қаласын,  
Дұшпанның көрдім аласын.  
Құдай қосқан сұлтаным,  
Әлдеқандай қыласың?!  
Ала қапты бес бүктеп,  
Ішіне тықты қыз Құртқа
- 3240 Арыстанын сынамақ.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Артық туған қыз Құртқа,  
Кім ұстамас жылқының  
Жекелеп қашқан саяғын.  
Бірді таппа, мыңды тап,  
Көріп келдім бұл сапар  
Жалғыздықтың азабын.  
Адам болып, ер жетсін  
Өзімнің соғар таяғым.
- 3250 Батырың ерлік бастады,  
Ерлігін Алла қостады.  
«Тұл болсын» деп ақ қапты,  
Артық туған қыз Құртқа  
Қобыланды сынды батырдың  
Көзінше алып тастады.  
— Көптен бері жол жүріп,  
Сағынған жарың мен едім.  
Кәпірден көріп қорлықты,  
Сарғайған жұптым сен едің.

- 3260 Арманым жоқ дүниеде,  
 Есен-аман қауыстым,  
 Құдай қосқан қосағым!  
 Ата-анам, көп халқым  
 Көре алмаспын деп едім.  
 Ақылды туған Құртқажан,  
 Қыпшақтың мекен жайлауы —  
 Қараспан еді өркені.  
 Көрмегелі сіздерді  
 Көп боп еді, Құртқажан,
- 3270 Көріселік кел бері!  
 Құртқа келіп көрісті.  
 Осы келген сапардан  
 Қайғы менен машақат,  
 Қобыланды көрген көп істі.  
 Екеуі де келісті,  
 Көріскелі келісті.  
 Көрісіп болып екеуі:  
 — Арманымыз жоқ Құдайға,  
 Аман-есен көрдік, — деп,
- 3280 Көңілдегі қашаннан  
 Қайғы-зарын шығарып,  
 Екі сұңқар кеңесті.

Әлқисса, екеуі біраз кеңескеннен кейін Қобыланды батыр тоғайға қарап жүре бастады. — Ата-ана, ел-жұртын қолына алмастан бұрын, Қобыланды батыр қатынын алды, — деген атаққа қаларсың, сақтаған Құдай өзі сақтар, мен әзірге қала тұрайын. Дұшпанды мұқатып алған соң, ата-ана, ел-жұртыңмен бірге келермін деп, шәһарға қайтуға ұлықсат сұрады. Онда Қобыланды: — «Сұлтаным әдейі іздеп келгенімде қолына ала қоймады» деп айтар деп, сені Қараспанға апарып тастап, қайтып келіп, ұрыс бастайын деп едім, — деп айтқаны:

Болған істер болмай ма,  
 Болмаған істер тынғай ма?  
 Өтірік айтқан оңғай ма,  
 Түлкі киген тоңғай ма?  
 Бұл ақылың, Құртқажан,

- Патшаға бітсе болмай ма?  
Сөзің дұрыс, Құртқажан,  
3290 Тапсырдым сені Құдайға.  
Құртқа сонда сөйлейді:  
— Жарылқасын Құдайым,  
Сұлтаным сенің бетіңнен!  
Ойың балық кетпейді  
Жазғы судың бетінен.  
Достым, жаның сау болса,  
Кете алмас дұшпан еркіңнен.  
Сұлтаным, бұршы мойныңды,  
Бір сүйейін бетіңнен.
- 3300 Мойын бұрды Қобылан нар,  
Аузынан сүйді Құртқа жар.  
Көбірек тұрды құшақтап,  
Жарына боп ынтызар.  
Жаз мінгенім жалды еді,  
Қыс мінгенім қоңды еді.  
Жасаған Құдай, оңдаса  
Сүйгенімнің алды еді.  
Артқаным қайың қос еді,  
Асқаным алтын мосы еді.
- 3310 Оңдамаса Құдайым,  
Сүйгенім соңы осы еді.  
Ашық боп жүрген қыз Құртқа  
Аузын сүйді аймалап,  
Бетінен сүйді қармалап.  
Дұшпанға тиер Қобыланды  
Жеті пірін паналап,  
Мауқын Құртқа басқан соң,  
Қобыланды сөйлейді:  
— Өбзел салдым алаға,
- 3320 Жау іздедім алыстан.  
Ағайын, туған, қарындас,  
Қарамай, қатын-балаға.  
Мұнша Құртқа бой жазып,  
Неге шықтың далаға?  
Жеңіп алған ит қалмақ  
«Келінің қашып кетті» деп,

- Барғанша қорлық көрсетер  
Атаң менен анаңа.  
Құртқажан, енді кешікпей,  
3330 Қайт тезірек қалаға.  
Құртқажан, сәлем айтқайсың  
Ата менен анаға.  
Әсіресе, қыпшақтан  
Жасы үлкен ағаға,  
Жасы кіші балаға.  
Сұлтаным келді дегейсің  
Қаланың сырты далаға.  
Жанын қылды дегейсің  
Ағайын, жұрттан садаға.  
3340 Хош-аман бол, Құртқажан,  
Ертеңге шейін тапсырдым  
Бір жаратқан Аллаға!  
Ертеңгі күн таң атса,  
Тұлпар туған Бурылды  
Талап етіп мінейін.  
Үстімдегі ақ сауыт  
Кебін етіп кийейін.  
Сіздерді алған дұшпанға  
Жалғыз да болсам, Құртқажан,  
3350 Аш бөрідей тиейін.  
Қапастағы отырған  
Біздің қыпшақ баласы  
Қойсын бүгін ұйқыны.  
Түніменен сайланып,  
Бітіре берсін жұмысын.  
Ер басына тоғайдан  
Кесіп алсын бір келтек.  
Арғымақ аттай жарасын,  
Ашқарында шыққанда.  
3360 Еске алған туыстар  
Кең қақпадан табылсын.  
Құртқа сонда сөйлейді:  
— Қайт десең, сұлтан, қайтайын  
Алшағыр соққан қалаға.  
Көргеннен соң шығып ем,

- Шыдай алмай далаға.  
Сұлтаным, сенен айрылып,  
Ішім толды сәнаға.  
Бір өзіңді тапсырдым
- 3370 Бір жаратқан Аллаға.  
Хандай қара басыңнан  
Мендей сорлың садаға.  
Хош айтысып қыз Құртқа,  
Шәрге қайтып жөнелді,  
Қобыланды сынды балаға.  
Мінген аты қара-ды,  
Ішкен асы сұлудың  
Бойына енді тарады.  
Көңілі тасып, шат болып,
- 3380 Ұлы бесін кезінде  
Сылаңдаған қыз Құртқа  
Қалаға кетіп барады.  
Айрылған соң Құртқадан,  
Жұмысы бітіп құл мен күң,  
Жатыр екен ұйықтап.  
Келе жатқан жолынан  
Оятып Құртқа алады.  
Төрт бақташы қасында,  
Сылаңдаған қыз Құртқа
- 3390 Баратұғын жағына  
Тезірек кетіп барады.  
Қобыландының келгенін  
Тоқтарбай басы көп қыпшақ  
Естіген соң Құртқадан  
Көңілі тасып қуанып,  
Шаттанысып қалады.  
Қыз Құртқаның соңынан,  
Күннің батар астынан  
Шұбалған аздап шаң шықты.
- 3400 Шаң астына қараса,  
Ақмоншақ аты астында,  
Кәмшат бөркі басында,  
Екі бөрі қасында,  
Ақмоншақ атпен бұлаңдап,

- Қарлыға сұлу бұл шықты.  
 Қарлығаның соңынан  
 Қаражал құла атпенен  
 Қобыландыға қосылды  
 Сейілұлы Қараман.
- 3410 Қараманның соңынан  
 Айдынды Орақ, айлы Орақ,  
 Айналасы қанды Орақ.  
 Бұйратты тауда бар дұзақ,  
 Есіктің алды балдырған,  
 Нан пісірер тандырған.  
 Кәпірлердің көңілін  
 Әр жерлерде қалдырған,  
 Қазақтың отын жандырған,  
 Жіңішке жирен аты бар,
- 3420 Аллаға жеткен даты бар,  
 Бірге келді ер Орақ.  
 Қобыландының көп халқын  
 Кәпір алды деген соң,  
 Шақырушы — Қарлыға  
 Жеткен екен бұлар да.  
 Артық туған Қобыланды  
 Еркінше шауып көсілді.  
 Келеді деген бұларды  
 Жоқ еді ердің есінде.
- 3430 Артынан келіп үш көкжал  
 Қобыландыменен бас қосып,  
 Есендік-саулық айтысып,  
 Бас қосады бесінде.

Қобыланды, Қараман, Қарлыға, Орақ төртеуі бас қосып, ақылдасып, Алшағырдың елін ертең шабатын болып келісіп, өздері ойнап-күліп жата берсін.

*Алшағырдың қарт шешесі құмалақ ашып, баласы Алшағыр ханға айтқаны*

Кемпір келіп сөйлейді:  
 — Жалғыз ботам, Алшағыр,  
 Сөзіме құлақ сал, Шағыр.

- Басыңды көтер, жан балам!  
Қастары төмен салынған,  
Іздеген дұшпан жиылған,  
3440 Жалынбасаң, қарағым,  
Басың сенің жойылған,  
Бейне Қобыланға ұқсайды,  
Келді, балам, тұр-сәна!  
Қыр мұрынды, қой көзді,  
Орта бойлы, нұр жүзді  
Қараманға ұқсайды,  
Келді, балам, тұр-сәна!  
Жіңішке жирен аты бар,  
Аллаға жеткен даты бар  
3450 Орта жүздің бегі еді,  
Орақ батырға ұқсайды,  
Келді, балам, тұр-сәна!  
Алшағыр сонда сөйлейді:  
— Қызыл тілді сөйлеткен  
Екі жақ пен иегім.  
Қиын қыстау жерлерде  
Сыртқа тартқан білегім.  
Бұл сөзіңе, әй, шеше,  
Қозғалмайды жүрегім.  
3460 Жоқ сөзді айтып, қинама,  
Қайдан келсін бұл жерге,  
Көбікті батыр жоқ қылған  
Қобыландының сүйегін.  
Кемпір сонда сөйлейді:  
— Жіңішке жирен аты бар,  
Аллаға жеткен даты бар,  
Орақ келгенге ұқсайды.  
Қарасан жүзді, қой көзді  
Қараман келгенге ұқсайды.  
3470 Ақмоншақ аты астында,  
Кәмшат бөркі басында,  
Қарлыға келгенге ұқсайды.  
Қыр мұрынды, қой көзді,  
Орта бойлы, нұр жүзді  
Келді, балам, Бурылмен,

- Қобыланға ұқсайды.  
Май түбінде тортамын,  
Ақ бөкендей жортамын.  
Келді, балам, Бурылды  
3480 Қобыланды деп қорқамын.  
Қобыланды болса егер ол,  
Басыңнан көшер әруақ.  
Астыңдағы алтын тақ  
Сол мінер деп қорқамын.  
Таңбасыз жатқан жылқыңды  
Таңбалар деп қорқамын.  
Енсіз жатқан қойыңа  
Ен салар деп қорқамын.  
Ұлан байтақ жұртыңды  
3490 Сол билер деп қорқамын.  
Бұйырып соққан өзіңе  
Үстіңдегі ақ сауыт  
Сол киер деп қорқамын.  
Ылдидан шапса, түсте озған,  
Өрге шапса, кешке озған,  
Томаға көзді қасқа азбан  
Сол мінер деп қорқамын.  
Менің өзім сасармын,  
Қақпаның аузын ашармын.  
3500 Сен жатсаң да, мен жатпан,  
Қаныкейдей көрікті қыз,  
Тінікейдей текті қыз  
Жау қолында жылатпай,  
Күймеге салып екеуін,  
Бұл қаладан қашармын.  
Ат жектіріп қу кемпір,  
Қызын салып күймеге,  
«Қолына тисе сұлу қыз  
Өркім әуес қылар» деп,  
3510 Қарамады қу кемпір  
Алтын-күміс дүниеге.  
Жеккен аты ала еді,  
Ұлы бесін кезінде  
Қызын салып күймеге,



- Қақпадан шығып далаға  
Кемпір қашып барады.  
Қызын салып күймеге,  
Қашқанын біліп кемпірдің,  
Көбіктінің Қарлыға
- 3520 Қиядан көзі шалады.  
Артынан барып Қарлыға,  
Қу кемпірге білдірмей,  
Қаныкей мен Тінікей  
Екі қызды біржола  
Ұрлап алып қалады.  
Қарлығаның алғанын  
Сейілұлы Қараман  
Қиядан көзі шалады.  
Қызды алғанын білген соң,
- 3530 — Қарлығажан, сауға, — деп,  
Қарлығаның алдынан  
Қараман кетіп барады.  
Қарлыға сонда сөйлейді:  
— Шөп ішінде жекенсің,  
Бүршігі жоқ тікенсің.  
Құдайдан сұрар ойың жоқ,  
Өзіңе біткен мал жанды  
Сауғадан жиған екенсің.  
Таранып құстай түлейін,
- 3540 Ақмоншақ атпен желейін.  
Байытқалы келгем жоқ  
Қияттың жарлы-кедейін.  
Қараман саған не дейін,  
Өзімнің басым сауғадан  
Құтыла алмай жүргенде,  
Мен кімге сауға берейін?  
Қараман сонда сөйлейді:  
— Мұсылманға — мұраттық,  
Кәпірлерге — ғазаттық,
- 3550 Шырағым, сауға сұрадым  
Қаныкей мен Тінікей —  
Екі қызды бер маған.  
Қарлығажан, сені алмаймын,

- Басыңа бердім азаттық.  
Мінген аты астында  
Қылшаң жүнді қара еді,  
Шығара алмай жүр еді,  
Ішіне толған сәнаны.  
Қарлыға сынды сұлудың  
3560 Көңілі қатты сүйеді  
Қобыланды сынды баланы.  
Қаныкей мен Тінікей  
Қос сұлуды бір беріп,  
Артық туған Қарлыға  
Қарамандай жаманнан  
Басын сатып алады.  
Кеш болған соң жағалап,  
Бір төбеге жетеді.  
Күліп-ойнап бәрі де,  
3570 Қоржынға салған азықтан  
Бұйырған дәмді татады.  
Кіршік қақпай бәрі де,  
Таң сарғайып атады,  
Таң шолпаны батады.  
Асылға жасық масыл ма,  
Аққа құлпы жасыл ма?  
Ғашық боп жүрген Қарлыға  
Қараманнан шыға алмай,  
Қашаннан бері қан жұтып,  
3580 Басын қосқан сықылды  
Қобыланды қыран асылға.  
Таң атқан соң төрт көкжал  
Асылдарын киініп,  
Бір Құдайға сиынып,  
Аттарына мінеді,  
Үстіне сауыт киеді.  
Беліне байлап болатты,  
Қарына найза іледі.  
Алшағыр соққан қорғанның  
3590 Туын алып батырлар,  
Қақпасына жүреді.  
Қақпаға жақын келгенде,

- Артық туған Қобыланды  
Шу асаудай тулады.  
Жаны төзбей Қобыланды,  
Жалғыз өзі қалаға  
Ат қоюға ойланды,  
Ата-ана, қарындас  
Жатқаннан соң кәпірде.
- 3600 Қалың қыпшақ көп еді,  
Таң атпай күткен атырды.  
Қақпаның келіп аузына,  
Қобыланды батыр ақырды,  
Қарт бурадай бақырды,  
«Алшағыр» деп шақырды.  
Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Әй, Алшағыр, Алшағыр,  
Сөзіме құлақ сал, Шағыр!  
Менің атым — Қобыланды,
- 3610 Қарақасқа атқа міне шық,  
Сауытыңды кие шық,  
Қарыңа найза іле шық,  
Әуелі бастан ойлай шық,  
Алды-артыңды қармай шық,  
Арманда қапыл болмай шық!  
Белес-белес бел еді,  
Хан болғалы Алшағыр  
Халқына тиіп пайдасы,  
Қатарынан Алшағыр
- 3620 Асып жүрген айласы.  
Мұсылманнан қанша ердің  
Басын жойған ер еді.  
«Алшағыр» деп шақырған  
Қобыландының дауысы  
Құлағына келеді.  
Шыдай алмай Алшағыр,  
Үстіне сауыт киеді.  
Беліне байлап қылышын,  
Қарына найза іледі.
- 3630 Өрге шапса, кешке озған,  
Ылдидан шапса, түсте озған

- Томаға көзді, қасқа азбан  
Алтын тұрман ер салды,  
Атына батыр мінеді.  
Қарақасқа тұлпардың  
Құйрығын шарт түйеді.  
Шақырып тұрған батырға  
Бет қайтпастан жүреді.  
Қарақасқа тұлпармен
- 3640 Алшағыр шықты қаладан.  
Түлкідей көзін жайнатып,  
Тасқа шанышқан сүңгісін,  
Қарыс сүйем бойлатып.  
Көргенше жүрген шыдамай,  
Алшағырды көрген соң,  
Тайбурыл атты көсілтіп,  
Қобыланды шапты даладан.  
Екі батыр бет қайтпай,  
Жақындасып қалысты.
- 3650 Өшігіп жүрген батырлар  
Бөтен жауап айтыспай,  
Шегінісіп екеуі,  
Емен найза салысты.  
Итерісіп тұрысты,  
Ат тізесін бүгісті.  
Бүге-бүге тұрысты,  
Бір-біріне ұмтылып,  
Тақымдары құрысты.  
Бірін-бірі ала алмай,
- 3660 Қақырғаны қан татып,  
Түкіргені жын татып,  
Жаннан күдер үзісті,  
Аш күзендей бүгіліп.  
Қанжарменен қарысты,  
Семсерменен серместі,  
Семіз тайдай ойнады.  
Артық туған Қобыланды  
Ерегіскен дұшпанның  
Басын жоймай қоймайды.
- 3670 Семсер қалды майысып,

- Қанжар қалды қайысып.  
Бір уақыттар болғанда,  
Қобыланды сынды еріңіз  
Найзасын ырғап ендірді.  
Алшағырдай доңызды  
Ат сауырына міндірді.  
Қаһарланып Қобыландының  
От шығады ұртынан.  
Үміт үзді Алшағыр
- 3680 Шәһарлы байтақ жұртынан.  
Ұлы сәске болғанда,  
Жылғаланып жоқ болды  
Қарақасқа аттың сыртынан.  
Шәһардың қалың ішінен  
Алшағыр шықты түбектен.  
Қатуланып Қобыландының  
Түгі шықты білектен.  
Етке тоқтар қайрат па,  
Өтіп кетті сүйектен.
- 3690 Тартып бақты, шықпады  
Қобыланды батырдың найзасы,  
Қанмен қатып жібектен.  
Алшағыр ханды өлтіріп,  
Кәпірдің күнін қуырып,  
Артықша тартып күш етіп,  
Найзасын алды суырып,  
Бір уақыттар болғанда.  
Есіктің алды балдырған,  
Нан піседі тандырдан.
- 3700 Қарауыл отын жандырған,  
Мұсылман көңілін қалдырған.  
Қызылбастың жұртында  
Тағыболат, Тасболат  
Құртқаны алар сапарда  
Бірі өзінің әкесі,  
Жеті үлкен ағасын  
Бірден қырып салдырған.  
Ағанас пен Тоғанас  
Алшағырдың соңынан

- 3710 Қаладан шықты екі жас.  
Әке, ағасын өлтірткен,  
Ежелден кекті, бұлар қас.  
Ағасы еді Ағанас,  
Інісі еді Тоғанас.  
Таптырмай ақыл-айланы,  
Қобыланды ерге Ағанас  
Келе салды найзаны.  
Қараспанның тауында  
Бір қызылбас, бір қазақ
- 3720 «Бермейміз, — деп, — намысты»,  
Екі батыр шегініп,  
Найзаларын салысты,  
Найза қанға майысты.  
Итерісіп тұрысты,  
Ат тізесін бүгісті.  
Мінген аты ала еді,  
Іздегені қызылбас.  
Дұшпанын Қобыланды табады,  
Пірлері көміл қолдады
- 3730 Қобыланды сынды баланы.  
Көңіліме болмаса,  
Ағанастың найзасы  
Қобыландының бөксесін  
Қисайтып кетіп барады.  
Намыс қысып Қобыланды  
Арыстандай ақырып,  
Түзеліп атқа алады.  
Қаһарланып Қобыланды  
Ағанасқа ақырды.
- 3740 Найзаның кіріп үңгісі  
Ағанастай батырдың  
Ерегескен Қобыланды  
Қарасын суға батырды.  
Артынан келді Тоғанас,  
Қаһарланған Қобыланды  
Оны да іліп тастады.  
Тоғанастың артынан  
Көкқасқа атты Ақтайлақ

- Ұрысқа кірді жағдайлап.  
3750 Орақпенен ұрысып,  
Ақтайлақты сол жерде  
Орақ іліп тастады.  
Ақтайлақтың соңынан  
Баласы еді Нарқызыл  
Келіп еді ұрысқа,  
Қобыланды іліп тастады.  
Қазан басты Қара дәу  
Келіп еді ұрысқа,  
Қарлыға іліп тастады.
- 3760 Қалмақтың Қара батыры  
Шығып еді ұрысқа,  
Қобыланды іліп тастады.  
Мұсылман көрсе оқ атқан,  
Қызылбас көрсе шын тартқан,  
Қырық құлаш Қызыл дәу  
Шығып еді қаладан,  
Орақ іліп тастады.  
Осынша ердің соңынан  
Күмбезді найза қолында
- 3770 Ағын судың сағасы,  
Аққайырдың жағасы,  
Көп көпірдің ағасы,  
Көбіктінің баласы  
Кәмшат бөрік басында,  
Нөкері бар қасында,  
Өзі он бес жасында,  
Күйеу боп жатқан осында.  
Үстіне дұшпан келген соң,  
Ұрыспасқа айла таба алмай,
- 3780 Соғыспаққа дұшпанмен  
Және шықты шәһардан.  
Келді екпіндеп Біршымбай,  
Жеткенінше бір тынбай.  
Бөтен сөзге қарамай,  
Қобыландыны бір шанышты,  
Қарлығаны бір шанышты,  
Күркіреп кеп ұмтылған

- Қараманды бір шанышты.  
Сол боймен Біршымбай  
3790 Сыпыртып өтіп жөнөді.  
Қайта оралып Біршымбай,  
Орақты кеп бір шанышты.  
Қапыда қалған Қобыланды  
Ақылына бір келеді.  
Найзасын алып қолына,  
«Жекпе-жек», — деп айғайлап,  
Бурылмен енді желеді.  
Байқап тұрған Қарлыға  
Басқа бір ой ойланып,  
3800 Қобыландыға келеді.  
«Мен барайын, батырым,  
Қоя тұр», — деп ақыл береді.  
Қарлыға тұрып сөйлейді:  
— Сіздер кейін тұрыңыз,  
Барайын жалғыз мен, — деді.  
Әуелі Алла панайым,  
Хақ жаратқан Құдайым.  
Мал шыдамас жауырға,  
Ер шыдамас бауырға.  
3810 Сіздер кейін тұрыңыз,  
Бірге туған ит еді,  
Жалғыз өзім барайын.  
Мінген аты ала еді,  
Атасы әйел демесең,  
Қарлыға қыз да ер еді.  
Қараман, Қобыланды, Ораққа  
Жолдастыққа жарады.  
Есебін тауып айламен,  
Өлтіруге ойланып,  
3820 Бөркін жұлып алады.  
Шашын жайып Қарлыға,  
Ақмоншақ атты қамшылап,  
Ерлердің шығып қасынан,  
Біршымбайдың алдынан  
Қарлыға шауып барады.  
Қарлыға барып сөйлейді:



- Бірге туған Біршымбай,  
Сен кеткен соң, шырағым,  
Шәһарды басты көп дұшпан.
- 3830 Дұшпанды қуып, шырағым,  
Шәһарды алдым босатып,  
Бір жанымды аямай.  
Жалғыздық түсті басыма,  
Қайратқа атаң жарамай.  
Көп дұшпанның ішінен  
Қашып еді үш батыр,  
Жалғыз құдым шыдамай.  
Өлсем де жоқ арманым,  
Есен-аман, саламат
- 3840 Көрсетті сені бір Құдай.  
Мені танып, жалғызым,  
Атыңның басын бұрмадың.  
Қайратыңнан айналсам,  
Жалғыз бауырым Біршымбай,  
Болайын сенің құрбаның.  
Менен қашқан үш дұшпан  
Мынау келіп тұрғаны.  
Сөзімді тыңда, әй, ботам,  
Жалғыздық түсіп басыма,
- 3850 Көңілімде көп қапам.  
Осы келген батырлар  
Менен қашқан адамдар.  
Бұл дұшпанды ала алмай,  
Басымды сізге қоса алмай,  
Ақыл-айла таба алмай,  
Жаудың тұрып қасында,  
Қапа болды сорлы апаң.  
Бір туғызған, шырағым,  
Екеумізді бір Құдай.
- 3860 Жақыны көрсе кемшілік  
Кімнің жаны шыдайды,  
Жара қатты, жан төтті.  
Басындағы бөркін жұлып ап,  
Бірге туған Қарлыға  
Алдына келіп жылайды.

Қарлығаның жылап айтқан сөздерін тыңдап болғаннан кейін, Біршымбай апасы Қарлығаны тауға таман апарып тастап, қайтып келіп жаумен соғыспақшы болды.

Қарлығаны соңынан ертіп алып, тауға кетіп бара жатқанда апасы Қарлығаның туған інісі Біршымбайды өлтіргені.

- Кеседі қылыш сілтеген,  
Жағады шамды пілтеден.  
Назары арман ауғанда,  
Біршымбайды Қарлыға  
3870 Найзамен салды желкеден.  
Біршымбайдың мінгені  
Айқын төбел құла ат-ты.  
Біршымбай сынды батырды  
«Жан апа» деп жылатты.  
Өз апасы Қарлыға  
Інісін аттан құлатты.  
Біршымбайды Қарлыға  
Айламенен өлтірді,  
Сәтіне ісін келтірді.  
3880 Белес-белес бел еді,  
Атасы әйел демесең,  
Қарлыға қыз да ер еді.  
Өз бауырын өлтіріп,  
Көк ала атты жетелеп,  
Қараман, Орақ, Қобыланды —  
Үш батырға келеді.  
Келгеннен соң Қарлыға  
Өз інісін өлтіріп,  
Көңілі түсіп, шат болып,  
3890 Батырлар қызға сенеді.  
Көрген адам таң қалар  
Қарлыға қыздың пормына.  
Көп дұшпанын мұқатып,  
Құдай қалап ерлердің,  
Істері келді орнына.  
Мінген аты кер ме еді,  
Қарлыға мен Қобыланды,  
Қараман, Орақ төртеуі

- Бастарын қосып батырлар  
3900 Намыстарын бермеді.  
Қобыландының бақыты  
Барған сайын өрледі.  
Біршымбайдың соңынан  
Баспақты сиыр, танадан,  
Алтын-күміс шарадан,  
Қалмай қатын баладан,  
Қара қала ерлері  
Түгесіліп болған соң,  
Тоқтататын адам жоқ,  
3910 Тоқтар басы көп қыпшақ  
Шулап шықты қаладан.  
Ел жайлауы Есіл-ді,  
Ақ бөкендей жосылды  
Үлкен қақпа аузында  
Қаладан шығып көп қыпшақ  
Қойдай маңырап шуылдап,  
Қозыдай маңырап дуылдап,  
Қобыланды ерге қосылды,  
Шуылдап жылап бесінде.  
3920 Қабыл болды бұл сапар  
Қобыланды ердің мұраты.  
Ата-ана, көп халқы  
Дұшпаннан шығып саламат.  
Қобыланды ерге көрісіп,  
Есендік-саулықты сұрады.  
Көп дұшпанын мұқатып,  
Ерлердің көңілі тынады.  
Алшағыр ханның қаласын  
Он жеті күн шабады.  
3930 Атаңа нәлет ит қалмақ  
Іздегенін табады.  
Үрерге иті қалмайды,  
Сығарға биті қалмайды.  
Қобыландының көп халқын  
Жалғыз шапқан Алшағыр  
Бүтін жұртын жалмады.  
Алтын-күміс, бар малын

- Бірғап-жырғап алады,  
Артық бақыт табады.
- 3940 Байдың қызы жамылар  
Масаты шекпен беренді.  
Қият, қыпшақ бірігіп,  
Көп олжаға кенелді.  
Алшағырдың мал-мүлкін  
Қараспан тауын бет алып,  
Ерлер алып жөнелді.  
Артық туған Қобыланның  
Келмеді дұшпан бетіне.
- 3950 Ойлаған оның мұратын  
Келтірді Құдай жөніне.  
Үш ай, он күн дегенде  
Қараспан тауын жағалап,  
Азулы деген көлдерге  
Тоқтарбай басы көп қыпшақ  
Келіп қонды баяғы  
Алшағыр шауып, зарланып  
Бөлініп көшкен жеріне.  
Көлден тарттым борықты,  
Ел қонысқа қоныпты.
- 3960 Кемшілік көріп кәпірден,  
Пенде болып байланған,  
Жылаған қыпшақ баласы  
Бұрынғыдан екі есе  
Бақ-даулетке жолықты.  
Келіп қонды көп қыпшақ  
Азулы деген көліне,  
Ата мекен жеріне.  
Бұрынғыдай толықсып,  
Дәулет бітті еліне.
- 3970 Дәулеті асқан Тоқтардың  
Ісі келді жөніне.  
Қобыландының келмеді  
Ешқандай дұшпан шеніне.  
Кәпірден келген көп олжа  
Әділдікпен Қобыланды  
Жиып алып көп халқын,

- Бөліп берді қолынан  
Тақыр кедей, кеміне.  
Азулыға қондырды
- 3980 Қобыланды жиып көп елді.  
Қият, қыпшақ баласы  
Көп олжаға кенелді.  
Халықпен қатар олжаны  
Үлестен көп алған соң,  
Жарлысы байға теңелді.  
Олжаны халқы бөлісті,  
Кемеліне келісті.  
Қарлыға сынды аруды  
Еске алмай ұмытты.
- 3990 Ұмытқан емей, немене  
Ескерусіз қалған соң,  
Қарлыға сынды сұлуың  
Дәл сол жерде қамықты.  
Ақылға дана қыз Құртқа,  
Әйгілі талай ел жұртқа.  
Қарлығадан болып садаға,  
Бауырына тартады,  
Алып шығып далаға.  
Ауылдың бір жақ шетіне
- 4000 Отау тігіп оңаша,  
Қарлығаны апарып,  
Жастарды жинап қыз Құртқа  
Бастады ойын-тамаша.  
Ойын өтіп болған соң,  
Көңілдері толған соң,  
Екі келін аймалап,  
Күтеді ата-анасын.  
Қос келінге үлкендер
- 4009 Беріп жатты батасын.

# Қобыланды батыр жыры

## (Сүйіншәлі нұсқасы)

Қыдырбай деген бай болыпты. Төрт түлігі сай, байлығы жұрттан асқан екен дейді. Қыдырбай қыдырғанда он екі атты пар жегіп, он екі аттың ішіне желмая деген нар жегіп, әйелі Ақзарбапты қасына алып тойға барады екен. Екі жүз елу түйеге саба арттырып, оның піскегін алтыннан ойдырады екен.

- Екі жүз елу түйеге саба артып,  
Алтыннан піскек ойдырып,  
Үстіне оны қойдырып,  
Аспаһаны кілемді  
Енді үстіне жаптырып,  
Жібектен арқан тақтырып,  
Мұның енді байлығы  
Жаһаннан артық болады.  
Артық демей не дейін
- 10 Арасына көше кіргенде,  
Жарқырап жерді алады,  
Жұрт бір таң қалады.  
Мына отырған Қыдырбай  
«Байлығы мұндай болды» деп,  
Байлар бір таң қалады.  
Күншілік кіріп араға,  
«Қыдырбайды кемітеміз, — деп, — қай жерден»,  
Бір-біріне ақыл салады.  
Сонда тұрып Жаманбай,
- 20 Ақыл бір тапты осылай:  
— Қыдырбайды енді мен  
Кемітіп саған берейін,  
Маған салсаң ақыл-ой.

- Сол уақытта Жаманбай  
Ақыл бір тауып береді-ай.  
— Жиылған енді көп халық,  
Мен де бір той қылам, — деп,  
Хабарлады Жаманбай.  
Есітті жұрттың құлағы-ай.
- 30 Қыдырбайдай шалыңның  
Дөнеңе жоқ ойында,  
Жүре берді осылай.  
Бір күндері болғанда,  
Жаманбайдың уағдасы  
Қалып еді жақындап.  
Тағы соған баруға  
Ойлады байғұс Қыдырбай.  
Он екі атты пар жегіп,  
Желмаясы тағы бар,
- 40 Келе жатыр осылай.  
Бұрынғыдай болады,  
Сабаларын арттырып,  
Түйелерін тағы алады.  
Сол уақытта Жаманбай  
Қой бағып жүрген қойшыны  
Шақырып алды үйіне:  
— Айналайын қойшы жан,  
Тілімді менің ал, — деді.  
Бір нәрсеге жұмсайын,
- 50 Жұмсаған жерге бар, — деді.  
Келе жатыр Қыдырбай,  
Қыдырбай кірсе көшеге  
Болады тағы бұрынғыдай.  
Қыдырбайға барып сен келсең,  
Өз алдыңа қондырып,  
Бір ауыл қылам өзіңді-ай.  
Қыдырбайға бар, — деді,  
Құлағына сал, — деді.  
«Ұлы барға орын бар,
- 60 Қызы барға қызық бар,  
Ұлсыз, қызсыз Қыдырбай  
Бұл жиында несі бар?!»

- Сол сықылды байларды  
Шақырған жоқпын мен, — деді.  
Бейшара болған Қыдырбай  
Түсе салып арбадан,  
Сол баланы қуады.  
Балаға байғұс жете алмай,  
Етпетінен құлады,  
70 Құлап жатып жылады.  
Арбадан сүйеп алғаны,  
Төсекті қағып салғаны,  
Ақзарбап келіп қасына  
Қыдырбайға толғады:  
— Әй, алғаным, алғаным,  
Төсекті қағып салғаным,  
Не болды саған жазғаным?!  
Жатқан жерден тұр, — деді,  
Беті-қолыңды жу, — деді.  
80 Қатындай болып бейшара,  
Еңірей берген не? — деді.  
Құрысын малың, пұл жинап,  
Енді, шіркін, не етелік.  
Дүниеден екеуіміз  
Жаяу қаңғырумен өтелік.  
Айтқаны мұның шын екен,  
Жұмыла кетсе екі көз,  
Малға ие жоқ екен.  
Біз не етелік, не етелік,  
90 Осы арадан қайтып, елге кетелік.  
Бар түйедегі сабаға  
Енді пышақ салалық.  
Ен даланың бойында,  
Еш адам жоқ қасында  
Ақзарбаппен екеуі  
Дүниені талқан қылады.  
Бір баланың жоқтығынан  
Тойға енді бара алмай,  
Бейшара болған Қыдырбай  
100 Еліне қайтып құлады.  
Айғырын сойды ақыртып,



- Бурасын сойды бақыртып,  
Шал қошқарды сояды,  
Садақасын қылады.  
Кемпір менен шалыңыз  
Бұрынғының бәрін тастады.  
Темірден киіп шабата,  
Темірден таяқ алады.  
Қыдырбай мен Ақзарбап
- 110 Қаңғыруға қарады.  
Күні-түні жол жүріп,  
Қыдырбай мен Ақзарбап  
Сапар шегіп барады.  
Маңдайы күнге күймеген,  
Табаны жерге тимеген,  
Жорғадан басқа мінбеген,  
Жібектен басқа кимеген,  
Сондай болған Ақзарбап  
Бір баланың жоқтығынан
- 120 Зарлап кетіп барады.  
Жаулығын салып мойнына,  
Құдайдан бала сұрады.  
Енді ойласақ кемпір-шал  
Бірнеше күн жол жүріп,  
Шаршап бір байғұс тұрады.  
Екеуі жатып бейшара  
Сол араға құлады.  
Жылап жатып екеуі,  
Азырақ ұйықтап қалады.
- 130 Түрегеліп орнынан,  
Беті-қолын жуады,  
Қынайы белін буады.  
Маңғыстаудың ойы еді,  
Қаразымның бойы еді.  
Әулиесі күңіренген  
Екі жүз алпыс әулие  
Сонда, шіркін, деп еді.  
Қажыса болат сынады,  
Өліп-талып кемпір-шал  
Маңғыстаудың ойына

- 140 Келіп бір енді құлады.  
Көлдің барып басына  
Беті-қолын жуып ап,  
Әулиенің барды қасына.  
Шырағын жағып басына,  
Барып бір түнеп қалады.  
Білінбеді еш нәрсе,  
Бұрынғыдай болады.  
Түрегеліп орнынан  
Қайтадан келіп Айқын көл
- 150 Қасына келіп құлады.  
Дәретін алып көлдің басында,  
Қайтып келді бөтен бір  
Әулиенің басына.  
Тағы түнеп қалады  
Қыдырбай соның басына.  
Пәруана болды Құдай-ай,  
Кемпір мен шалың жылады.  
Күні-түні зар қағып,  
Бір баланы Құдайдан  
Күні-түні сұрады-ай.
- 160 Құбыла сарай бетінде,  
Көп бейіттің шетінде  
Мәуесі жерге төгілген,  
Жапырағы жайқалған  
Бәйтеректі көреді.  
Кемпір менен шалыңыз  
Дәретін алып тағы да,  
Бәйтеректің келді қасына-ай.  
Шырағын жағып тағы да,  
Түнеді келіп басына-ай.
- 170 Әлде өтірік, әлде рас  
Бұрынғыдан нұсқау осы еді-ай.  
Түн ортасы болғанда,  
Төбеден жұлдыз ауғанда,  
Таң мезгілі болғанда  
Көк ешегі астында,  
Ақ сәлдесі басында,  
Дәретсіз жерді баспаған,

- Еш нәрсе бұдан қашпаған  
Аян берді осыны-ай.
- 180 «Айналайын, балам-ай,  
Күні-түні еңіреп,  
Келдің бір енді маған-ай?!  
Сен тіледің біздерден,  
Біз тіледік Алладан,  
Қолыңды жай, ал, балам,  
Берейін бата саған-ай.  
Берейін отыз ұл, — дейді,  
Көресің бұны бұ қалай?
- 190 Атса мылтық өтпеген,  
Шапса қылыш кеспеген,  
Қарғаса қарғыс жетпеген,  
Суға салса батпаған,  
Отқа салса күймеген  
Берейін жалғыз мен, — деді.  
Қайсысын мақұл көресің,  
Келін-жан, енді сен?», — деді.  
Сонда Қыдырбай ойлады:  
«Отыз ұлды көп қылып,  
Берекесін жоқ қылып,
- 200 Үй айнала сөз қылып  
Неғылайын мен, — деді.  
Мылтық атса, өтпеген,  
Қылыш шапса, кеспеген  
Алайын, сірә, жалғызды,  
Енді, шіркін, мен, — деді.  
Еңкүге біткен теректің  
Екеу болса, бірі еді,  
Біреу болса, өзі еді.  
Өңкей жақсы қосылса,
- 210 Аузындағы сөзі еді,  
Алайын жалғызды мен» — деді.  
Батасын беріп бабасы,  
Ғайып болды көрінбей  
Көзіне енді шамасы.  
Түре келсе түсі екен,  
Түсінде көрген ісі екен.

- «Өтірік пе, Құдай, шын ба, — деп,  
Пәруана болды-ай Ақзарбап.  
Қасындағы Қыдырбай  
220 Енді шіркін алғаны,  
Төсекті қағып салғаны.  
Бір баланың жоғынан  
Қыдырбайдың көп арманы.  
— Жатқан бір жерден тұр, — деді,  
Беті-қолың жу, — деді.  
Құдай бір берді тілекті,  
Өтірік емес, шын, — деді,  
Сүйіншімді, шалым, бер, — деді.  
Түрегеліп Қыдырбай,  
230 «Өтірік пе, шын ба?» — деп,  
Жылады байғұс тағыда-ай.  
— Не болады мал, — деді,  
Бір шашылсын даң, — деді.  
Қалағаныңды, Ақзарбап,  
Сүйіншіңе ал, — деді.  
Сонда тұрып Ақзарбап:  
— Үстіме әйел алма, — деп,  
Артыма қамшы салма, — деп,  
Сүйіншіге соны алады.  
240 Ақылы жоқ Ақзарбап  
Дүниені алмай, қалады.  
Қайтадан келіп көлдің басына,  
Қолдарын, бетін жуады.  
Бұрынғыдай емес кемпір-шал,  
Енді бұлар қунады.  
Өзінің келген ізімен,  
Көк майсаның жүзімен  
Елге сапар қылады.  
Күндіз-түні жол жүріп,  
250 Өлдім-талдым дегенде,  
Өштім-жандым дегенде,  
Кемпір менен шалыңыз  
Қажыса болат сынады.  
Аман-есен кемпір-шал  
Еліне келіп құлады.

- Төбел бие сойдырып,  
Осы тұрған кемпір-шал  
Садақасын қылады.  
Кемпір менен шалыңыз
- 260 Бұрынғыдай толмады,  
Енді екеуі қунады.  
Қунады демей не дейін,  
Кемпір менен шалыңыз  
Тай-құлындай төбісіп,  
Аузы-басын өбісіп,  
Қалды дейді келісіп.  
Қырық күні толады,  
Осы тұрған Ақзарбап  
Болуға жерік қарады.
- 270 Көзі оттай жайнады,  
Зығыры мұның қайнады.  
«Неғылам» деп Ақзарбап,  
Енді шіркін ойлады.  
Жерде жатқан жыланды  
Қолына алып шайнады,  
Жерігі бұған қанбады,  
Кесірткедей болмады.  
Жеті күн жатып далада,  
Ал жалаңаш аунады.
- 280 Қоңыр күздей болмады,  
Жерігі бұған қанбады,  
Күннен-күнге зарлады.  
Ұланға жеріді, бұланға жеріді,  
Жерігі бұған қанбады.  
Тау басында қара тас  
Қатұр-құтыр шайнады,  
Қатты құрттай болмады.  
Жерігі қанбай Ақзарбап,  
Екі көзі жайнады.
- 290 «Мына тұрған, Қыдырбай  
Жерік асым тап-ай», — деп,  
Ойға-қырға айдады.  
Тағы тұрып Ақзарбап  
Қыдырбайға толғады:

- Енді менім алғаным,  
Төсекті қағып салғаным,  
Тағы да мен айтайын,  
Айдаһардың жүрегі  
Соған болдым жерік, мен, — деді,  
300 Соны тауып бер, — деді.  
Осы тұрған Қыдырбай  
Неғыларын біле алмай.  
Алпыстан асқан жасы бар,  
Келер ме бұл іс қолынан.  
Сол уақытта Қыдырбай  
Көктен атқа мінеді-ай.  
Сапар шегіп, жол тартып,  
«Қарға бойлы Қазтоған,  
Өзі тоқсан жасаған,  
310 Азу тісі босаған,  
Айдаһарды Қазтоған  
Білер ме екен осы», — деп,  
Қыдырбай келіп құлады  
Қазтоғанның аулына.  
Сол уақытта Қазтоған  
Көп жасаған көне еді.  
Жез құманы қолында,  
Дәрет алып жүр еді.  
Бір қараны Қазтоған  
320 Енді көзі көреді.  
Кім екенін білуге  
Аз кідіріп тұрады.  
Айтып ауыз жұмғанша,  
Ескен бір желдер тынғанша  
Қыдырбай келіп құлады.  
Үлкен еді Қазтоған,  
Сәлем бір берді ал соған.  
Осы тұрған Қазтоған:  
— Айналайын, інім-ай,  
330 Жоқ еді сенің мінің-ай.  
Сенсіз сірә, жоқ еді,  
Қарағым, менің күнім-ай.  
Мінбейтін атты мініпсің,

- Мезгілсіз уақытта  
Енді, інім, жүріпсің.  
Қарасып қалды «інім» деп  
Жұмысын оның сұрады-ай.  
Сонда тұрып Қыдырбай  
Бұған бір жауап қылады:
- 340 — Біздің үйдегі келінің  
Жерік асы табылмай,  
Ініңді енді айдады-ай.  
«Айдаһардың жүрегі  
Жерік болдым, — дейді, — соған-ай».  
Айдаһарды Қазтоған,  
Көрдің бе, — деп, — енді сен,  
Сұрай келдім соны мен.  
Сонда тұрып Қазтоған  
Айтады жауап ал соған.
- 350 — Ал, қолыңнан Қыдырбай,  
Келмес деді мына іс.  
Тұзбайырдың тауынан  
Көріп едім айдаһар,  
Сонан енді, мен, — деді.  
Тұзбайырдың тауында  
Айдаһар сонда бар, — деді,  
Тілімді менің ал, — деді.  
Бір келсе, келер қолынан  
Айсаның ұлы Ахмет,
- 360 Былайғы ерден тақыл ет.  
Бір жаулардың ішінде  
Балтаны алпыс сындырған,  
Дұшпанның көңлін тындырған,  
Артық бір туған ер еді.  
Бір, әй бір келсе, соның қолынан  
Келсе, бір келер деп еді.  
Соған да хабар бер, — деді.  
Көкмойнақ аты астында,  
Құралай бөркі басында,
- 370 Көкала тазы соңында,  
Көк қаршыға қолында,  
Дәл жиырма бес жасында,

- Көптен де бері жау көрмей,  
Аңсырап жүрген ер, — деді.  
Бір келсе, келер соның қолынан,  
Соған да хабар бер, — деді.  
Осы тұрған Қыдырбай  
Тілін бұның алады,  
Сөзіне құлақ салады.
- 380 Басын аттың бұрады,  
Атына қамшы ұрады.  
Айтып ауыз жұмғанша,  
Ескен желдер тынғанша  
Аңызға болып, шөл болып,  
Сағым болып, жел болып,  
Қыдырбай келіп құлады.  
Айтқаны мұның шын екен,  
Ен даланың бойында  
Ит жүгіртіп, құс салып,
- 390 Аң аулап Ахмет жүр екен.  
Қыдырбай келді қасына,  
Пәруана болды басына.  
Қыдырбайды көрген соң,  
Ахмет келді қасына.  
Ахмет сәлем береді,  
Сәлемін алып Қыдырбай,  
Енді, шіркін, сөйледі:  
— Он екі тәуба, жүз құлдық,  
Ахмет батыр, ерім-ай.
- 400 Ахметті көргенде  
Күнінде тәуба біз қылдық,  
Жоқ еді сенің мінің-ай.  
Сенсіз менің жоқ еді,  
Қарағым, енді күнім-ай.  
Біздің үйдегі жеңгеңнің  
Жерік асын таба алмай,  
Ағаңның соры қайнады-ай.  
«Барып кел, — деп, — қайныма,  
Жеңгең мені айдады-ай.
- 410 «Айдаһардың жүрегі  
Болдым, — дейді, — жерік соған-ай».



- Қарға бойлы Қазтоған  
Тұзбайырдың тауынан  
Көрдім деп айтты маған-ай.  
Тілімді алсаң, Ахмет,  
Айдаһарға барып кел,  
Жүрегін соның алып кел,  
Мен келдім, — деді, — саған-ай.  
Сонда тұрып Ахмет
- 420 Бұны мақұл көреді:  
— Сенен енді ұл туса,  
Өтірік емес, шын туса,  
Керек болар о дағы  
Енді, шіркін, маған-ай.  
Енді үйіңе қайта бер,  
Үш күннен соң барамын,  
Келмейді деп ойлама.  
Көп түйенің ішінен  
Айыр да емес, нар да емес,
- 430 Бал қоспақты ал, — деді,  
Жетелеп үйге бар, — деді.  
Көп жылқының ішінен  
Жеті жылғы ту бие  
Тауып, бір соны ал, — деді.  
Ойдан алып он зергер,  
Қырдан алып қырық зергер,  
Кілең тілше қармақты  
Күн бұрыннан соқтырып,  
Өзірлеп бәрін қой, — деді.
- 440 Қыдырбай қайтып жөнелді,  
Көп түйенің ішінен  
Айыр да емес, нар да емес,  
Бал қоспақты алады.  
Көп жылқының ішінде  
Жеті жылғы ту бие  
Бар ма екен деп қарады.  
Ішінде оның нелер жоқ?!  
Жеті жылғы ту бие  
Қыдырбай тауып алады.
- 450 Түйені, бие жетелеп,

- Кесе бір қырды кеселеп,  
Енді үйіне барады.  
Ойдағы он зергерге,  
Қырдағы қырық зергерге  
Келсін деп хабар салады.  
Хабар бұған тиген соң,  
Барлығы да жиналып,  
Қыдырбайға құлады.  
Көрікті құрып зергерлер,  
460 Әзірлігін қылады.  
Кілең тілше қармақтың  
Бәрін соғып зергерлер,  
Әзірлеп соны тұрады  
Баяғы айтқан Ахметтің  
Уағдасы толады.  
«Қайным қашан келед» деп,  
Жеңгесі оның Ақзарбап  
Басынан таудың түспейді,  
Аузына сусын ішпейді.  
470 «Қайным қашан келед» деп,  
Күтіп бір соны тұрады.  
Уағдасы болғасын,  
Қайнысы келіп құлады.  
Келгенсін бұның қайнысы  
Тізгінінен алады.  
Жетектеп барып Ақзарбап,  
Жіп бұйымды жияды,  
Жібек бұйым жаяды.  
Түйеден алып нар сойып,  
480 Жылқыдан алып пар сойып,  
Қайнысын қонақ қылады.  
Сарғайып таң атқанда,  
Қызарып күн шыққанда,  
Түйе менен биені  
Ахмет алып жетекке,  
Кілең тілше қармақты  
Бал қоспаққа таңады.  
Ахметтей батырың  
Күні-түні жол жүріп,

- 490 Тұзбайырдың тауына,  
Үстінен келіп құлады.  
Бие менен қоспақты  
Сол араға буады.  
Көкмойнақ атқа мініп ап,  
Он екі қабат саланы  
Ахмет аралап қарады.  
Айдаһарды көрмеді,  
«Не қылам» деп ойлады.  
Тұзбайыр таудың басына
- 500 Жақындап Ахмет келеді.  
Үңірейіп жатқан бір інді  
Ахмет батыр көреді.  
Көзін салса сол інге  
Бұрқырап жатыр буың-ай  
Айдаһардың Ахмет інде екенін біледі.  
Осы тұрған Ахмет  
Ту биені әкеліп,  
«Исімен шығар» деп,  
Басына іннің сояды.
- 510 Кілең тілше қармақты  
Шықса соны жұтсын деп,  
Ет қойып бәрін құрады.  
Ахметтей еріңіз  
Шыққанынша осыған  
Осындай амал қылады.  
Мына тұрған айдаһар  
Шыға қалса інінен,  
Үш күншілік жерден нәрсені  
Лебіменен тартады.
- 520 Осы тұрған Ахмет  
Шығып енді алысқа,  
Дем жетпейтін жерге барады.  
Көкмойнақтың сыпырып  
Енді ерін алады.  
Алтын қазық қағады,  
Жібек арқан тағады,  
Мақпал жабу жабады.  
Бес қаруын жастанып,

- Ахмет ұйықтап қалады.  
530 Бір күн өтіп арада,  
Екінші күні бір дауыл  
Кереметтей болады.  
Жерде жатқан дүниені  
Ұшырып кетіп барады.  
Мұндай желді адамзат  
Көрмегендей болады.  
Оныменен қоймады,  
Аспаннан жауды тас бұршақ,  
Атқан оқтай болады.
- 540 Жүрген енді жәндікті  
Қырып кетіп барады.  
Бұл неғылған керемет,  
Батыр бір таң қалады.  
Түрегеліп орнынан,  
Қынайы белін буады.  
Қынабы алтын ақ қылыш  
Батыр бір қолға алады.  
Қынапқа салса, бір құлаш,  
Суырып алса, қырық құлаш
- 550 Енді қылыш болады.  
Қылышты қолға алады  
Осы тұрған Ахмет.  
Етек бір жеңін түрініп,  
Не болса да көрейін,  
Інге барып келейін,  
Жаяу бір талап қылады.  
Келе жатса Ахмет  
Шыққан екен айдаһар.  
Айдаһар да көреді,
- 560 Ахмет те көреді.  
Көрінгенсін Ахмет,  
Лебімен тартып жөнелді.  
Қолындағы ақ қылыш  
Қолына ұстап Ахмет  
Енді кетіп барады.  
Қолындағы ақ қылыш  
Тауға салса, тас алған,

- Шаш ал десе, бас алған.  
Салса кеткен білінбей,  
570 Көзіне жұрттың ілінбей,  
Нарға салса бүлк еткен.  
Сол қылышты ұстап ап  
Ахмет кетіп барады.  
Лебіменен айдаһар  
Ахметті алады.  
Қанша батыр болса да,  
Лебіне оның шыдамай,  
Ахмет кетіп барады.  
Қолындағы ақ алмас  
580 Сырылдатып маңдайын тіледі.  
Тала жаздап Ахмет  
Аман-есен қалады.  
Айдаһарды екіге  
Жарған екен ақ алмас.  
Түре келсе Ахмет  
Екі жағы екі тау,  
Ахмет қалды есен-сау.  
Құдай бір тілек береді,  
Жерік асы табылып  
590 Ақзарбаптың қолына келеді.  
Айдаһардың жүрегін  
Енді Ахмет арқалап,  
Құйымшағы қайқалап,  
Орнына қайта келеді.  
Осы тұрған жүректі  
Бал қоспаққа таңады.  
Көкмойнақ атқа ер салып,  
Қайтайын деп оқталып,  
Ахметтей батырың  
600 Елге бағыт бұрады.  
Өзінің келген ізімен  
Ахмет қайтып барады.  
Іздеген асы табылып,  
Абыройы жабылып,  
Қуанышпен кетіп барады.  
Ақзарбаптай жеңгесі

- Қайнысын жеті күншілік жерден күтіп тұрады.  
Аман-есен қайнысы  
Ақзарбапқа құлады.
- 610 Баруға үйге шыдамай,  
Түйедегі жүректі  
Ақзарбап енді алады.  
Қоламтаға далада  
Сол жүректі салады.  
Шала-пұла пісіріп,  
Жүректі жеп алады.  
Жерігі мұның қанады.  
Жүректі жеп алған соң,  
Көзі оттай жанады.
- 620 Қайнысына енді еріп,  
Үйіне қайтып барады.  
Намаз ақшам болған соң,  
Үйіне қайтып құлады.  
Жіп бұйымды жиып ап,  
Жібек бұйым жаяды.  
Қайнысын тағы қонақ қылады,  
Мақсаты оның болады.  
Осы тұрған Ақзарбап  
Жерігі оның қанған соң,
- 630 Тоғыз ай, он күн толған соң,  
Кетті іші қампайып,  
Бұты кетті талтайып.  
Бір баланың зарпынан  
Отыра алмады жантайып,  
Өлгенде көрген баланың  
Қозғалады миы деп.  
Алдындағы бұтаны  
Бұталатып жұлғызып,  
Жерді тегіс қылады.
- 640 Тоғыз ай, он күн толған соң,  
Толғатуға қарады.  
Алтыннан бақан құрады.  
Қасындағы көп халық  
Енді хабар қылады,  
Жиылып бәрі тұрады.

- Сонда дағы Ақзарбап  
Таба алмады баланы.  
Сол уақытта Ақзарбап  
Орақ, Мамай шешесі  
650 Қараүлекті алдырды.  
Осы тұрған Қараүлек:  
«Ел көшті, — деп, — жау жетті»,  
Етегімен қағады.  
Сонда дағы Ақзарбап  
Таба алмады баланы.  
Мына тұрған Қараүлек  
Көпті көрген көне еді.  
Әрбір жерін сипалап  
Ақзарбаптың көреді.  
660 — Жайшы деген бір кемпір  
Сонда тірі жүр, — деді  
Алдырмаса тап соны  
Туа алмайды бұл, — деді.  
Орақтың үлкен баласы  
Қарасайға хабар бер, — деді.  
Шақырып соны келеді.  
Шақырған соң Қарасай  
Енді бір еріп келеді.  
*Қараүлек:*  
670 — Айналайын, Қарасай,  
Қара атыңа мін, — деді.  
Тастамай қару іл, — деді,  
Дүбір-дүбір жел, — деді.  
Осы арадан сол кемпір  
Үш күншілік жер, — деді.  
Хабарды соған бер, — деді  
Шақырып алып кел, — деді.  
Мына тұрған Қарасай  
Қараүлектің тілін алады.  
680 Қараша атқа ер салып,  
Барайын деп оңдалды.  
Үш күншілік жер еді,  
Үстіне соның келеді.  
Бір-ау сайдың бойынан

- Түтін шықты деп еді.  
«Не қылған бұл түтін», — деп,  
Қарасай соған келеді.  
Кемпірдің жолым үйі сол еді,  
Қарасай хабар салады.
- 690 Хабарды кемпір есітіп,  
Енді шықты далаға.  
Көзінің алды іріңдеп,  
Буындары дірілдеп,  
Баланы кемпір көреді.  
Мына тұрған Қарасай,  
Кемпірге сәлем береді.  
Сонда тұрып кемпірің  
Қарасайға сөйледі:  
— Айналайын, жас бала,
- 700 Істеген ісің масқара.  
Қайсы байдың ұлысың,  
Білдірсең маған, — деп едім.  
Сонда тұрып Қарасай:  
— Мен Орақтың баласы-ай,  
Іздеп келдім мен сені,  
Шеше-еке, енді шамасы-ай.  
Қыдырбайдың алған Ақзарбап  
Күндіз-түні ал зарлап  
Таба алмады баласын.
- 710 Сол үшін келдім сізді іздеп.  
Сонда тұрып бұл кемпір  
Тас бұлақтың басында,  
Алтын астау қасында  
Қарақасқа тұлпарым  
Менің енді бар, — деді.  
Алып келші, балам-ай,  
Барайын енді, мен, — деді.  
Осы тұрған Қарасай  
Бұлақтың келді басына,
- 720 Тұлпардың келді қасына.  
Ұстайын деп оқталса,  
Азырақ тұлпар қымсынып,  
Жаратпағандай болады.



- Ұстатпаған соң бұл тұлпар,  
Қамшыменен бір соғып,  
Қарасай ұстап алады.  
Осы тұрған кемпірің  
Нұсқағанын көріп батырдың  
Жаны шығып кеткендей болады.
- 730 Кемпір де келіп қалады,  
Қарақасқа тұлпарды  
Жетелеп үйге барады.  
Ер-тоқымын салады,  
Қарақасқа тұлпарды  
Енді кемпір мінеді.  
Қарасаймен екеуі  
Елге қарап жүреді.  
Екеуі соның жарысса,  
Қарақасқа тұлпармен
- 740 Кейін қалған Қара атты  
Кемпір тосып алады.  
«Бір жылқыдан қалдың, — деп,  
Атым бар деп не етейін.  
Басыңды кесіп кетейін», —  
Деп ашуланды Қарасай.  
Кемпірдің көзі көреді  
Қарасайдың ашуланғанын.  
Айналып кемпір келеді,  
Қарасайға сөйлей береді:
- 750 — Әй, Қарасай, Қарасай,  
Ердің Орақ баласы-ай,  
Түріне сөздің қарашы-ай,  
Сенің әкең қанды Орақ  
Менің кіндік балам-ай.  
Орақ пенен екеуміз  
Талай салдық шабуыл  
Бұл арада біз, — деді.  
Қара қасқа тұлпардан  
Қара, сірө, қалады.
- 760 Қашаннан мәлім бұл, — деді,  
Ашуыңды, батыр, бер, — деді.  
Мына тұрған Қара атты

- Қысқа күнде қырық шауып,  
Қара терге боялып,  
Шапты талай бұл жерде.  
Сенің енді ауылың  
Астыңдағы Қара атқа  
Үш күншілік жер, — деді.  
Қарақасқа тұлпарға  
770 Бір күншілік жер, — деді.  
Қарағым, бұл айтқаным шын, — деді,  
Ұлықсат маған бер — деді.  
Кете берейін мен, — деді,  
Асықпа енді, құлыным,  
Келерсін кейін сен — деді.  
Осы тұрған Қарасай  
«Бара бер» деп кемпірге  
Енді ұлықсат береді.  
Намаз ақшам болғанда  
780 Аман-сау кемпір келеді.  
Дөдегеге ат байлап,  
Үйге енді кіреді.  
«Ел көшті, жау жетті» деп,  
Етегімен қағады.  
Толғақ деген бұйым ба,  
Бұ да бізге қиын ба? —  
Деп, кемпір сыртын  
Бір сипап қарады,  
Қарады да сынады.  
790 Сонда кемпір тағы толғады:  
— Қырық бірдей тұлпарды  
Жылқыдан ұстап кел, — деді.  
Ақ киімді киіндер,  
Қырығың атқа мініңдер.  
Жау да келіп қалды, — деп,  
Елді жау алды, — деп,  
Айқайды сендер салыңдар.  
Қырық тұлпардың дүбіріне тумаса,  
Туа алмайды бұл, — деді.  
800 Дүбірлі туған ер, — деді.  
Қырығы атқа мінеді,

- Қырық тұлпардың дүбірі  
 Көтеріп жерді барады.  
 Баяғы тұрған Ақзарбап  
 Баланы енді табады.  
 Ақ жібекке орады.  
 Алдына төрдің қояды.  
 Толғақ деген бұйым ба,  
 Бұ да бізге қиын ба?!
- 810 Ішін сипап қарады.  
 Аш күзендей бүгіліп,  
 Тал шыбықтай бұралып,  
 Бір қыз туа қалады.  
 Құдіретіне Құдайдың  
 Енді, шіркін, қарашы!  
 Баласы жоқ Қыдырбай  
 Бір ұл, бір қызды болады.

Қыдырбай балаларының туғанына үлкен той жасайды. Тойға келген көп халыққа Қыдырбай: — Сәбилерге ат қойып беріңдер, — деді.

- Ат қоюға таласып,  
 Біреуі оны қояды,  
 820 Біреуі мұны қояды,  
 Бір-біріне көнбей тұрады.  
 Оныменен қоймады,  
 Шығаруға жанжал ойлады.  
 Қолыңа дойыр аласың,  
 Төбелесті сендер саласың.  
 Біреуің өліп қаласың,  
 Жанжалға мені қоясың.  
 Қойылмаса аты бұл қалсын,  
 Халқым, енді тарашы?!
- 830 Піштана болып тұрады,  
 Қыдырбай енді жылады.  
 Балалардың атын қоя алмай,  
 Арманда енді болады.  
 Енді көзін салып қараса,  
 Садақа енді сұраған

- Бір диуана келіп құлады.  
Қыдырбай диуанаға келеді:  
— Айналайын, диуана,  
Кел соңымнан ер, — деді.
- 840 Екі бірдей сәби бар,  
Атын қойып бер, — деді.  
Не болады даң, — деді,  
Шашылсын бір мал, — деді.  
Қалағаныңды, диуана,  
Менен енді ал, — деді.  
Диуана үйге кіреді,  
Екі бірдей баланы  
Диуананың көзі көреді.  
Қолына алып баланы,
- 850 Диуана сөйлей береді:  
— Қояйын атыңды, шіркін, мен, — деді.  
Шаппай ізі жосылған,  
Желі тұрған оңынан,  
Дұшпаны қашқан жолынан  
Аты болсын, — деді, — Қобылан.  
Қандай қиын қарындас,  
Баурың өлді дегенде  
Шыдамайды екен тумалас.  
Шыдамайды адам бауырға,
- 860 Шыдамайды түйе жауырға.  
Қобыландыға қарындас —  
Аты болсын Қарлығаш.  
Екі бірдей сәбидің  
Атын қойып болады.  
Дүниені не қылсын,  
Ғайып бір ерен қырық шілтен  
Екен бір енді бабасы.  
Көзіне жұрттың көрінбей,  
Ғайып болды диуана.
- 870 Енді халық тарады,  
Атын қойып баланың,  
Қыдырбай көңілденіп алады.  
«Мына тұрған сәбиді  
Саламыз, — деп, — бесікке»,

- Қатындар шуды салады.  
Алтыннан құйған бесікке  
Қатындар баланы салады.  
Қақпаның аузын кең ашып,  
Шашуды Ақзарбап шашады.
- 880 Сонша келген қатындар  
Дүниеге қарық болады.  
Мына тұрған Қобыланның  
Кереметін көрсейші,  
Алтыннан құйған бесігі  
Қобыландыға жарамай,  
Енді сынып қалады.  
«Мұндай да жан болар ма?» —  
Деп, көргендер таң қалады.  
Халайық барлығы тарады.
- 890 Бұл бала туған соң,  
Бір жасында бірленді,  
Екі жасқа келгенде,  
Онан жаман түрленді.  
Үш жасына келгенде,  
Үшкілсіз көйлек кимеді,  
Берен тонға симады.  
Көлденеңнен көрген жан  
Оның сипатына тоймады.  
Он бес асық, қос топай
- 900 Балаң алып қолына,  
Ойнайын деп ойлады.  
Алтыннан құйған тақыр бар,  
Қасындағы балалардың  
Асығын енді қоймады,  
Бәрін ұтып алады.  
Онан да асып бұл бала  
Төрт жасына барады.  
Берен бір тонға симады,  
Белгілі ермен тең болды.

Бұнымен Қобылан осылай тұра тұрсын. Ендігі сөзді Көктен кемпірдің жалғыз қызы Құртқа жайында айтайық. Бұның сұлулығын адамзатта бар деп айтуға болмайды. Екеу болса бірі

болған, біреу болса өзі болған. Жүз көріктік болса, тоқсан тоғызы мұнда болған. Сонда қалмақтың ханы Қанабоздың да құлағына Құртқаның сұлулығы шалынады. Қанабоз естіген соң, өзінің халқына хабар салды. Халқын Қанабоз жинап алды:

- 910 — Кел Құртқаға барамыз,  
Берсе де, бермесе де  
Біз тартып аламыз.  
Қанабоз алты жасар баласын  
Азамат қылып мінгізді.  
Алты жасар аттарын  
Арғымақ қылып мінгізді.  
Қарамағындағы халқына  
Хабарын тегіс білгізді.  
Құртқаға Қанабоз аттанды,  
920 Әскерін қырмен жүргізіп,  
Әдірнеден оқ алды,  
Сахырнадан жақ алды.  
Аттанып қалмақ келеді  
Көктен кемпір еліне.  
Көктен көріп әскерді,  
Таң-тамаша қалады.  
Көктен шығып алдынан,  
Жөндерін олардың сұрады.  
Ұялсын ба бұл қалмақ  
930 Білгенін баян қылады:  
— Қанабозды күйеу қыл, — деді,  
Қанабозға қызыңды бер, — деді.  
Мына отырған Қанабоз  
Еш адамнан кем емес,  
Қызыңды осыған бер, — деді.  
Амал жоқ бұған көнеді,  
Бермейміз деуге әлі жоқ,  
Қалмақты қонақ қылады.  
Болдым деп алмақ Қанабоз,  
940 Қуанып енді тұрады.  
Көктен келіп бір күні,  
Қанабоздан сұрады:  
— Қанабоз батыр, ер, — деді,

- Қызымды саған беремін,  
Қызыммен сен қатар тең, — деді.  
Сенен мықты адам жоқ,  
Сенен батыр адам жоқ.  
Отыз күн ойын қыламын,  
Қырық күн тойын қыламын,  
950 Жұрттың бәрін жиямын.  
Беремісің ұлықсат,  
Сұрай келдім мен? — деді.  
Осы тұрған Қанабоз  
Бұған бір мәз болады.  
Бұл кемпірдің сөзіне  
Қанабоз әбден нанады.  
«Істей бер, — деп, — тойыңды,  
Шақыра бер, — деп, — еліңді»,  
Қанабоз ұлықсат қылады.  
960 Қанабоздай батырдың  
Ұлықсатын алады.  
Осы отырған Көктенің  
Бір адамға хабар салады:  
— Бір тұлпарға мін, — деді,  
Тастамай қару іл, — деді.  
Ұйқыңды, қалқам, бөл, — деді,  
Ноғай деген халық бар,  
Барып бір хабар бер, — деді.  
Ноғайдың ханы Шынтемір  
970 Берейін соған бір қағаз,  
Алып барып бер, — деді.  
Бүтін ноғай баласы  
Қалмастан келсін шамасы.  
Онан шығып жағалап,  
Итқырылған белінде,  
Жирен деген көлінде  
Қыдырбайдан туды, — дейді, — Қобылан.  
Бес-ақ жасар күні еді,  
Алтыға қарап келеді,  
980 Осы тұрған Қобыланға  
Арнап хабар бер, — деді.  
Зәуелім шайтан болмаса,

- Құртқамды Қобылан алар, — деп еді.  
 Баяғы тұрған елшіңіз  
 Қолына қағаз алады,  
 Ноғайға қарай жөнелді.  
 Намаз ақшам болғанда,  
 Шынтемірге құлады.  
 Дөденеге ат байлап,  
 990 Елшің үйге енеді.  
 Төрде отырған Шынтемірге  
 Келіп сәлем береді,  
 Сәлемін құптап алады.  
 Қолындағы қағазын  
 Шынтемірге береді,  
 Хатты алып Шынтемір,  
 Оны ашып оқиды.  
 Қолына алып хат жазған,  
 Ноғай деген ат жазған.  
 1000 «Қапыда қалма, сен, ноғай,  
 Келіп жатыр көп қалмақ  
 Аламын деп қызымды,  
 Батырыңа хабар бер, — деді,  
 Батыр бәрін жинап кел», — деді.  
 Сол уақытта Шынтемір  
 Мұны мақұл көреді.  
 Жаңбыршыдан туған Телағыс  
 Соған хабар береді.  
 — Айналайын, ер Ағыс,  
 1010 Бір тұлпарға мін, — деді,  
 Қаруыңды енді іл, — деді,  
 Ноғайлыға хабар бер, — деді.  
 Ағыс атқа мінеді,  
 Айсаның ұлы Ахмет  
 Бұған да хабар береді.  
 Көкшенің ұлы Қосайға  
 Бұған да хабар береді.  
 Ақшабай ұлы Төрехан  
 Бұған да хабар береді.  
 1020 Жаманбайдың баласы  
 Өуезге де хабар береді.



Көрұғлының баласы  
Бозайға да хабар береді.

Елші енді Қыдырбайдың еліне келеді. Кіргенін бір кісінің  
Қыдырбай көреді.

- Бір қонақтың қонғанын,  
Бір сұмдықтың болғанын  
Қыдырбай енді біледі.  
Жөнін сұрай елшінің  
Енді Қыдырбай береді.  
— Қыдырбайдың ұл туған,  
1030 Өтірік емес, шын туған,  
Айы күні бір туған,  
Желі тұрған оңынан,  
Дұшпаны қашқан жолынан  
Туды деп сенен есітіп,  
Енді, шіркін, Қобылан  
Хабар бере мен келдім.  
«Қыз Құртқаны алам», — деп,  
Жатыр қамап көп қалмақ.  
Қобыланға хабар саламын,  
1040 Қобыланды ертіп елге барамын.  
Қыдырбай мақұл көрмеді,  
Елшіге Қыдырбай сөйледі:  
— Өлгенде көрген жалғызым,  
Маңдайдағы құндызым,  
Төбедегі жұлдызым,  
Қобыланнан аулақ жүр.  
Омыртқасы өскен жоқ.  
Қабырғасы қатқан жоқ,  
Жауды Қобылан көрген жоқ,  
1050 Мәнісін жаудың білген жоқ.  
Баяғы тұрған елшіні  
Қамшыменен сабады,  
«Қобыланнан аулақ жүр-ай», — деп.  
Өлтіруге қарады,  
Мойнына арқан салады.  
Сол уақытта үйден шығып Ақзарбап:

- Не болды саған, алғаным,  
Төсекті қағып салғаным?!  
Елшіге өлім жоқ еді,  
1060 Алжыдың ба сен? — деді,  
Бір шыбықтай қанын,  
Бір шыбындай жанын  
Жан саулыққа береді.  
Айтқанына Зарбаптың  
Енді шалың көнеді.  
Күншілік жерге шығарып  
Бұл елшіні жіберді.  
«Енді қайтып келме», — деп,  
Елшіге хабар береді.
- 1070 Елші кетіп қалған соң,  
Шалың үйге барады.  
Кемпір менен шалыңыз  
Ақылдасып қарады:  
— Мына тұран Қобыланды  
Енді қайда бағамыз,  
Қалайша айла табамыз?!  
Есітсе жаудың хабарын,  
Қобылан кетіп қалады.  
Кемпір менен шалыңның
- 1080 Енді тапқан ақылы:  
«Кел не етелік, не етелік,  
Жылқы баққан құлдарға  
Баланы алып екеуміз кетелік.  
Біз құлдарға баралық,  
Құлағына салалық,  
Қобыланға енді мықты бол.  
Еті мұның сенікі,  
Сүйегі болсын біздікі.  
Тіліңді Қобылан алмаса,
- 1090 Ортаға алып сабаңдар,  
Бәрің бірдей қамандар.  
Қобыландай баланы  
Кешке қарай жатқанда  
Орталарыңа алыңдар.  
Кілем жауып үстіне,

- Іргесін басып жатыңдар».  
 Осының бәрін көп айтып,  
 «Еш адамды Қобыланға  
 Жолықтырма» деп айтып,  
 1100 Қодарқұл мен Оспанқұл,  
 Көктөбет пен Қаршабай,  
 Тапсырдым, — деді, — саған-ай.  
 Мықты болың, қарағым,  
 Сенің енді еңбегің  
 Ойыма мен аламын, —  
 Деп кемпір-шалдар қайтып кетеді.

Бұл осымен тұрсын. Ендігі хабарды елші мен Көктен кемпірден тыңдайық.

*Кемпірдің елшіге айтқаны:*

- Қобыланнан хабар алдың ба? —  
 Деп кемпір елшіден сұрады.  
 1110 *Елшінің айтқан сөзі:*  
 — Бере алмадым хабарды,  
 Қыдырбай ұстап алады.  
 Мойныма арқан салады,  
 Қамшыменен сабады.  
 Бармақ түгіл жан қайғы,  
 Хабарсыз Қобылан қалады.  
 Осыны естіп Көктен,  
 Өзі естіруге қарады.  
 Көктен жеті түрлі тілді біледі екен,  
 1120 Жеті түрлі сүгіретке кіреді екен.  
 Осы тұрған Көктенің  
 Бермек боп хабар Қобыланға,  
 Алтайы қызыл түлкі боп,  
 Қобыланға жөнелді.  
 Болып түлкі келеді,  
 Бір шетінен елінің  
 Қобыланның кіреді.  
 Елін жүріп жағалап,  
 Таба алмады баланы.  
 1130 «Енді қайда кетті?» — деп,

- Көп жылқыға барады.  
 Сол арада Қобыланды  
 Енді тауып алады.  
 Түлкінің енді келгенін  
 Қобылан бала көреді.  
 Балалықтың зарпынан  
 Жетпеймін деген ойы жоқ,  
 Түлкіні жаяу қуып барады,  
 Баладан құлдар айырылып қалады.
- 1140 Тоқсаны мініп тоқсан ат,  
 Жан-жағына қарады.  
 Түлкі қуған баланы  
 Біреуі тауып алады.  
 «Кетесің неғып жаяу», — деп,  
 Баланы ұстап алады,  
 Бәрі ортаға қамады.  
 Ықтиярсыз баланы  
 Қосына алып кетіп барады.  
 Кешегі Көктен ойында
- 1150 Қобылан хабарсыз екені қалады.  
 Екінші түнде Көктен кемпір  
 Бір сұлу қыз болып барады.  
 Балаға хабар салады:  
 — Қобылан батыр, ер, — деді,  
 Жатқаның сенің нең? — деді.  
 Дәнеңе жоқ ойыңда,  
 Жатырсың құлдың қойнында.  
 Жар қосағың Құртқаның  
 Қайда екенін білдің бе,
- 1160 Енді, шіркін, сен? — деді.  
 Жар қосағың Құртқаны  
 Аламын деп қоршап жатыр ел, — деді.  
 Білмейсің мұны сен, — деді,  
 Хабар бере келдім мен, — деді.  
 Менің балам сен едің,  
 Жар қосағың Құртқаны  
 Өзің тірі тұрғанда  
 Қалмаққа неғып бересің?!  
 Құрбы менен құрдастың

- 1170 Бетін неғып көресің?!  
Ендігін өзің білесің, — деп,  
Ғайып боп кемпір жөнелді.  
Қобылан енді тұрады,  
Беті-қолын жуады,  
Қынайы белін буады.  
Ойына түсіп бір нәрсе,  
Бұрынғыдай болмады.  
«Көп жылқының ішінен  
Мінетін тұлпар бар ма?» — деп,
- 1180 Енді Қобылан қарады.  
Бір жерде көрді аланы,  
Ұстап алып Қобылан  
Мініп бір енді қарады.  
Әу деген жерге жарамай,  
Етпетінен құлады.  
Мұны тастап бұл бала,  
Тағы да тұлпар қарады.  
Бір жерге келіп Қобылан,  
Бір торыны ұстап алады.
- 1190 Оны да мініп қарады,  
Бұ да құлап қалады.  
Өтірік болса өзіне,  
Кенелтейін сөзіне.  
Сол арада Қобыланнан  
Алты жылқы өледі.  
Бір мезгілдер болғанда,  
Жылқының құбыла жақ шетінен  
Бір аланы көреді.  
«Бір мінуге осы жарар», — деп,
- 1200 Қасына бала келеді.  
Бұғалық салып жіберді,  
Бір тигізбей табанын,  
Баланы алып жөнелді.  
Өлдім-талдым дегенде,  
Өштім-жандым дегенде,  
Кеттім-бардым дегенде,  
Осы тұрған аланы  
Өзіне қаратып алады.

- Басына жүген салған соң,  
 1210 Азырақ жал алады.  
 Осы тұрған алаға  
 Астына тоқым салады.  
 Басында бар малақай,  
 Астындағы ала тай.  
 Тал құрығы қолында  
 Алмақ болып Құртқаны  
 Түсті соның соңына.

Ертемен тұрған тоқсан құл баланы тағы да іздеп таба алмайды. Бір уақыттар болғанда, құлдар аланың жерошақ болып қазылған ізін тауып алады.

- Өлеңін айтып ақырын,  
 Бала кетіп барады.  
 1220 Осы тұрған тоқсан құл  
 Бір күн жүріп артынан  
 Жетпек болды Қобыланға.  
 Қарасын бала көргенсін,  
 Кідіріп азырақ тұрады,  
 Құлдар келіп құлады.  
 — Барасың қайда кетіп? — деп,  
 Жан-жағынан қамалап,  
 Құрықпен баланы сабады.  
 «Қой» деп еді, қоймады,  
 1230 Сонда да бала болмайды.  
 — Айналайын аға-еке,  
 Бұл сөзіме сен, — деді.  
 Аян берді бабам-ай,  
 Неғылып енді қалам-ай.  
 Жар қосағым Құртқаны  
 Қамап жатыр қалмақ-ай.  
 Ұлықсат маған бер, — деді,  
 Қызығымды менің көр, — деді.  
 Айрылмасам барымнан,  
 1240 Кесілмесем қарымнан,  
 Жан қосағым Құртқаны  
 Келермін алып мен, — деді.

- Тілекші болып тұрыңдар,  
Енді, шіркін, сіз, — деді.  
Деді дағы Қобылан  
Тарта берді оңына,  
Келе жатқан жолына.  
Тап болды келіп бір қалмақ,  
Қобыланның соңынан
- 1250 Қалмақ келіп тұрады,  
Баланың жөнін сұрады:  
— Жасың кіші баласың,  
Қаулап бір оттай жанасың,  
Білегің жуан атқышыл,  
Бармағың қайқы тартқышыл,  
Айналайын, жас бала,  
Қай жаққа кетіп барасың?  
Қобылан батыр ер еді,  
Шынын айта береді.
- 1260 — Білмесең, енді, сен, — деді,  
Білдірейін мен, — деді.  
Қыдырбай деген бабаңның  
Маңдайынан күн қағып,  
Табанынан жер қағып,  
Бір бала деп зар қағып,  
Тілеп алған Құдайдан  
Қыдырбайдың баласы мен, — деді.  
Тумай атым қойылған,  
Шаппай ізім жосылған.
- 1270 Желім тұрған оңымнан,  
Дұшпаным қашқан жолымнан.  
Менің немді сұрайсың,  
Менің атым — Қобылан, — деді.  
Сонда қалмақ тұрады,  
Қобыланның сыртынан  
Естиді екен құлағы.  
— Қобылан батыр, ер, — деді,  
Сөзіме менің сен, — деді.  
Кешегі тұрған Құртқаға
- 1280 Келіп едім мен, — деді.  
Алтын қабаққа байлаған

- Қара тастан оғы өте алмай,  
 Теңгеге тура жете алмай,  
 Бұлардың соры қайнаған.  
 — Астымдағы тұлпарды  
 Берейін саған мен, — деді,  
 Қарағым, бұған мін, — деді.  
 Үстімдегі бес қару  
 Мұны да саған берейін,  
 1290 Мұны да мойныңа іл, — деді.  
 Тоғыз қабат ақ сауыт  
 Мұны дағы берейін,  
 Үстіңе мұны ки, — деді,  
 Тілегіңді тілеп соңыңнан,  
 Жүрейін сенің мен, — деді.  
 Осыдан алсаң Құртқаны,  
 Сені өкіл күйеу қыламын.  
 Құртқаны қыз қыламын,  
 Тілекші болып тұрайын  
 1300 Сыртыңнан сенің мен, — деді.

*Қобыланды:*

- Қалмақтан атты мінбеймін,  
 Қалмақтан киім кимеймін.  
 Қалмақтан қару алмаймын,  
 Мен олай қылып бармаймын.  
 Ертең алсам Құртқаны  
 Менің атым міндің деп,  
 Менен киім кидің деп,  
 Менен қару алдың деп,  
 Соныменен сен барып,  
 1310 Құртқаны сұлу алдың деп,  
 Соның бәрін айтарсың.  
 Қалмақтан ештеңе алмаймын,  
 Оныменен мен бармаймын.  
 Астымдағы ала тай,  
 Басымдағы малақай,  
 Осыменен де алып қайтармын, алақай, — дейді.  
 Ойлау жерден орғытып,



- Тегіс жерден сырғытып,  
Айтып ауыз жұмғанша,  
1320 Ескен желдер тынғанша,  
Қажыса болат сынады.  
Жиылып тұрған көп жиын  
Ала таймен Қобылан  
Үстінен келіп құлады.  
Жұрт жиылған көп еді,  
Алқалаған ел еді,  
Осының үстіне Қобылан енді келеді.  
Көп ішінен ер Әуез  
Қобыландыны көреді.
- 1330 Келе сөйлей береді:  
— Жасың кіші баласың,  
Оттай қаулап жанасың.  
Астыңдағы атыңның  
Жүні болса қатулы,  
Көп шабуыл көргенсің.  
Қабағың сенің қатулы,  
Түн ұйқыңды бөлгенсің.  
Айналайын, жас бала,  
Қай-ау жақтан келесің?
- 1340 — Осы тұрған Қобылан  
Қашатұғын қатын ба,  
Қорқатұғын батыр ма —  
Жөнін айта береді:  
— Білдірейін, білмесең,  
Сұрасаң менен сен, — деді.  
Тумай атым қойылған,  
Шаппай ізім жосылған,  
Желім тұрған оңымнан,  
Дұшпаным қашқан жолымнан.
- 1350 Қыдырбайдың баласы  
Менің атым — Қобылан.  
Сонда бұған сенеді,  
Қолындағы қаруын  
Қобыланға береді.  
— Айналайын, Қобылан,  
Мұсылман, көпір екі жақ

- Енді, шіркін, түр, — дейді.  
Алтын қабақ ататын жерді  
Көрсетейін мен, — дейді,  
1360 Кел артымнан, жүр, — дейді.  
Қобылан еріп келеді,  
Алтын қабақ тұрғанын  
Қобылан батыр көреді.  
Енді атынан түседі,  
Қолына алып садағын,  
Бабаларына сыйынып.  
Үстіндегі киімнен  
Түгі тұтам өтеді.  
Қабағынан қар жауып,  
1370 Кірпігінен мұз жауып,  
Құм беттеніп қызарып,  
Саз беттеніп сазарып,  
Сондай бір заһар етеді.  
Қобылан атқан оқ  
Қара тастан өтеді,  
Ақ теңгеге жетеді.  
Шылдыр етіп ақ теңге,  
Енді жерге түседі.  
Мұны көріп көп халық,  
1380 Енді бір шу етеді.  
Теңгені атып түсіріп,  
Көңілдері тынады.  
Ат шаптыруға  
Енді халық қарады.  
Орақтың қара атын да  
Шабамын деп бәйгеге,  
Мұны дағы салады,  
Ақшабайдың баласы.  
Сөздің жаңа шықты сарасы.  
1390 Шабамын деп бәйгеге,  
Шықты мұның аласы.  
Кешегі Табылдың баласы Қосай,  
Мұнан шықты Шал қасқа.  
Кешегі Жаңбыршының баласы  
Телағыстан да шықты бір тұлпар.

- Кешегі Қобылан —  
Астындағы аласы  
Бұ да кетіп барады,  
1400 Қыдырбайдың баласы.  
Несін айта берейін,  
Бес жүз сексен бес ат болады  
Шабатын аттың шамасы.  
Кешегі Қосай менен Телағыс  
Балалармен кетуге  
Бұлар да кетіп барады.  
Аттың бәрін айдады,  
Қырық күншілік жерлерге  
Айдаушы айдап барады.  
1410 Шабатын жерге барып ап,  
Бәрін санап түгелдеп,  
Аттың санын алады.  
Ағыс пенен ер Қосай  
Жеті күншілік жерде  
Жолда бағып,  
Арттарында қалады.  
Есебін аттардың түгел алған соң,  
Айдап барған айдаушы  
Енді шабуға ұлықсатын қылады.  
1420 Ду қойып балалар барады,  
Жүзін жердің шаң басты.  
Бір-бірінен балалар  
Шаңыменен адасты.  
Бір күндері болғанда,  
Ағыс пенен ер Қосай  
Енді екеуі тұрғанда,  
Алдыменен құлады  
Бір қалмақтың баласы.  
Кешегі тұрған Телағыс  
1430 Қасына келіп баланың,  
Жоқ нәрсеге алдайды.  
Ұзақтамай бұл жерге  
Орақтың да қарасы,  
О да келіп құлады.  
Енді екеуі таласып,

- Кетіп бір енді барады.  
 Екіден соңғы кім десең,  
 Қыдырбайдың баласы  
 Қобылан батыр сол екен.
- 1440 Енді үш ат жөнелді,  
 Соңғы аттарды күтпеді.  
 Үшеуі талас құлады  
 Қарақшыға шамасы.  
 Сол арада көтерме  
 Әсер етті бұларға.  
 Орақтың келді қарасы,  
 «Қара ат бұрын келді» деп,  
 Жайылды хабар халыққа.  
 Ендігі бөйге сұрасаң,
- 1450 Сементтеген көк-ай тас  
 Күресетін жері екен.  
 Ортаға келіп отырды  
 Бір қалмақтың баласы.  
 Екі иінінде екі шоқ,  
 Жаурынында қоңырау.  
 Он екі қабат шынжырды  
 Беліне енді орады.  
 Майдан қылған жерінде  
 Күресем деп тұрады.
- 1460 — Палуаныңды шығар, — деп,  
 Шынтемірдей ханыңа  
 Енді хабар қылады.  
 Мына тұрған Шынтемір  
 Жан-жағына қарады.  
 Бүтін енді батырдың  
 Бәрі де сонда бар еді.  
 Қоңыраулы палуан  
 «Шығар-ай, — деп, — кісіңді»,  
 Үш мезгіл хабар қылады,
- 1470 Ешкім бұған бармады.  
 Бөйгеден келген жас бала  
 Ісіне мұның қарашы,  
 Түс деген бұған адам жоқ,  
 Өзі түсіп атынан,

- Аяңдай басып аяғын,  
Палуанға кетіп барады.  
Палуанның қасына  
Қобылан келіп тұрады.  
Сонда қалмақ қарады:  
1480 — Айналайын, жас бала,  
Істеген ісің масқара.  
Теңің сенің мен емес,  
Менің теңім сен емес,  
Сеніменен менің күресуім жөн емес.  
— Айналайын, қалмағым,  
Бар ма еді менде алмағың?  
Таразыға тартқанда,  
Басар-ау менің салмағым,  
Батар-ау менің бармағым.
- 1490 Өзіңе-өзің баламай,  
Сондай дардай болсаң да,  
Сендей, сендей қалмақты  
Оңай бір менің алмағым.  
Бала деп мені аяма,  
Қайсардың Қаратауына  
Иегімді сүйей сал, — деді,  
Білгеніңді қыл, — деді.  
«Інісі бар дегеннің,  
Тынысы бар деген сөз»
- 1500 Бұрынғыдан бар, — деді.  
Інісі бұрын барады,  
Інісінің сарқытын  
Ағасы оның алады.  
Қалмақ айтты үш рет,  
Балаң айтты үш рет.  
Ашуланып баланың  
Енді қалмақ сөзіне,  
Түрегеліп барады.  
Баланың ұстап белінен,
- 1510 Зуылдатып үйірді,  
Енді жерге ұрады.  
Көтеріп жерге ұрса да,  
Қобылан құламай тіке тұрады.

- Осы тұрған қалмақ  
 Үш мезгіл үйірсе де көтеріп,  
 Құламай бала қалады.  
 Сементтеген көк тастың  
 Ортасы жарылып,  
 Арасына жік түсті.
- 1520 Ендігі кезек балаға  
 Қалмағың енді береді.  
 Мына тұрған Қобылан  
 «Айрылдым ба екен барымнан,  
 Кесілдім бе деп қарымнан»  
 Бар қуатын жинап ап,  
 Қанша мықты болса да,  
 Мына тұрған қалмақты  
 Көтеріп жерден алады.  
 Енді бала үйіріп,
- 1530 Қалмақты жерге ұрады.  
 Таудай болған қалмағың  
 Сол баладан құлады.  
 Шынтемірдей ханыңыз  
 Шауып келіп қасына,  
 Қайратына баланың  
 Енді риза болады.  
 Танымайды екен Шынтемір:  
 — Баласысың кімнің? — деп,  
 Қобыланнан сұрады.
- 1540 Сонда тұрып Қобылан:  
 — Менің атым — Қобылан,  
 Қыдырбайдың ұлымын, —  
 Деп-ай баян қылады.  
 Бұл баланың бетінен  
 Үш қайтара сүйеді.  
 «Алып бір бердің бөйгемді», —  
 Деп риза болады.  
 Қайтадан барып халқына,  
 Қасындағы көп халық
- 1550 Соларға хабар қылады:  
 — Ат бөйгесі біздікі,  
 Екі бөйге Қобыландынікі.

- Ат бәйгесін бұған қиялық  
Бәріміз түзеп пәтуа.  
Мына тұрған Құртқаны  
Қобыланға жұпты қылайық,  
Осымен риза болады.  
Мына тұрған Қобыланға  
Құртқаны ноғай қияды.
- 1560 Ноғай деген көл халық,  
Қобылан жалғыз екен ғой.  
«Мына тұрған балаға  
Неғылып береміз Құртқаны», — деп,  
Ноғайлар күңкіл қылады.  
Бірсыпыра күңкілдеп,  
Өзіне серік жияды.  
Ахметтей шалыңыз  
Соны естіп тұрады.  
Сонда тұрып Ахмет
- 1570 Күңкіл қылған ноғайдың  
Барлығына толғады:  
— Қобыланның күшін, қарағым,  
Жоқпысын көрген сен? — деді.  
Кешегі палуан ақырып,  
Сендерді шақырып.  
Мықты болсаң, қарағым,  
Сонда неге бармадың?  
«Бар, әй», — деген Қобыланға  
Ешбір кісі жоқ еді.
- 1580 Байқасаң қайраты  
Қобыланның көп еді.  
Бұл Қобылан туғанда,  
Жерік асын әкелген  
Тұзбайырдан мен еді,  
(Білмейсің бәрің деп еді.)  
Айдаһардың жүрегі —  
Соны жеген Ақзарбап  
Жерігі қанды деп еді.  
Сан болсаң да, көп ноғай,
- 1590 Қобыланға әлің келмейді.  
Жалғыз да болса бұл Қобылан

- Сендерге теңдік бермейді.  
Мына тұрған Қобыланға  
Атсаң бір мылтық өтпейді,  
Шапсаң да қылыш кеспейді,  
Шаныссаң да найза батпайды,  
Салсаң бір отқа күймейді,  
Салсаң да суға батпайды.  
Қобыланның жайын, қарағым,  
1600 Білмейсің бөрің сен, — деді,  
Тілімді алсаң қой, — дейді.  
Алмасаң менің тілімді,  
Тапсаң алтын бермеңдер.  
Зиян көрсең, қарағым,  
Мені қайтып көрмеңдер, — деп,  
Ахмет айтып кетті.  
Енді халық көнеді,  
Көктен қызын береді.  
Халайық бүтін тарады,  
1610 Осы тұрған Қобыланның  
Енді өзі қалады.  
Ақ отауын арттырып,  
Аспаһаны кілем жаптырып,  
Жібектен арқан тақтырып,  
Қызық дәурен дүниеде  
Кемпір енді арттырып,  
Сондай бір қызық қылады.  
— Не қалауың бар-ай? — деп,  
Күйеуінен сұрады.  
1620 Сонда тұрып қыз Құртқа  
Қобыланға сыбыр ете қалады:  
— Мына тұрған жай бұлтын  
Соны сұрап ал, — деді.  
Мұның енді қасиеті  
Кісіге білген көп еді.  
Қайдан білсін Қобылан  
Құртқаның айтқан сөзімен  
Енді Қобылан біледі.  
Не қалауың бар десе,  
1630 Жай бұлтыңды бер, — деді.



- Сонда Көктен тұрады  
«Қайдан білсін Қобылан,  
Қыз Құртқадан болды», — деп,  
Қызынан күдік қылады.  
«Әй, залым-ай, бұл қызды  
Асырасаң да болар, — деп,  
Асырамасаң да болар», — деп,  
Амалы жоқ бұл кемпір  
Жай бұлтын Қобыланға береді.
- 1640 Мына жай бұлтының  
Қасиеті көп еді.  
«Қарның ашса қасыңда  
Азық болар, — деп еді.  
Жалғыз болсаң далада,  
Әскер болар, — деп еді.  
Шөлдей қойсаң далада,  
Сусын болар, — деп еді.  
Өте алмайтын жер болып,  
Дарияға кез болсаң,  
1650 Көпір болар», — деп еді.  
Несін айта берейін,  
Қасиеті көп еді.  
Ырғап-жырғап Құртқаны  
Ұзатқан осы жері еді.  
Енді Құртқа, ал, көшіп,  
Қыдырбайдың еліне қарай келеді.  
Бір жерлерге келгенде,  
Көп жылқының шетінен  
Енді бұлар көреді.
- 1660 «Мынау кімнің малы?», — деп,  
Қобыланнан Құртқаның  
Сұраған жері осы еді.  
— Менің әкем Қыдырбай,  
Соның малы осы, — деп,  
Қобылан жауап береді.  
Көп жылқыны жағалап,  
Ішін соның аралап,  
Көш те жүріп келеді.  
Бір жерлерге келгенде,

- 1670 Ішінен соның бір кер құлын  
Құртқаның көзі көреді.  
Келе жатқан келінге  
Ата менен ананың  
Көрімдікке бір қара  
Беретін жері еді.  
«Енді берсе көрімдік,  
Құлықты берсін» — деп еді.  
Қыдырбайға бір жаушы  
Осыны айтып келеді.
- 1680 Қыдырбай мақұл көрмеді,  
Сұраған оның құлығын  
Құртқаға енді бермеді.  
Мына тұрған қыз Құртқа  
«Бір жылқысын қимады,  
Бір жылқыдай мені көрмеді», —  
Деп-ай Құртқа еңіреді.  
Енді Құртқа сол жерден  
Ауылға қарай келмеді.  
Сол жерге Құртқа қонады,
- 1690 Кер құлықты сұрады.  
Есітеді мұны Сыпыра.  
Сыпырадай жырауың  
Көп жасаған көне еді.  
Екеуінің сөзін есітіп,  
Сыпыра жырау келеді.  
Қыдырбайға ал келіп,  
Сыпыра жырау сөйледі:  
— Бейшара болған Қыдырбай,  
Бір жылқыны Құртқаға
- 1700 Қимағаның нең? — деді.  
Шалың байғұс еңіреді,  
Шалың сонда шын айтты:  
— Қимай оны не етейін,  
Құлаша құлық ішінде  
Тұлпар енді бар еді.  
Таң мезгілі болғанда,  
Судан шығып су айғыр,  
Шауып жатқан жерінде

- Көріп едім мен, — деді.  
1710 Онан тұлпар туады,  
Тұлпарға Қобылан мінген соң,  
Қобылан кетіп қалады, — деп,  
Менің бермегенім сол еді, — дейді.  
— Бұл сөзді, — Сыпыра, — қой, — деді,  
Тірі болсын бұл Қобылан.  
Қайдан да болса Қобыланды  
Ұстай алмайсың сен, — деді.  
Сұраған енді кер қулық  
Құртқаға бер, — деді.
- 1720 Сыпыра жырау оңдады,  
Келістіріп екеуін,  
Құртқаны енді қозғады.  
Құртқаны енді көшіріп,  
Қыдырбайдың аулына  
Келіп бір қонады.  
Мақсаты бір болады,  
Құлаша қулық жетелеп,  
Көшпенен бірге құлады.  
Құлаша қулық бағуға
- 1730 Бір жақсы сарай бар еді,  
Енді соны алады.  
Қулықтан басқа ешкім жоқ,  
Ішіне соны бағады.  
Сұлы менен сүт беріп,  
Қулықтың бабын табады,  
Қырық кісі бағады.  
— Құлындаған уақытта  
Туғызыңдар, — деп — кілемге,  
Кілемге туса бұл құлын
- 1740 Қанатты тұлпар болады.  
Жерге тисе аяғы,  
Ұша алмай құлын қалады.  
Қырық кісіге тапсырып,  
Осылайша уағда қылады.  
Қырық кісі ал бағып,  
Енді мұны тұрады.

Бір күні бие құлындап,  
Торыша құлын туады.

Қанша баққанмен де, торыша құлынды кілемге туғызғанда,  
бір аяғы жерге тиіп кетеді. Сол себепті бұл тұлпар ұша алмай-  
тын болады.

- Осы туған тор құлын  
1750 Көтеріліп ұша алмайды.  
Жер басқаннан ешнәрсе құтқармайды.  
Сол құлынды Құртқа бағады,  
Оның бабын табады.  
Ынжырменен оятып,  
Алуаменен ұйықтатып,  
«Алысқа ақсап шапсын» деп,  
Өріктің суын береді.  
«Мейіз болып қатсын» деп,  
Мейіздің суын береді.  
1760 Осы тұрған Торыша ат  
Ат болуға қарады.  
Еш адамға көрсетпей,  
Құртқа оны бағады.  
Маңдайына қарасаң,  
Алтыннан соққан күректей.  
Танауына қарасаң,  
Түбі түскен шелектей.  
Омырауына қарасаң,  
Еділден шыққан аңғардай.  
1770 Жау дегенде жайнатып,  
Мінер ме еді заңғарды-ай.  
Омыртқасы оқтаудай,  
Қабырғасы көк таудай.  
Саныңа сенің болайын,  
Мырзалар киген шалбардай.  
Құйрығыңа болайын,  
Күлтеленген жібектей.  
Көзіңе сенің болайын,  
Хорлардың жаққан шырақтай.  
1780 Құлағыңа болайын,

- Көлге біткен құрақтай.  
Ерініне қарасақ,  
Оралып жатқан түбектей,  
Берді ғой Құдай тілекті-ай.  
Біздің Қобылан батырға  
Осындай тұлпар керекті-ай.  
Атты айтып болады,  
Көңілі бұған толады.  
Мерзімді күні серт қылып,  
1790 Құртқа соны бағады.  
Сертті күні болған соң,  
Уағдасы толған соң,  
Қобыланға береді.  
Белгілі тұлпар бұл болып,  
Қобылан батыр бұл торыға мінеді.  
Осы тұрған Қобылан  
Торыша атқа мінген соң,  
Малын аралап жүреді.  
Құлағына бір дауыс  
1800 Малда жүрсе келеді.  
«Бұл не қылған дауыс», — деп,  
Құлағын сала береді.  
Кідіруге шыдамай,  
Дауысқа қарай жөнелді.  
Тобылғы меңді Торыша ат  
Құбылып ойнап келеді.  
Жақындаса қасына,  
Бөтендігі жоқ еді,  
Бұ да өзінің бірі еді.  
1810 Ер Қосайды ұстап ап,  
Қалмақтардың кетпек болған үстіне келеді.  
Қобыландыны көзі көрген соң,  
Қосай түгіл, бас қайғы,  
Қалмақтар қашып жөнелді.  
Қашқан қалмақ соңынан  
Қобылан қуып жөнелді.  
Құтылсын ба Қобыланнан,  
Қобылан ұстап алады,  
Қамшыменен сабады.

- 1820 Мына тұрған қалмақтың  
Екі қолын таңады.  
Құлағын кесіп құнтитты,  
Мұрнын кесіп сымпитты.  
«Хабар бер, — деп, — ханына,  
Қандыаюға айдады, —  
Мықты болса Қандыаю,  
Барамын енді мен», — деді.  
Мына тұрған қалмақ  
Жаяулап байғұс келеді,
- 1830 Қобыланнан қорлық көреді.  
Жаяу келіп еліне,  
Қандыаюға хабар береді:  
— Қандыаю ханым, сен, — деді,  
Көріп келдім Қобыланды  
Енді, шіркін, мен, — деді.  
Жатқан енді жыланның  
Құйрығын басқан нең? — деді.  
Қобыланға мен қарадым,  
Әруағын байқап қарасам,
- 1840 Қаптаған қара борасын.  
Батыр шенеп жүр екен  
Таудың тамам арасын.  
Бармағы қайқы тартқышыл,  
Білегі жуан атқышыл,  
Айтулы ердің бірі екен.  
Қобылан келсе еліңе,  
Бүлдірер, шіркін, бұл, — деді,  
Өтірік емес, шын, — деді.  
Күн бұрыннан Қобыланға
- 1850 Істемесең бір амал,  
Қалмассың тірі сен, — деді.  
Қалмақ бір халқын жинап алады,  
Еліне хабар салады:  
— Келемін деп бұл Қобылан  
Бізге хабар береді,  
Өтірік емес, шын, — дейді,  
Қобылан бізге келеді.  
Қобыландай батырға

- Қалайша амал етеміз,  
1860 Енді шіркін біз? — дейді.  
Қандай екен қайраты,  
Қобыланның күшін көрелік?  
Қырық құлаш зындан қазалық,  
Қырық бірдей ерлерді  
Ішіне соның салалық.  
Қырқына беріп қырық шынжыр,  
Басына найза байлады,  
Зынданның аузын жабады.  
Қазғанын зындан білдірмей,  
1870 Көрініп найза тұрады.  
Қобыландының күшін көруге  
Қалмақтар құмар болады.  
Қалмақтың батыры Қорғанша  
Айтулы туған ер екен.  
«Қобылан қашан келер», — деп,  
Қарауыл қарап жүр екен.  
Торыша аттың басын бұрады,  
Атқа қамшы ұрады,  
Қайтып елге құлады.  
1880 Өзімен қатар қырық ерге  
Қобылан хабар береді.  
Қырық кісіні ерітіп,  
Өзіменен қырық бір  
Жасыл туын қолға алды.  
Қалмаққа қарсы жорыққа  
Енді Қобылан оңдалды.  
Шын кетерін білген соң,  
Ақзарбап пен Қыдырбай  
Батасын беріп қалады.  
1890 Мына тұрған Қобылан  
Сапар шегіп барады.  
Атқа қамшы басады,  
Бір төбенің тозаңын  
Бір төбеге қосады,  
Аспанға шаңы жосады.  
Ауыздығы төрт елі  
Соққан алтын жүгенді

- Астындағы Торыша ат  
Қарш-құрш шайнады.
- 1900 Шапқан сайын Торыша ат  
Шабуылға тоймады,  
Құбылып басып ойнады.  
Қаздарменен қағысты,  
Үйректермен жарысты.  
Маядай мойнын созады,  
Тарта-тарта қалбырап  
Алақаны тозады.  
Басын тартса, кетеді  
Бөксе жағы қырындап.
- 1910 Ұшқан құстай боп Торыша ат,  
Жөнеледі енді пырылдап.  
Бұрылмайтұғын Бұрма тау  
Бұдан да өтті есен-сау.  
Құладың ұшпайтын құла ойдан  
Құлазып өтіп барады.  
Түлкі жортпас түлейден  
Түнде өтіп барады.  
Күнін-түнін бір етті,  
Атаңа нәлет қалмаққа
- 1920 Жетуіне серт етті.  
Шалбарының балағы  
Сала құлаш масаты.  
Жел соққан сайын жалпылдап  
Тұлпардың аузынан шыққан ақ көбік  
Жауған қардай жарпылдап,  
Сауытының шашағы  
Тұс-тұсына жаудырап,  
Екі беті албырап,  
Қобылан батыр келеді
- 1930 Қалмақтың енді еліне.  
Бір қараны көреді,  
Бұл қараны көрген соң,  
Торыша атпен Қобылан  
Қараға қарай жөнелді.  
Құйындай болып бұрқырап,  
Көзді ашып жұмғанша,



- Қасына қалмақ құлады.  
Шетпер тоқым тоқынған,  
Жезіне көп шоқынған,  
1940 Балдыр-бұлдыр сөйлеген,  
Тілін адам білмеген  
Бір қалмақтың қасына  
Қобылан келіп құлады.  
Сонда қалмақ сұрады:  
— Жасың бір кіші баласың,  
Қаулап бір оттай жанасың.  
Атың да болса тер қатып,  
Өзің де болсаң түн қатып  
Қайда бір кетіп барасың?
- 1950 — Білмесең қалмақ сен, — деді,  
Білдірейін мен, — деді.  
Жирен деген көл, — деді,  
Итқырылған бел, — деді.  
Білдірейін білмесең,  
Қыдырбайдың баласы  
Қобылан батыр мен, — деді.  
— Келеді деп Қобыланды есітіп,  
Жолыңнан сенің күткен мен, — деді.  
Сен Қобыланның сыртынан
- 1960 Жеткізіп еді мақтауын:  
«Қобыланға әлің келмейді,  
Теңдікті Қобылан бермейді».  
Батыр туған ер болсаң,  
Мықты батыр сен болсаң,  
Бір шанышқан найзамды  
Ала алмай тұрмын мен, — деді.  
Мықты болсаң Қобылан,  
Суырып соны бер, — деді.  
Қобылан мақұл көреді:
- 1970 — Найзаңды сенің суырып  
Мен бір саған берейін.  
Қайдан білсін Қобылан,  
Еріп бір соған келеді.  
«Менің найзам мынау», — деп,  
Қобыланға береді.

- Найзаны Қобылан көреді,  
 Суырайын деп жақындап,  
 Қасына соның келеді.  
 Суырайын деп найзаны,  
 1980 Қолымен ұстап көреді.  
 Мына найза, ал, саған  
 Қозғалмайды деп еді.  
 «Мынау неғылған найза», — деп,  
 Шыныменен суырып,  
 Қобылан батыр қарады.  
 Мына найза онда да  
 Қобыланға болмады.  
 Қобылан батыр таң қалып,  
 Енді, шіркін, тұрады.
- 1990 Он екі қабат шынжырмен  
 Ол найзаны орады.  
 Торыша аттың үстінде  
 Тақымға салып тартады.  
 Тақымға салып шынжырды  
 Торыша атқа «шу», — деді.  
 Астындағы торыша ат  
 Бұйым құрлы көрмеді.  
 Аузын жапқан қара тас  
 Бәрін соның аударып,  
 2000 Әр жағында қырық батыр  
 Бәрін де соның шығарып,  
 Тастай талқан қылады.  
 Адамзаттың баласы  
 Бұндай күшті болар ма?  
 Мына тұрған Қобыланға  
 Қалмақ бір таң қалады.  
 «Бұған тиіп болмас, — деп,  
 Тиген де кісі оңбас», — деп,  
 Бастың қамын қылуға
- 2010 Қалмағың қатты ойланды.  
 Қалмақты Құдай ұрады,  
 Төбеден жел тұрады.  
 Қобыланның қасында  
 Енді шіркін тұра алмай,

- Қашып кетіп барады,  
Қобыланның көріп күшін-ай,  
Істеген оның ісін-ай.  
Қалаға қарай қашады,  
Қашқанына қойсын ба,
- 2020 Қуып жетіп артынан,  
Кісі жейтін қалмақты  
Өлтіріп бір тынады.  
Мақсаты болып Қобылан,  
Қалаға қарай құлады.  
Орлардың өтіп үстінен,  
Торлардың өтіп үстінен,  
Қалаға келе құлады.  
Құрттай болып қыбырлап,  
Шөптей болып жыбырлап,
- 2030 Толып тұрған қалмақ  
Сондай бір әскердің үстінен  
Келіп бір Қобылан құлады.  
Келген енді баланы  
Ортаға алып қамады.  
Қамаса да бұл қалмақ  
Қамауына тоқтамай,  
Шығып кетіп барады.  
Қобыландының қырық жолдасы  
Тұс-тұсына барлығы тарады,
- 2040 Маңдайымен кетіп барады.  
Жердің жүзін шаң басты,  
Бірі-бірінен халық адасты.  
Енді айқайды тұс-тұстан  
Барлығы да салады.  
Айқайлаған дауысы  
Айлық жерді алады.  
Күркіреген дауысы  
Күндік жерді алады.  
Таулар енді селкілдеп,
- 2050 Жер қозғалғандай болады.  
Қобылан ерді қамалап,  
Мойнына шынжыр салады.  
Үстіне салған шынжырды

- Үзіп кетіп барады,  
Жіптей дағы көрмеді.  
Қобылан жаудың ішінде  
Құтырғандай болады.  
Бәтшәйі бешпет қырмызы,  
Кәмшеттің бауын сыпырды.
- 2060 Қолына алып қылышты,  
Қобылан жаман құтырды.  
Қылышпенен шабады,  
Алдын шауып тастаса,  
Арты басым болады.  
Өлгенінің орнына  
Өлмегендер толады.  
Сонда да бала болмады,  
Шабуынан танбады.
- 2070 Оңға да қылыш ұрады,  
Солға да қылыш ұрады.  
Бұл қалмақтың ішіне  
Сондай бір қырғын салады.  
Қалмақтың қанын ағызып,  
Қызыл қанмен суарып,  
Астындағы торыны  
Сондай қырып жүрсе де,  
Ойда жатыр он мыңы,  
Қырда жатыр қырық мыңы —
- 2080 Сансыз қалмақ көп екен,  
Есебін мұның санауға  
Жете алмас адам дер екен.  
Ханның басын санасаң,  
Тоқсан ханның елі екен.  
Туғалы адам келмеген,  
Бұрын жауды көрмеген  
Тұнық бір жатқан ел екен.  
Сол қалмақтың ішінде  
Бекболат деген ер екен.
- 2090 Аты оның — Бекболат,  
Қандай жан барса да,  
Бекболаттың уысынан  
Шыға алмай жоқ болад.

- «Тәңір-ай» деп Бекболат  
Қобыланға тап болад.  
— Өй, жас бала, жас бала,  
Істеген ісің масқара.  
Елді бір иесіз дедің бе,  
Жерді бір иесіз дедің бе?!  
Енді елге келесің,  
2100 Мұнша неге қырғынды  
Неге елге бересің?!  
Неше жаның болса да,  
Мен қимылдасам, өлесің.  
Мықты болсаң, Қобылан,  
Менің кезегімді бересің.  
Кезегін беріп тұрады,  
Қобыландайын батырың.  
Дәнеңе жоқ ойында,  
Қорықпай батыр тұрады.  
2110 Қорамсаққа қол салды,  
Атайын деп қалмақ оқталды.  
«Торыша аттың басы-ай», — деп,  
Алтын ердің қасы-ай, — деп,  
Қақ жүректің басы-ай, — деп,  
Өлер жерің осы-ай, — деп,  
Үзеңгіге шіреніп,  
Көпшікке көтін тіреніп,  
Жіберген атып жері еді.  
Қалмақтың атқан бұл оғы  
2120 Қобыланға келеді.  
Тоғыз қабат сауыттың  
Сегізінен өтеді.  
Жыртыла жаздап тоғыздың  
Енді ойласаң жағасы.  
Аман сақтап қалады  
Қобыланның бабасы.  
Балаға кезек береді,  
«Қу жебе» деген оқ алды,  
Атайын деп қалмақты  
2130 Енді бала оңдалды.  
«Сарала аттың басы-ай», — деп,

- Шетперлі ердің қасы-ай, — деп,  
Қақ жүректің тұсы-ай, — деп,  
Өлер жерің осы-ай, — деп,  
Үзеңгіге шіреніп,  
Көпшігіне тіреніп,  
Бұ да атып жіберді.  
Тоғыз қабат сауыттың  
Сегізінен өтеді,  
2140 Тоғызыншыға жетеді.  
Тасқа тиген немедей  
Шашырап оғы кетеді.  
Қолына алып найзаны,  
Істеді түрлі айланы.  
Өлтіруге бір-бірін  
Енді бұлар ойлады.  
Ұңғысы сұлу ақ найза  
Аямай-ақ бір-бірін  
Шұрқылтайдан салады.  
2150 Найзаменен шанышып,  
Екі батыр қағысып,  
Сонда дағы болмады.  
Қолындағы найзаның  
Шығыршығы шиқ етіп,  
Орта жері былқ етіп,  
Қармақ болып қалады.  
Бұл қаруды қояды,  
Ақ алмасын алады.  
Қынапқа салса бір құлаш,  
2160 Суырып алса қырық құлаш,  
Ақ алмастан жан қалмас.  
Салса тауға тас алған,  
Шаш ал десе бас алған.  
Салса кеткен білінбей,  
Көзіне жұрттың көрінбей,  
Нарға салса жылт еткен.  
«Кесейінші басыңды,  
Құртайыншы жасыңды», —  
Деп қылышпен шабады.  
2170 Тасқа тиген немедей

- Қайрылып жүзі қалады.  
Қылыштан пайда таба алмай,  
Екі батыр қамалды.  
Алды қолға шоқпарды,  
Ұруға енді оқталды.  
Қалқан ұстап Қобылан  
Енді сонда тұрады.  
Аямай қалмақ ұрады,  
Қалқан сынып, күл болып,  
2180 Жерге түсіп жанады.  
Астындағы тұлпарлар  
Жерге кіріп тізеден,  
Бәрі де аман қалады.  
Қобыландай батырың  
Шоқпарын алып қолына,  
Қалмаққа о да жетеді.  
Қалқан ұстап қалмақ тұрады,  
Бар қуатын жиып ап,  
Қалмақты Қобылан ұрады.  
2190 Бұ да аман қалады.  
Ат үстінен екеуі  
Жағаға қол салады.  
Бірін-бірі ала алмай,  
Енді екеуі талады.  
Астындағы тұлпарлар  
Жүрелей жата қалады.  
«Атқа обал болды», — деп,  
Беліне шынжыр орады.  
Он екі қабат шынжырды  
2200 Беліне орап алады.  
Екеуі жаяу күрес салады,  
Бірін-бірі екеуі  
Алма кезек үйіріп,  
Тізеден жерге кіріп қалады.  
Ойпаң жерлер ой болды,  
Екеуінің жүрген жерлері  
Кісі бойы қол ұсыным,  
Енді ойласаң, жар болды.  
Бірін-бірі жыға алмай,

- 2210 Жеті күн өтеді.  
Қанша мықты болса да,  
Жас бала енді талады.  
Қабырғасы қайысып,  
Омыртқасы майысып,  
Жауды онша көрмеген,  
Мәнісін жаудың білмеген,  
Сол уақытта Ақтікендей бабасы  
Енді жәрдем қылады.  
Бір ақсарбас кез болып,
- 2220 Маңдайынан Бекболаттың  
Сипап өтіп барады,  
Бар қуатын Бекболаттың алады.  
Шөп тыққан местей боп,  
Жеңіліп қалады.  
Таудай болған қалмақты  
Көтеріп жерден алады,  
Таудай болып қалмақ құлады.  
Аяқ-қолын байлап ап,  
Өлтіруге шыдамай,
- 2230 Қырық құлаш зынданға  
Алып барып салады.  
«Өлтірермін, — деп, — жайғасып,  
Аузын жауып зынданның,  
Қалмаққа тартып барады.  
Ойда жатқан он мыңға  
Барып бір айқай салады.  
Қырда жатқан қырық мыңға  
Бұған да айқай салады.  
Айқайлаған дауысы
- 2240 Айлық жерді алады,  
Күркіреген дауысы  
Күндік жерді алады.  
Тау мен тастар селкілдеп,  
Бір сыпыра кемпір-шал  
Жүректері жарылып,  
Қорқып өліп қалады,  
Қалмақтан кегін алады.  
Қобылан батыр астындағы



- Аттың борбайынан қоң кетті,  
Мойынынан жал кетті.  
2250 «Аттар болса шалсын деп,  
Ұйқы болса қансын» деп.  
Елсіз майдан жер еді,  
Сол араға келген соң,  
«Кел, ұйықтайық» деп еді.  
Қасындағы жолдастар  
«Біреу жүрген жерінде  
Біреу жүрер» деп еді.  
Айтқанына Қобылан олардың болмады,  
Тілін олардың алмады.
- 2260 Қисая келіп көлбеді,  
Ұйықтайын деп меңдеді.  
Бір ұйықтаса Қобылан,  
Ұйықтайды екен жеті күн.  
«Жеті күнге дейін не етейік,  
Көлге барып жетейік», — деп,  
Қасындағы қырық жолдас  
Қобыланды тастап кетеді.  
Қалмақтар амал табады,  
Зынданнан Бекболатты алады.
- 2270 Осы тұрған Бекболат  
Бес жүз кісі қасына алып,  
«Кешегі Қобылан кетті деп,  
Демалысқа бір жерге,  
Ұйықтаған болса егерде,  
Үстіне соның баралық,  
Амал келсе біз оны  
Ұстап алалық», — деп еді.  
Бес жүз кісі қасында,  
Қобылан кеткен жобамен
- 2280 Бағыттап қалмақ келеді.  
Атқа қамшы басады,  
Екі-үш қырдан асады.  
Бір жерлерге келгенде,  
Көреді бір қараны.  
«Ана жатқан Қобылан  
Шығар енді» деп еді.

- Сонда дағы қасына  
Қобыланның келмеді.  
— Бір кісіні Қобыланға  
2290 Жіберейік біз, — деді.  
Ұйықтады ма, ояу ма  
Анығын біліп кел, — деді.  
Айналайын, Қанбегі,  
Бір тұлпарға мін, — деді,  
Қобыланға барып кел, — деді.  
Ұйықтады ма Қобылан,  
Ояу ма екен Қобылан?  
Соны барып біл, — деді.  
Қанбегі енді келеді,  
2300 Қасына келсе Қобыланның  
Ұйықтағанын біледі.  
«Ұйықтады» деп айтса да,  
Қасына қалмақ келмеді.  
Оянып кетсе Қобылан,  
«Әл бермейді» деп еді.  
Кел, не етелік, не етелік,  
Үстіне тоқсан қабат тор салып,  
Қозғалмастай мол салып,  
Сыртынан бағып тұралық.  
2310 Қобылан қалса шырмалып,  
Сонда біз оған баралық.  
Шырмалып жатқан Қобыланды  
Амалдап ұстап алалық.  
Қобыланды сырттан бағады,  
«Тұрады, — деп, — бұл қашан»,  
Бағып бір енді тұрады.  
Бір кезекте оянып  
Қобыландайын еріңіз,  
Ұмытады бабасын,  
2320 Жаңылады тобасын,  
Шырмалып торға қалады.  
Шыға алмай Қобылан қалғанын  
Қалмақтар көзі шалады.  
Бәрі бірдей шуылдап,  
Енді үстіне барады.

- Шырмалып жатқан Қобыланға  
Тағы торды салады.  
Батыр аңқау, ер көдек —  
Сол сықылды батырлар
- 2330 Ұсталып енді қалады.  
Атаңа нәлет қалмақтар  
Барлығы енді қашады.  
Қол-аяғын бек байлап,  
Қозғалмастай қылады,  
Көк арбаға салады.  
Сол сықылды батырды  
Ұстадық деп қалмақтар,  
Қандыаудың алдына  
Мақтанып алып барады.
- 2340 Бүтін халық тамаша  
Қобылан ерді көреді.  
Бұндай жанды туғалы  
Көргені, сірә, жоқ еді.  
Адамға біткен түрі жоқ,  
Қалай мұны өлтіреміз деп еді.  
Батыр туған Қобыланды  
Темір үйге қамады.  
Аузына кілт салып,  
Темір үйде қалады.
- 2350 Айнала қоршап, сыртына  
Тас көмірді үйеді.  
Тоқсан түйе томарды  
Енді үстіне төгеді.  
Қобылан сынды батырың  
Бұрын-соңды бұндайды  
Көргені, сірә, жоқ еді.  
«Отқа күйіп өлсін» деп,  
Жан-жағынан көмірдің  
Көрікпенен үреді.
- 2360 Оттай болып темір үй  
Енді сонда жанады.  
Өлді ме деп Қобылан,  
Тесігінен қалмақтар  
Сығалап келіп қарады.

- Өлмек түгел, күйген жоқ,  
Дөнеңемен ісі жоқ,  
Аман-есен тұрады.  
«Бұл не қылған жан-ай? — деп,  
Енді бір таң қалады.
- 2370 Ендігі сөзді тыңдаңыз,  
Жар қосағы Қобыланның  
Үйдегі қалған Құртқадан.  
Ұйықтап жатып Құртқа түс көрді,  
Қиыншылық іс көрді.  
Тұрып Құртқа жылады,  
Айтпаған нәрсе қалмады.  
Қайдағы нәрсе қозғалды,  
Көзінің жасы төгіліп.  
Жағасының бауы сөгіліп,
- 2380 Өзінің туған енесі  
Ақзарбапқа барады,  
Барады да жылады.  
Жылады да толғады:  
— Бүгін түнде түс көрдім,  
Түсімде жаман іс көрдім.  
Кешегі кеткен балаңның  
Қанатына қаз қонып,  
Қайрыла алмай барады.  
Мұртынан мұз жауып,
- 2390 Бұрыла алмай барады.  
Қараша таудай тас басып,  
Көтеріле алмай барады.  
Екі көзі балаңның  
Жұмылыңқы көрінді.  
Ақша беттің ажары  
Құбылыңқы көрінді.  
Балаңның аман еместігі  
Мен залымға білінді.  
Ақзарбап та жылады,
- 2400 Жылап тұрып қозғады:  
— Айналайын, құлыным,  
Бауыр да, өкпе, жұлыным,  
Мен де бір түс көргенмін.

- Өз қолымнан балама  
Бір аяқ балды бергенмін.  
Баламның аман емесін  
Мен де енді білгенмін.  
Батыр аңқау, ер көдек,  
Қобылан батыр ер еді.
- 2410 Ерлігінің белгісі  
Қобыланның ұйықтап қалғаны  
Қалмақтың жері еді.  
Ұйықтап жатқан Қобыланның  
Үстіне қалмақ келеді.  
Жаңылып Қобылан тобасын,  
Сол себептен қалмаққа  
Түскен шығар шамасы.  
Бұл Қобылан енді өлмейді,  
Өлімнің жолын көрмейді.
- 2420 «Кім барады оның артынан», — деп,  
Кемпір мен Құртқа еңіреді.  
Сонда Құртқа сөйледі,  
Сөйлегенде не деді:  
— Мына тұрған ноғайдың  
Қайсысына хабар береміз?  
Ертең Қобылан шыққан соң,  
Артыңнан мен бардым, — деп,  
Зынданнан шығарып алдым, — деп,  
Бетіне салық қылады-ау!
- 2430 Мұнан да жақсы ғой өлгені,  
Өлімді Құдайдың оған бергені.  
Ұлықсат берсең, жан мама,  
Мен соңынан барайын.  
Тірі болса Қобыланның  
Өзін тауып алайын.  
Өлі болса Қобыланның  
Сүйегін тауып алайын.  
Ұлықсат болса, енеке,  
Іздеп бір мен барайын.
- 2440 Қобыланнан жаным артық па,  
Қобылан өлген жерінде  
Мен де өліп қалайын.

- Ұлықсат кемпір береді,  
Мұны мақұл көреді.  
Мына тұрған Құртқа  
Тас төбеге шашын  
Тарақтап енді түйеді.  
Тоғыз қабат сауытты  
Үстіне Құртқа киеді,  
2450 Бес қаруды іледі,  
Желмаяға мінеді.  
Жеті айшылық жер еді,  
Қырық күншілік шөл еді.  
Оған барған адамның  
Маңдайының соры еді.  
Соның бәрін қыз Құртқа  
Тәуекел етіп жүреді.  
Желмаямен жол жүріп,  
Азғана емес мол жүріп,  
2460 Енді Құртқа келеді.  
Құртқа мінген желмая  
Желдей болып желеді,  
Қай тұлпардан кем еді.  
Қалмаққа келіп жақындап,  
Бір бұлақтың басына  
Қыз Құртқа енді келеді.  
Дәретін алып басында  
Шаршап келген қыз Құртқа  
Ұйықтап қалған жері еді.  
2470 Сол бұлақтың басында,  
Ұйықтап жатқан жерінде  
Қобыланның бабасы —  
Ақтікен енді түсіне енеді.  
«Айналайын, балам-ай,  
Болғай құтты талабы-ай!  
Тоғыз қабат сауытты енді үстіңе киесің,  
Бес қаруды байланып,  
Қалмаққа қарай жүресің.  
Осындай барып ерлікпен  
2480 Сен қандай пайда көресің?  
Кешегі Қобылан ол қандай,

- О да қалды ұсталып?!  
Тілімді менің ал, — деді,  
Қарағым, құлақ сал, — деді.  
Желмаяны мініп ап,  
Бара алмайсың сен, — деді.  
Қарауылшы өте көп,  
Кіре алмайсың сен, — деді.  
Бір қойшыны өлтіріп,  
2490 Есегін соның мін, — деді,  
Киімін соның ки, — деді.  
Қойшы болып қой баққан  
Солай барып кірмесең,  
Қалаға кіре алмайсың сен, — деді.  
Тілін мұның алады,  
Тоғыз қабат ақ сауыт  
Мұны шешіп қыз Құртқа  
Бес қаруды тағып алып,  
Желмаяның үстіне  
2500 Бәрін соның таңады.  
Желмаяның бір түгін  
Алып бір Құртқа қалады.  
Керек болса желмая  
Түтетермін деп еді.  
Жалаң қылыш қолға алып,  
Аяғын басып ырғалып,  
Қойшыға таман келеді.  
Басын кесіп қойшының,  
Бар киімін киеді,  
2510 Көк есекке мінеді.  
Қойшы болып қыз Құртқа  
Қалаға қарай жөнелді.  
Қойды айдап қыз Құртқа  
Сол қалаға кіреді.  
Неғылсын қойды қыз Құртқа,  
Қалаға кірген соң  
Өз жөніне жөнелді.  
Диуана болып жағалап,  
Садақа сұрап аралап,  
2520 Диуана болып жүреді.

- Таң сарғайып атқанда,  
 Күн қызарып шыққанда  
 Хан отырған ақ орда  
 Азар іздеп табады.  
 Жағалап ханға қарай барғанда  
 Темір үйде тұрған Торыша ат  
 Қыз Құртқаның иісін біледі.  
 Темір үйді қиратып,  
 Қыз Құртқаға келеді.
- 2530 Диуанаға келіп тұрғанын  
 Торыша атты уәзірлер көреді,  
 Ханға хабар береді.  
 Естіген соң бұны хан:  
 — Иә, Қобыланның өзі шығар,  
 Иә, көзі шығар,  
 Жылдам алып кел, — деді.  
 Хан айтқан соң уәзірлер  
 Диуананы қамады,  
 Қамшыменен сабады,
- 2540 Ханға алып келеді.  
 Диуананы көрген соң,  
 Енді ханың сөйледі:  
 — Сен Қобыланның өзімісің,  
 Иә, көзімісің?  
 Мына Торыша ат саған  
 Қалай келіп тұр? — деді.

*Диуана:*

- Әй, тақсыр хан, — деді,  
 Ақылың артық жан, — деді.  
 Қобылан қандай, мен қандай
- 2550 Көзіңді маған сал? — деді.  
 Қашаннан менің кәсібім  
 Ел қыдырып жүремін,  
 Ел қыдырып жүргенде,  
 Қобыланның да еліне барып ем,  
 Осы тұрған Торыша ат  
 Ауру екен ол сонда,



- Торыны бағып ауруынан жазып ем.  
Сол себептен Торыша ат  
Исімді менің біледі.  
2560 Темір үйді қиратып  
Келуі де сол еді.  
«Сонда қандаймын,  
Мұнда қандаймын?» —  
Деп тұрғаны бұл — деді.

Сонда хан тұрып: — Торының тілін сен білесің бе? Білсең осыны бізге бағындырып бер, — деп, хан диуанаға жабыса кетті.

- Ханның бұл сөзін мақұл көреді,  
— Алдияр, тақсыр хан, — деді,  
Тіліңді сенің алайын,  
Сөзіңе құлақ салайын.  
Торыша атты саған бір  
2570 Бағындырып берейін, — деді.  
Қырық құлаш арқанмен  
Торыша атты маған бер, — деді.  
Бір ай бағып, баптап торыны  
Үйретіп саған берейін.  
Ас пісіретін күңің мен  
Ақ отау және бер, — деді.  
Ақ отауын алады,  
Торыша атты жетелеп,  
Намаз ақшам болған соң,  
2580 Күн ұяға қонған соң,  
Қаланы тегіс аралап,  
Торыменен жүремін.  
Біреуі есігінен,  
Біреуі тесігінен қарап,  
Неғып жүрсің демесін.  
Торыша ат онда бағынбайды, — деді.  
Тілін мұның алады,  
Елге хабар салады.  
Осының бәрін тамамдап,  
2590 Қыз Құртқа көшіп барады.  
Ақ отауды тігіп ол,

- Торыша атты бағады,  
 Торының бабын табады.  
 Намаз ақшам болған соң,  
 Күн ұяға қонған соң,  
 Торыға мініп қыз Құртқа,  
 Шаһардан енді қарады.  
 Қобыландыны таба алмай,  
 Бірнеше күн өтеді.
- 2600 Тарығып Құртқа жылады,  
 Неғыларын біле алмай,  
 Жүрген сайын көшенің  
 Бәрін де жазып алады.  
 Араламаған көшені  
 Күнде келіп аралады.  
 Бір күндері болғанда,  
 Ызындаған бір дауысты  
 Құртқаның құлағы шалады.  
 Қобыландай батырдың
- 2610 Жалғыздық түсіп есіне,  
 Тарығып жатқан жері екен.  
 Алдынан өскен аға жоқ,  
 Артынан өскен іні жоқ.  
 Енді ойлап қарасаң,  
 Жалғыздықтан міні жоқ.  
 «Осылай болып өттің бе,  
 Дүние боқ?!» — деп,  
 Налыған жері екен.  
 Осы шыққан дауысқа  
 Атының басын қыз Құртқа
- 2620 Енді оңдап бұрады,  
 Дауысқа қарап құлады.  
 Қобыланның дауысын  
 Қыз Құртқа енді таныды.  
 Қасына келіп Қобыланның:  
 — Жайың қалай батыр? — деп,  
 Құртқа жайын сұрады.  
 Құртқаның танып дауысын  
 Қобылан хабар қылады.  
 Айтпаса да дауысын

- 2630 Енді Қобылан таныды.  
— Шығарасың не қып зынданнан?  
Торыдан басқа, енді, мал  
Шығармайды, — деп еді.  
— Әкеліп тұрмын Торыны, — деп,  
Құртқа хабар береді.  
Қырық құлаш арқанды  
Қыз Құртқа Қобыланға береді.  
— Ұстадың ба, батыр? — деп,  
Сырттан хабар береді.
- 2640 Арқанды алып қолына  
Енді Қобылан орады.  
— Ұстадым, — деп, — арқанды,  
Құртқаға хабар қылады.  
Бұйым құрлы көрсін бе,  
Сондай болған батырды  
Шу деген соң Торыша ат  
Жер бетіне шығарды.  
Әйел де болса жолдасы  
Осындай амал қылады.
- 2650 Аман-есен тірі екен,  
Бірі аттылы, бірі жаяу  
Отауға қарай құлады.  
Ас пісірген күңіне:  
— Кәмелетке Қобылан келсін, — деп,  
Ұйқысы болса қансын, — деп,  
Батыр тыным алсын, — деп,  
Дүниені береді.  
Бір ай енді толған соң,  
Уағдалы күні болған соң,
- 2660 Батырдың атын береді.  
Мына тұрған қыз Құртқа  
Баяғы желмаяның қылын тұтатты.  
Иісімен желмая  
Құртқаға келеді.  
Баяғы дүниені киініп,  
Батырменен қоштасып,  
Желмаямен қыз Құртқа  
Еліне қарай жөнелді.

- Қобылан Торыға мінеді,  
2670 Бес қаруды іледі.  
Кек алмақ болып қалмақтан,  
Шетінен тиеді.  
Айқайды Қобылан салады,  
Айқайлаған дауысы  
Айшылық жерді алады.  
Қолына алды қылышты,  
Батыр салды ұрысты.  
Шанжау-шанжау шыққанын  
Шаншып кетіп барады.
- 2680 Алқалы дуды көргенде  
Ақ қылышты қолға алып,  
Шапты жауға оңдалып.  
Алдын қырып тастаса,  
Арты басым болады.  
Өлгенінің орнына  
Өлмегендер толады.  
Мезгіл-мезгіл Қобыланды  
Енді ортаға алады.  
Үстіне салған торларды
- 2690 Үзіп кетіп барады.  
Қасқырдай болып құтырып,  
Қақпасын бұзып қаланың,  
Қиратып кетіп барады.  
Атаңа нәлет қалмақтан  
Сүйтіп бір кегін алады.  
Осы қалмақ та дем алмастан  
Қобылан үш ай ұрысты дейді.  
Хан отырған орданы  
Аралап Қобылан қарады.
- 2700 Қандыаюды таба алмай,  
Енді бір таң қалады.  
Қандыаюды кетті ме деп,  
Шаһардан ізін кесіп қарады.  
Бір жерлерге келгенде,  
Екі тұлпардың ізін табады.  
Қашқанын Қобылан біледі,  
Ізінен қуып жөнелді.

- Екі күн жүріп соңынан,  
Қарасын оның табады.  
2710 Артынан келген Қобыланды  
Қандыаюдың көзі шалады.  
«Енді, қашсам, қашты дер,  
Әруағым менің басты дер», — деп,  
Қандыаю күтіп тұрады.  
Құбылып ойнап жер басып,  
Төрт аяғын тең басып,  
Торыша атпен Қобылан  
Қасынан келіп құлады.  
Сонда тұрып Қандыаю  
2720 Қобыландыға толғады:  
— Сыйлап едім мен, — деді,  
Сыйлағанды білмедің  
Енді, шіркін, сен, — деді.  
Ажал айдап келді ме,  
Қуып келдің нең?! — деді.  
Неше жансыз болсаң да,  
Мені көзің көргенде  
Өзің түсер көріңді  
Қаза берсең не етеді,  
2730 Енді, шіркін, сен?! — деді.  
— Қандыаю ханым, сен, — деді,  
Қашқаның сенің нең? — деді.  
Мықты болсаң Қандыаю,  
Ақ ордаңның ішінде  
Отырсаң не етті, сен? — деді.  
Өледі деп мені аяма,  
Қолыңнан енді келгенін  
Аямай істе сен, — деді.  
Кезегін алып Қандыаю,  
2740 Атайын деп оңдалып,  
Садағын қолға алады.  
Кезегін беріп Қобылан,  
Қасқайып қарап қалады.  
«Торыша аттың басы», — деп,  
Алтын ердің қасы, — деп,  
Қақ жүректің басы, — деп,

- Өлер жерің осы, — деп,  
Садағын тарта қалады.  
Атқан оғы дарымай,  
2750 Қобыланды аман қалады.  
Қобыланға кезек береді,  
Қобылан батыр оқталды.  
Қобылан батыр ақырып,  
Әруағын судай сапырып,  
Садағын алып қолына,  
Атайын деп қалмақты,  
Қобылан енді оқталды.  
«Құлаша аттың басы-ай», — деп,  
Шетперлі ердің қасы-ай, — деп,  
2760 Қақ жүректің басы-ай, — деп,  
Өлер жерің осы-ай», — деп,  
Садағын алып тартады.  
Қобыланның атқан оғы  
Қалмаққа енді дарыды.  
Оғы өтіп қалмақтан  
Бір төбені аударып,  
Кетіп енді барады.  
Оқ тоқтаған мезгілде,  
«Oh!» — деп қалмақ құлады.  
2770 Қалмақты енді өлтіріп,  
Көңілі әбден тынады.  
Қалмақтың туы құлады,  
Басын кесіп қалмақтың  
Қанжығаға таңады.  
Қандыаюдың жолдасы —  
Еріп келе жатқан Бекболат  
Астындағы қанатты тұлпармен  
Қобыланнан аман қалады.  
Атаңа нәлет қалмақтың  
2780 Тәрде отырған сұлуын,  
Құбылып тұрған қамқа тон  
Тегін олжа қылады.  
Қайтуға Қобылан ойлады,  
«Ат-ай болса шалсын» — деп,  
Ұйқы болса қансын, — деп,

Батыр Қобылан ойлады.  
Кегін алып қалмақтан,  
Аман-есен көп дүниемен  
Еліне келіп құлады.  
Бір таңғысы «Қобыланның»  
Осы арадан тынады.  
Аз айтты деп сөкпеңіз,  
2793 Осыменен болады.

# Қобыландының баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр

Қолға қалам алайық,  
Азырақ бастап, жазып қарайық.

Қобыланды өлгеннен кейін қалмақтар қыз Құртқа үшін Қобыланды елін шабады. Қалмақтың ханы — Алшағыр Бабахан. Алшағыр Бабахан кек алу үшін Қобыланды елін шабады. Қыз Құртқаны жайдақ тайға мінгізіп қорлаған. Маңдайына күн, табанына жер тимеген нелер асылдарды ат артына үңілітіп, таңып алып кетеді. Қалмақтар алып, көшіп келе жатып, қонған жерде қыз Құртқа толғатады. Толғатқанын қалмақтарға білдірмес үшін түйелерді тасалап, қасындағы жәрдемшісі арқасын сипаса бір ұл, ішін сипаса бір қыз туады. Қалмақтар мұны біліп қалады. Қалмақтар толғатқанын біліп қалып, Құртқаны қамап алып, баланы тауып алады. «Берінің баласы бөрілігін жасайды», — деп екі баланы өлімге қияды, ана деген қорғаныш баласын «бермеймін» деп құшағын жайып, қыз Құртқа баланың үстіне құлады. — Бұл баланы өлтірме, — деп сұрады. — Баланы өлтірме, көш-жөнекей алып жүрмеймін, осы араға тастап кетейін, тек өлтірме, — деп өтінді. Қалмақтар қыз Құртқаның тілегін беріп, баланы өлтірмейді, бірақ «көшке ертуге болмайды» деп рұқсат етеді.

Рұқсат қалмақтар берген соң,  
Екі етегін түрініп,  
Өр бұтаға сүрініп,  
Екі баланы қолға алып,  
Жүгіріп кетіп барады.



- Ылдидың құба жонында,  
Еш адам жоқ соңында,  
10 Үлкен бір тауға кеп құлады,  
Сол араға келіп, бейшара Құртқа жылады.

Жылап жүріп, қары бойы жер қазып, екі баланы сол жерге тастайды.

- Сонда Құртқа жылады,  
Көзінің жасын бұлады.  
Қияйын десе қия алмай,  
Неғыларын біле алмай,  
Орда қалған сәбиге,  
Қайта айналып келеді.  
Екі бірдей сәбиді  
Кезек-кезек екеуін үш қайтара сүйеді.  
20 Тұла бойдағы тамырдың  
Бөрі балқып иіді.  
Қылатын жәрдем адам жоқ,  
Екі бірдей ол сәби  
Ен далада қалады.  
Қалмақтың қылған зорлығы,  
Осындай зәбір қылады.

Амалы жоқ Қыз Құртқа қосына қайтып барады. Баяғы тұрған қалмақтың қосына келіп, Қыз Құртқа қайтадан енді құлады.

- Таң мезгілі болғанда,  
Шолпан жұлдыз туғанда,  
Тағы да асып, көш жөнелді —  
30 Екі бірдей жас жетім сол арада қалады.  
Жалғыз ағаш кесілсе, қуарып қалар тамыры,  
Амалы жоқ, қалмақтың осылай болды әмірі.  
Таң мезгілі болғанда,  
Екі бірдей сәбидің үстіне киік құлады.  
Сол баланың үстіне балалаған бұл киік  
Сүтін беріп емізіп,  
Сүт беріп қорек қылады.

- Күнде келіп сол киік  
Үш мезгіл емізіп тұрады.
- 40 Осы жерде тұрып балалар,  
Бір жасқа келіп толады,  
Екінші жасқа қарады.  
Бір күн келсе сол киік  
Балалар құйрықтан алады.  
Кетейін десе әлгі киік  
Кете алмай тұрып қалады.  
Балалықтың зарпынан  
Бір күн ұстап тұрады.  
Баяғы киік ойлады:
- 50 «Бір күні мені өлтіріп кетер», — деп,  
Киік қауіп қылады.  
«Босансам енді келмен», — деп,  
Ішінен уағда қылады.  
Босанып енді алған соң,  
Киік қайта келмеді.  
Балаға емшек бермеді,  
Баланы қайтып көрмеді.  
Қалып қойған қос жетім,  
Не жасауға білмеді.
- 60 Ішейін десе асы жоқ,  
Киіейін десе киімі жоқ,  
Неғылуға біле алмай,  
Балалар енді сандалды.  
Екі бірдей жас бала  
Енді бір жүріп қаңғырды.  
«Бұ жерде жатып, не етелік,  
Қаңғырумен өтелік», — деп,  
Екі бірдей жас сәби  
Қараспан тауының қасына
- 70 Келіп бір, балалар құлады,  
Сол арада жылады.  
Ұйқы деген дұшпан ғой,  
Жылап жатып ұйықтап қалады.  
Көкше дейтін бір Ноғай  
Ит жүгіртіп, құс салып,  
Ен далада жүреді,

Баяғы Көкше үстіне балалардың келіп құлады.  
Екі бірдей баланы ұйықтап жатқан жерінен  
Баяғы Көкше көзі көріп тұрады.

- 80 Көріп тұрып шыдау ма,  
Көкше сонда жылады.  
— Тауға да бала бересің,  
Тасқа да бала бересің,  
Маған неге бермейсің, — деп,  
Көкше сонда жылады.  
Неғыларын біле алмай,  
Ақ-таң болып тұрады.  
Бір сүйейін бетінен, бір жазайын дертімнен,  
Кім болса да, о болсын,
- 90 Балалардың үстіне  
Көкше келіп құлады.  
Кім екенін біле алмай,  
Дауыспен балалар оянды.

Балалар сілкінгенде үстінде жатқан Көкше ұшып кетті. Түрегелген соң Көкше балалардың жайын сұрады. Балалар әке де, шеше де көрмеген, не айтарларын білмей кідіріп тұрып қалды.

— Туған жерім тау, — деді,  
Өскен жерім тау, — деді,  
Онан басқаны білмеймін мен, — деді.

*Көкше:*

- Әке-шешен болмаса,  
Маған бала бол, — деді  
Неғыларын біле алмай,
- 100 Балалар аң-таң қалады.  
Екі бірдей жас жетім  
Бірінен бірі ақыл сұрады.  
— Бүгінше ақылдасайық, — деп,  
Көкшеге хабар береді,  
Көкше байғұс көнеді.  
Енді ештеме айта алмай,  
Көкше қайтып кетеді,

- Ордаға жақын келеді.  
 Бейшара болған Көкше шал,  
 110 Етпетінен құлады,  
 Құлап жатып жылады.  
 Ақмаңдайдай алғаны  
 Қағып төсек салғаны.  
 Алдынан шығып бейшара  
 — Не болды? — деп сұрады.  
 Аты оның Ақмаңдай,  
 Құбылады мақпалдай.  
 Жалғыз атты жолаушы  
 Атын түсіп сатқандай.  
 120 Көзі қара құндыздай,  
 Исі төуір қымыздай  
 Даусы төуір қобыздай,  
 Адамзаттың баласы  
 Осындай-ақ болып туады,  
 Енді ойласаң шамасы.

*Көкше:*

- Айтатынын айта алмай,  
 Батыр туған ер Көкше,  
 Қараспан таудың басында,  
 Алтын айдар баланың  
 130 Ұйықтағанын көріп келеді.  
 Тауға да бала бердің деп,  
 Тасқа да бала бердің деп,  
 Маған бала бермейді деп,  
 Еңіреп қоя береді.  
 Енді менің алғаным,  
 Төсекті қағып салғаным,  
 Қынайы белің бу, — деді.  
 Неше түрлі жібектің  
 Бәрің алып кел, — деді  
 140 Кел, қасыма байғұс сен де, ер, — деді,  
 Енді қатар жүреді.  
 Баяғы көрген жеріне  
 Балаларды іздеп келеді.

- Баяғы көрген жерінде,  
Балалар әлі бар екен.  
Неше түрлі тамақты  
Балаларға енді береді.  
Неше түрлі киімді  
Енді үстіне кидірді.
- 150 — Жарасты ма? — деп балалар  
Бір-біріне күледі,  
Сол уақытта екеуі ақылдасып күледі.  
Киейік десек киім жоқ,  
Ішейік десек тамақ жоқ,  
Құр далада қаңғырып, жүрген не? — дейді.  
Шал мен кемпірдің соңынан  
Кел, екеуміз ерелік.

Қызын алдына алып, баласын артына мінгізіп, еліне келеді,  
мәз-мәйрам боп, кемпір-шал елін шақырып той жасайды.

- Кемпіріне хабарлап,  
Ал кемпір ту қой сой, — деді.
- 160 Қанына бояп балаларды  
Тыл жібекке орап ап,  
Төр алдына қой деді.  
Төбел менен тушаны  
Түп көтере соямын.  
Төбел бие сойғызып,  
Үлкен тойды қыламын.  
Бүкіл байтақ елімнің  
Бөріне хабар беремін.  
Алтыннан бақан құрады,
- 170 Бүтін байтақ еліне  
«Толғатты» деп бәйбіше  
Елге хабар береді.  
«Жүктіме еді?», — деп Ақмандай,  
Жиналғандар әңгіме қылады,  
Бірінен-бірі сұрады.  
Кел хабар қылған өзі ғой  
Барып оған көрелік.  
Өтірік пе, шын ба, — деп

- Көзімізбен көрелік.  
180 Жиналып қатындар келеді,  
Енді есіктен кіреді.  
Екі бірдей баланы  
Қатындардың көзі көреді.  
«Шын екен ғой мынау», — деп  
Қатындар енді сенеді.  
Қақпаның аузын ашады,  
Алтын менен күмісті  
Көкше енді шашады,  
Дүниеге халық тояды.
- 190 Палуаны болса тұрғызып,  
Аты болса шаптырып,  
Мақсаттары болады,  
Бүтінде халық тарады.  
Халыққа жар салғанда,  
Орақтың ұлы қу Қазиді  
Тойға келмей қалады.  
Тойға келіп Қарасай,  
Қайтып елге барады.  
Шақырып алды қу Қазиді Қарасайды үйіне,
- 200 Түсті Қазиді күйіне,  
— Қарасай батыр ер, — деді.  
Дөнеңе жоқ ойыңда,  
Бекер босқа жүр, — деді.  
Ол Көкшенің баласы  
Білемісің ол кім? — деді.  
Қобыландыдан қалған Қыз Құртқа,  
Шауып кетті қалмақтар,  
Алшағырлы Бабахан  
Білемісің сен, — деді.
- 210 Кешегі Қобылан батыр-ай,  
Қайсымыздан кем, — деді-ай.  
Қобыланнан қалған Қыз Құртқа,  
Зәуелім шайтан болмаса,  
Содан туған ұл деді-ай.  
Бұл бала адам болған соң,  
Неғылып жүзін көреміз,  
Бұл баланы біз, — деді.

- Мына тұрған Жетімтай  
Еш адамнан кем болмас,  
220 Білімімше менің бұл, — деді.  
Біз бұ жерден тұрып кетелік,  
Қыз Құртқаның соңынан  
Құртқаны қуып кетелік.  
Тірі болса Құртқаның  
Өзін тауып алайық.  
Өлі болса Құртқаның  
Сүйегін тауып алайық,  
Кел артынан барайық.  
Мына тұрған Жетімтай  
230 Төрт жасына келгенде,  
Тек жататын болмайды-ай.  
Атсаң мылтық өтпейді,  
Шапсаң қылыш кеспейді,  
Қарғасаң қарғыс жетпейді,  
Суға салсаң батпайды,  
Жалғыз да болса қаһарман,  
Қыз Құртқаны шығарып алар, бұл, — деді.  
Бекер босқа қалмалық, абыройдан біз, — деді,  
Керек болар бізге бұл, —  
240 Деді дағы Қарасай Қазименен екеуі,  
Жүріп кетті жол шегіп,  
Қалмақтарға қарай шамасы-ай.  
Енді сөзді есітің Жетімтайдан  
Бір жасында бірленіп,  
Екі жаста түрленіп,  
Үш жасына келгенде,  
Үшкілсіз көйлек кимеді,  
Берен тонға сыймады.  
Адамзаттың баласы көлденеңнен көреді,  
250 «Мынау қандай адам», — деп,  
Көрген адам таң қалады.  
Он бес асық, қос топай,  
Жетімтайдың қолында  
Алтын тақыр үстінде,  
Асық ойнап жүр еді.  
Бөлеге балалар қалады,

- Ұтса дағы, ұтылса да балалардың  
Асығын тартып алады.  
Алысса күші келмейді,  
260 Асығын қайта бермейді.  
Асығынан айырылып, балалардың бәрі еңірейді,  
Неғыларын балалар білмейді.  
Сол уақытта бір бала  
Көп баланың ішінен  
Жетімтайға сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді:  
— Айналайын, Жетімтай,  
Қыласын зорлық маған-ай,  
Сенің шешең қыз Құртқа  
270 Қыз Құртқа қайда жүргенін,  
Білемісің сен, — дейді.  
Сен білмесең айтайын,  
Білемін, енді мен, — дейді.  
Шешеңнің соры қайнаулы,  
Екі қолы байлаулы.  
Мың сарықтың соңында,  
Шабаданы мойнында,  
Шешеңнің соры қайнаулы.  
Алшағырлы Бабахан  
280 Шауып кетті еліңді,  
Сындырды сенің беліңді.  
Батыр болсаң Жетімтай,  
Алсайшы сол қалмақтағы кегіңді.  
Мұндай сөзді Жетімтай  
Естіген жоқ бұрын-ай,  
Етегін шеңгел сыдырып,  
Әр бұтаға сүрініп,  
Үйіне келді жүгіріп.  
Орыстар ақыл ойласа,  
290 Кінегеде хаты бар.  
Мұсылмандар ақыл ойласа,  
Ақылға жетік қарты бар.  
— Айналайын анам-ай,  
Менде сенің балаң-ай,  
Аймалап емген мамам-ай,



- Құлағыңа салам-ай,  
Қобыланнан қалған қыз Құртқа  
Алшағырлы Бабахан  
Шауып кетті, — дейді жаман-ай.
- 300 Орақтың екі баласы —  
Қу Қазі мен Қарасай  
Қуып та кетті соңынан.  
Ағаларым жауға кеткенде,  
Неғылып мен де қалам-ай.  
Рұқсат берсең маған-ай,  
Мен де солардың соңынан барам-ай.  
— Өлгенде көрген құлыным,  
Салбырайды тұлымым.  
Омыртқаң сенің өскен жоқ,
- 310 Қабырғаң сенің қатқан жоқ,  
Қиыншылық жер, — дейді.  
Туғалы жаудың қарасын  
Көрген жоқсың, сен, — дейді.  
Тілімді алсаң Жетімтай,  
Бұл сөзіңді қой, — дейді.  
Күннен-күнге еңіреді,  
Жетімтай рұқсат бермеген соң,  
Ажал жетпей өлім жоқ,  
Айналайын мамеке-ай,
- 320 Әкеме айтып көр, — деді.  
Рұқсат берсең екеуің  
Барайын мен де солармен  
Осы тұрған бейшара Ақмаңдай  
Неғыларын білмеді,  
Көкшеге айтып еңіреді.  
«Бізден бала туады,  
Деген бір ой бар ма еді?  
Бізден енді ұл туып,  
Өтірік емес, шын туып,
- 330 Бізден рұқсат сұрайды,  
Деген бір ой бар ма еді?  
Қадірін мұның біл, — деді.  
Кел, балаға беремін,  
Рұқсат енді біз», — деді.

- Кемпір менен шалыңыз  
Мұны мақұл көреді.  
Қарындасы Жетімек  
Барғанын мақұл көреді.  
Рұқсат бұлар берген соң,  
340 Көп жылқыны аралап,  
Баяғы бала келеді.  
«Ішіндегі аттардың осы бірі маған жарар», — деп,  
Алаға құрық салады,  
Мініп алып бала шабады.  
Әу деген жерге шыдамай,  
Етпетінен құлады.  
Ішіндегі күреңді  
Мұныда мініп көреді.  
Бұ да енді жарамай,  
350 Қаңтарылып бұ да тұрады.  
Менің әкем Көкшенің  
Айдағаны ит екен,  
Жинағаны бит екен.  
Біз сықылды батырдың  
Мінетін аты жоқ екен, — деп,  
Тарығып бала тұрады.  
Жан-жағына қарады,  
Құбыла сарай бетінде,  
Жусап тұрған көк дөнен  
360 Баланың көзі шалады.  
«Бір мінуге осы жарар», — деп,  
Бұғалықты бала салады.  
Бір тигізбей табаның  
Алып кетіп барады.  
Өлдім-талдым дегенде,  
Өлдім-жандым дегенде,  
Кеттім-бардым дегенде,  
Қаратып басын алады,  
Басына жүген салады.  
370 Көк дөненді жетелеп,  
Төте қырды төтелеп,  
Кесе қырды кеселеп,  
Үйіне кетіп барады.

- Үйіндегі Ақмаңдай  
Көзі енді шалады.  
Үйіндегі дүниенің бәрін ақтарып,  
Шығаруға ойлады,  
Шабаданның аузын ашады.  
Тоғыз қабат ақ сауыт,  
380 Бәрінде соның шығарып,  
Алдынан дайын қылады.  
Бала үйіне келеді,  
Көк дөненді жетелеп,  
Мақпал тоқым салады.  
Алтын ерді үстіне,  
Баптап оның салады.  
Төс айылын бек тартып,  
Құйысқанын қысқартып,  
Баруға жауға қарады.  
390 Тоғыз қабат ақ сауыт,  
Өле кетсем далада,  
Кебінім деп (салады) киеді.  
Ұзын ұңғы көк найза,  
Өле кетсем далада,  
Сайғағым деп іледі.  
Қарағай садақ, қырық кез оқ,  
Буынса егер белге тоқ.  
Біреуге бар да, біреуге жоқ,  
Ата алмасам маған серт.  
400 Шығыршығың шық етіп,  
Атылмасаң саған серт.  
Қолыма алдым ақ алмас,  
Ақ алмастан жан қалмас.  
Қынапқа салса бір құлаш,  
Суырып алса екі құлаш.  
Шабалмасам маған серт,  
Қанға тойсаң саған серт!  
Қолыма алдым ақ найза,  
Шаншалмасам маған серт.  
410 Шығыршығын шиық етіп,  
Орта жерің бұлқ етіп,  
Қараң қалсаң саған серт!

- Астыма мінген көк дөнен  
Шаба алмасаң саған серт.  
Тәлтіректеп аяғың  
Тастап кетсең саған серт!  
Өзімен серттес немедей,  
Серттесіп әбден алады,  
Көк дөненге мінуге бала қарады.
- 420 Атқа мініп алған соң,  
Кемпір мен шал еңіреп,  
Батасын беріп қарады.  
Айналайын балам-ай,  
Құдай болсын панаң-ай.  
Әйелдердің пірі едің,  
Бибі Бәтима тапсырдым деді саған-ай.  
Балама көзің сал, — деді,  
Адасса жолға сал, — деді,  
Тапсырдым саған мен, — деді-ау,
- 430 Бір көзінен қан ағып,  
Бір көзінен жас ағып,  
Батасын берді кемпір-шал.  
Батасын алып Жетімтай,  
Шығыпты-ай кетті, жөніне-ай.  
Астындағы көк дөнен  
Мініп алып шу, — деді,  
Табаны жерге тимеді.  
Табаны тиген көк тасты  
Саз балшықтай иледі.
- 440 Шаңын шаңға қосады,  
Шаңы аспанға жосады,  
Қырық кез бауырын жазады.  
Шапқан жері қазылып,  
Жерошақ болып қалады.  
Шапқан сайын ойнады,  
Шабуылға тоймады,  
Басын тартса кетеді  
Бөксе жағы қырындап,  
Ұшқан құстай көк дөнен
- 450 Жөнелді сонда пырылдап.

- Бұрылмайтын бұрма тау,  
Мұнан да өтті есен-сау.  
Құладың ұшпас құла ой бар  
Құлазып өтіп жөнелді.  
Жорытпайтын түлкі түлейден  
Түнде өтіп жөнелді.  
Айдың да көлдің үстінен  
Келіп бір бала құлады.  
Құлазыған көл екен,  
460 Адам келмеген жер екен.  
Бақасының көптігі  
Жылқыны көлге жаптырмайд.  
Шалғынының көптігі  
Түйені шөккен таптырмайд.  
Жыланы бар базандай  
Шөгіп жатқан атандай.  
Балдырғаны білектей  
Қымыздығы жүректей.  
Туғалы адам келмеген,  
470 Айдың бір жатқан көл екен.  
Атым болса шалсын, — деп,  
Ұйқым болса қансын, — деп,  
Азырақ тыным алады.  
Көк дөненнің үстінен  
Алтын ерді сыпырып,  
Енді бала алады.  
Мақпал жабу жабады,  
Жібек арқан тағады,  
Алтын қазық қағады.  
480 Ер-тоқымын жастанып,  
Ұйықтап бала қалады.  
Жеті күн ұйықтап бұл бала  
Ұйқысы енді қанады.  
Ұйқыдан тұрып жас бала  
Алып келіп дөненді,  
Алтын ерді салады.  
Басын көкке қаратып,  
Кіндігінен жаратып,

Құйысқанын қысқартып,  
490 Төс айылын бек тартып,  
Бала бір мініп алады.  
Салды атына құйысқан,  
Бірге туған жоқ еді.  
Енді мұнда туысқан  
Құдайдың өзі бергей, — деп.  
Ақырының қайырын  
Жүріп кетті жол шегіп.

Осы уақытта қой бағудан босанып, зынданда жатып қыз  
Құртқа түс көреді. Түсінен шошып оянып, жылады:

— Уа, қабағым неге тартасың,  
Құлыным келіп артымнан,  
500 Қуанатын күндер болар ма?  
Қарым неге тартасың,  
Құлыным келіп артымнан,  
Құшақтайтын күндер болар ма?  
Көкірегім күлбіреп,  
Мұнша неге қуандың,  
Қуанатын күндер болар ма?  
Тұла-бойым балқыдың,  
Қатып қалған қос емшек  
Мұнша неге жібідің?  
510 Құлыным келіп артымнан,  
Еметін күндер болар ма?  
Осындай етіп қуанып,  
Енді Құртқа тұрады.

Енді сөзді есітің,  
Кешегі тұрған Жетімтай  
Айтып ауыз жұмғанша,  
Ескен желдер тынғанша,  
Майтөбенің басынан  
Құлады қалмақ қасына.  
520 Он екі қабат ор екен,  
Тоқсан қабат тор екен,

- Кіретін жолы жоқ екен.  
Оған барған батырдың  
Қанша батыр болса да,  
Маңдайының соры екен.  
Осы тұрған Жетімтай  
Кірейін деп өрледі,  
Тыным, сірә, көрмеді.  
Он екі қабат орынан,  
530 Тоқсан қабат торынан,  
Астындағы көк дөнен  
Өтейін деп үстінен,  
Көк дөненге шу, — деді.  
Қамшы батты санына,  
Сауысқан-қарға тойынды  
Бұтынан аққан қанына.  
Бүктетіліп жазылып,  
Бозторғайдай пырылдап.  
Он екі қабат орынан,  
540 Тоқсан қабат торынан,  
Үстінен ұшып жөнелді.  
Көп қалмақтың ішіне,  
Барып бір бала құлады,  
Қияға көзін салады.  
Құрттай болып қыбырлап,  
Шөптей болып жыбырлап,  
Беріктері шүпірлеп,  
Шылымдары бұрқырап,  
Тұрған толып қалмақтың  
550 Үстінен барып құлады.  
Келді бір сонда жас бала,  
Жас болса да баланың  
Істеген ісі масқара.  
Баяғы тұрған көп қалмақ  
Енді ортаға алады,  
Баланы қалмақ қамады.  
Өзінен басқа қара жоқ,  
Бала ойынды салады.  
Қолына алды қылышты,

- 560 Бала салды ұрысты.  
Алдын шауып тастаса,  
Арты басым болады.  
Өлгенінің орнына  
Өлмегендер толады.  
Бала үстінде торларды,  
Үзіп кетіп барады.  
Қаланың аузын жас бала  
Бұзып кетіп барады,  
Қалмақтар таң қалады.
- 570 Кісі екенін білмеді,  
Жын екенін білмеді,  
Бала торға кірмеді.  
Жиналып тұрған көп қалмақ  
Неғыларын білмеді.  
«Мұныменен бұл бала  
Шаба берсе осылай  
Бірің де аман қалман», — деп,  
Қалмақтар уайым шегеді.  
Кешегі кеткен Қазі менен Қарасай
- 580 Қайда екенін білмеді.  
Аз кідіріп тұрады,  
Атының мойнын бұрады.  
Күн шығар жақ бетінен,  
Жаудың қиыр шетінен,  
«Едігелеп» ақырған,  
«Мысалап» ұран шақырған,  
Жүрген бір қатты дауысты,  
Жетімтай енді шалады.  
Ешбір жанға қарамай,
- 590 Бала кетіп барады-ай.  
Баяғы шыққан дауысқа  
Мұндай адам болар ма?  
Жеті күн жүріп Жетімтай,  
Үстінен Қазидың құлады-ай.  
Жетімтайды көргенде,  
Түсе қалып атынан  
Жетімтайдың сүйіп бетінен,



- Қази сонда жылады:  
— Өлгенде көрген бауырым,  
600 Өкпе-бауыр жұлыным,  
Аман-есен келдің бе?  
Он екі төубе, жүз құлдық.  
Сені көзім көргенде,  
Күнінде төубе біз қылдық.  
Келгелі болды бірталай,  
Қыз Құртқаны таба алмай,  
Қайда екенін біле алмай,  
Ағаңның соры қайнаулы.  
Таппай елге бармайды,  
610 Кел, Жетімтай, кетелік.  
Бастың аман күнінде,  
Құртқаны тауып алуды  
Енді талап етелік.  
Он екі қабат ақ орда  
Алтынменен бұлаған,  
Хан ордасын қаралық.  
Хан ордасы құламай,  
Енді қалмақ жыламай,  
Таптырмас деді Құртқаны,  
620 Енді бізге, шырақ-ай!  
Бөтен сөзді қояды,  
Қази менен Жетімтай  
Қыз Құртқаны қарады.  
Он екі қабат саланы  
Ақтарып бәрін қарады.  
Қыз Құртқаны таба алмай,  
Он екі қабат ордаға  
Салып жетіп барады.  
Ақ орданы ақтарып,  
630 Таба алмады қалмақты.  
Кеткен екен қашып-ай,  
Өлтірмей менің өзімді-ай,  
Оймай қоймас көзімді-ай.  
Кеткен екен қашып-ай,  
Албасты ханды басып-ай.

- Енді соны таба алмай,  
Келе жатыр жағалай,  
Қалмақты енді аралай.  
Көлденеңдеп қолаттан,  
640 Шыға келді ала атпен,  
Бір қалмақтың баласы-ай.  
Қайыр табан, піл табан  
Бұ да батыр ер екен,  
Еңіреген ердің бірі екен.  
Сол күнде елде жоқ екен,  
Жақында келген күні екен.  
Қази менен Жетімтай  
Көзі бір қалмақ көреді-ай,  
Жөнінде сұрай береді-ай:  
650 — Әй, жас бала, жас бала,  
Істеген ісің масқара.  
Елді иесіз дедің бе?  
Жерді иесіз дедің бе?  
Елге бір мұнда келесің,  
Қырғынды мұнша бересің.  
Қимылдасам өлесің,  
Өлмей тұрып, жөніңді айт,  
Жас бала, қайдан келесің?!  
Қашатұғын қатын ба,  
660 Қорқатұғын батыр ма.  
— Айтайын, — деді, — жөнімді,  
Мен — Көкшенің баласы.  
Менің немді сұрайсың,  
Қалмақ, енді шамасы.  
Елімнен мен келемін,  
Менің шешем қыз Құртқа  
Жібердің қайда шамасы.  
Құртқаны тауып бер, — деді,  
Өлтірермін бөлем өзіңді,  
670 Оярмын бөлем көзіңді.  
Жолықпағанға жолығып,  
Жүр шығарсың мақтап өзіңді.  
Бала деп мені ойлама,

- Кезегіңді ал, — деді.  
Қайсардың Қаратауына  
Иегімді сүйеп сал, — деді.  
Бала болсам да бөлем-ай,  
Баспай ма, менің салмағым,  
Батпай ма, менің бармағым?!
- 680 Өзіңе-өзің бөлем-ай,  
Енді дырау болсаң да  
Оңай бір сені алмағым, —  
Деп бір бала тұрады-ай,  
Кезегін беріп қалмаққа.  
Қалмақ сонда оңдалды,  
Қорамсаққа қол салды,  
Қол салғанда мол салды,  
Көк дөненнің басы деп,  
Алтын да ердің қасы деп,
- 690 Өлер жерің осы деп,  
Көпшікке көтін тіреді.  
Үзенгіге шіреніп,  
Атып бір қалмақ жіберді.  
Тоғыз қабат сауыттың  
Сегізінен өтеді,  
Тоғызыншыға жетеді.  
Жыртыла жаздап жағасы,  
Аман сақтап қалады,  
Жетімтайдың бабасы.
- 700 «Атқаның сенің осы ма?» деп,  
Бала мазақ қылады.  
Қорамсаққа қол салды,  
Атайын деп оңдалды.  
Сары ала аттың басы деп,  
Шетпер ердің басы деп,  
Өлер жерің осы деп,  
Бала бір атып жіберді.  
Қалмақта батыр ер екен,  
Айтулы ердің бірі екен.
- 710 Сегізінен өтеді,  
Тоғызыншыға жетеді.

- Тасқа тиген немедей,  
Шашырап оғы кетеді.  
Қолына алды найзаны,  
Түрлі салды хайланы.  
Бірін-бірі батырлар  
Өлтіруге ойланды.  
Шұрқылтайдың тұсы деп,  
Өлер жерің осы деп,  
720 Бірін-бірі аямай,  
Сұңғысы сұлу ақ найза  
Біріне-бірі салысты.  
Шығыршығы шиқ етіп,  
Орта жері былқ етіп,  
Қармақ болып қалады.  
Найзадан пайда таба алмай,  
Енді батыр қамалды-ай.  
Қолына алды қылышты,  
Екі батыр ұрысты.  
730 Құдай қылды бұл істі,  
Тауға салса тас алған,  
Шаш ал десе бас алған,  
Қара тасқа кеткен білінбей,  
Нарға салса, бүлк еткен,  
Итке салса, жылт еткен.  
Сол сықылды алмасты,  
Кесейін деп басыңды,  
Құртайын деп жасыңды.  
Біріне-бірі қылышпен  
740 Енді екеуі салысқан.  
Қолындағы қылышы  
Тасқа тиген немедей,  
Қайырылысып қалысқан.  
Қолына алды шоқпарды,  
Ұрайын деп оқталды.  
Қалқан ұстап тұрады,  
Аямай қалмақ ұрады.  
Басындағы қалқаны  
Сынып жерге құлады.  
750 Мұндай күшті болар ма,

- От болып жерде жанады.  
Астындағы көк дөнен  
Тізеден жерге кіреді,  
Мұнан да аман қалады.  
Балаға кезек беріп-ай,  
Енді қалмақ тұрады.  
Бұ да алып шоқпарын  
Бар қуатпен ұрады.  
Қалқаны сынып от болып,  
760 Сары ала ат кіріп тізеден,  
Бұ да аман қалады.  
Бес қарудан айырылып,  
Енді екеуі тұрады.  
Жағаға қолды салады,  
«Аударып аттан алам» деп,  
Бірін-бірі ала алмай,  
Тізеден тағы батады.  
«Атқа обал болды» деп,  
Беліне шынжыр салады.  
770 Түсе қалып екеуі  
Жаяу күрес салады.  
Бірін-бірі көтеріп,  
Енді жерге ұрады,  
Құламай аман тұрады-ай.  
Ойпаң жерлер ой болып,  
Кісі бойы қол созым  
Енді ойласаң жар болды,  
Жердің жүзі шаң болды.  
Бірін-бірі жыға алмай,  
780 Енді әлемге таң болды.  
Бала сонда тарықты,  
«Өлемін» деп қорықты.  
Омыртқасы майысып,  
Қабырғасы қайысып,  
Жығылар жерін көздеді,  
Бала жаман меңдеді.  
Мұндай нәһан қалмақты  
Бала бұрын көрмеді.  
Қалмақтың түсіп қолына

- 790 Жаңа келді оқына.  
Бала бір сонда ақырды,  
Бабаларын шақырды.  
«Бабаларым жәрдем бермесе,  
Жығыламын мен, — деді.  
Әйелдердің пірі едің,  
Әлі өлмей тірі едің.  
Бибі, Батпа — егіз қыз  
Енді ойласам пір едің.  
Бәтимадай апам-ай,
- 800 Бермесен жәрдем маған-ай!»  
Дем алмай бала тарықты,  
Жаныса болат өтеді.  
Жалынса жақсы кешеді,  
Қисынын тапса не етеді?  
Бір ақсарбас қу болып,  
Қына семсер су болып,  
Бабасы келді қасына,  
Пәруә болды басына.  
Жылама, балам жылама,
- 810 Сапар шеккен жас жігіт  
Атының басын бұра ма?  
Ажал оғы тиген күн  
Үйде, түзде болса да,  
Ажалдан адам қала ма?  
Деңгейінен өтеді,  
Қанатымен бір сипап  
Мойынынан кетеді.  
Он мың ердің қуаты  
Бір өзіне бітеді.
- 820 Таудай болған қалмақты  
Көтеріп жерден кетеді.  
Қалмақты сонда үйірді,  
Жер дүние селкілдеп,  
Кеткендей сонда етеді.  
Таудай болған қалмағың  
Енді сонда құлады.  
Ағып жатқан дария  
Сауысқандай мұз болып,


- Сексенге келген кемпірлер  
830 Селкілінен жердің қозғалып,  
Қорыққаннан қыз болып.  
Аузы бүтін ақ қала  
Селкілінен құлады.  
Олжаға халық қарық боп,  
Дүниеге толады.  
Мұндай мықты болар ма,  
Үстіне бала шыққанда,  
Тұрымтай құстай болады.  
Қалмақтың туы құлады,  
840 Қатын менен балалары,  
Кемпір менен шалдары  
Қайыр табан, піл табан  
Құлаған соң ерлері  
Қалмақтар шулап жылады.  
Сұлушаш деген бір залым,  
Сиқырлы залым сол екен,  
Соны ұстап алады.  
Мойнына арқан салады,  
Қамшыменен сабады.  
850 Қамшысы құрғыр қатты ғой,  
Жанына оның батты ғой,  
«Жібердің қайда Құртқаны?» —  
Деп-ай бір сонан сұрады.  
Өлтірем деген соң өзін-ай,  
Оямын деген соң көзін-ай,  
Мына тұрған Жетімтай,  
Кел, соңымнан ер, — деді.  
Берейін тауып Құртқаны,  
Бір қасықтай қанымды,  
860 Бір шыбындай жанымды  
Сауғалыққа бер, — деді.  
Мұны мақұл көреді,  
Алдын бастап Сұлушаш  
Соңынан бала ереді.  
Темір үйдің ішінде,  
Қамаулы тұрған Құртқаның  
Үстіне алып келеді.

- Баяғы тұрған Сұлушаш:  
«Балаң жалғыз келді», — деп,  
870 Құртқаға хабар береді.  
«Өтірік пе, шын ба», — деп,  
Құртқа оған сенбеді.  
Қылыш алып қолына,  
Бұзайын деп Жетімтай  
Темір үйге келеді.  
Қылышпенен қияды,  
Найзаменен шаншады,  
Пара-пара қылады.  
Құшағын жазып қыз Құртқа  
880 Сол арада екеуі  
Түйедей болып боздады,  
Қойдай болып шулады.  
Айтпаған нәрсе қалмады,  
Қайдағы нәсте қозғалды.  
Көздің жасы — көл дария,  
Емшектің сүті — ен дария.  
Баласына Құртқаның  
Қосылған күні болады.  
Он екі тәубе, жүз құлдық  
890 Құдайға тәубе қылады.  
«Мұндай болып келед», — деп,  
Ойында Құртқа болар ма?  
Құртқаның көрген түстері  
Енді анық болады.  
Емшегін еміп Құртқаның  
Үш қайтара сүйеді,  
Құдай бір тілек береді.  
Қайғының бәрі жойылып,  
Құртқаны алып елге келеді.  
900 Баяғы тұрған Жетімтай  
Тұмарланған торысын  
Еріксіз айдап мінеді.  
Құбылып тұрған қамқа тон  
Еріксіз алып киеді.  
Түрленіп тұрған сұлуын  
Еріксіз алып кетеді,




- Қалмаққа зәбір береді.  
Шешесінің кектерін  
Қалмақтан алып береді.
- 910 Жетпесін бе, дүние мал  
Өзінің келген ізімен,  
Малын айдап Жетімтай,  
Көк майсаның жүзімен,  
Бәрін алып келеді.  
Күн жетіге толған соң,  
Қалмақтың шықты шетіне,  
Елге қарай бет алып,  
Ырғап-жырғап келеді.  
Бірнеше күн жол жүріп,
- 920 Азғана емес мол жүріп,  
Қажыса болат сынады,  
Қайтадан келіп елінің  
Үстінен келіп құлады.  
«Баласы Көкше келді», — деп,  
Елге бір хабар береді.  
Көкше мен Ақмаңдай  
Алдынан шығып жалғыздың  
Енді екеуі жылады.
- Жетпесін бе, дүние мал
- 930 Айғырын сойды ақыртып,  
Бурасын сойды бақыртып,  
Төбел менен тушаны  
Түп көтере сояды.  
Елі жұртын жинап ап,  
Тойды қатты қылады.  
Елі жұрты әртарап,  
Риза бұған болады.  
Тағы да сөздің арасы —  
Көкше менен Ақмаңдай
- 940 Бөтендігі жоқ еді,  
Жетімтай бала болады.  
Менен қалған көл еді,  
Итқырылған жер еді,  
Жирикөл деген көл еді.  
Өзінің мекен қылған жеріне,

- Қыз Құртқа мен барлығын  
Қайтарып алып келеді.  
Алтын қазық қаққан жер,  
Жібек арқан таққан жер,  
950 Мақпал жабу жапқан жер, —  
Құртқаның өскен жері еді,  
Мекен еткен елі еді.  
Құдайы беріп қайтадан  
Қалыбына келеді.  
Айып етіп жүрмеңіз,  
Осымен тәмам болады.  
Қатесі болса, кешірің,  
958 Білгенімнен білмегенім көп еді.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р





## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

### ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

**Ә. Диваев нұсқасы.** «Қобыланды батыр»—бұрынғы қазақ сахарасында кең тараған және халықтың сүйсініп тыңдайтын жырының бірі.

Аталған эпостың кейбір үзінділері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап баспа бетінде жариялана бастады. Жырдың бір нұсқасын 1860 жылдары атақты Марабай ақыннан жазып алған және оның үзіндісін алғаш рет баспа бетіне шығарған—көрнекті қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин. Ол жырдағы Қобыланды батырдың даңқты тұлпары Тайбурыл аттың шабысын суреттейтін үзіндісін «Киргизская хрестоматия» (1879) атты кітабының бірінші бөліміне енгізген.

Бұған дейін Академик В.В.Радлов Тобыл бойындағы татарлардан жазып алған Қобыланды жайындағы бір қысқа өлеңді өзінің «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» деп аталатын еңбегінің 4-томында (1872) жариялағаны мәлім.

Жырдың әр түрлі нұсқаларынан алынған үзінділер «Дала уәлаяты» (1899), «Түркестанские ведомости» (1899), «Тургайская газета» (1901) газеттерінде және Орынбор мұрағат комиссиясының еңбектерінде (1910) басылды.

Бұдан соң Біржан Толымбайұлы орындаған бір варианты Махмұдсұлтан Тұяқбаев 1914 жылы Қазанда бастырып шығарды<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup> Қара қышпақ Қобыланды батыр. — Қазан, 1914.

Сондай-ақ Кеңес дәуірі кезінде «Қобыланды батыр» жыры өзге де қазақ эпостарымен қатар сан рет қайта басылды<sup>2</sup>.

Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың отызға жуық варианты сақтаулы. Олардың арасында Марабай, Дәулетше, Көшелек, Мұсабай, Мергенбай, Айса, Мұрын, Нүрпейіс, Ержан, Әбілқайыр, Құлзақ, Дүтжан, Нүрсейіт, Біржан т.б. ақын-жыраулардың репертуарындағы нұсқалар сақталған. Олардың әрқайсысына ғылыми сипаттама берілген<sup>3</sup>.

Осы жыр нұсқаларының ішінде ең көркем үлгілерінің бірі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны Марабай — Мергенбай нұсқасы болып саналады.

Жырдың сюжеттік нұсқалары Қазақтан басқа Қырым татарлары, башқұрт, қарақалпақ халықтарының ауыз әдебиетінде сақталған.

Қазан төңкерісіне дейін В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Бөкейханов;<sup>4</sup> П.А.Фалевтер<sup>5</sup> «Қобыланды батыр» жыры жөнінде пікір айтып, жырдың халық әдебиетінде ерекше орын алатынын көрсеткен.

Аталған жыр туралы зерттеу жұмыстары Кеңестік дәуірде кеңінен жүргізілді. Бұл орайда М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, А.С.Орлов, В.М.Жир-

<sup>2</sup> Қобыланды батыр // Батырлар. 1-кітап. / Бастырып шығарушы — Ә.Диваев. — Ташкент, 1922; Қобыланды батыр // Батырлар жырының жинағы. 2-кітап. / Шығарушы — С.Сейфуллин. — Қызылорда, 1932. 86-180-бб; Қобыланды батыр. // Батырлар. Кітапты шығарған — С.Мұқанов. — Алматы, 1939. 63-154-бб; Қобыланды батыр. // Қазақ эпосы. 4-кітап. / Баспаға әзірлегендер: М.С.Сильченко., О.Ә.Нұрмағанбетова. Алматы, 1957; Қобыланды батыр // Батырлар жыры — Алматы, 1959, — 7-162-бб; Қобыланды батыр // Батырлар жыры. / Құрастырғандар: М.Ғұмарова., Б.Уахатов. — Алматы, 1963. — 21-221-бб; Қобыланды батыр. Ғылыми басылым. / Құрастырып, ғылыми түсініктеме-лерін жазғандар: Н.В.Кидайш — Покровская., О.А.Нұрмағанбетова. — Москва: Наука, 1975; Қобыланды батыр // Ақсауыт. 1-том. / Құрастырған — О.Нұрмағанбетова. — Алматы, 1977. — 15-165-бб; Қобыланды батыр. // Батырлар жыры. 1-том. / Құрастырған — О.Нұрмағанбетова. — Алматы, 1986.

<sup>3</sup> Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. — Алматы: Ғылым, 1975. — 173-227-бб.

<sup>4</sup> Женщины по киргизской былине Кобланды «Туркестанские ведомости», 1899, № 35, 38, 42.

<sup>5</sup> Записки Восточного отд. Русского археологического общества. Том 24, вып. 3-4. — 1916.

мунский, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Ө.Қоңыратбаев, И.Сағитов, Р.Бердібаев, О.Нұрмағанбетова, Ш.Ыбыраев, Т.Қоңыратбаев сынды көптеген ғалымдардың еңбектерін атауға болады<sup>6</sup>.

Сондай-ақ «Қобыланды батыр» жырының мәтіні орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтарына енгізілді.

«Қобыланды батыр» жыры Кеңестік дәуірде ең алғаш фольклоршы Әбубәкір Диваев 1922 жылы Ташкентте бастырып шығарған «Батырлар» деп аталатын топтамасында жарияланды. Бұл нұсқаны фольклоршыға сол кездегі Ақмешіт уезінің қазағы Мұрат Өскенбаев жіберген. Мәтін соңында «1894 жыл, 12 желтоқсан» деген ескертпе бар.

Өкінішке орай, бұл жырдың түпнұсқасы әлі күнге дейін табылған жоқ.

Кейін осы мәтін С.Сейфуллин құрастырған «Батырлар жырының жинағы» деп аталатын кітапта<sup>7</sup>, С.Мұқановтың алғысөзімен жарыққа шыққан «Батырлар» жинағында<sup>8</sup> және оқу құралдары мен хрестоматияларда<sup>9</sup> қайта басылғаны мәлім.

Ө.Диваев нұсқасында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. Жыр Қобыланды мен Қарамен екеуінің Қазан ханға аттанған алғашқы жорық сапарынан басталады.

Жырдың композициясы бір-біріне жалғасып, оқиғалары кезектесіп дамып отыратын, яғни Қобыландының Қазан ханға қарсы аттануы; «Тайбурылдың шабысы»; Қазанның Сырлы қаласын, артынша алты қабат ормен қоршалған Қырлы қаласын шабуы; Қобыланды мен Қазанның жекпе-жек ұрысы;

<sup>6</sup> Өуезов М. Қазақ әдебиеті. — Ташкент, 1929; Сейфуллин Қазақ әдебиеті. — Қызылорда, 1931; Мұқанов С. Батырлар. — Алматы, 1939; Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап — Алматы, 1958; Марғұлан Ө. Халық жырын туғызудағы мотив. «Халық мұғалімі». 1939. — 23-24-бб; Орлов А.С. Казахский героический эпос. — М., Л. 1945; Жирмунский В.М., Зарифов. Х.Т. Узбекский народный героический эпос. — Москва, 1947; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. — Алматы, 1972; Қоңыратбаев. Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982; Нұрмағанбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр». — Алматы, 2003; Ыбыраев Ш. Эпос өлемі. — Алматы, 1993; Қоңыратбаев Т. Эпос және этнос. — Алматы, 2000.

<sup>7</sup> Қобыланды батыр // Батырлар жырының жинағы. 2-кітап. — Қызылорда: Қазақстан, 1932.

<sup>8</sup> Қобыланды батыр // Батырлар. — Алматы, 1939. — 63-154-бб.

<sup>9</sup> Қобыланды батыр. 8 кл. арналған хрестоматия, / Құрастырғандар: С.Мұқанов, Т.Бекхожин — Алматы; 1939, 1940, 1941 т.б.

Қобыландының Көбікті ханды жеңуі; Қобыландының Алшағыр ханмен соғысы; елін азат етуі сияқты эпизодтардан құралған. Жырда оқиғалар үдемелі түрде беріліп, тартыс шарықтау шегіне жетіп шешіледі.

Жырда батырлардың жекпе-жек ұрыстарына мол орын берілген. Тек Қобыландының ерліктері ғана емес, сонымен қатар жау жағының күші, әйгілі батырлары толық таныстырылады. Олардың жеңіске деген жігері, мақсаттарына сенімділігі көрсетіледі. Қобыланды өзінің басты жауын үлкен қиындықпен жеңеді. Әсіресе Көбікті ханның баласы Біршымбайдың батырлық тұлғасы ерекше сипатта жырланған.

Аталған жыр оқиғасының баяндалуында, қатысушы адамдардың бейнесінде қиял-ғажайып ертегілерге тән іс-әрекеттер бар. Мұндағы батырларға атса оқ, шапса қылыш өтпейді, суға салса батпайды, отқа күймейді т.с.с. суреттейтін көріністер.

Мифтер мен көне ертегі-аңыздарда дәудің немесе батырдың яки жалмауыз кемпірдің жаны басқа жерде тығулы жатады, болмаса олардың денесінің бір жерінен өзгесіне оқ өтпейді, қылыш кеспейді. («Ер Төстік», «Бозжігіт» т.б). Әдетте, батырдың «осал жерін» оның қызы немесе қарындасы айтып қояды. Көбінесе, олардың әлсіз жері — тамағы, не кіндік тұсы. «Қобыланды батыр» жырында Көбікті батырдың «құпиясын» қызы Қарлыға ашады. «Бозжігітте» оның басын тек өз қылышы ғана кеседі. Мұндай мотив «Ер Көкше» жырында да бар. Осы тектес фольклорлық сарын «Ғазауат Сұлтан» дастанында да көрініс табады. Мұндай фольклорлық сарындар көне дәуір мифтерінен қалған «өлмес алыптар» жайындағы мотивтердің сарқыншағы екені мәлім.

Жырда айрықша ықыласпен суреттелетін бейненің бірі — Тайбурыл. Жырда батырға сын сағатта көмек беретін Тайбурыл жүйрік ат қана емес, керек кезінде тіл бітетін, ақылшы серік ретінде суреттеледі. Жүйрік аттың осындай сипатта көрінетін тұстарын «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты қаһармандық эпостарынан және бурят халқының эпосы «Ғэсэрдэн», тува халқының аңызы «Бокту—Кириш пен Бора Шээлиден», башқұрттың «Заятөлек пен Сусұлу» аңызынан, қалмақтың қаһармандық эпосы «Жәңгірден» кездестіруге болады.

Сол сияқты «Қобыланды батыр» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыла-



рында жиі ұшырасатын сарындардың бірі — түс көру мотиві де бірнеше жерде көрініс тапқан.

Солардың біріне мына мысалды келтіруге болады: Қобыланды Көбікті ханды жеңіп, еліне қайтып келе жатқанда, Тайбурыл аты ақсап, жалғыз қалады. Батыр елін Алшағыр ханның шауып кеткенін, ел-жұртының қандай күйге ұшырағанын көрген түсі арқылы біледі.

Ортасы түннің болғанда,  
Көзі кетті ұйқыға.  
Мезгілі таңның жеткенде,  
Көк есегі астында,  
Ақ сәлдесі басында,  
Сырлы асасы қолында,  
Өзі Хақтың жолында,  
Он сегіз мың ғаламның  
Он бесі бар соңында,  
Жеті кәміл бабасы  
Жетіп келді қасына...

Бұл жерде түс оқиғаның шарықтау шегіне дейінгі іс-әрекетті байланыстыру қызметін атқарып тұр. Сөйтіп, жырда айтылатын оқиғалар Қобыландының есімімен байланысты дамып отырады. Жырда салт-ғұрыптар, наным-сенімдер, елдің шаруашылық кәсібі және де басқа көріністер нанымды сипатталған. Эпоста бас қаһарманның ерліктері әсіреленіп, кейіпкерлердің ішкі сезімдері монолог, диалогтар арқылы шебер суреттелген.

«Қобыланды батыр» жырының тілі көркем, оқиғасы қызықты. Мәтінде басқа тілден енген біраз сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

«Қобыланды батыр» жырының 1932, 1939 жылдары басылған мәтіндерін Ә.Диваев нұсқасымен (Ташкент, 1922) салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында, аталған жинақтарда кейбір кемшіліктер кеткені анықталды.

1. Қазан ердің Қобыланды батырмен жекпе-жекке шығатын тұсында, Қазан батыр Қобыландыға: «Үстіңдегі ақ сауыт, астыңдағы Бурыл атты қан тигізбей бер», — дейді. Қобыландының Қазанға беретін жауабында екі өлең жолы 1251, 1252-жолдар қалып кеткен. Сонда мәтін төмендегідей болып келеді:

*1922 жылғы басылым:*

*1932, 1939 жылғы*

*басылымдар:*

Қобыланды сонда сөйлейді:  
— Мал саттым алтын-күміске,  
**Ат беруге қимаймын,**  
**Сендей дінсіз, жөнсізге,**  
Ат алудан қашпаймын,  
Алғанымша асықпа.  
Келмей жатып, ат сұрап,  
Қызылбас неден есірді...

Сонда Қобыланды сөйлейді:  
Мал саттым алтын-күміске,  
.....  
.....  
Ат алудан қашпаймын,  
Алғанымша асықпа.  
Келмей жатып ат сұрап,  
Қызыл бас неден есірді...

Соңғы екі басылымдағы өлең жолдарының түсіп қалуы, біріншіден, өлең ұйқасын бұзған, екіншіден, ішкі логикалық көркемдігі біртұтастығынан айрылған.

Осы секілді мәтін өзгерістері басылымдардың 76, 94, 120-бб. (С.Мұқанов), 114, 123-бб (С.Сейфуллин) беттерінде кездеседі. Бұл кемшіліктер құрастырушылар тарапынан кеткен қате емес. Біздің ойымызша, мәтінді машинкаға терген кезде кейбір өлең жолдары түсіп қалған болу керек.

2. Екі басылымда да түпнұсқалық *һәр* (*өр*), *һәркім* (*әркім*) *менім* (*менің*), *һеш* (*еш*) сөздері қазіргі тіл қолданысында берілген.

3. 1939 жылғы басылымда, 95-бет, 1226-жолда «барқыт» сөзі «жібек» болып өзгертілген.

4. Емлелік қателер көп кеткен.

Осындай кемшіліктерге қарамастан, құрастырушылар 1932, 1939 жылдардағы басылымдарда фольклорлық шығарманың мәтінін түпнұсқа күйінде беруге тырысқан.

Мәтінді жинаққа дайындау барысында осы сияқты кемшіліктер түзетіліп, түпнұсқа мәтіні қалпына келтірілді.

Томға ұсынылып отырған «Қобыланды батыр» жырының мәтіні 1922 жылғы Ташкент басылымы бойынша әзірленді.

*Қ. Алпысбаева*

*С. Қосан*

**Көшелек Еламанов нұсқасы.** «Қобыланды батыр жырының» аталған варианты бұрын *еш* жерде жарияланбаған. Жырдың

қолжазбасы Орынбор қаласындағы облыстық архивінде, Игнатьевтің қолжазбалары арасында сақталған.

Эпостың мәтінін 1955 жылы Тіл және әдебиет институтының сол кездегі аспиранты З.Жантекеева тауып әкелген. Түпнұсқасы Орынбор облыстық архивінде сақтаулы<sup>1</sup>. Жырдың көшірмесі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына<sup>2</sup> өткізілген.

Қолжазбаның аяғында жырды 1906 жылы Көшелектен Т.Жүрсінова жазып алды деген мәлімет бар. Шығарма ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Көшелек жырлаған «Қобыланды батыр» нұсқасы туралы Н.Б.Кидайш — Покровская, О.А.Нұрмағанбетова сынды зерттеушілердің еңбектерінде сөз болады<sup>3</sup>.

Жырдың экспозициясы Қобыланды дүниеге келмей тұрып, он екі баулы ноғайда жасы сексенге келген Қыдырбай мен оның Меңдісұлу атты әйелінің байлығын, баласыздығын және олардың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мотив — сипаттамадан басталады. Сол елдің ханы Ақшахан Қыдырбайдың байлығын өз қолына түсіруді көздеп, әр түрлі амал жасайды. Бұл жайды білген Меңдісұлу Құдайдан бала тілеп, әулиелерге түнеп, дүние кезеді, ақыры тілегі қабыл болады. Бір ұл, бір қыз табады. Ұлының атын Қобыланды, қызының атын Қансұлу деп қояды.

Болашақ батырдың ғажайып туу мотиві қазақтың, түркі, монғол тілдес басқа халықтардың эпосында жиі кездеседі. Мәселен, қартайған ата-ананың балаға зар болуын, бала іздеп Алладан, әулиелерден жәрдем сұрауы қазақтың «Алпамыс», «Шора батыр», «Едіге батыр», «Мұңлық — Зарлық»<sup>5</sup> эпостарынан, қырғыздың<sup>6</sup> «Манас»<sup>7</sup> эпосынан т.б кездестіреміз.

Мысалы «Манас» эпосындағы Жақыптың баласыздық наласын айтып, қайғыратын тұсында мынадай жыр жолдары ұшырайды:

<sup>1</sup> Оренбургский областной архив. Фонд 168, опись 1, дело 22, листы — 46-67.

<sup>2</sup> Қобыланды батыр. III. 7 (ӘӨИ). 1955.

<sup>3</sup> Қобыланды батыр. — Москва, 1975. 394-396-бб; О.Нұрмағанбетова. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр». — Алматы. — 2003.

<sup>5</sup> Маадай-Қара. Алтайский героический эпос. — М., 1973.

<sup>6</sup> Монғолдың құпия шежіресі. — Өлгий, 1979.

<sup>7</sup> Манас. — Фрунзе, 1-кітап. 1958.

... Арман қылат ошондо  
Абакең Жақып толғанып:  
— Бербесе Теңгер чарам жоқ,  
Беш түліктен мал жидым,  
Бет чака булча арам жоқ.  
Жабық салып, ат минип,  
Жанымда болған карам жоқ.  
Тұтунарға туяк жоқ,  
Туганынан айрылған  
Жұртта мендей чунак жоқ<sup>8</sup>...

Міне, осылай жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, дүние жүзін кезуі кездейсоқ емес. Олардың арман-мақсаты — атадан қалған мал, мүлікке ие болатын, ұрпағын жалғастыратын мұрагер, сондай-ақ ел-жұртына қорған болатын батыр іздеу. Бұдан кейін жырда қаһарманның балалық шағы, тәрбиесі; батырдың барлық кедергіні жеңіп үйленуі; қыз Құртқаны еліне алып келуі; батырдың тұлпар атына байланысты әңгіме; Қобыландының Алшағыр ханмен ұрысы; ел-жұртын Алшағырдан босатып алғаны баяндалады.

«Қобыланды батыр» жырының біраз нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Көшелек жырлауында «Қобыланды батыр» эпосының байырғы желісі барынша сақталғанымен, кейбір айырмашылықтары бар екені байқалады. Мысалы, бұл нұсқада басқа варианттарда кездесетін Қобыланды мен Қараманның Қазан ханға аттанатын алғашқы соғыс сапары, «Тайбурылдың шабысы», Қобыландының Көбіктімен соғысы, Қарлыға туралы эпизодтар кездеспейді.

Сондай-ақ мұнда Қобыланды, Құртқа, Алшағыр ханнан өзге кейіпкерлердің есімдері басқаша аталған. Қобыландының Құртқаны еліне алып келетін көрінісі қысқа баяндалған. Осы тұрғыдан алып қарағанда К.Еламанов жырлауындағы «Қобыланды батыр» жыры басқа нұсқалардағы тұрақты эпизодтарды қайталау емес, халық аузында айтылып жүрген аңыз-өңгімелерді арқау етіп, өзінше жырлаған дербес вариант деп санау керек.

<sup>8</sup> Манас. Фрунзе, 1958. 1-кітап. — 17—6.

Көшелек жырлаған нұсқа толық аяқталған, тілі жатық, оқиғасы қызықты болып келеді. Мәтінде аздаған араб, парсы және жергілікті сөздер кездеседі. Ондай сөздер қазақшаланып олардың контекстік ұғымдары томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған мәтін Қолжазба қорында сақталған түпнұсқадан (ӘӨИ, ҚҚ: Ш.7.) еш өзгеріссіз дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

**Құлзақ нұсқасы.** Жырдың мәтінін 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының сол кездегі аспиранты Дәкен Шалабеков Қарағанды облысы, Нұра ауданының тұрғыны Құлзақ Амангелдіұлынан жазып алып, институттың қолжазбалар қорына тапсырған<sup>1</sup>. Шығарма шақпақ көзді дәптерлерге қара, көк сиямен араб әрпінде жазылған. Бұрын еш жерде жарияланбаған.

Құлзақ нұсқасында «Қобыланды батыр» жырының негізгі сюжеттік желісі түгел сақталған. Жырдағы кейіпкерлердің есімдері, мінездемелері мен көптеген өлең шумақтары да ұқсас болып келеді. Әйтсе де бұл нұсқаның мазмұнында өзіндік ерекшеліктер бар:

Жыр ертегілік мотивтен басталады. Тоқтарбай мен Аналықтың баласы Қобыланды ер жетіп, Естемеске қосылып жылқы бағады. Қобыланды бір күні аң аулап жүріп, тау жақтан жылаған қыздың дауысын естиді. Қыз жыл сайын еліне айдаһар келіп, бір қыз бен бір бие жейтінін айтады. Бұл қыз Көктім Аймақтың қызы Құртқа екен. Қобыланды айдаһарды үлкен күшпен жеңіп, Құртқаға үйленіп, еліне қайтады. Осы кезде қырық құлаш Қызыл ер қалың қолмен келіп Қобыландымен соғысады. Қараман батыр қырық мың қол алып, қызылбастың еліне аттанады. Жырдың бұдан былайғы жері Марабай — Мергенбай вариантына ұқсас. Яғни Қобыландының Қазан қаласына аттануы; Қазан ханды, Көбіктіні жеңуі; Алшағырдан кек алғаны баяндалады.

Қысқасы, жыршы «Қобыланды» жырының ең түпкі сюжетін жадында сақтай отырып, өз тарапынан тың көріністер қосып жырлағаны аңғарылады.

<sup>1</sup> Қобыланды батыр жыры. Ш.12 (ӘӨИ), 1-дөп. 1954.

Құлзақ Амангелдіұлы нұсқасының тілі көркем, оқиғасы қызықты. Мәтінде араб, парсы қолданыстары барынша аз кездеседі.

Томға ұсынылып отырған «Қобыланды батыр» жырының мәтіні ӨӘИ-дің қолжазба қорында сақтаулы қолжазбадан (Ш. 12 (ӨӘИ), 1-дәп) еш өзгертусіз дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

**Сүйіншәлі нұсқасы.** Бұрын баспа бетін көрмеген бұл жыр мәтінін айтушыдан 1958 жылы Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған Орынбор экспедициясының мүшесі, сол кездегі Орал педагогтік институтының аға оқытушысы Мәтжан Тілеужанов жазып алған. Қолжазбаны ӨӘИ қорына тапсырған — фольклортанушы ғалым Тұрлыбек Сыдықов<sup>1</sup>.

Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы жырлаған нұсқа туралы пікірлер О.Нұрмағанбетованың еңбегінде сөз болады. Ғалымның пікірінше, осы нұсқада «Қобыланды батыр» эпосының байырғы желісі барынша сақталған.

Бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті шығармадағы мотивтер тізбегі де ұқсас болып келеді. Мысалы: Қыдырбайдың қартайған шағына дейін баласыз болуы; ата-анасының құдайдан бала тілеп, дала кезуі; тілектерінің қабыл болуы; Қобыланды ер жетіп, көрші елдегі Көклән кемпірдің қызы Құртқаға үйленуі; Құртқаның батырға торы тұлпарды күтіп өсіруі; жауды жеңіп, елін азат етуі т.б.— көптеген жыр нұсқаларына ортақ сарын.

«Қобыланды батыр» жырының біраз нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Сүйіншәлі нұсқасында басқа варианттарда кездеспейтін жыршының өз қолтаңбасы бар екені байқалады. Мысалы: Қыдырбайдың әйелі Ақзарбап баласын босана алмай жатқанда Орақ, Мамайдың шешесі — Қараүлектің көмекке келуі; Қарасай батырдың Қараүлекке көмекші іздеп кетуі; Ақзарбаптың қырық тұлпардың дүбірінен шошынып босануы; Құртқаны қалмақтың ханы Қанабоз алмақ болып жатқанда, Көклән кемпірдің ер Ағысты ноғайлының батырлары: Айсаның ұлы Ахметке, Көкшенің

<sup>1</sup> Қобыланды батыр жыры., Ш. 76 (ӨӘИ). 1-дәп. 1958.

ұлы Қосайға, Ақшабайұлы Төреханға, Жаманбайдың баласы Әуезге, Көрұғлының баласы Бозайға, Қобыландыға хабар бер, деп жұмсауы; Қыдырбайдың Қобыландыны жасырып қоюы; Көклән кемпірдің Қобыландыны өзі іздеп келуі; қысылғанда жөн, адасқанда жол табатын Сыпыра жырау бейнесі басқа нұсқаларда кездеспейді.

Аталған жырдың сюжеттік құрылымында басқа қазақ эпостарындағы секілді ғажайып туу, батырға лайық тұлпар, күші басым жау, ғайып ерен, кәміл пір, ақылды жар т.б. тұрақты мотивтер ұшырайды. Сол сияқты жырда бірен-саран ертегілік сарындар да бар. Бұған Ахмет батырдың айдаһармен соғысатын тұсын, немесе Көклән кемпірдің Қобыландының еліне келгенде біресе түлкі, енді бірде қыз кейпіне түсуі т.б мысалдарды келтіруге болады.

Жыршы «Қобыланды батыр» эпосының түпкі сюжетін сақтай отырып, жырдың кей жерлерінде бірқатар оқиғалар мен жеке эпизодтарды кеңейте, түрлендіре жырлаған.

Сүйіншәлі нұсқасының тіл көркемдігі де біршама жоғары деңгейде екендігі аңғарылады. Мәтінде аздаған шығыстық және жергілікті сөздер кездескенімен, шығарманың тілі таза, ұғымды. Жырдың өн бойында кездескен түсініксіз сөздердің қазақша баламалары томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Қобыланды батыр» жырының мәтіні ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақтаулы түпнұсқадан (Ш. 76, 1-3-дәп.) еш өзгеріссіз дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

**«Қобыландының баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр».** Жырдың бірқатар нұсқаларында Қобыланды батырдың ұрпақтары және олардың ерлікке толы жауынгерлік жорықтары дәріптеледі. Солардың бірі осы Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы жырлаған нұсқа. «Қобыландының баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр» деп аталатын шығарма аты айтып тұрғандай, ұлы эпостың заңды жалғасы.

Жалпы түркі тілдес халықтардың ежелгі эпостарында атасы мен немересінің, әкесі мен ұлының соғыста қатар бой көрсетуі — дәстүрлі құбылыс. Мұндай мысалдарды «Алпамыс-

тағы» — Жәдігер, «Көрұғлыдағы» — Өуезхан, Бозай, «Қырымның Қырық батыры» жырындағы Естерек — Тарғын, Орақ — Қарасай, Едіге — Нұрадин сияқты белгілі эпостық тұлғалардың өмірінен көруімізге болады.

«Қобыланды батырдың» Айса Байтабынұлы жырлаған вариантында бас кейіпкердің Бөкенбай, Киікбай атты ұлдары жайында жеке тарау бар. Сірә, «ел қорғаны болар ұл туса, атасының жолын қуса» дейтін халық арманы осындай циклді жырларды дүниеге әкелген, кейде тіпті, кейінгі дәуірдегі айтулы батырларды бұрынғы аға батырлардың баласы ретінде бейнелейтін тұстары да жоқ емес.

Сүйіншәлі жырлаған нұсқада Қобыландының ұлы мен қызы Жетімтай мен Жетімек те ерекше жағдайда туып, ержетеді. Олардың жаугершілік үстінде дүниеге келіп, жауларының озбырлығымен айдалаға апарып тасталуы; сәбилерді жабайы киіктің емізуі; Құртқаға көмектесетін ерендердің кереметі секілді мотивтердің түп-төркіні ежелгі түркілік эпостарға тіреледі («Алаша хан», «Шыңғыс хан», «Мұңлық — Зарлық», «Рүстем — Дастан» т.б.).

Жалпы алғанда, қазақ эпостарының тұтастануы, циклденуі, батыр ұрпақтарының жалғасы сынды іргелі мәселелер фольклортанудың маңызды бір саласы болып табылады. Бұл реттен алғанда Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы жырлаған «Қобыланды батырдың баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр» атты нұсқасы ерекше назар аударарлық туынды. Өйткені өткен ғасырларда қазақтың батыс өлкесін, әсіресе Орынбор өңірін мекендеген қазақтар арасында кең танылған бұл жыр үлгісін ғылыми нысанға алып, эпостың сюжеттік, көркемдік және мәтіндік қырларын зерттеу мүмкіндігі енді туып отыр.

Жыр мәтіні ӨӨИ қолжазба қорында сақталған түпнұсқа бойынша (ҚҚ: Ш.76; 3-дәптер) әзірленді. Бұрын-соңды жарияланбаған.

*С. Қосан  
Қ. Тастанов*



## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

*Алла*—(Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»\*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

---

\* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі «Аллаһу акбар» деген мадақ сөзді отыз төрт рет, «Әлхамдулиллаһи», «Сұбхан Алла» сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

**Әли** — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыпты-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

**Баба түкті Шашты Әзіз** — Қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі де қасиетті бейне. Бұл кісінің батасын алған баласыз қариялар Алланың құдіретімен ұлды болып жатады. Мұсылман аңыздарында Шашты Әзіз 88 пайғамбардың бірі. Ол туралы аңыздардың бірінде есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Әзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып төу еткен. Баба түкті Шашты Әзіз — Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

*Дәуіт* — Қасиетті Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Көне еврей тілінде Давид. Дәуіттің отыз баласы болған. Жаратқан Иеміз құдіретімен отыз баланың жанын бір мезетте алып кетеді. Мұны көрген Дәуіт Алла Тағалаға зар илеп жылайды. Сонда Алла: Дәуіт, саған отыз балаңның орнына отыз бала берейін бе, әлде отыз балаға татитын бір бала берейін бе? — деп сұрағанда Дәуіт «отыз балама татитын бір ұл беріңіз» деген екен. Иеміздің берген ұлы осы Сүлеймен пайғамбар болатын. Сүлеймен мал-құстың тілін түсініп, сол тілде тілдесе алатын болған.

*Едіге, Мұса, Орақ, Қарасай, Қазі, Көкше, Қосай, Жаңбыршы, Ағыс, Алшағыр т.б.* кейіпкерлер (XIV-XVI) Ноғайлы дәуірінің эпостарында жиі кездесетін тарихи тұлғалар.

*Қобыланды батыр* — Қарақыпшақ Қобыланды (шамамен 15 ғасыр) батыр. Тарихи қайраткер. Көшпелі өзбек елінің ханы Әбілхайырдың бас батыры болған деген болжам бар. Оның есімі қазақ шежірелері мен тарихи аңыз әңгімелерде де ұшырайды. Бейіті — Ақтөбе облысының Қобда ауданында.

*Мұхаммед* [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570\* жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың алғашқы бұйрық, жарлықтары [уахи] рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түскен. Мұхаммед (с.а.с.) Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды 610 жылы 40 жасында уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басымы көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы

\* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

Мұхаммед (с.ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

**Омар** — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шариғат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты. 638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. **VII ғасырдың аяқ шенінде** үмийа халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

**Оспан (Осман)** — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

**Шаһизында** — Самарқандағы белгілі әрі сәулетті мавзолейлердің бірі. XIV — XV ғасырларда салынған. Орта Азия елдерінен мұсылман қауымы Шаһизындағы туристік сапармен келіп, көріп жатады.

## СӨЗДІК

*Азар* — өкпе, жәбір

*Азбан* — бұрын үйірге, күйекке, келеге түсіп, кейіннен пішілген мал (айғыр, қошқар)

*Азбар* — бордақы мал тұратын шағын қора

*Айтатыр* — тақыр, кең майдан жер

*Ақсары* — бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс.

*Аламан* — көпшілік, әскер, қараша халық

*Аран* — ерте кездегі аң ұстайтын құрал, қазулы ор.

*Арда* — құлын күнінен құнанына дейін емген жылқы төлі

*Әбзел* — белгілі бір нәрсеге қажетті жабдық, ер-тұрман

*Әбілет* — жын-шайтанның бір атауы

*Әлемет* /ж/ — әбігер, әуре-сарсаң.

*Әмбе* — барлық, жалпы

*Бадана* — жемістің бір түрі, ауыспалы мәнде көп қолданылады.

*Бақан* — шаңырақты көтеретін, түндікті ашып-жабатын ұзын сырық.

*Баспақ* — бір жасқа дейінгі бұзау, торпақ

*Баялыш* — шөлді, құмды жерде өсетін бозғылт түсті тікенді өсімдік.

*Берен* — қымбат, асыл мата

*Берен* — болаттан жасалған батырлар киетін сауыт

*Богжама* — боқша, ұсақ-түйек салатын сөмке

*Боз* — бетеге, жусанның бір түрі

*Бөз* — мақтадан тоқылатын жұқа, арзанқолды ақ мата

*Бөрікөз* — таулы аймақта өсетін бұталы шөп

*Ғасы* /а/ — күнөһар

*Ғаріп* /а/ — мүсәпір, бейшара

*Дағдыр* /ж/ — тағдыр

*Дәбір* — сарсаң, әлек

*Дұшман* — дұшпан

*Дырау* — даңқты, атақты

*Ебене* — өсімдік, шөп (ебелек)

*Еңку/к.с./* — ылди, төскей, адыр-адыр жер

*Жабыл* — ұйымдасып, жұмыла әрекет жасау

*Жақ* — садақ

*Жана /ж/* — және

*Жауырыншы/т/* — қойдың жауырына қарап бал ашатын көріпкел

*Жаһаннам/а/* — тозақ оты

*Жезтелпек* — жаудың оғы не қылышы өтпес үшін ертедегі батырлардың басына киетін киімі (каска, шлем). Мұндай бас киімдер жезден жасалған.

*Жете* — арғы тегі, жеті атасы; пышақтың жетесі.

*Жолым* — керегесіз уыққа киіз үй жауып, уақытша тігілген жаппа.

*Жүреге* — жылқының не түйенің болдырып, діңкелеп шаршап қалуы, зорығуы

*Заһар/а/* — у, улы зат

*Кебене* — киізден жасалған киім түрі, кебенек.

*Келеп* — иірілген жіптің шумағы

*Кент* — қала

*Көбенде* — аздап семіру, оңалу

*Көпшік* — ішіне жүн, мамық салып тігілген ер-тұрманның бір жабдығы

*Көрік* — ұстаның темірді қыздыру үшін теріден жасаған үрлеуіш құралы.

*Көтерме* — қарақшыға жетіп қалған бөйге атын шаужайлап, қолдау, жетелеу.

*Күзен* — сусар тұқымдас, терісі бағалы жыртқыш аң

*Күйек* — қошқарға ілінетін тиым қап.

*Күрзі /т/* — салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар.

*Күшіген* — бүркіт тұқымдас, жыртқыш қарақұс

*Кінеге /о/* — кітап

*Қазанат /қ/* — ұзақ жолға шыдамды, қазақ жылқысының байырғы бір тұқымы.

*Қалбай* — құс түрі

**Қата** /ж/ — қате

**Қауыз** /п/ — әуез, қауыз

**Қауыс** — қараша, желтоқсан

**Қоламта** — жанып біткен оттың ыстық күлі

**Қорамсақ** /к.с./ — жебе салып жүруге арналған қалта

**Қосын** /қ/ — әскер, жауынгерлер тобы тұратын жер

**Құлық** — бірінші рет құлындаған жас бие

**Қунау** /т/ — дем алу

**Құлық** /к/ — бақай безі ісініп ауыратын ауру

**Құбыла** /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті қағбаны белгілейді.

**Лабақ** — абақты, түрме

**Малта** — сүзбеден сығып, жұмарлап дайындаған құрт

**Масақ құлақ** — садақтың оғы

**Масаты** — жұмсақ түкті жібек мата, барқыт

**Масыл** — біреуге арқа сүйеп, өз қолынан жөнді іс келмейтін адам.

**Махшар** — қиямет күнінде Алла Тағаланың адамдардан жауап алатын күні.

**Мәуе** — жеміс, жидек, миуа

**Медет** /а/ — демеу, сүйеніш

**Мосы** — ілгегіне шелек, шәугім іліп тамақ пісіретін үш тағанды темір құрал

**Міскін** /а/ — бейшара, мүсәпір кісі

**Нәсте** /ж/ — нәрсе

**Нәһан** /п/ — үлкен, денелі, алып, кит

**Нияз** /о/ — Құдай жолына берілетін қайыр-садақа

**Оғлы** /т/ — ұлы, баласы

**Оқшасын** — тез, жылдам

**Өлең** — ылғалды жерде өсетін, жапырағы қатты көп жылдық майда нәрлі шөп.

**Пәруа** /п/ — пәруана, көбелек, құрбан

**Пәтуа** /а/ — белгілі бір іс жөніндегі бітім, келісім

**Перен** — берен мылтық, батырлардың соғысқа арнап киер киімі

**Порым** /о/ — түр, әлпеті, көрінісі

**Пұшман** /п/ — қайғы, қасірет, сандалған ой.

*Пішенші* /қ/ — шөп орушы

*Сарық* — салпаң құйрықты мөліш қой

*Сұлық* — жүгеннің сағағындағы темір ауыздық

*Сүйем* — бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін өлшем.

*Сүмбідей болып жарады* — бабына келді, бауырына жарады

*Сүрен* /қ/ — бүлік, айғай, сойқан

*Сыбай* /қ/ — жақын, аралас-құралас

*Тасаттық* /к.с./ — белгілі бір тілектің орындалу мақсатымен Құдай жолына мал сойып, жұртқа тамақ беру; садақа, құрбандық.

*Татыр* — тұзды, сортаң, тақыр жер

*Тепсең* — мал жайылатын ойлы-қырлы, текше-текше не жазық алап, аумағы әр түрлі жер.

*Тобыршақ* /к.с./ — жылқының түрі, атауы

*Тоганақ* — бума, жүк, тең

*Торғын* — қымбат бағалы жұқа жібек мата, торқа.

*Төбел* — жылқы малының маңдайында болатын дөңгелек ақ түс

*Туша* — бір жасар ұрғашы ешкі

*Тұғыршақ* — мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс көлігі

*Тұлым* — жас баланың шекесінен, шүйдесінен ырым үшін қалдырып қойған шаш тұлымшақ

*Түлей* — жапан тұз, жалпақ дала, ұшы-қиырсыз шөл

*Тіллә* /п/ — ақша, алтын

*Үдере* — қаптай көшу

*Үйек* — табиғаты тіршілікке қолайлы, күні жылы, шөбі шүйгін жер

*Үмбет* /а/ — халық, ел, жұрт

*Үшкіл* — көйлектің етегін кеңейту үшін оған үшбұрыштап қоятын қиықша.

*Ұңғы* — мылтықтың оқ шығаратын жері, аузы

*Шабадан* — сөмке

*Шабата* — жазда аяққа киетін жөкеден, талдың қабығынан тоқылған жеңіл аяқ киім түрі

*Шабдар* — жал-құйрығы сарғыш келген құла жирен жылқы

*Шарайна* /к/ — сауыт, латы

*Шәр* /п/ — қала



**Шаулі** — бүркіттің еркегі; қазандағы тағамды сүзіп алу үшін сымнан не шыбықтан иіп жасалған сүзгі

**Шетпер** — жөке ағашының талшықты ұзын қабығынан тоқылған тығыз мата

**Шұрқылтай** — бұғананың үстіңгі жағындағы жұмсақ ойық жер

**Шылау** — ат басындағы жүгеннің шаужайы

**Халас** /а/ — құтылу, арылу, азат болу.

**Іңкәр** — ынтық, құмар

## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

**Алатау** — Орталық Азиядағы тау жотасының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатаулары жатады.

**Арыс** — Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен, Сырдарияның оң жақ саласы. Отырар ауданы Талапты ауылының маңында Сырдария өзеніне құяды.

**Асфahan (Исфahan)** — Иранның орталық бөлігіндегі қала. Зайендеруд өзенінің жағасына орналасқан. Исфahan провинциясының әкімшілік орталығы. Тегераннан кейінгі өнеркәсіп-сауда орталығы.

**Жирен қона** — қазіргі Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы жер аты. Аудан орталығы — Қобда.

**Қараспан** — орта ғасырлардағы қоныс орны. Оңтүстік Қазақстан облысы. Ордабасы ауданы, Обручевка ауылынан 2 км Оңтүстікке қарай орналасқан.

1980 жылы бұрынғы Шымкент пединституты археологиялық экспедиция тобы ашқан.

**Қулы көл** — халықтық жырларда жиі ұшырайтын эпостық мекен.

**Қобда** — Елек алабындағы өзен. Ақтөбе облысының Алға, Қобда ауданы жерлерімен ағады. Орынбор облысының Покровка (Ресей) ауданының тұсында Жайықтың саласы Елек өзеніне құяды.

## ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

*Амангелдіұлы Құлзақ* (1886—1955)—Қарағанды облысы, Нұра ауданында туған. Халық мұрасын, әсіресе Қарағанды жұмысшыларының өлең-жырларын жинап, тапсыруда елеулі еңбек сіңірді. «Қамбар батыр», «Қобыланды», «Ер Тарғын» дастандарының жаңа варианттары да Құлзақтан жазылып алынды.

*Диваев Әубәкір* (1856—1932)—қазақ ауыз әдебиеті мен этнографиясын жинап, оны басып шығаруда және зерттеуде зор қызмет атқарған фольклоршы, этнограф. Ә.Диваев «Шора батыр», «Бекет батыр» т.б. жырларын, «Қазақ балаларының ерте замандағы ойындарын», «Шешендік сөздерін» жинап, қағаз бетіне түсіреді, бұлардың кейбіреулерін орыс тіліне аударады. Алаша хан, Асан қайғы, Әмір Темір туралы деректер мен ақындар айтысын, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, жұмбақтар мен өтірік өлеңдерді, бесік жырын, бақсы сарынын, толғаулар мен тойбастарларды жазып алады. Оның жинаған нұсқаларының тағы бір саласы—ежелгі календарь, астрономия, Ай, Жұлдыз, Күн туралы ұғымдар.

*Еламанов Көшелек* (1874—1951)—Белгілі ақын, әрі жырау. Ол Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында, кедей шаруаның отбасында туған. Көшелектің толық аты—Көшмұқамбет. Оның жас шағы кедейлікте, жоқшылықта өтеді. Өлеңге, сөзге шеберлігі жастайынан байқалады, домбыраны да жастай үйреніп, құмарта тартады.

Он алты, он жеті жас шамасында Қобда, Елек, Шыңғырлау жерлеріне аты жайылған жырау, әрі домбырашы Жалмағанбет Сағынтайұлының (1830—1910) қасына еріп жүріп, одан көптеген өлең-жыр үйренеді. Той-жиындарда өзі де жиі жыр айта бастайды, жақсы айтатын болады. Оның ақындығына, зе-

ректігіне риза болған, сүйсінген халық еркелетіп Көшелек атап кетеді. Кейін елге осы атымен белгілі болады.

Көшелек «Қобыланды», «Орақ — Мамайдың» он екі тарауын, «Шора батыр», «Хан Әділ», «Көрұғлы», «Ер Сайын» т.б жырларды жақсы орындаған.

**Жаңбыршыұлы Сүйіншәлі** — 1880 жылы Орынбор облысы, Ақбұлақ ауданы, Сазды ауыл советі, Шаған деген жерде туған. Руы әлім ішінде — кете. Жас кезінде серілік құрып, домбырашы, әнші атанған. Бітеген, Қазмағамбет секілді жырауларға еріп, батырлар жырын үйренген. Жасы отыздан асқан кезінде өзі де аралап, «Қобыланды батыр», «Жетімтай мен Жетімек», «Алпамыс», «Қарасай — Қазі» т.б. жырларды айтып жүрген. Мұнымен қатар ауыл-үй арасында өлең шығарып, айтысқа да қатысқан. Сауаты болмаған адам, оның шығарған өлеңдері хатқа түспеген.

**Сыдықов Тұрлыбек** — 1925 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданында туған. Ұзақ жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеді. Қазақ фольклорының бір саласы — батырлар жыры жайында бағалы еңбектер жазған. Филология ғылымдарының кандидаты. Қазір еңбек демалысында.

**Шалабеков Дәкен** (1922 — 1958) — Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Захаровка селосында туып-өскен. 1948 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген. Одан кейін Нұра ауданының мектебінде мұғалім боп істеген. 1951-1954 жылдары Тіл және әдебиет институтында аспирант болған. 1955 жылы «Қарағанды қазақ жұмысшыларының өлең-жырлары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Кейін аталған институтта ғылыми қызметкер болып істеген.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

моңғ. — моңғол

/қ/ — қазақ

/к.с./ — көнерген сөз

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### *Қолжазбалар*

1. Қобыланды батыр ӘӨИ, Ш. 7.
2. Қобыланды батыр жыры — ӘӨИ, Ш. 12, 1-дөп.
4. Қобыланды батыр жыры — ӘӨИ, Ш. 76, 1-дөп.
5. Қобыландының баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр. — ӘӨИ, Ш. 76, 2-дөп.

### *Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер*

1. *Әуезов М.* Қазақ әдебиеті. — Алматы, 1991.
2. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы. — Алматы, 1982.
3. Батырлар. 1-кітап / Бастырып шығарушы — *Ә. Диваев.* — Ташкент, 1922.
4. Батырлар // Бастырып шығарушы — *С. Мұқанов.* — Алматы, 1939.
5. *Гэсэр.* Бурятский героический эпос. — М., 1973.
6. *Ғабдуллин М., Сыдықов Т.* Қазақ халқының батырлық жыры. — Алматы, 1972.
7. *Жирмунский В. М., Зарифов Х. Т.* Узбекский народный героический эпос. — М., 1947.
8. *Жұмалиев Қ.* Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап. — Алматы, 1958.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-ші кітап. — Алматы, 1960.
10. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. — Алматы, 1975.

11. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: *Е. Есова, Ү. Сүбханбердина, Д. Сейфуллина*. — Алматы, 1986.
12. *Қоңыратбаев Ә.* Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975.
13. *Қоңыратбаев Т.* Эпос және этнос. — Алматы, 2000.
14. Маадай—Кара. Алтайский героический эпос. — М., 1973.
15. *Орлов А.С.* Казахский героический эпос. — М., 1945.
16. *Нұрмағанбетова О.* Қазақтың қаһармандық эпосы — «Қобыланды батыр». — Алматы, 2003.
17. *Сейфуллин С.* Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. — Қызылорда, 1931.
18. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
19. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов*. — М., 1968.
20. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
21. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
22. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
23. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.
24. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.
25. Татарско-русский словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1966.
26. Турецко-русский словарь. — М.: Русский язык медиа, 2005.

## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

По состоянию на сегодняшний день Институтом подготовлено и издано 34 тома фольклорных текстов, в том числе: тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов религиозно-нравственного содержания, три тома исторических поэм, восемь томов дастанов романического (любовного) содержания, два тома героического эпоса, а также один том генеалогических дастанов.

35 том включает в себя пять вариантов героического эпоса «Қобыланды батыр», являющегося одним из лучших в эпическом наследии казахского народа. В разное время эти варианты были записаны из уст акынов (жыршы) и народных сказителей. Они исполняли их в сопровождении народного музыкального инструмента — домбры. При этом каждый из них имел свою мелодию для исполнения эпоса. Например, текст «Қобыланды батыр жыры» был записан аспирантом Института языка и литературы АН КазССР Дакеном Шалабековым в 1954 году в изложении жыршы Кулзака Амангелдиулы, проживающего в Карагандинской области. Один из вариантов эпоса «Қобыланды батыр» был записан членом фольклорной экспедиции М.Тлеужановым 1958 году в исполнении С.Жанбиршыулы, жителя Оренбургской области. Также нужно отметить, что четыре из пяти вариантов «Қобыланды батыра», которые были записаны из уст народных акынов Кошелека, Кулзака и Суйиншали, публикуются впервые.



Составителями планируется подготовка и издание четырех томов, в том числе всех двадцати вариантов настоящего эпоса, и т.д.

Сюжетную основу «Қобыланды батыра» составляют древние легенды и героические мотивы, связанные с прошлой жизнью казахского народа и его историей.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі» том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемых текстах: краткий историко-фольклористический и текстологический анализ; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Некоторые тексты, публикуемые в данном сборнике, издавались в советское время, и при этом они, к сожалению, подверглись в определенной степени редакции, литературной обработке. Это происходило, по всей вероятности, как на стадии записи текстов от исполнителей, так и в процессе переписки рукописей (возможно неоднократной), а также и в ходе подготовки текстов к изданию.

Большинство текстов данного тома публикуются впервые.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

By present time the Institute staff have prepared and published 26 volumes of folklore texts including: eleven volumes of novelistic dastans, six volumes of religious-moral content and five volumes of romantic (love) dastans.

35th volume includes five versions of heroic epos «Kobylandi batyr» that is one of the best epic heritage of Kazakh people. During different versions were recorded from akyns (zhyrshi) and folk narrators. They performed them in accompaniment of folklore musical instrument dombra. They had their own melody for performing epos. For example, the text «Kobylandi batyr zhyry» was recorded by post graduate student Daken Shalabekov from Institute of literature and art, Academy of Science, KazSSR and in 1954 was performed by Kulzak Amangeldiuly resident of Karaganda region. One of the versions of the epos «Kobylandi batyr» was recorded by the member of folklore expedition M.Tleuzhanov in 1958 that was performed by S. Djanbirshiuly resident of Orenburg region.

The compilers are planning to publish two volumes including all thirty versions of this epos.

This volume includes heroic-epic poems (zhyr) such as «Kobylandi batyr», «Kobylandi batyr zhyri», «Kobylandi», «Kobylandinin balasi Zhetimtai men Zhetimek turali zhyr».

The plot of «Kobylandi batyr» is based on ancient legends and heroic motives related to the past life of Kazakh people and their history.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Texts published in this volume have been published during Soviet period, however, they have been subject to editing and literary processing. Possibly this happened both on the stage of recording texts from the narrators and in the process of re-writing of the manuscripts (possibly several times) as well as during preparation of the texts for publishing. Most texts of this volume are being published for the first time.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан ..... 5

### Мәтіндер

Қобыланды батыр (*Ә. Диваев нұсқасы*)..... 9

Қобыланды (*Көшелек нұсқасы*) ..... 108

Қобыланды батыр (*Құлзақ нұсқасы*) ..... 142

Қобыланды батыр жыры (*Сүйіншәлі нұсқасы*)..... 254

Қобыландының баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр ..... 328

### Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме ..... 357

Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер ..... 369

Сөздік ..... 373

Жер-су атаулары ..... 378

Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы  
һәм жинаушылар туралы мәлімет ..... 379

Шартты қысқартулар ..... 381

Пайдаланылған әдебиеттер ..... 382

Резюме ..... 384

Summary ..... 386

*Научное издание*

**БАБАЛАР СӨЗІ**

**35 том**

**ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ**

*(на казахском языке)*

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*  
Редакторы *Ұ. С. Тілегенова*  
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*  
Компьютерде терген *Е. А. Сманова*  
Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген **«Баур» баспасы**  
ИБ № 2177

Теруге 02.07.06 жіберілді. Басуға 28.07.06 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Қаріп түрі **«Мектептік»**. **Офсеттік қағаз**. **Офсеттік басылыс**.  
Шартты баспа табағы 25,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 204.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-35-217-8



9 789965 352171